*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

**ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ**
**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ**

# ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

## 6-том

АЛМАТЫ

ББК 67.99 (2К)—3
Қ 17

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

**Жүсіпов Б. (председатель),
Демесінов Х. Х., Изюмников В. К.,
Елемесов Ғ. Б., Айтмұхамбетов Т. Қ.,
Байсейітов Р. С., Қасымқанов Ә. Қ.,
Сағымбаев Ғ. Қ., Төлепбаев Б. А.**

**ББК 67.99(2К)—3**

Қ $\frac{1203070000-55}{401(05)-84}$ 84

III БӨЛІМ

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ МЕН ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

# 1-тарау

# ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

в) ормандар, қорғау алқабындағы парктердегі ағаштар, қала іргесіндегі жасыл аймақтар, елді пункттердегі, жолдардың, арықтар мен каналдардың бойындағы егілген ағаштар және басқа да пайдалы табиғи өсімдіктер;

г) қорықтар, заказниктер мен табиғи парктер;

ғ) нақтылы ландшафтар, сирек кездесетін және әсем көріністі табиғи объектілер;

д) курорттық жерлер;

е) пайдалы жабайы хайуанаттар;

ж) атмосфералық ауа.

2-статья. Жерді қорғау

Барлық жер, әсіресе ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі құралы ретінде жер пайдаланушыға бекітіліп берілген егістік жер қорғалуы тиіс.

Жер пайдаланушылардың барлығы да жергілікті жағдайларды ескере отырып, топырақ жамылғысын сақтауға, топырақтағы ылғалдың неғұрлым пайдалы күйде болуын қолдануға және топырақтың құнарлылығын арттыруға бағытталған агротехникалық мелиоративтік және аңызақ желге қарсы шаралардың комплексін үнемі жүзеге асырып отыруға міндетті.

Әрбір совхоз, колхоз және басқа да жер пайдаланушылар тыңайтқыштарды енгізуді неғұрлым тиімді ұйымдастыру, топырақты жақсартатын және онда өсірілетін дақылдардың шығымдылығын арттыратын процестерді дұрыс басқарып отыру мақсатымен өздеріне бекітіліп берілген жердің топырағының сипаты мен ерекшеліктері туралы деректерді білуге міндетті.

Жердің шаруашылық қасиеттері, топырақтың сапасы жөніндегі белгілері бойынша ауыл шаруашылығы жерлерін есепке алуды және жердің кадастрын жасауды Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырып отырады.

Ауыл шаруашылығында жерді пайдалану, сондай-ақ топыраққа байланысты басқа да табиғи ресурстарды (өсімдіктерді, суды) пайдалану ауыл шаруашылығы жерінің көлемін қысқартып азайтуға немесе топырақтың құнарлылығын кемітуге әкеліп соқпайтын болуы тиіс.

Су мен жел эрознясына ұшыраған жерлерде бұл жерді пайдаланушылар жергілікті жағдайды ескере отырып аңызақ желге қарсы шаралардың комплексін міндетті түрде жүргізетін болуы тиіс.

Құрылыс, іздестіру жұмыстарын және пайдалы қазба байлықтар өндіретін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, оның ішінде құрылыс материалдарын өндірушілер, бұл жұмыстарды атқару кезінде бұлінген, ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жарамды болып табылатын жерлердің топырағының құнарлылығын қайтадан қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Агротехникалық шараларды және ормандарды пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде, сондай-ақ жол, гидротехникалық және басқа да құрылыс жұмыстарының түрлерін атқарғанда топырақтың су тасқыны мен аңызақ жел зардабына ұшырауын (топырақты шаю, жердің топырағы мен қыртысын үрлеп әкету және шаңдату, жыралардың өсуі, құмдардың көшуі, сел тасқынының және шөгіннің пайда болуы), топырақтың сортаң тартуын, батпақтануын және жердегі топырақтың құнарын жоюдың басқа да түрлерінің одан әрі күшейіп кетуіне ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді істе қолдануға тыйым салынады.

### 3-статья. Жер қойнауын қорғау

Халық шаруашылығын минералды шикізатпен және отынмен қамтамасыз етудің қайнар көзі ретінде жер қойнауындағы қатты, сұйық және газ түріндегі пайдалы қазбаларының қорлары, сол сияқты кен породаларының қалыптасу мезгілін анықтауға көмектесетін және ғылыми, өндірістік зор маңызы болатын класснкалық және тіректі геологиялық аршындылар қорғалуға тиіс.

Пайдалы қазбаларды игеретін миннстрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар және олардың бағынысындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар республнкалық геология және кен қорғау органдарының бақылауымен кен орындарының белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес нгерілуін, бұл кен орындарының неғұрлым толық және комплексті пайдаланылуы және оның экономикалық тиімділігі ескерілуін қамтамасыз етуге тиіс.

### 4-статья. Суды қорғау

Жер беті мен жер астындағы сулар тнімсіз пайдаланудан, сарқылудан, ластану мен былғанудан қорғалып, сол сияқты халық пен халық шаруашылығын сумен жабдықтаудың қоры, энергияның қайнар көзі, транспорт жолы ретінде, пайдалы су өсімдіктері өсетін жерлер, балық және басқа су жануарлары болатын орындар, аңшылық жайлар, демалыс және туризм орындары, емдеу қорлары ретінде, ғылым, ағарту және мәдениет ісі үшін зейін қоярлықтай объектілер ретінде бұл су режимі реттеліп отыруға тиіс.

Өз жұмысы су режиміне әсер ететін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар:

а) пайдаланып жүрген территорияларда төңіректегі территорнянын су режимін жақсартып, судың зиянды әсерлерінің (су тасуының, су алып кетудің, батпақтанудың, топырақтың сортандануының, шайылуының, жыралар пайда болуының, сел тасқындарының) және басқаларының) шығуын болдырмайтын гидромелиоративтік, орман-мелиоративтік, агротехникалық, санитарлық шаралар қолдануға міндетті;

ә) су қорларын пайдаланғанда оны су тұтынудың белгіленген нормасынан артық пайдалануға жол бермеуге, жер бетіндегі суды және ыза суын ұқыпты жұмсап, оның орынсыз ысырап етілуіне жол бермеуге; су қоймалар мен тоғандар жасағанда, сондай-ақ көлдерді пайдаланғанда суы тайыз өнімсіз су қоймалар жасалмауға міндетті;

б) су қоймаларына ласталған су ағызатын барлық кәсіпорындарда мұндай суды тазартатын комплексті құрылыстар салуға міндетті;

в) балық уылдырық шашатын өзендердің ластануына және батпақтануына, сондай-ақ мұндай өзендерге баратын жолдардың су арқылы ағызылатын ағаш өнімдерімен бітеліп қалуына жол бермеуге міндетті;

г) гидротехникалық құрылыстар салуды жобалаған кезде балық қорларын қорғап, көбейтіп өсіруді қамтамасыз ететін шаралар қарастыруға міндетті.

Пайдаланған суын ағызып жіберіп отыратын кәсіпорындарды, цехтарды және агрегаттарды осы суды тазартуды қамтамасыз ететін шараларды орындамайынша пайдалануға беруге тыйым салынсын.

Жер беті суы мен ыза су қорларын шаруашылыққа жарайтын сипаттарына қарап есептеу мен қорғауды Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жүзеге асырып отырады.

5-статья. Ормандарды қорғау

Ормандарды қорғау және ормандардың пайдаланылуын реттеу керек, өйткені орман ағаштың, басқа да техникалық шикізаттың, тамақ және жемшөп өнімдерінің қоры, пайдалы хайуанаттар мен өсімдіктердің мекені, су қорын сақтау, суды реттеу, топырақты қорғау, құмды тоқтату, егіндікті қорғау жөнінде маңызы бар, климаттық, сауықтыру және мәдени-эстетикалық мәні бар географиялық ортаның маңызды саласы болып табылады. Орман шаруашылығын және ағаш дайындауды жоспарлау ісі ормандардың көлемін сақтап, қайтадан толықтырып отыру және ұлғайту қажеттігін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Орманды пайдаланушылардың бәрі де бағалы ағаш түрлерін өсіріп, кесілген орманды тез арада қалпына келтіріп отыруға және орманды өрттен, рұқсатсыз ағаш кесуден, мал жайылудан қорғауға және зиянды жәндіктерден, грибок ауруларынан қорғауға, кесілген орманды уақтылы тазартып тұруға бағытталған орман шаруашылығы шараларының комплексін жүзеге асыруға міндетті.

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және азаматтар ормандарда өрттен сақтану ережелерін қатаң орындауға міндетті.

Халық депутаттары жергілікті Советтердің атқару комитеттері, орман шаруашылығы ұйымдары, колхоздар, совхоздар, жерді пайдаланатын тағы басқалар орман қорларын жақсартып, ұлғайтудың, орманы аз аудандарда, ормандар жасаудың, егіндікті қорғайтын және басқа осындай ормандар жасаудың шараларын қолдануға міндетті.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, халық депутаттары жергілікті Советтердің атқару комитеттері жаңа қалаларды жобалап, салғанда және ескі қалалар мен ірі орталықтарды қайта құрғанда жасыл белдеу бола алатын ормандарды, сондай-ақ елді мекендердің ішкі аймағындағы өсіп тұрған ағаштарды сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Мыналарға тыйым салынады:

а) орманнан әрбір шаруашылық бойынша жыл сайын пайдалануға белгіленген мөлшерден артық ағаш кесіп алуға;

ә) ағаштың бағалы түрлерін (грек жаңғағы, самырсын, чарын шаңаны, бадан, ністе, алма, алмұрт, өрік және шие ағашы), сондай-ақ топырақ қорғайтын, егіндікті қорғайтын, су қорғайтын, суды реттейтін, құм тоқтататын маңызы бар аймақтарын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген ормандардан, сондай-ақ ауланатын бағалы балықтар уылдырық шашатын көлдердің, өзендердің және олардың салаларының жағалаулары бойынан ағаш кесуге (баптау мақсатымен бұтау бұл айтылғанға жатпайды);

б) қабақ-беткейлерде орманнан ағаш кесіп, оны сол жерден тасығанда орманды жердің топырағы құнарсызданып, жас шыбықтардың құрып кетуіне әкеліп соқтыратын әдістерді қолдануға;

в) орманнан рұқсатсыз ағаш кесуге, орман қорында рұқсатсыз құрылыс салуға және орманды алаңдарды рұқсатсыз басқа бір жерге ауыстыруға;

г) қорғайтын орман алқаптары мен пайдалануға тыйым салынған орман алқаптарында, жаңа өсіп келе жатқан орманда және егілген ормандарда, парктерде, орманды парктерде, қала ішіндегі ормандарда, елді мекендер төңірегіндегі орман аймақтарында және бақтарда мал жаюға;

ғ) зиянды жәндіктер түскен және грибок ауруына шалдыққан ағаштарды тасып алуға және сақтауға.

### 6-статья. Қорғайтын орман паркі белдеулерін, қала төңірегіндегі жасыл аймақтарды және елді мекендердегі ағаштарды қорғау

Барлық елді мекендерде, сондай-ақ жолдардың, арықтардың және каналдардың бойында денсаулық сақтау үшін, аңызақтан қорғау үшін мәдени және эстетикалық маңызы бар, еңбекшілердің демалыс орны болып табылатын қорғайтын орман паркі белдеулері, қала төңірегіндегі жасыл белдеулер және жасыл ағаштар қорғалуға тиіс.

Қорғайтын орман паркі белдеулерінде, қала төңірегіндегі жасыл белдеулерде, елді мекендердегі, жолдардың бойындағы, арықтар мен каналдар бойындағы отырғызылған ағаштардан ағаш кесіп алуға (баптау шараларынан басқа) немесе бұл белдеулер мен ағаштарды басқа бір жерлерге ауыстыруға ерекше жағдайларда Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген ретпен халық депутаттары жергілікті Советтердің атқару комитеттерінің рұқсатымен ғана жол беріледі.

### 7-статья. Басқа да табиғи өсімдіктерді қорғау

Ормандарға қоса табиғи (жабайы) өсімдіктерді де қорғап, оны пайдалануды ретке салу керек, өйткені, табиғи өсімдіктер малдың және пайдалы жабайы аңдардың жемшөп базасы, тамақ өнімдерінің, дәрідәрмектің және техникалық шикізаттың, егуге арналған табиғи өсімдіктер тұқымының қоры, дақылға енгізілуге арналған өсімдік түрлерінің резерві, топырақты тоқтатудың құралы, географиялық ортаның климатқа, су режиміне ықпал жасайтын, топырақты құнарландыратын елеулі белгісі болып табылады. Сондай-ақ өсімдіктердің бағалы, сирек кездесетін және таусылып бара жатқан жеке түрлері де қорғалуға тиіс.

Табиғи өсімдіктердің өнімділігін сақтап, ұлғайту, сондай-ақ оны жақсарту мақсатымен жайылымдарға мал жаюды реттеп, жайылымдарға нұқсан келмейтін болуын, топырақтың жайын, ондағы өсімдіктің өсіп жетілу мерзімдерін ескеру, бүкіл жайылымдық жердің көлемін біркелкі пайдаланып, шабындықтық алшын шөбіне мал жаюды шектеу керек. Совхоздар, колхоздар және басқа кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар өздеріне бекітіп берілген табиғи жайылым жерлерді жақсартудың шараларын қолдануға міндетті.

Табиғи өсімдіктерден техникалық шикізат дайындағанда пайдалы өсімдіктердің қайтадан өсіп қалпына келуіне нұқсан келтіретін және өсімдік жамылғысының бүлінуіне себепші болатын әдістер мен тәсілдер қолдануға тыйым салынады.

### 8-статья. Типті ландшафтарды, табиғаттың сирек кездесетін және көрікті объектілерін қорғау

Типті ландшафтар, тірі және өлі табиғаттың сирек кездесетін және көрікті объектілері қорғалуға тиіс, бұлар жеке аймақтардың және физика-географиялық облыстардың табиғи жағдайларының өзіне ғана тән немесе сирек кездесетін үлгілері, ғылым, ғылым-білім, сауықтыру және эстетикалық жағынан бағалы объектілер.

Халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері қазіргі заман адамдарының және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін бұрынғы қалпында сақталған табиғат пен көрікті жерлердің үлгілерін; тарихи ескерткіш тұрғысынан бағалы табиғи объектілерді; туризм мен экскурсия объектілерін, еңбекшілер тынығатын және емделетін орындарды; табиғатта болып жататын процестердің өз бетінше өтуін зерттеуге арналған табиғи лабораторияларды; аң ауланатын жерлерді

ұлғайту мақсатымен бағалы хайуанаттар өрбіп өсетін және мекендейтін орындарды; өсімдік пен хайуанаттардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жеке түрлерін сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

### 9-статья. Мемлекеттік қорықтар, заказниктер және табиғи парктер

Табиғат учаскелері мен объектілерінің маңызын ескере отырып қорғау мыналарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады:

а) мемлекеттік қорықтар. Олардың жері ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту мақсаттарына пайдаланылады;

ә) заказниктер. Олардың жерінде табиғи объектілердің тек бір бөлегін, белгілі бір маусымдарда ғана, белгілі бір мерзімге және қорғаудағы объектіге нұқсан келтірмейтіндей мөлшерде ғана шаруашылық үшін пайдалануға рұқсат етіледі;

б) табиғи парктер. Бұларда табиғи комплекстерді сақтап, жақсартумен бірге халықтың неғұрлым жақсы тынығып, денсаулығын қалпына келтіруі үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалады.

Мемлекеттік қорықтар мен заказниктер тәртібі көлемді жерлер үшін де, сондай-ақ шағын жерлер (тоғай, көл, анғарлар мен жағалау учаскелері және басқалар) мен тиісінше қорғалатын жерлер және табиғат ескерткіштері деп жарияланған жеке объектілер (құлама су, үңгірлер, сирек кездесетін геологиялық орындар, сирек кездесетін және тарихи бағалы ағаштар, тағы басқалар) үшін де белгіленеді.

Мемлекеттік қорықтар жерінде зерттеп іздестіру жұмыстары ғылыми-зерттеу жұмыстары көлемінде ғана рұқсат етіледі.

Жерлерді мемлекеттік қорықтар мен заказниктер, сондай-ақ мемлекеттік қорық тәртібі бойынша қорғалатын жерлер мен табиғат ескерткіштері деп жариялау Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі.

### 10-статья. Курорттық жерлерді қорғау

Еңбекшілер тынығатын және емделетін орындарда (курорттық жерлерде және курорттардың санитарнялық қорғау аймақтарында) сол жердің адамдарды емдеуге және сауықтыруға көмектесетін табиғат жағдайларының бәрі түгелдей қорғалады.

Курорттық жерлерде, мұның үстіне, курорттардың негізгі мамандығына нкемделуін қамтамасыз ететін табиғи объектілер (минерал бұлақтар, шипа саз, қайраң, қарағайлы тоғай, тағы басқалары) сақталуға тиіс.

Халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері көрікті туристік жолдар бойында және еңбекшілер неғұрлым көбірек дем алатын орындарда заказник тәртібі қолданылып сақталатын аймақтар белгілейді.

Жоғарыда аталған объектілер мен жерлерді игеру және қайта құру тек қана құрылыстың бас жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар және халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жоспар жасаған кезде, ал жоба жасайтын ұйымдар осы аталған объектілер мен жерлерді игерудің немесе қайта құрудың жобасын жасаған кезде комплексті табиғи жағдайларды сақтау мен жақсартуды көздеулері қажет.

Бұл мақсат үшін:

а) жаңа коммуналдық және транспорттық құрылыс аудандары мен объектілерін сол жердің емдік қасиеттері мен ландшафт ерекшеліктерін сақтай отырып орналастыру қамтамасыз етілсін;

ә) көгалдандыру мен мелиорация шараларын, оның ішінде опырылмаға, сел тасқынына, көшкінге және ысырылмаға, жағалаулардың шайылып кетуіне, қайраңның бүлінуіне, еңбекшілер дем алатын орындардың қоқысқа толып ластануына жол бермеу жұмыстарын үнемі алдын ала жүргізіп отыру көзделсін.

11-статья. Хайуанаттар дүннесін қорғау

Табиғатта еркін жүретін пайдалы жабайы аңдар, құстар, балық, басқа да хайуанаттар қорғап сақталуға және оларды пайдалану ісі ретке салынуға тиіс, бұлар аң, балық аулау және басқа кәсіптердің қоры, зиянды хайуанаттарды құртушылар және ауланатын, сондай-ақ басқа да пайдалы хайуанаттардың азық базасы, кейіннен қолда асырауға көніктіріп, үйде өсірілуі ықтимал хайуанаттар, малдың қазіргі тұқымдарын асылдандырып, жаңа тұқымдарын өсіріп шығарудың резерві болып табылады.

СССР Қызыл кітабына және Қазақ ССР Қызыл кітабына енгізілген хайуанаттардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері сақталуға тиіс[1].

Бұған байланысты мыналарды істеу қажет:

а) аң мен балық аулаудың белгіленген ережелері қатаң сақталсын;

ә) хайуанаттардың мекендейтін орындарын сақтау мен жақсарту және оларды миграциялау арқылы хайуанаттардың тіршілік етіп, өсіп көбею жағдайларын жақсартуға көмек көрсетілсін;

б) аулауға болатындай мөлшерін және өсіп көбейіп отыруын қамтамасыз ете отырып, хайуанаттардың қорын пайдалану реттелсін;

в) пайдалы фауна көбейтіле берсін, бұл ретте пайдалы аңдарды, құсты, балықты, тағы басқаларын құртуға жол берілмесін.

Ауланбайтын жабайы хайуанаттарды, егер шаруашылыққа немесе халықтың денсаулығына зиянды болмаса, құртуға тыйым салынады, сондай-ақ апат (су тасығанда, сең жүргізгенде) болмаса одан басқа кездерде су қоймаларында жарылыс жасалатын жұмыстарға тыйым салынады.

12-статья. Табиғатты санитарлық жағынан қорғау

Атмосфералық ауа, жер бетіндегі, жер астындағы сулар, топырақ беті мен топырақ қабаты қорғалуға тиіс.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар атмосфералық ауаның, жер бетіндегі, жер астындағы сулардың, топырақ беті мен топырақ қабатының ластануын, сол сияқты жергілікті жердің былғануын болдырмайтын шараларды жүргізуге міндетті.

Шаруашылық-тұрмыс және кәсіпшілік қалдықтары халық шаруашылығында пайдаланылуға немесе ұдайы жойылып, залалсыздандырылуға тиіс.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар табиғат қорларын пайдаланумен байланысты кәсіпорындар мен құрылыстарды жобалаған кезде шнкізат пен отынның мейлінше өңделуін қамтамасыз ететін және зиянды қалдықтарының атмосфераға, жер бетіндегі су қой-

[1] 11-статьяның екінші бөлігіне 1983 ж. 30 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 41, 435-ст.).

маларына, жер астындағы сулар мен топыраққа таратылмайтын технологнялық процестерді белгілеп, қолданып отыруға міндетті.

Өнім қалдықтарының атмосфераға, сулар мен топыраққа тарауын болдырмайтын технологнялық процестер мен өндірісті ұйымдастыру түрлерін қолдану мүмкін болмаған жағдайда қалдықтарды тазартатын, жойып отыратын және залалсыздандыратын құрылыстар жасау керек.

Атмосфераға, суға және топыраққа тарайтын қалдықтардағы зянды заттардың мөлшері барлық шаруашылық мүдделері мен гигиеналық нормаларды ескере отырып белгіленетін шекті мүмкіндіктен артпауға тиіс.

### 13-статья. Табиғат қорларын пайдалануды есепке алу және жоспарлау

Республиканың табиғат қорларын есепке алу міндеті Қазақ ССР-інің осы қорларды пайдаланып, ұдайы өндірумен шұғылданатын министрліктеріне, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарына жүктеледі.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері пайдаланып жүрген табиғат қорларын есепке алуды ұйымдастыру және ретке қою міндеті Қазақ ССР Орталық статистика басқармасына жүктеледі.

Жоспарлау, жобалау және шаруашылық органдары экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын жасап, жобалау жұмысын жүргізген кезде:

а) табиғат қорларын комплексті пайдалану қажет екенін негізге алып, табиғат қорларының өзара тығыз байланысты екенін, сөйтіп табиғат байлықтарының бір түрін пайдалану оның екінші түріне нұқсан келтірмеуін ескеруге тиіс;

ә) орнын толтыруға болатын табиғат қорларын пайдаланғанда, бұл қорлармен халық шаруашылығының ағымдағы қажеттерінің мейлінше қанағаттандырылуын ғана емес, сол сияқты ұлғаймалы ұдайы өндіріс негізінде бұл қорлардың қайта толықтырылуын ескеруі керек;

б) егер бұлардың орнында неғұрлым құнды егістіктер жасалмайтын болса, немесе мұның өзі құрылыс қажетінен тумайтын болса, ормандар, шалғындар, су қоймалары және басқалары көлемінің кемітілуіне жол бермеуі қажет;

в) құрылыс жұмыстарының барлық түрін жүргізген жағдайда табиғат объектілерінің барынша сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақ ССР-інің территориясында табиғат қорларын пайдалануды және ұлғаймалы ұдайы өндіріс негізінде бұл қорлардың қалпына келтірілуін қамтамасыз ететін шараларды жоспарлау міндеті Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жүктеледі.

### 14-статья. Табиғатты қорғауға бақылау қою және бұл жұмысқа қоғамдық ұйымдардың қатысуы

Табиғатты қорғау — бүкілхалықтық іс. Бұл жұмысқа жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның қалың бұқарасы қамтыла отырып, қоғамдық (кәсіподағы, жастар, ғылыми және басқа) ұйымдар мен ерікті қоғамдар қатысады.

Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, колхоздардың, совхоздардың және азаматтардың табиғатты қорғау жөнінде қолданылып жүрген заңдарды сақтауына және табиғат байлықтарын сақтау, тиімді пайдалану және қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруына бақылау қою міндеті Қазақ ССР Министрлер Советіне, халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттеріне, сол

сияқты табиғат объектілерінің жеке түрлерін қорғау ісін жүзеге асыратын тиісті министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға жүктеледі.

Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтерінің табиғатты қорғау жөніндегі тұрақты комиссияларын құру қажет деп танылсын.

**15-статья. Табиғатты қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысы**

Табиғатты қорғаудың ғылыми негіздерін, табиғат байлықтарын тиімді пайдалану, қайта толықтыру жолдары мен әдістерін белгілеу, сол сияқты бұл мәселелер жөнінде тиісті жобалар мен ұсыныстарды әзірлеу міндеті Қазақ ССР Ғылым академиясына, өзінің профиліне қарай Ғылым академиясының құрамына кірмейтін басқа да барлық ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарына жүктеледі.

Табиғатты қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеулерді координациялау міндеті Қазақ ССР Ғылым академиясына жүктеледі.

**16-статья. Оқу орындарында табиғатты қорғау негіздерін оқыту**

Жастарды табиғат байлықтарына ұқыпты қарау сезіміне тәрбиелеп, оларды табиғат байлықтарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру мақсатымен табиғатты қорғау негіздерін оқыту ісі мектеп программаларына және жаратылыстану, география мен химия оқулықтарының тиісті бөлімдеріне енгізілсін.

**17-статья. Табиғатты қорғау мәселелерін насихаттау**

Мәдени-ағарту мекемелері мен ұйымдары, баспалар, музейлер, кино, радио, телевизия, газеттер мен журналдардың редакциялары, ерікті қоғамдар табиғатты қорғау және табиғат байлықтарын қайта толықтыру міндеттерін кеңінен насихаттайтын болсын.

**18-статья. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларының жауапкершілігі**

Пайдалануға немесе игеруге жер учаскелері мен басқа да табиғат байлықтары берілген кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар табиғат байлықтарының қорғалуын, тиімді пайдаланылып, қайта толықтырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Табиғат байлықтарын заңсыз жойғаны немесе бүлдіргені үшін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, сол сияқты аталған кеселді жасауға тікелей кінәлы басқа адамдар заңда белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

**19-статья. Табиғат байлықтарын заңсыз пайдаланғаны немесе бүлдіргені үшін кінәлы азаматтардың жауапкершілігі**

Табиғат байлықтарын заңсыз пайдаланғаны немесе бүлдіргені үшін кінәлы азаматтар заңда белгіленген тәртіп негізінде әкімшілік немесе қылмысты жауапқа тартылып, келтірілген шығын олардан өндіріліп алынады.

**20-статья. Табиғатты қорғау жөніндегі шараларды белгілеу және жүзеге асыру**

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының табиғатын қорғау жөнінде осы Указдан туатын қажетті шараларды белгілеп, жүзеге асыру міндеті Қазақ ССР Министрлер Советіне жүктеледі.

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ[1]

## ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1973 жылғы 3 майдағы № 240 ҚАУЛЫСЫ

ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Табиғатты қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы» 1972 жылғы 29 декабрьдегі № 898 қаулысын[2] орындау үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақстан КП облыстық және аудандық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті мен аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары топырақ эрозиясына қарсы күресу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне, колхоздардың, совхоздардың және басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың жерді, суды, орманды, жер қойнауын және өзге де табиғи байлықтарды дұрыс пайдалануына, олардың жерді пайдалану мәдениеті жөніндегі, топырақтың, жердің үстіндегі және астындағы су көздерінің ластануы мен сортаңдануын болдырмау жөніндегі, ормандардың суды сақтау және қорғаныш функцияларын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау мен молайту жөніндегі, атмосфералық ауаның ластануын болдырмау жөніндегі, өндірістік және тұрмыстық шуға қарсы күресті күшейту жөніндегі қазіргі қолданылып жүрген ережелер мен нормаларды сақтауына жүйелі түрде бақылау орнатып, табиғатты қорғау және табиғи ресурстардың тиімді пайдалануын қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударылсын.

Министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан пайдалы қазындылар өндіру мен өңдеу кезінде тек негізгілерін ғана емес, сонымен бірге қосымша шығатындарын да комплексті түрде, неғұрлым толық пайдалану талап етілсін.

2. Мыналар белгіленсін:

а) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі:

министрліктердің және ведомстволардың мемлекеттік, кооперативтік мекемелер мен ұйымдардың, сондай-ақ азаматтардың жер жөніндегі заңдар мен жерді пайдалану тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылау жасайды;

колхоздар мен совхоздардың және министрлік жүйесіне енетін басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының пайдалануындағы жерлердің қорғалуы мен тиімді пайдалануының ұйымдастырылуы үшін, ауыл шаруашылығында улы химикаттардың дұрыс қолданылуы үшін, ауыл шаруашылық дақылдары мен екпе ағаштардың аурулары мен зиянкестеріне қарсы күрестің биологиялық әдістерінің дамытылып, кеңінен қолданылуы үшін, суаруда суды пайдаланудың

---

[1] 2-пункттің соңғы абзацы, 5-пункттің екінші, үшінші, төртінші, тоғызыншы абзацтары, 6-пункттің бірінші, екінші абзацтары, 7-пункт, 9-пункттің екінші, үшінші абзацтары, 10, 12, 13, 14, 16-пункттер, 19-пункттің екінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары, 21 және 22-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

24-пункт ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Табиғатты қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы» 1972 ж. 29 декабрьдегі № 898 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдар жинағының 4-томын қараңыз.

ұйымдастырылуы үшін жауапты болады және жерді пайдалану мәдениетіне бақылау жасайды;

алқаптарды қорғау үшін ағаш өсіру жұмыстарын қоса топырақ эрозиясына қарсы шаралар комплексінің орындалуын ұйымдастырады;

министрліктердің, ведомстволар мен азаматтардың өсімдік зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі шараларды жүргізуге және зиянды заттардың ауыл шаруашылық өнімдеріне түспеуіне және олардың топырақта, суаттар мен жер асты суларына жинналуын болдырмау үшін улы химикаттарды пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

б) Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі:

халық шаруашылығында су көздерін тиімді пайдаланудың ұйымдастырылуы үшін және олардың ластанудан, көң-қоқыстан, құрып кетуден қорғалуы үшін, мелиорациялық жүйелердің техникалық деңгейі мен олардың тиімділігін арттыру үшін, жердің сортаңдануын болдырмау жұмысын жүргізуге жауапты болады;

су көздерінің тиімді пайдаланылуы үшін, су қорларын ластанудан, көң, қоқыстан және құрып кетуден қорғау жөніндегі шаралардың жүргізілуі үшін, сондай-ақ тазалау құралдарының жұмысы және пайдаланылған судың (өнеркәсіптік, дренаждық, коммуналдық-тұрмыстық қажеттерге, ауыл шаруашылығының, соның ішінде мал өсірілетін ірі комплекстердің және басқалардың қажеттеріне пайдаланылған) жайы үшін белгіленген ретте мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

шаруашылық аралық мелиорация объектілері мен жүйелердің пайдаланылуын ұйымдастырады;

Қазақ ССР су шаруашылығын дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларының, сондай-ақ республика су ресурстарын су пайдаланушылар арасында бөлу жоспарларының жобаларын дайындап, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне тапсырады;

су көздерін комплексті пайдалану және қорғау схемаларын, шағын өзендер мен тау өзендерінің жоғары ағыстарын қорғаудың схемаларын, сондай-ақ су шаруашылықтарының баланстарының жобаларын талдап жасайды;

в) Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті [1]:

республикадағы ормандардың жағдайына және орман қорларын тиімді пайдаланудың қамтамасыз етілуіне мемлекеттік бақылау жасайды, ормандардың өнімділігінің қалпына келтіріліп, артуы үшін, орманды өрттен қорғаудың және өрттерді мезгілінде сөндірудің ұйымдастырылуы үшін, ормандардың зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғалуы үшін, ағашты өз бетімен кесулерден және басқа да нұқсан келтірушіліктерден қорғаудың ұйымдастырылуы үшін жауапты болады;

мемлекеттік орман қоры жүйелерінің қорғалуына және бұл жерлерді орман шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының, орманды пайдаланушылардың мақсатқа сай пайдалануына және мемлекеттік орман қоры территориясында орманды пайдалану ережелерінің сақталуына бақылау жасайды;

г) Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы қорықтар мен аңшылық шаруашылығы Бас басқармасы республика территориясында хайуанаттардың сақталып молайтылуына, мемлекеттік қорықтардың типтік комплекстерінің сақталып келтірілуіне жауапты болады, аңшылық шаруашылығының дұрыс жүргізілуіне басшылық етеді және бақылау жасайды;

---

[1] Қазіргі кезде Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі.

д) Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі «Қазахрыбвод», «Аралрыбвод»[1] және «Уралкаспрыбвод» балық қорының қорғалып молайтылуын, балық аулаудың ретке келтірілуін, бағалы кәсіптік балықтар мен жемдік объектілердің жергілікті климатқа бейімдендірілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ балық қорын молайту және республиканың балық шаруашылық су қорларын басқа ұйымдардың мелиорациялауы жөніндегі шараларды жүргізуіне бақылау жасалуын қамтамасыз етеді;

е) Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі, сондай-ақ қарауында электр станциялары бар басқа министрліктер өздеріне қарасты электр станцияларының су қорларын пайдалану, су қоймаларына өздері пайдаланған суды ағызу және жылу электр станцияларының түтін газдарын атмосфераға шығару ережелерін сақтау үшін жауапты болады;

ж) Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі сыртқы табиғи ортаның ластануын жоюға және алдын алуға бағытталған шаралардың, соның ішінде ауыз суға, тұрмыстық қажеттерді, сауықтыру және халықтың басқа да қажеттерін қанағаттандыруға пайдаланылатын жер үстіндегі және жер астындағы сулардың ластануын жою және ластандырмау жөніндегі шаралардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылау жасайды;

з) Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі:

Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп көшелерді, қора-жайларды және елді мекендердің басқа да территорияларын, сондай-ақ еңбекшілердің қала сыртындағы демалыс орындары мен суға түсетін жерлерді таза ұстаудың санитарлық ережелерінің сақталуын бақылайды;

табиғи байлықтарды қорғау және ластанудан сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыруда, браконьерлікке және аң аулау мен балық аулау тәртібін бұзушылықтарға қарсы күресте тиісті органдарға жәрдемдеседі;

и) Қазақ ССР Геология министрлігі жер асты суларының құрып кетуден және ластанудан қорғалуына бақылау жасайды;

к) Қазақ ССР Министрлер Советінің Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті[2] жер қойнауының қорғалуына, пайдалы қазындылар шығатын жерлер мен гидроминералдық ресурстардың дұрыс пайдалануына бақылау жасайды;

л) Қазақ ССР Гидрометеорология қызметі басқармасы[3] мыналар үшін жауапты болады:

сыртқы табиғи ортаның ластану деңгейін қадағалап бақылау қызметінің және су мен атмосфераның ластану деңгейінің күрт өзгеруі туралы шұғыл информация беру қызметінің ұйымдастырылуы үшін;

мүдделі ұйымдар мен мекемелерді атмосфераның, топырақтың, су объектілерінің ластану деңгейі туралы және бұлардың шаруашылық жұмыс пен гидрометеорологиялық жағдайлардың ықпалымен өзгеру мүмкіндіктері туралы жүйелі информациямен және болжамдармен қамтамасыз ету.

Қалаларда және басқа елді мекендерде атмосфералық ауаны ластанудан сақтау жөніндегі шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ету үшін

---

[1] 1976 ж. «Аралрыбвод» таратылды.

[2] Қазіргі кезде Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті.

[3] Қазіргі кезде Қазақ республикалық гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі басқармасы.

жауапкершілік облыстық және қалалық атқару комитеттеріне жүктеледі.

3. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттеледі:

1974 жылдан бастап табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шараларды жүргізудің перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын талдап жасауды және олардың халық шаруашылығы даму жоспарларының жобаларымен бір мезгілде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне тапсырылуын қамтамасыз ету.

Көрсетілген жоспар жобаларында табиғатты қорғау жөніиде кәсіпорыидар мен ұйымдар жүргізуге тиіс шараларды көздеу;

кәсіпорындар құрылысының жобаларында су қорларын, топырақты, өскін жасыл желек пен атмосфералық ауаны пайдаланылған сулармен және өнеркәсіп қалдықтарымен ластанудан қорғау жөніндегі шараларды арнайы бөлім етіп бөлу;

қалпына келтірілген жерлерді колхоздарға, совхоздарға және жерді басқа да пайдаланушыларға мезгілінде тапсыруды қамтамасыз етіп, жерді пайдалану мәдениетіне байланысты жұмыстарды жеделдету мен жақсарту жөніндегі қажетті шараларды қолдану;

ведомстволық қарауындағы кәсіпорындарда пайдаланылған суды тазалайтын жабдықтардың және ғаздан тазалайтын шаңды ұстап қалатын жабдықтардың жобалануына, салынуы мен пайдалануына қатаң бақылау жасалуын қамтамасыз ету.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті 1974 жылдан бастап облыстардың, ірі өнеркәсіп орталықтарының территорияларында және тұтас алғанда республика территориясында табиғатты қорғаудың жинақталған перспективалық және жылдық жобаларының талдап жасалуын қамтамасыз етсін, бұл жоспарларда табиғатты қорғау жөнінде СССР министрліктері мен ведомстволарының ведомстволық қарауындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ жалпы одақтық және одақтық-республикалық министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары мен ұйымдары орындауға тиіс болатын шаралар көзделсін.

5. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, жергілікті Советтердің атқару комитеттері мыналарды істеуге міндеттелсін:

*(бесінші абзац)* кәсіпорындар мен құрылыстарды жобалауға тапсырмалар белгіленгенде оларда жобаланып отырған кәсіпорынның немесе құрылыстың қоршаған табиғи ортаға теріс ықпал жасау мүмкіндігін болдырмайтын шараларды талдап, белгілеу талаптары көзделсін;

жаңа технологиялық процестерді жобалауға тапсырмалар белгіленгенде атмосфераның, су қорлары мен топырақтың зиянды қалдықтармен және пайдаланылған сулармен ластануын күрт азайту немесе мүлде болдырмау талаптары көзделетін болсын;

жаңа кәсіпорындар мен құрылыстар салудың немесе жұмыс істеп тұрғандарын қайта құрудың техникалық (техникалық-жұмыстық) жобаларын бекітуде бұл талаптардың сақталуы қамтамасыз етілсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне жаңа кәсіпорындар мен құрылыстар салудың және жұмыс істеп тұрғандарын қайта құрудың жобаларына сынақ жасаған кезде оларда қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын тексеруді қамтамасыз етсін.

6. *(Үшінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар жүктелсін:

табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі және табиғатты қорғау жөніндегі жоспарлардың жобаларын жасауға методикалық басшылық жасау, бұл орайда 1974 жылдан бастап мұндай жоспарлардың халық шаруашылығы дамуының перспективалық және жылдық жоспарларының құрамдас бөлігі болуға тиіс екенін ескеру;

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетінің табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөнінде және табиғатты қорғау жөнінде енгізетін ұсыныстарын қарау;

Қазақ экономикалық ауданының өндіргіш күштерін дамыту мен орналастырудың бас схемасында табиғатты қорғау жөніндегі арнайы шаралардың талдап жасалуын қамтамасыз ету;

8. Су көздерінің пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу жөніндегі органдардың ССР Одағы мен одақтас республикалардың су жөніндегі заңдарының негізінде және Қазақ ССР су кодексінде көзделген функцияларын Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, оның су көздерінің пайдалануы мен қорғалуын реттеу жөніндегі тиісті басқармалар мен бассейндік (территориялық) инспекциялары (басқармалары) атқаратын болып белгіленсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы[1], халық шаруашылық дамудың жоспарларын талдап жасауда Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне оның су қорларының пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу жөніндегі тиісті басқармалары мен бассейндік (территориялық) инспекциялары (басқармалары) үшін, Қазақ ССР Гидрометеорология қызметі басқармасына[2] қоршаған табиғи ортаның ластану деңгейін қадағалау қызметі үшін, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне санитарлық-эпидемиологиялық қызмет үшін және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы миннстрлігіне мемлекеттік жерге орналастыру және ветеринарлық қызмет ұйымдары мен мекемелері үшін қажетті автотранспорт, көшпелі лабораториялар, су транспорты жабдықтары мен құрал-сайман бөлуді көздейтін болсын.

9. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне:

*(төртінші абзац)* алқаптарды қорғау үшін өсірілген ормандар мен мемлекеттік қордың құрамына кірмейтін басқа да екпе ағаштарды қорғау осы жерлерде орналасқан кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерге жүктелсін;

Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитетімен[1] бірлесіп, ормандарда өрт шығуын болдырмау жөнінде қажетті шаралар қолданылатын болсын.

11. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу министрлігі, ағаш дайындайтын және ағаш ағызатын, сондай-ақ оны өңдейтін министрліктер мен ведомстволар ағаш дайындауды жақсарту және ағаш шығынын азайту жөніндегі қажетті шаралар қолданылсын, ал Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті[3] ағаш кесудің дұрыс жүргізілуін және ағаш дайындайтын ұйымдар мен кәсіпорындар-

---

[1] Қазіргі кезде Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті.

[2] 18-беттегі түсірмені қараңыз.

[3] 17-беттегі түсірмені қараңыз.

дың өздеріне кесуге бөлінген орман қорын тиімді пайдалануын бақылауды күшейтсін.

16. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері автомобильдер мен басқа да транспорт құралдары двигательдерінің лықсыма газдарындағы көміртегі тотығының деңгейін, соның ішінде автотранспортты жылма-жылғы техникалық тексеру кезінде жүйелі түрде бақылап отыруды қамтамасыз етсін.

17. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері су қоймаларын қайта құру және жасау кезінде су қорларын биологиялық мелиорациялау жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыратын болсын.

18. Топырақтың, су қорларының және қоршаған ортаның басқа да объектілерінің өсімдіктердің зиянкестеріне, ауруларына, арам шөптерге қарсы, сондай-ақ зиянды жәндіктер мен кемірушілерге қарсы күресу үшін қолданылатын улы химикаттармен ластануын болдырмау мақсатымен:

а) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті [1], Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау мнинистрлігі, «Главриссовхозстрой», «Союзиливодстрой»[2], «Қазахрыбвод», «Аралрыбвод», «Уралкаспрыбвод» облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті колхоздардың, совхоздардың және басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің сондай-ақ азаматтардың улы химикаттарды қолданудың белгіленген ережелерін қатаң сақтауын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Гидрометеорология қызметі басқармасы [3] қоршаған ортадан улы химикаттарды қолданудан болатын өзгерістерге бақылау ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін;

б) Қазақ ССР Ғылым академиясы, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Гидрометеорология қызметінің басқармасы [4] және Балық шаруашылығы қазақ ғылыми-зерттеу институты 1973 жылдан бастап улы химикаттардың судағы организмдерге ықпалын жүйелі түрде зерттеп, олардың балық шаруашылығы су қорларында жол беруге болатын жинақталу шегін белгілесін.

19. Қалалардың, қала төңірегіндегі аймақтардың, қалалық поселкелер мен селолық елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту мақсатымен:

*(Үшінші абзац)* Су құбырлары мен канализацияның тазалау құрылыстары қалалар, қалалық поселкелер [5] және селолық елді мекендердің даму перспективасын есепке ала отырып жобалануға тиіс деп белгіленсін. Бұл құрылыстарды салу және пайдалануға енгізу сатылап, тазартудың қажетті технологиялық комплексін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылуға тиіс.

20. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті техникалық (техника-

---

[1] 17-беттегі түсірмені қараңыз.
[2] 1974 ж. «Союзиливодстрой» таратылды.
[3] 18-беттегі түсірмені қараңыз.
[4] 19-беттегі түсірмені қараңыз.
[5] Қазіргі кезде жұмысшы поселкелері.

лық-жұмыстық) жобаларға экспертиза жасағанда және бекітілген жоба бойынша құрылыстар салғаида, ал Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті кәсіпорындары мен құрылыстар салудың Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін жобаларына және қалалар мен басқа да елді мекендердің жоспарлануы мен салыну жобаларына экспертиза жасағанда су қорларын және өнеркәсіп пен тұрмыстық қажеттерге пайдаланылған суларды тазалау жөніндегі, атмосфераны, өнеркәсіптің зиянды қалдықтарынан қорғау жөніндегі, шаруашылық-тұрмыстық, өнеркәсіптік қалдықтарды қажетке жарату, бейтараптандыру және өртеу жөніндегі, пайдалы қазбаларды дұрыс қазып алу және жерді пайдалану мәдениеті жөніндегі нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті министрліктер мен ведомстволардың, сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің көрсетілген талаптарды орындауына жүйелі бақылау орнататын болсын.

23. Халық арасында табиғатты қорғау жөніндегі білімдерді таратуды және табиғат байлықтарын тиімді пайдаланудың маңыздылығын түсіндіруді күшейту қажет деп есептелсін.

Осы мақсаттармен Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті [1], Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті [2]; Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті [3], Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Республнкалық «Білім» қоғамы, Қазақ табиғат қорғау қоғамының Орталық Советі табиғатты қорғау мәселелері жөніндегі информациялық, көпшілікке арналған ғылыми, ағарту, көркем әдебиет пен кинофильмдер шығаруды көбейтетін болсын, лекциялық наснхатты күшейтсін, бұл мәселелер радио мен телевизия арқылы толығырақ баяндалсын.

Республнкалық, облыстық және аудандық газеттердің редакциялары табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсартумен байланысты мәселелер жөнінде кеңінен жазатын болсын.

Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім мииистрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті [4], сондай-ақ жоғары және арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техннкалық училищелері бар министрліктер мен ведомстволар студенттер мен оқушылардың арасында табиғатты қорғау жөніндегі жұмысты күшейтсін, бұл мәселе жөнінде нақты шараларды белгілеп, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп, табиғатты қорғау және оның ресурстарын пайдалану саласында мамандар даярлауды күшейту туралы мәселені қарап, шешетін болсын.

Кәсіподақтардың Қазақ республнкалық советі мен Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті еңбекшілер мен жастардың табиғатты қорғау жөніндегі жұмысқа белсене қатынасуын қамтамасыз ететін болсын.

---

[1] Қазіргі кезде Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті.

[2] Қазіргі кезде Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті.

[3] Қазіргі кезде Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті.

[4] Қазіргі кезде Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТАБИҒАТ ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 1 ДЕКАБРЬДЕГІ № 984 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1979 жылғы 9 январьдағы № 10**
**ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 5, 13-ст.)**

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. *(Үшінші абзац)* Қазақ ССР-інің мииистрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар табиғат қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен ұлғайта өсіру және тиісті табиғат қорғау шараларын кезінде жүзеге асыру үшін толық жауап береді деп белгіленсін.

3. Айналадағы табиғи ортаның жайын, оның ластану дәрежесі мен көздерін қадағалаудың және бақылаудың мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру үшін Қазақ ССР Гидрометеорология қызметі басқармасына [2] мыналар жүктелсін:

табиғи ортаның жайын қадағалаудың және бақылаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру мен оның қызметі үшін жауапкершілік;

қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының ауа бассейнін пайдалануды реттеу және оның ластану көздеріне, ластаушы заттарды атмосфераға шығарудың шекті нормаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

ластаушы заттарды атмосфераға шығаруға болатын шекті нормалардың жобаларын Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігімен және басқа мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесе отырып әзірлеп, оларды бекіту үшін СССР Гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен СССР Денсаулық сақтау министрлігіне табыс ету;

министрліктер мен ведомстволардың келісіп алу үшін табыс ететін өндірістік және басқа мақсаттағы объектілерді орналастыру схемаларын және осындай объектілерді салу мен реконструкциялау жобаларын атмосфераның ластануына жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан қарау;

атмосфералық ауаны ластанудан қорғау жөнінде берілген статистикалық есепті талдау жасай отырып өңдеу, табиғи ортаның жайы, күтілетін өзгерістер мен бұл өзгерістердің себептері туралы тұрақты да шұғыл информация әзірлеу және оны Қазақ ССР Министрлер Советіне,

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің бірінші және екінші абзацтары, 3-пункттің сегізінші абзацы, 4-пункттің екінші абзацы, 7, 9 және 12 пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

16-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1978 ж. 1 декабрьдегі № 984 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 4-томын қараңыз).

[2] Қазіргі кезде — Қазақ республикалық гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі басқарма.

тиісті министрліктерге, ведомстволар мен облыстық атқару комитеттеріне табыс ету;

айналадағы табиғи ортаның жайы туралы мәліметтердің қорын жасау.

4. Өздерінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары табиғи ортаны ластаудың көздері болып отырған Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары тиісті министрліктер мен ведомстволардың орталық аппараты қызметкерлерінің белгіленген саны мен жалақы қоры шегінде орталық аппараттың құрамында табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі құрылымдық бөлімшелерді ұйымдастыратын болсын.

5. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі перспективалық және жылдық жоспарлардың жобаларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етумен бір мезгілде өздерінің қарамағындағы бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бойынша осы жоспарлардың жобаларының тиісті бөлімдерін (күрделі қаржының көлемдерін және табиғат қорғау қуаттары мен объектілерін іске қосу жөніндегі тапсырмаларды көрсете отырып) Қазақ ССР Гидрометеорология қызметі басқармасына [1], Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне[2] жібереді деп белгіленсін.

Қазақ ССР-інің аталған министрліктері мен ведомстволары Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарларының жобалары негізінде тиісті бөлімдер бойынша жоспарлардың келісілген жобаларын қорытып, Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыну үшін тұтастай алғанда Қазақ ССР-і бойынша, тапсырмаларды министрліктер, ведомстволар, облыстар және Алматы қаласы бойынша бөле отырып әзірлейді және Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне (ол белгілеген мерзімдерде) жібереді.

Қазақ ССР Гидрометеорология қызметі басқармасына [1], Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне [2] Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында табиғат қорғау жөнінде белгіленген тиісті тапсырмаларды бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың орындауын бақылауды жүзеге асыру жүктелсін.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне республика мен облыстардың территориясы бойынша, жекелеген табиғат комплекстері бойынша, сондай-ақ табиғи ортасын түрлі министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары ластайтын ірі қалалар, өнеркәсіп орталықтары бойынша табиғат қорғаудың территориялық комплексті схемаларын әзірлеу жөніндегі заказшы функциясы жүктелсін.

Аталған схемаларды Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстық атқару комитеттерімен және Алматы қалалық

---

[1] 23-беттегі түсірмені қараңыз.

[2] Қазіргі кезде — Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті.

атқару комитетімен келісе отырып мемлекеттік бюджет қаржылары есебінен әзірлейді және оларды Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

8. Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті айналадағы табиғи ортаны қорғау үшін зор маңызы бар тазартатын канализациялық ғимараттарды жабдықпен, приборлармен, кабель бұйымдарымен және басқа материалдармен комплектілеуді 1980 жылдан бастап СССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Министрлер Советімен бірлесе отырып белгілейтін тізбе бойынша жүзеге асыратын болсын.

10. Пайдалы қазындыларды өндіру мен қайта өңдеуді жүзеге асыратын Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы бірлестіктер мен кәсіпорындар:

1979—1980 жылдары барлық айдап шығарылатын рудниктік сулардың құрамындағы пайдалы және зиянды қоспаларды анықтап, оларды тазартудың схемалары мен аталған сулардан пайдалы заттарды айырып алу жөніндегі шараларды әзірлесін және 1981 жылдан бастап өз қарамағындағы кәсіпорындарға рудниктік суларды тазарту мен олардан пайдалы компоненттерді айырып алу жөнінде тапсырмалар белгілейтін болсын;

аршылатын және қоршаушы жыныстар үймелерінің айналадағы табиғи ортаға зиянды әсерін болдырмауға шаралар қабылдасын, ол үшін ескі жыныс үймелерін жақсартып, одан кейін рекультивациялау жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мердігерлік жұмыс жоспарларында республика бюджетінің операциялық шығындарға арналған қаржылары есебінен жерді рекультивациялау жөніндегі тиісті жұмыс көлемдерін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының орындауын көздейтін болсын, сондай-ақ бұл мақсаттар үшін СССР-дің министрліктері мен ведомстволарының мердігер ұйымдарын тарту туралы СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне ұсыныстар енгізсін.

11. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Гидрометеорология қызмет басқармасы [1], Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы бірлестіктер мен кәсіпорындар, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

айналадағы табиғи ортаны зиянды тастандылармен ластаудан қорғау ережелерін сақтау тұрғысынан кәсіпорындар мен ғимараттардың жаңаларын жобалауға, салуға және жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялауға бақылауды күшейтсін;

аз қалдықты технологияның, сусыз технологиялық процестердің, сумен айналмалы түрде жабдықтаудың, сумен жабдықтаудың сарқынды сусыз жүйелерінің, канализацияның және айналадағы ортаны ластанудан қорғаудың басқа да прогресті әдістерінің кәсіпорындар мен ғимараттарды салуға және реконструкциялауға арналған жобаларда кеңінен қолданылуын қамтамасыз етсін;

өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда қолданылатын газ тазартатын және шаң тұтқыш қондырғылар мен су тазартатын ғимараттар жұмысының тиімділігіне байланысты мәселелерді жүйелі түрде қарайтын болсын және бұл қондырғылар мен ғимараттарды ғылым мен техниканың жетістіктерін ескере отырып одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қорытып, Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс ету үшін

---

[1] 23-беттегі түсірмені қараңыз.

оларды Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне жіберетін болсын.

13. Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы 1979 жылдан бастап Қазақ ССР-інің Экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарында көзделген табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі тапсырмалардың орындалуын сипаттайтын жиынтық статистикалық есепті СССР Орталық статистика басқармасы белгілеген формалар бойынша жинауды, әзірлеуді және тиісті мемлекеттік органдарға табыс етуді қамтамасыз етсін.

14. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті Қазақ табиғат қорғау қоғамына табиғат қорғау туралы заңдардың орындалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруда, табиғатты қорғау және оның ресурстарын ұтымды пайдалану мен ұлғайта өсіру жөніндегі білімдерді насихаттауда, сондай-ақ бұл қоғамды білікті мамандармен нығайтып, оны материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етуде көмек көрсетіп отырсын.

15. Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Қазақ «Білім» қоғамы, Қазақ табиғат қорғау қоғамы табиғат қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен ұлғайта өсіру жөніндегі білімдерді халық арасында тарату жұмысын күшейтуді қамтамасыз етсін, бұл үшін осы мәселелер жөнінде информациялық және ғылыми-көпшілік әдебиет, кинофильмдер шығаруды, радио мен телевизия арқылы хабарлар ұйымдастыруды ұлғайтып, лекциялық насихатты күшейтсін.

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ АЙНАЛАДАҒЫ ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1983 жылғы 4 февральдағы № 52**
**ҚАУЛЫСЫ**
**(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 4, 18-ст.)**

Айналадағы ортаны қорғауды жақсарту және республиканың табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану, сондай-ақ Партия мен Үкіметтің осы мәселелер жөніндегі шешімдерінің орындалуын бақылауды күшейту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі комиссиясының қарауына жататын мәселелер бойынша материалдарды әзірлеу Қазақ ССР Министрлер Советінің Іс Басқармасына жүктелсін.

---

[1] I-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комиссиясы туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 4 февральдағы № 52 қаулысымен*

***БЕКІТІЛГЕН***

# ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ АЙНАЛАДАҒЫ ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ

## ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комиссиясы:

— республикада Партия мен Үкіметтің айналадағы ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі шешімдерінің орындалу барысына жүйелі түрде бақылау жасауды, табиғат қорғауға мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіруді, жерді және оның қойнауларын, су ресурстарын, атмосфералық ауаны, жануарлар мен өсімдік дүниесін, қорық қорын қорғау және ұтымды пайдалану, табиғи байлықтарды ұдайы өсіру және адамның айналасындағы ортаны жақсарту жөніндегі бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

— республиканың табиғатын тұлету проблемаларын, заңдарды қолдану практикасын, территориялық-өндірістік комплекстерді жобалағанда, кәсіпорындарды, мелиоративтік және гидротехникалық жүйелерді, транспорттық және басқа объектілерді салу мен қайта құруды жобалаған кезде экологиялық талаптардың сақталуын, сондай-ақ отандық және шетелдік тәжірибені зерттеп, қорытуға байланысты мәселелерді қарайды;

— республика министрліктерінің, ведомстволарының, облыстық атқару комитеттерінің, Қазақ ССР-інің территориясында орналасқан одақтық бағыныстағы кәсіпорындардың және қоғамдық ұйымдардың айналадағы ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі қызметін ұйлестіреді.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комиссиясының өз компетенциясына енетін мәселелер бойынша шешімдері Қазақ ССР-інің барлық министрліктері, ведомстволары, мемлекеттік комитеттері, республика территориясында орналасқан одақтық бағыныстағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін орындауға міндетті болып табылады.

Комиссияның шешімдері, белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулыларымен және жарлықтарымен ресімделуге жататын шешімдерінен басқалары, тиісті ұйымдарға Комиссия мәжілістерінің протоколдарынан үзінділер түрінде жеткізіледі.

3. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комиссиясы өз мәжілістерін қажет болуына қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізеді.

4. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комиссиясының мүшелері Комиссия мәжілістеріне алмасу правосынсыз қатысады.

Комиссия мәжілістеріне мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, одақтық бағыныстағы кәсіпорындардың басшылары немесе олардың орынбасарлары қатысады. Облыстарға қатысты мәселелер Комиссия мәжілістерінде халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитеттері председательдерінің немесе олардың орынбасарларының қатысуымен қаралады.

5. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комиссиясының жұмысы Комиссия бекітетін жоспарлар бойынша жүргізіледі.

Қазақ ССР Министрлер Советі Призидиумының Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі комиссиясының мәжілістерінде баяндамалары қаралатын министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар баяндамаларды және Комиссия шешімдерінің жобаларын, ал қажет болған реттерде Қазақ ССР Министрлер Советі қаулыларының немесе жарлықтарының жобаларын белгіленген мерзімдерде Комиссияға табыс етеді.

Айналадағы табиғи ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қадағалау органдары, сондай-ақ мүдделі ұйымдар Комиссия председателінің немесе оның орынбасарының тапсыруы бойынша аталған материалдарды қарайды және олар жөнінде Комиссияға қорытындылар табыс етеді.

Қажет болған реттерде Комиссия айналадағы ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға байланысты мәселелерді зерттеп, олар бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін ғалымдардан, министрліктердің, ведомстволардың және ұйымдардың басшы қызметкерлері мен мамандарынан жұмыс топтарын құрады.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР-інің**
**1970 жылғы 23 декабрьдегі**
**ЗАҢЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1970 ж., № 52-ге қосымша)**

7-статьяның 3-пункті, 30, 33-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ[2]

**ҚАЗАҚ ССР-інің**
**1979 жылғы 14 декабрьдегі**
**ЗАҢЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)**

2-статьяның бірінші және алтыншы абзацтары, 7-статьяның 6-пункті

---

[1] 256-бетті қараңыз.
[2] 1 том, 145-бетті қараңыз.

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1980 жылғы 13 ноябрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48)

6-статьяның бірінші бөлігі, 18-статья, 26-статьяның 6 және 7-пункттері, 30-статьяның 5-пункті

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

16-статья, 25-статьяның 5-пункті

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТТЕРІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж., 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статьяның бірінші бөлігі, 13-статьяның 3, 5 пункттері, 16-статьяның бірінші бөлігі, 16-статьяның 10, 11, 12-пункттері, 23-статьяның 5-пункті, 26-статьяның 4-пункті, 31-статьяның 3, 6, 10-пункттері, 33-статьяның 3, 8-пункттері, 76-статья

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР-інің
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статьяның бірінші бөлігі, 12-статьяның 5-пункті, 15-статья, 24-статьяның 3-пункті

---

[1] 1-том, 163-бетті қараңыз.
[2] 1-том, 191-бетті қараңыз.
[3] 1-том, 221-бетті қараңыз.
[4] 1-том, 254-бетті қараңыз.

# ҚАЗАҚ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫНЫҢ УСТАВЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1963 жылғы 24 июньдегі № 498**
**ҚАУЛЫСЫ**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:
1. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының Уставы бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 24 июньдегі № 498 қаулысымен*
***БЕКІТІЛГЕН***

## ҚАЗАҚ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫНЫҢ УСТАВЫ

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақ табигат қорғау ерікті қоғамы ерікті бұқаралық қоғамдық ұйым болып табылады және оның алдына қоятын мақсаты — Партия мен Үкіметтің табиғатты қорғау, оның байлықтарын молайту және ұтымды пайдалану, елді мекендерді, жолдар мен суару каналдарын көгалдандыру жөніндегі шараларын жүзеге асыруға белсене атсалысу.

Қоғам өзінің бүкіл жұмысын партия орғандарының басшылығымен, жұртшылықтың кең көмегіне сүйене отырып жүргізеді.

2. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының негізгі міндеттері мыналар:

а) табиғат байлықтарын молайту, ұтымды пайдалану, қорғау жөнінде шаралар жүргізуде мемлекеттік, қоғамдық және шаруашылық ұйымдарына көмектесу;

б) табиғн ресурстарды дұрыс әрі тнімді түрде молайту, пайдалану саласында және табиғатты қорғауда бүкіл қоғамдық жұмысқа басшылық ету;

в) табиғат байлықтарын молайту; ұтымды пайдалану, оларды қорғау және елді мекендер мен жолдарды көгалдандыру жөніндегі қоғамдық жұмысқа қалың халық бұқарасын қатыстыру;

г) табиғат байлықтарын дұрыс пайдалануға және табиғи ресурстарды қорғаудың жай-күйіне қоғамдық бақылау ұйымдастыру;

д) табиғат туралы білімдерді, елді мекендерді, жолдарды көгалдандырудың маңызын насихаттау, патриотизм және табиғатты сүю жөнінде жұмыс жүргізу.

3. Қазақ табигат қорғау ерікті қоғамы, оның Орталық советі және қоғамның жергілікті бөлімшелері өз міндеттерін орындау үшін мыналарды жүзеге асырады:

а) табиғат байлықтарын молайту, дұрыс пайдалану, табиғатты қорғау жөнінде және қоғамның қызметіне байланысты басқа да мәселелер жөнінде ұсыныстар белгілеп, тиісінше Қазақ ССР Министрлер Советінің және халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің қарауына ұсынады;

б) табиғатты пайдалану, өзгерту жөніндегі, табиғи ресурстарды сақтауға және молайтуға қатысы бар аса ірі құрылыстардың жобаларын

---

[1] Қаулының 2-пункті Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

қарау жөніндегі комплексті шаралардың жоспарларын қарауға қатысады;

ө) халықты, кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды қоғамның мүшелігіне тартады;

г) озық тәжірибені тарату, оны практикалық және ғылыми мақсаттарға пайдалану үшін қоғамның жергілікті бөлімшелері мен бастауыш ұйымдарының жұмыс тәжірибесін реттеп таратады;

д) табиғат байлықтарын мейлінше молайту және ұтымды пайдалану, ормандарды, суларды, атмосфералық ауаны, топырақты, жануар мен өсімдіктерді қорғауға, егін қорғайтын орман алқаптарын, жеміс бақтарын отырғызуға және «Орман айлығын», «Бақша апталығын», «Құс күнін» өткізуге бағытталған мемлекеттік шараларды жүргізуге халықты тартады;

е) табиғат байлықтарын молайтуды, пайдалануды және қорғауды тексеру жөніндегі қоғамдық инспекцияларды ұйымдастырады және олардың жұмысына басшылық етеді;

ж) табиғат туралы, оның байлықтарын халық шаруашылығында ұтымды пайдалану; табиғат байлықтарын қорғау және молайту туралы білімдерді насихаттап, лекциялар, ғылыми баяндамалар, әңгімелер, диспуттар өткізеді және басқа шаралар жүргізеді;

з) Қоғам мүшелері мен бөлімшелері арасында табиғат байлықтарын молайтуға, ұтымды пайдалануға, елді мекендер мен жолдарды көгалдандыруға байланысты шараларды жақсы жүргізу жөніндегі социалистік жарысты ұйымдастырып, конкурстар өткізеді; Қоғамның социалистік жарыста озып шыққан активистеріне сыйлықтар береді;

и) табиғат байлықтарын молайту, қорғау және ұтымды пайдалану, елді мекендер мен жолдарды көгалдандыру, жеміс бақтарын отырғызу мәселелері жөнінде белгіленген тәртіп бойынша бюллетеньдер, жинақтар, анықтамалар, кітапшалар, кітаптар, открыткалар, плакаттар, листовкалар шығарады. Қоғам қызметінің аса маңызды проблемаларын мерзімді баспасөзде, радио мен телевизия арқылы баяндап, жазып, көрсетіп отырады;

к) белгіленген тәртіппен кеңестер, семинарлар, конференциялар шақырады, сондай-ақ мемлекеттік органдардың немесе қоғамдық ұйымдардың қоғам қызметіне байланысты мәселелер бойынша өткізілетін кеңестері мен конференцияларына қатысады;

л) Қоғам мүшелеріне олардың тәжірибе жұмыстарын жүргізуіне көмектеседі және табиғат байлықтарын дұрыс пайдалану, елді мекендер мен жолдарды көгалдандыру мәселелері жөніндегі олардың білімдерін көтеруге жәрдемдесіп отырады;

м) жергілікті табиғи ресурстарды сақтау, молайту және ұтымды пайдалану жөнінде шаралар белгілеп, осы шаралардың орындалуына белсене атсалысады;

н) табиғат ескерткіштерін анықтайды, олардың есебін жүргізеді. жиналған материалдарды зерттеп, осы ескерткіштерді қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

о) Қоғамның міндеттеріне сай келетін шараларды бірлесіп белгілеп, жүргізу үшін ғылыми, шаруашылық және басқа ұйымдармен байланыс жасайды;

п) Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес белгіленген тәртіп бойынша питомниктер, магазиндер, шеберханалар ұйымдастырады.

4. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының және оның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелерінің заң жүзіндегі праволары бар және өздерінің аты жазылған мөрі болады.

5. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының өз эмблемасы бар. Эмблеманың үлгісін Қоғамның орталық Советінің президиумы бекітеді.

## II. Қоғамның құрамы, оның мүшелерінің праволары мен міндеттері

6. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының мүшелері мыналар бола алады:

а) Қазақ ССР-інің 18 жасқа толған азаматтары;

б) мемлекеттік, кооперативтік және басқа да қоғамдық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар.

Ескерту: Жасы 18-ге толмаған адамдар Қоғамның Орталық советі президиумы бекіткен Ереже негізінде, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен және Қазақ ССР Оқу министрлігімен келісе отырып, қоғамның жасөспірімдер секциясына бірігеді.

7. Қоғамға мүшелікке бастауыш ұйымдар қабылдайды, олар жоқ жерлерде — азаматтың өз өтініші негізінде, Қоғамның жергілікті бөлімшелері жеке-жеке қабылдайды; Қоғамның юридикалық мүшелігіне Қоғамның жергілікті бөлімшелері кәсіпорын, мекеме, ұйым, колхоз немесе совхоз басшысының өтініші бойынша қабылдайды. Басшылардың өтініштері әлгі кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, колхоздар немесе совхоздар еңбек коллективтерінің Қоғамға кіру туралы шешімдеріне негізделуге тиіс.

8. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамы:

а) Қоғам мүшелерінің жиналыстары мен кеңестеріне шешуші дауыс правосымен қатысуға;

б) Қоғамның барлық басшы органдарын сайлауға және сайлануға;

в) Қоғам ұйымдастыратын ғылыми экспедицияларға, көрмелерге қатысуға;

г) табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекциялар арқылы табиғатты қорғау туралы заңдар мен қаулылардың сақталуына бақылау жасауға праволы.

9. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының мүшесіне табиғатты қорғау ісіндегі айрықша сіңірген еңбегі үшін «Қазақ табиғатты қорғаудың ерікті қоғамының құрметті мүшесі» атағы беріледі.

«Қазақ табиғатты қорғау ерікті қоғамының құрметті мүшесі» атағын қоғамның Орталық советінің президиумы тиісті куәлік тапсыру арқылы береді.

10. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамы:

а) Қоғамның бастауыш ұйымдарының немесе секцияларының біріндегі жұмысқа белсене қатысуға, халық арасында оның міндеттерін насихаттауға, Қоғамға жаңа мүшелер тартуға;

б) табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға және табиғатты қорғау Ережелерін бұзу фактілерін жою үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға;

в) Қазақ ерікті қоғамы уставының талаптарын, Қоғамның Орталық советі съездерінің, конференцияларының, Совет президиумының, сондай-ақ Қоғамның жергілікті бөлімшелерінің қаулыларын орындауға;

г) мүшелік жарналарды мезгілінде төлеп отыруға міндетті.

11. Қоғамға мүшелікке кірген кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, колхоздар мен совхоздардың өз өкілдері арқылы Қоғам жиналыстарына қатысуға, Қоғамның қызметіне қатысы бар барлық мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге праволы.

12. Қоғамға мүшелікке кірген кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, колхоздар мен совхоздар:

а) Қоғамның жергілікті бөлімшесі өткізетін шаралардың бәріне барынша көмектеседі;

б) өз территорнясын көгалдандыру және жасыл желектерді қорғау жөнінде шаралар қолданады.

13. Қоғамның Уставын бұзғаны үшін Қоғам мүшелеріне Қоғам мүшелігінен шығаруға дейін қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылуы мүмкін. Қоғам мүшелігінен шығару туралы шешімді бастауыш ұйымдар қабылдайды, ал олар жоқ жерлерде — Қоғамның жергілікті бөлімшелері қабылдайды. Бұл шешімдерді бұзу жөнінде Қоғамның тиісті жоғары органының президиумына арыз беруге болады.

## III. Басқару және бақылау органдары

14. Қоғамның съезі Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының жоғары басшы органы болып табылады, оны Қоғамның Орталық советі бес жылда кемінде бір рет шақырады[1].

Қоғамның кезектен тыс съездері Қоғамның Орталық советі немесе Қоғамның жергілікті бөлімшелері мүшелерінің кемінде 1/3 бөлігінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

15. Шақыру мерзімін, өкілдік нормасын және Қоғам съезі мәжілісінің күн тәртібін Қоғамның Орталық советі белгілейді.

Қоғамның съезі съезге сайланған депутаттардың жалпы санының кем дегенде тең жартысы болған жағдайда өкілетті болып есептеледі.

16. Қоғамның съезінің делегаттары Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелерінің конференцияларында дауысты ашық беру арқылы сайланады.

17. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының съезі:

а) Қоғамның Уставын қабылдайды, өзгеріс және қосымша енгізеді, кейін оны Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді;

б) Қоғамның Орталық советін сайлайды; ол съездер аралығындағы уақытта басшы орган болып табылады. Қоғамның Орталық советі мүшелерінің санын съезд белгілейді;

в) Қоғамның тексеру комиссиясын сайлайды. Қоғамның тексеру комиссиясы мүшелерінің санын съезд белгілейді;

г) Қоғамның Орталық советінің Қоғамның қызметі туралы баяндамалары мен есептерін және Қоғамның тексеру комиссиясының қорытындысын қарап, бекітеді;

д) Қоғамның Орталық советі съездің шешуіне енгізген мәселелерді карайды.

18. Қоғам съезінің мәжілістерінде барлық мәселелер жай көпшілік дауыспен шешіледі.

19. Қоғамның Орталық советі мен тексеру комиссиясының мүшелері ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Дауыс беруге қатысқан делегаттардың тең жартысынан астамының дауысын алған адамдар сайланған болып есептеледі.

20. Қоғамның Орталық советінің пленумын Қоғамның Орталық советінің президиумы әрі кеткенде жылына екі рет шақырады.

Қоғамның Орталық советінің кезектен тыс пленумын Қоғамның Орталық советі мүшелерінің кем дегенде 1/3-інің талап етуі бойынша не-

---

[1] 14-статьяның бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 16 октябрьдегі №515 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1975 ж., №20, 91-ст.).

месе Қоғамның Орталық советі президиумының шешімі бойынша шақырылады [1].

21. Қоғамның Орталық советі:

а) өз құрамынан ашық дауыспен Қоғамның Орталық советінің президиумын сайлайды; оның құрамында председатель, председательдің орынбасарлары, ғылымн секретарь және Қоғамның Орталық советі белгілейтін мөлшерде президиум мүшелері болады;

б) Қоғам жұмысының жоспарларын бекітеді және олардың орындалуын бақылайды;

в) Қоғамның Орталық советі президиумының сметаларын, есептерін қарайды және бекітеді;

г) Қоғамның съезін шақырады және оған баяндамалар, есептер, қаулылардың жобаларын және басқа материалдар әзірлейді;

д) Қоғамның Орталық советінің президиумы енгізген басқа да мәселелерді қарайды;

22. Қоғамның Орталық советінің пленумында барлық мәселелер жай көпшілік дауыспен шешіледі [1].

23. Қоғамның Орталық советінің атқарушы органы — оның президиумы. Қоғамның Орталық советінің пленумдары аралығындағы уақытта президиум Қоғамның басшы органы болып табылады.

Президиумның мүшелерінің кемінде жартысы болған кезде Президиум заңды деп саналады.

24. Қоғамның Орталық советінің президиумы:

а) жұмыстың жарты жылдық жоспарын белгілейді, Қоғамның сметалары мен есептерін жасайды;

б) бүкіл жұмысты Қоғамның Орталық советі бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді;

в) Қоғамның облыстық, аудандық және қалалық бөлімшелерін құрайды және олардың жұмысына басшылық етеді;

г) Қазақ ССР-інің табиғат ресурстарын қорғау, пайдалану мен ұдайы өсіру мақсатында Қоғамның мүшелерін оларды зерттеуге қатыстырады;

д) Қоғамның секциялары арқылы ғылымн зерттеулер ұйымдастырады, кеңестер, конференциялар шақырады, экспедициялар, экскурсиялар жасайды және Қоғамның қызметіне байланысты басқа да шаралар өткізеді;

е) Қоғамның насихат жұмысына басшылық етеді, оның секцияларының жұмысын ұйлестіріп, оған бағыт беріп отырады;

ж) табиғатты қорғау, көгалдандыру мәселелері жөнінде және Қоғамның қызметіне байланысты басқа да мәселелер жөнінде белгіленген тәртіп бойынша әдебиет шығарады;

з) Қоғамның әкімшілік-шаруашылық және финанс жұмысына басшылық етеді;

и) Қоғамның Орталық аппаратының, облыстық және Алматы қалалық бөлімшелерінің кіріс-шығыс сметаларын бекітеді, сметаларды бекіткен кезде аппарат қызметкерлерінің саны еңбек жөніндегі жоспар шеңберінде белгіленеді;

к) Қоғамның атынан актілер шығарады, шарттар жасасады, міндеттемелер қабылдап, сенім қағаз береді, СССР Мемлекеттік банкісінде

---

[1] 20, 22, 23-статьяларға және 24-статьяның «г» және «м» пунктіне Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 16 октябрьдегі № 515 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 20, 91-ст.). Осы қаулымен 23-статья екінші абзацпен толықтырылды.

счет ашады және жабады, заңда және осы Уставта белгіленген шеңберде Қоғамның мүлкіне нелік етеді;

л) әкімшілік органдарда, соттарда, мемлекеттік арбитраж органдарында және қоғамдық ұйымдарда Қоғамның атынан өкілдік етеді;

м) Қоғамның Орталық советінің пленумдарын шақырады және баяндамалар, есептер мен пленумдардың басқа да материалдарын әзірлейді;

н) Қоғамның жергілікті бөлімшелері үшін мөрдің бірыңғай үлгілерін, мүшелік билеттері мен маркаларды белгілейді және оларды бір орталықтан әзірлеп, жер-жерге жөнелтуді ұйымдастырады.

25. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының тексеру комиссиясы:

а) Қоғамның Орталық советіне кірмейтін мүшелері қатарынан съезд сайлайды және ол съезге есеп береді.

Қоғамның тексеру комиссиясының мүшелері Қоғамның аппаратында штатта тұрып қызмет істей алмайды;

б) өз құрамынан ашық дауыспен комиссияның председателін, председательдің орынбасарын және секретарын сайлайды;

в) Қоғамның негізгі міндеттерінің орындалуын, әкімшілік-шаруашылық және финанс қызметін тексереді.

## IV. Қоғамның жергілікті бөлімшелері мен ұйымдары.

26. Облыстарда, аудандар мен қалаларда, Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының облыстық, аудандық және қалалық бөлімшелері құрылады, оларды кейін Қоғамның Орталық советінің президиумы бекітеді.

27. Қоғамның жергілікті бөлімшелері Қоғамның бастауыш ұйымдарының қызметіне басшылық етеді, олардың творчестволық инициативасының өрістеуіне көмектеседі.

28. Қоғамның облыстық, аудандық және қалалық бөлімшелерінің советтері мен тексеру комиссияларын сайлау қоғамның жергілікті бөлімшелері үш жылда кемінде бір рет шақыратын тиісті конференцияларда ашық дауыспен өткізіледі [1].

29. Қоғамның жергілікті бөлімшесінің советі күнбе-күнгі жұмысқа басшылық ету үшін құрамында председатель, оның орынбасарлары, жауапты секретарь және президиум мүшелері болатын совет президиумын ашық дауыс беру арқылы сайлайды.

30. Қоғамның облыстық, аудандық және қалалық бөлімшелерінің конференциялары, советі, совет президиумы және тексеру комиссиясы Қоғамның Орталық советінің съезі Орталық советінің президиумы және тексеру комиссиясы үшін белгіленген осы уставта көзделген тәртіпке сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

31. Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелері Қоғамның Орталық советі президиумының басшылығымен жұмыс істейді.

32. Қоғамның аудандық және қалалық бөлімшелері өз жұмысын Қоғамның облыстық бөлімшелерінің тиісті президиумының және халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің басшылығымен және бақылауымен қоғамдық негізде жүргізеді.

---

[1] 24-статьяның «м» пунктіне Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 16 октябрьдегі № 515 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 20, 91-ст.).

[2] 28-статьяға Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 ж. 16 октябрьдегі № 636 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж. № 20, 101-ст.).

## V. Қоғамның бастауыш ұйымдары мен секциялары

33. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының негізі — бастауыш ұйымдар; олар бір заводта, бір совхозда немесе колхозда, басқа да кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін немесе бір үй басқармасына біріккен үйлерде тұратын Қоғам мүшелерінен құралады.

Қоғамның бастауыш ұйымы Қоғамның кем дегенде 5 мүшесі бар жерде құрылады, кейін оны Қоғамның жергілікті бөлімшесінің президиумы бекітеді.

Қоғамның бастауыш ұйымының жоғары органы — оның мүшелерінің жалпы жиналысы.

34. Қоғамның 15-тен астам мүшесі бар бастауыш ұйымы бір жыл мерзімге ашық дауыспен бюро сайлайды. Мүшелерінің саны бұдан кем болған жағдайда дәл сондай мерзімге Қоғамның уәкілі сайланады. Бюро мүшелерінің санын Қоғамның бастауыш ұйымының жалпы жиналысы белгілейді.

35. Қоғамның бастауыш ұйымының бюросы өз құрамынан председатель, секретарь және казначей сайлайды.

36. Қоғамның бастауыш ұйымдарының заң жүзінде тұлғалы правосы жоқ және олар Қоғамның жергілікті бөлімшесі президиумының басшылығымен жұмыс істейді.

Бастауыш ұйымдарға табиғатты қорғауға байланысты шараларды жүзеге асыру үшін қажет болған қаржылар Қоғамның жергілікті бөлімшелерінің сметаларында көзделеді.

37. Қоғамның Орталық советі мен жергілікті бөлімшелерінің жанында Қоғам қызметінің түрлі бағыттарына сәйкес секциялар құрылады.

38. Қоғамның жергілікті бөлімшелеріндегі секциялар Қоғамның жергілікті бөлімшесі президиумының шешімі бойынша құрылады. Қоғамның мүшелерінің саны 15-ке жетпеген жағдайда секцияның жұмысына күнбе-күн басшылық ету үшін бір жыл мерзімге председатель мен секретарь сайланады, ал 15 мүшесі болғанда — секцияның бюросы сайланады. Секцияның председателін және бюроның құрамын Қоғамның жергілікті бөлімшесінің президиумы бекітеді.

39. Қоғамның атмосфералық ауаны, топырақты, жер қойнауын, орманды, суды, жануарлар мен өсімдіктерді, табиғат ескерткіштерін қорғау секциялары, сондай-ақ жасөспірімдер, бақ, гүл өсіру, омарта және басқа секциялары құрылады.

## VI. Қоғамның қаржылары

40. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының қаржылары:

мүшелікке кіру және мүшелік жарналарынан;

Қоғамның сметалары бойынша кредит мекемелерінде жиналған процеттерден;

Қоғам жүргізетін шаралардан және баспа қызметінен;

Қоғамның қарауындағы мүліктен түсетін кірістерден құралады.

Қоғамның қарауына түскен қаржылар осы Уставта көзделген шараларды жүзеге асыруға жоспар бойынша жұмсалады.

41. Техникумдарды, училищелерді, мектептерді және басқа балалар мекемелерін қоспағанда, Қоғамның бастауыш ұйымдары өздеріне түскен кіру және мүшелік жарналардың бүкіл 100 процентін қоғамның аудандық және қалалық бөлімшелері арқылы қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелеріне береді, олар бұл қаражаттың 20 процентін Қоғамның Орталық советіне бөледі.

Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелері Табиғат қорғау қоғамының аудандық және қалалық бөлімшелерінің сметаларында олардың жинаған кіру және мүшелік жарна сомаларының 20—25 процентін табиғат қорғау шараларына, табиғатты қорғау идеяларын насихаттауға және қоғамдық негізде жұмыс істейтін жауапты секретарьлар мен Қоғам жұмысына белсене қатысатын оның мүшелерін ынталандыруға жұмсауды қарастырады.

Қоғамның жоғары оқу орындарындағы, техникумдардағы, училищелердегі, мектептер мен балалар мекемелеріндегі бастауыш ұйымдары өздеріне түскен кіру және мүшелік жарналардың 100 процентін түгелдей Қоғамның аудандық және қалалық бөлімшелері арқылы Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелеріне береді, бұлар осы бастауыш ұйымдар берген сомалардың 50 процентін оларға табиғат қорғау идеяларын насихаттау жөніндегі шығындарға, табиғат мүйістерін безендіруге және Қоғамның белсенді жас мүшелерін көтермелеуге арнап бөледі [1].

42. Қоғамның мүшелері болып табылатын заңды ұйымдар жыл сайын 30 сомнан 100 сомға дейін мүшелік жарналар төлейді.

Заңды ұйымның жарнасының мөлшерін Орталық совет халық депутаттары Советінің тністі атқару комитетімен келісіп алғаннан кейін табиғатты пайдалану дәрежесіне қарай анықтайды [1].

Ескерту: Заң жүйесіндегі тұлға болып табылатын, мемлекеттік немесе жергілікті бюджетке тұратын қоғам мүшелері жыл сайын мүшелік жарна төлеуден босатылады.

СССР-дің Қоғам мүшесі болып табылатын азаматтары 20 тиын мүшелікке кіру жарнасын, жыл сайын 30 тиын мөлшерінде мүшелік жарна төлейді.

Жасөспірімдер секцияларының мүшелері (оқушылар) жыл сайын 5 тиын мөлшерінде мүшелік жарналарын төлейді де, мүшелікке кіру жарнасынан босатылады.

Қоғам мүшелігінен шығып қалған кезде мүшелік жарна мен мүшелікке кіру жарнасы қайтарылып берілмейді.

43. Қоғамның жергілікті бөлімшелерінің көрмелер ұйымдастырудан, лекциялар жасаудан, өз қарауындағы мүліктен түскен табыстары олардың өз қолында қалады.

44. Қоғамның Орталық советінің және жергілікті бөлімшелерінің басы бос қаржыларының бәрі СССР Мемлекеттік банкінің тністі мекемелерінде сақталады.

## VII. Қоғамның есеп беруі

45. Қоғамның облыстық және Алматы қалалық бөлімшелері Қоғамның Орталық советіне жиынтық жарты жылдық және жылдық бухгалтерлік есептер мен баланстар тапсырады.

46. Қоғамның Орталық советінің президиумы жиынтық жылдық бухгалтерлік есеп және Қоғам жұмысының балансын жасайды.

Жиынтық жылдық есеп пен балансты Қоғамның Орталық советі бекітеді.

---

[1] 41-статьяға Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 ж. 16 октябрьдегі № 636 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 20, 101-ст.).

41-статьяның үшінші абзацына және 42-статьяның бірінші және екінші абзацтарына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 16 октябрьдегі № 515 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 20, 91-ст.).

## VIII. Қоғамды тарату тәртібі

47. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамы өз қызметін Қоғам съезінің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша тоқтатады.

48. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамы таратылғаннан кейінгі қалған барлық мүлік Қазақ ССР Министрлер Советінің нұсқауы бойынша мемлекеттік мекемелерге немесе қоғамдық ұйымдарға беріледі.

49. Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының жергілікті бөлімшесінің қызметі Қоғам бөлімшесі конференциясының қаулысы бойынша немесе халық депутаттары тиісті жергілікті Советі атқару комитетінің шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін. Қоғамның жергілікті бөлімшесінің қызметі тоқтатылған жағдайда оның мүлкі Қоғамның жоғары ұйымының қарауына беріледі.

## ҚАЗАҚ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 30 майдағы № 309
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 11, 47-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-інде табиғат қорғау туралы Заңның қатаң сақталуын қамтамасыз ету Қазақ табиғат қорғау қоғамының, партия, совет, комсомол және кәсіподақ орғандарының, министрліктер мен ведомостволардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің аса маңызды міндеті деп саналсын.

Қазақ табиғат қорғау қоғамының Орталық советінің Президиумына мыналар міндеттелсін:

б) табиғат ресурстарын пайдаланушы министрліктер мен ведомстволардың қызметіне қоғамдық бақылауды күшейту, жалпы халықтық байлыққа ұқыпсыз қараушылыққа қарсы белсене күрес жүргізу;

в) жұмыстың тәжірибесін мерзімді баспасөз, радио, кино мен телевизия арқылы кеңінен баяндау жолымен табиғат қорғау жөніндегі ғылым мен техника жетістіктерін халық арасында жүйелі түрде насихаттауды қамтамасыз ету.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне[2] қағазға және транспорт құралдарына, табиғат қорғау жөнінде материалдар басып шығаруға арнап Қазақ табиғат қорғау қоғамына қорлар бөлуді халық шаруашылығы жоспарларында жыл сайын көздестіріп отыру міндеттелсін.

8. Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радио хабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетіне[3], республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакцияларына табиғат қорғау мәселелерін жүйелі түрде баяндап отыру міндеттелсін.

---

[1] 1-пунктінің «а» тармағы, 2—5, 7 және 9-пункттері Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] Қазіргі кезде — Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті.

[3] Қазіргі кезде — Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті.

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ИНСПЕКЦИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1963 жылғы 31 июльдегі № 600**
**ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1963 ж., № 35)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Табиғатты қорғау ісіне қоғамдық ұйымдарды қатыстыру мақсатымен Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының облыстық, аудандық және қалалық бөлімшелерінің жанынан табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекциялар құрылсын.

2. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекция туралы қосымшада беріліп отырған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 31 июльдегі № 600 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР-інде ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ИНСПЕКЦИЯ ТУРАЛЫ
## Е Р Е Ж Е

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ ССР-іінде табиғатты қорғау туралы» 1962 жылғы 12 майдағы Указына [1] сәйкес Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамы бөлімшелерінің жанынан Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекция құрылады.

2. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекцияның негізгі міндеті кәсіпорындардыц, мекемелердің, ұйымдардың, колхоздардың, совхоздардың және азаматтардың табиғатты қорғау жөнінде қолданылып жүрген заңдарды сақтауына және табиғат байлығын сақтау, сондай-ақ тиімді пайдалану және қалпына келтіру жөніндегі шараларды орындауына бақылау жасау болып табылады.

3. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекцияларды Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының облыстық, қалалық, аудандық бөлімшелері ұйымдастырады, әрі олар осы бөлімшелердің президиумдарының басшылығымен жұмыс істейді.

4. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспектордың міндеттері жауапты әрі құрметті. Қоғамдық инспекторлар Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының бастауыш ұйымдарының жиналыстарында сайланады. Қызмет бабындағы міндеттерін орындап жүрген кезде қоғамдық инспектордың «Қоғамдық инспектор» деген куәлігі болуға тиіс.

5. Қоғамдық инспекторлар топтарға бірігеді, бұл топтарды қоғамдық аға инспектор басқарады, оны Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының аудандық, қалалық, облыстық бөлімшелерінің президиумдары бекітеді. Топқа табиғатты қорғау жөнінде бақылап отыратын белгілі учаске бекітіліп беріледі. Кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, колхоздарда, совхоздарда, оқу орындарында және басқа ұйымдарда қоғамдық инспекторлардың ішінен табиғатты қорғау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін бригадалар бөлінеді.

[1] 7-бетті қараңыз.

6. Табиғатты қорғау жөніндегі жұмысты қоғамдық инспекторлар ерікті түрде, жұмыстан тыс уақытта, тегін атқарады.

7. Қоғамдық инспекторлар өздерінің міндеттерін атқарғанда табиғатты (жерді, ормандарды, жер қойнауын, екпе көгалдарды, суларды, атмосфералық ауаны қорғау, аңшылық және балық аулау кәсібі және т. с.) қорғау туралы қолданылып жүрген заңдарды әрі осы Ережені басшылыққа алады. Бұл үшін қоғамдық инспекторлар табиғатты қорғау туралы қолданылып жүрген заңдарды жақсы білуге, өздігінен оқу және курстарда оқу жолымен табиғатты қорғау саласындағы білімін көтеруге тиіс.

8. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлар:

а) Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі органдарымен, мемлекеттік және қоғамдық-аңшылық инспекциясымен, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы миннстрлігімен, оның бассейндік инспекцияларымен Среднеазрыбвод[1]. Мемлекеттік кен техникалық бақылау, санитарлық-эпидемнялық инспекциясымен, халық депутаттары жергілікті Советтерінің табиғатты қорғау жөніндегі тұрақты комиссиялармен, сондай-ақ милициямен, қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі халық жасақтарымен және басқа инспекциялармен, ұйымдармен тығыз байланыс жасай отырып жұмыс істейді;

б) табиғатты қорғау және табиғат байлықтарын пайдалану ісіндегі кемшіліктер туралы табнғат қорларын пайдалануды бақылап отыратын органдарға, сондай-ақ Қоғамның бөлімшесінің президнумына хабарлайды, табиғатты қорғау мәселелері жөнінде баспасөзге жазып, радио және телевизия арқылы сөз сөйлейді;

в) халық депутаттарының қалалық, аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттеріне, милиция органдарына, табиғатты қорғау және оның байлықтарын пайдалану міндеті жүктелген барлық ұйымдарға табиғатты қорғау жұмысына көмек көрсетуді өтініп жолдама алады.

## II. Табиғатты қорғау жөніндегі инспектордың праволары мен міндеттері

9. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлар:

а) ормандарды, екпе көгалдарды, бақтар мен парктерді, атмосфералық ауа мен су қоймаларының тазалығын, жер қойнауын қорғау жөніндегі, балық қорлары мен ауланатын-кәсіпшілік жануарларды, сондай-ақ басқа да жануарлар мен өсімдіктерді тиімді пайдалану туралы, табиғат ескерткіштерін, еңбекшілердің тынығатын орындарын және басқаларын қорғау жөніндегі жалпы одақтық және республикалық заңдарды, қаулылар мен басқа актілерді, сондай-ақ жергілікті совет органдарының шешімдерін сақтауға жұртшылық бақылауын ұдайы жүзеге асырып отырады;

б) табиғатты қорғау туралы заң қағидаларын бұзушы азаматтарды, кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды анықтайды, браконьерлермен, орман тәртібін бұзушылармен, су қоймаларын, ауаны, еңбекшілердің тынығатын орындарын былғайтын, ағаштарға, бұталар мен ғұлдерге нұқсан келтіретін, тірі және өлі табиғат ескерткіштерін бүлдіретін адамдармен, табиғат байлықтарын тиімді пайдалануды және қайтадан қалпына келтіруді көздейтін шараларды жүзеге асырмаған адамдармен күреседі.

---

[1] Қазіргі кезде — Қазахрыбвод.

10. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлардың:

а) ұсталған кісінің документтерін тексеру, куәлардан сұрастыру және т. с. с. арқылы табиғатты қорғау жөніндегі заңдар мен ережелерді бұзушыларды ұстауға және оның кім екенін анықтауға правосы бар;

б) тәртіп бұзғандық туралы актілер (протоколдар) жасап, оларды шара қолдану үшін тиісті мемлекеттік органдарға жіберуге, сонымен бірге Қоғамның бөлімшесінің президиумына хабарлауға правосы бар;

в) браконьерлерден тәртіп бұзғанда қолданған құралы мен олжасын акт немесе қабылдау квитанциясы бойынша алып, жауапкершілігі туралы мәселені шешкенше сақтай тұруға, оларды түгел тиісті мемлекеттік ұйымдарға өткізуге правосы бар;

г) табиғатты қорғау мәселелеріне қатысы бар объектілердің бәрін еркін аралауға праволы.

## III. Есеп беру, көтермелеу және жауапкершілік

11. Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекциялар өзінің атқарған қызметінің есебін жүргізіп, Қоғамның жергілікті бөлімшесінің президиумының алдында мезгіл-мезгіл есеп беріп отырады.

12. Қоғамның аудандық, қалалық бөлімшесінің президиумы қоғамдық инспекторлардың жылына кемінде екі рет жалпы жиналысын өткізеді, оған табиғатты қорғауға және табиғат байлықтарын пайдалануға қатысы бар ұйымдардың, мекемелердің өкілдерін шақырады, онда қоғамдық инспекцияның жұмысы туралы есеп береді.

13. Табиғатты қорғау жөніндегі тиісті қоғамдардың ұсынуы бойынша халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, табиғат байлықтарын қорғау жөніндегі қоғамдар өздерінің міндеттерін үлгілі орындайтын және табиғат байлықтарын қорғауға белсене қатысатын қоғамдық инспекторларға алғыс жариялап, грамоталар тапсырып, бағалы сыйлықтар беріп, оларды құрмет тақтасына жазып көтермелеп отырады.

14. Өздерінің міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ қоғамдық инспекциялардың беделін түсіретін қоғамдық инспекторларға Қазақ табиғат қорғау жөніндегі қоғамының өздерін сайлаған бастауыш ұйымдарының жиналыстарында қоғамдық инспекторлардың құрамынан шығаруға дейін қоғамдық тез шаралары қолданылады, ал өздерінің қызмет бабымен пайдаланып, қиянат жасағаны үшін олар заң бойынша жауапқа тартылады.

# 2-тарау

# ЖЕР ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

## § 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР КОДЕКСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР-інің**

**1971 жылғы 21 июльдегі**
**ЗАҢЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1971 ж., № 30)**

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1-статья. Қазақ ССР-інің Жер кодексі бекітілсін және ол 1972 жылғы 1 январьдан бастап күшіне енгізілсін.

2-статья. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына Қазақ ССР-інің Жер кодексін күшіне енгізу тәртібін белгілеу және Қазақ ССР заңын Қазақ ССР-інің Жер кодексіне сәйкес келтіру тапсырылсын.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР КОДЕКСІ [1]

Ұлы Октябрь социалистік революциясы патшалық Россияның шаруаларды қайыршылыққа душар етіп, елдің өндіргіш күштерін дамытуға бөгет болған жартылай крепостниктік жер құрылысын жойды. Ол Қазақстандағы отаршылдық праволық-жер режимін және капитализмге дейінгі жер қатынасының жүйесін жойды. Советтердің Бүкілроссиялық екінші съезінің 1917 жылғы 26 октябрьдегі (8 ноябрьдегі) «Жер туралы» Декретімен жерге жеке меншік мәңгі-бақи жойылды, барлық жер бүкіл халықтың дәулетіне айналдырылып, еңбекшілердің пайдалануына тегін берілді.

Осы Декреттің негізінде Қазақстанда 1921—1922 жылдары жер-су реформасы, 1926—1927 жылдары шабындықтар мен егістік жерлерді қайта бөлу және жер туралы басқа да маңызды өзгерістер жүзеге асырылды.

Национализациялау нәтнжесінде пайда болған мемлекеттік жер меншігі СССР-дегі жер қатынастарының негізін құрады, ал Қазақ Советтік Социалистік Республикасы өз еркімен қосылу және басқа да одақтас республикалармен тең праволылық негізінде СССР-дің құрамына кіреді. Жеке меншік жағдайында адамның адамды қанайтын құралы болып келген жер СССР-де елдің өндіргіш күштерін бүкіл халықтың мүдделеріне сай дамыту үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік жер меншігі СССР-де социализмнің жеңісін қамтамасыз етуде зор роль атқарды. Ол халық шаруашылығының барлық салаларын неғұрлым тиімді орналастыруға мүмкіндік берді және жерді пайдаланудың социалистік формаларына көшудің ең маңызды шарттарының бірі болды.

Социалистік құрылыстың барысында бытыраңқы жеке шаруашылықтарды жаппай коллективтендіруге жағдай жасалғаннан кейін шаруалар Коммунистік партияның басшылығымен, жұмысшы табының барынша көмектесуі және қолдауы арқасында социализм жолына түсті. Лениндік кооперативтік жоспардың жүзеге асырылуы және колхоз құрылысының жеңуі нәтижесінде шаруа мәселесі шын мәнінде өз шешімін тапты.

---

[1] 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен $7^1$, $7^2$ $35^1$ статьялармен және XII бөліммен толықтырылды. (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

Мемлекеттік жер меншігі елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға, коммунистік қоғамдық қатынастарға бірте-бірте көшуге және қала мен деревня арасындағы айырмашылықты жоюға жәрдемдеседі.

Жер — совет қоғамының аса маңызды байлығы — ауыл шаруашылығындағы өндірістің басты құралы және халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің, орналастырудың базисі болып табылады. Барлық жерді ғылымға сүйеніп, тиімді пайдалану және оны қорғау, топырақтың құнарлылығын барынша арттыру жалпы халықтық міндет болып табылады.

## *Бірінші бөлім*
## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### *I тарау*
### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

**1-статья. Қазақ ССР-інің жер заңдарының міндеттері**

Қазақ ССР жер заңдарының міндеттері қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесіне жерді ғылымн негізде, ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету, оның тиімділігін арттыруға жағдай туғызу мақсатында жер қатынастарын реттеу, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың праволарын қорғау, жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту болып табылады [1].

**2-статья. ССР Одағы және Қазақ ССР-інің жер заңдары**

Қазақ ССР-інде жер қатынастары ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздерімен, ССР Одағының осыған сәйкес шығарылатын басқа да жер заңдары актілерімен, осы Жер кодексімен және Қазақ ССР-інің жер заңының басқа да актілерімен реттеліп отырады.

Қазақ ССР-інде кен, орман және су қатынастары ССР Одағының және Қазақ ССР-інің арнаулы заңдарымен реттеліп отырады.

**3-статья. Жерге мемлекеттік (жалпыхалықтық) меншік**

СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес жер мемлекет меншігі — бүкіл совет халқының ортақ дәулеті болып табылады[1].

СССР-де жер тек қана мемлекет меншігінде болады және пайдалануға ғана беріледі. Мемлекеттік жер меншігі правосын тікелей немесе бұркемелеп бұзатын әрекеттерге тыйым салынады.

**4-статья. Біртұтас мемлекеттік жер қоры**

Қазақ ССР-інде барлық жер біртұтас мемлекеттік жер қорының құрамына кіреді, ол қор жерді пайдаланудағы негізгі арнаулы мақсатқа сәйкес мыналардан құралады:

---

[1] 1-статьяға, 3-статьяның тақырыбы мен бірінші бөлігіне 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

1) ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін колхоздарға, совхоздарға және басқа да жер пайдаланушыларға пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығына арналған жер;

2) елді мекендердің (қалалардың, жұмысшы поселкелерінің және селолық елді мекендердің) жері;

3) өнеркәсіптің, транспорттың, курорттардың, қорықтардың жері және ауыл шаруашылығына арналмаған басқа жерлер;

4) мемлекеттік орман қорының жері;

5) мемлекеттік су қорының жері;

6) мемлекет запасындағы жер.

Жерді жоғарыда көрсетілген категорияларға жатқызу және жерді бір категориядан екінші категорияға көшіру тәртібі ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді.

5-статья. **Жерді біртұтас мемлекеттік жер қорының категориясына жатқызу және бір категориядан екіиші категорияға көшіру**

Жерді біртұтас мемлекеттік жер қорының категорняларына жатқызуды жерді пайдаланудағы негізгі арнаулы мақсатқа сәйкес жерді беру не алу туралы қаулы немесе шешім қабылдайтын мемлекеттік орган жүргізеді.

Жерді біртұтас мемлекеттік жер қорының бір категориясынан екінші категориясына көшіру жерді пайдаланудагы негізгі арнаулы мақсат өзгерген реттерде жүргізіледі.

Жерді біртұтас мемлекеттік жер қорының категорняларына жатқызуға мыналар негіз болады: жер учаскелерін пайдалануға беру немесе ол учаскелерді алу, сондай-ақ жер учаскелерін елді мекендердің шекараларына енгізу немесе сол шекаралардан шығару, егер ССР Одағының немесе Қазақ ССР-інің заңдарында басқа тәртіп көрсетілмеген болса.

6-статья. **ССР Одағының жер қатынастарын реттеу саласындағы компетенциясы**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңының Негіздерінс сәйкес ССР Одағының қарауына жер қатынастарын реттеу саласына мыналар жатады:

1) СССР Конституциясына сәйкес ССР Одағының өкілдігін жүзеге асыруға қажетті шеңберінде біртұтас мемлекеттік жер қорына билік жасау;

2) жер пайдаланудың және жерге орналастырудың негізгі ережелерін белгілеу;

3) ауыл шаруашылық өндірісін және халық шаруашылығының басқа да салаларының қажеттерін қамтамасыз ететін еліміздің жер ресурстарын тиімді пайдаланудың перспективалық жоспарларын белгілеу;

4) жерді мелиорациялау жөніндегі жалпы одақтық шаралардың және топырақтың құнарлылығын арттыру жөніндегі басқа да шаралардың жоспарларын белгілеу, сондай-ақ топырақты эрозиядан, сортаңданудан және топырақтың құнарлылығын нашарлататын басқа да процестерден қорғау жөніндегі негізгі ережелерді белгілеу;

5) жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау және оны жүзеге асыру тәртібін белгілеу[1];

6) жерді мемлекеттік есепке алудың, жер пайдалануды мемлекеттік

---

[1] 6-статьяның 5-пунктіне 1980 ж. 17- октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

6-статья осы Указ бойынша 8 пунктпен толықтырылды.

тіркеудің ССР Одағы бойынша бірыңғай жүйесін белгілеу және жер кадастрын жүргізу тәртібін белгілеу;

7) СССР-дің жыл сайынғы жер балансын жасау тәртібін белгілеу;

8) СССР Конституциясына және ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдары Негіздеріне сәйкес жерді пайдалану мен қорғау саласында жалпыодақтық маңызы бар басқа да мәселелерді реттеу[1].

**7-статья. Қазақ ССР-інің жер қатынастарын реттеу саласындағы компетенциясы**

Жер қатынасын реттеу саласында Қазақ ССР-інің қарауына республика көлеміндегі біртұтас мемлекеттік жер қорына билік ету және жерді пайдаланудың перспективалық жоспарларын белгілеу, жер пайдаланудың тәртібін белгілеу және жерге орналастыруды ұйымдастыру, жерді мелиорациялау, эрозияға қарсы күрес және топырақтың құнарлылығын арттыру, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жоспарларды белгілеу, сондай-ақ ССР Одағының компетенциясына жатқызылмаған жер қатынастарының басқа мәселелерін реттеп отыру жатады[1].

**7[1]-статья. Жерді пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздеріне сәйкес жерді пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды СССР Министрлер Советі, Қазақ ССР Министрлер Советі, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, сондай-ақ бұған арнайы уәкіл етілген мемлекеттік органдар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

**7[2]-статья. Қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысуы**

Кәсіптік одақтар, жастар ұйымдары, табиғат қорғау қоғамдары, ғылыми қоғамдар және басқа қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ азаматтар жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруда мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетеді.

Қоғамдық ұйымдар жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызметке өздерінің уставтарына (ережелеріне) және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес қатысады.

Мемлекеттік органдар жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырған кезде қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын барынша ескеріп отыруға міндетті.

**8-статья. Жер пайдаланушылар**

Қазақ ССР-інде жер мыналарға пайдалануға беріледі:

колхоздарға, совхоздарға, ауыл шаруашылығының басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарына, ұйымдар мен мекемелеріне;

өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындарына, ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге;

СССР азаматтарына.

ССР Одағының заңдарында көрсетілген реттерде жер басқа да ұйымдар мен адамдардың пайдалануына берілуі мүмкін.

---

[1] 7-статьяға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

9-статья. **Жердің тегін пайдаланылуы**

Жер колхоздарға, совхоздарға, басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және СССР азаматтарына тегін пайдалануға беріледі.

10-статья. **Жерді пайдалану мерзімдері**

Жер мерзімсіз немесе уақытша пайдалануға беріледі.

Жерді күні бұрын мерзімі белгіленбей пайдалану мерзімсіз (тұрақты) пайдалану деп танылады.

Колхоздар иемденіп отырған жер оларға мерзімсіз пайдалануға бекітіліп беріледі[1].

Жерді уақытша пайдалану қысқа мерзімді — үш жылға дейін және ұзақ мерзімді — үш жылдан он жылға дейін — болуы мүмкін. Өндіріске қажет болған ретте бұл мерзімдер тиісінше қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді уақытша пайдаланудың мерзімінен аспайтын уақытқа ұзартылады.

Жоғарыда көрсетілген мерзімдерді жер учаскелерін пайдалануға берген орган ұзартады.

Жайылымдағы мал шаруашылығына арналған жер учаскелері колхоздарға, совхоздарға және басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне ұзақ мерзімді пайдалануға — үш жылдан жиырма бес жылға дейін беріледі.

## *II тарау*
## ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ТӘРТІБІ

11-статья. **Жер учаскелерін пайдалануға беру**

Жер учаскелерін пайдалануға беру — кесіп беру жолымен жүзеге асырылады.

Жер учаскелерін осы Кодекстің 8-статьясында көрсетілген жер пайдаланушыларға бастапқы пайдалануға (тұрақты немесе уақытша) беру тиісті мемлекеттік органның шешімі (қаулысы) бойынша жүргізіледі.

Жер учаскелерін пайдалануға беру туралы өтініштерді беру және оны қарау тәртібін Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

12-статья. **Жер учаскелерін бөліп берудің негіздері**

Жер учаскелері Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы немесе халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің шешімі негізінде ССР Одағының заңдарымен, осы Кодекспен, Қазақ ССР-інің тағы басқа заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша бөлініп беріледі.

Жер учаскелерін беру туралы қаулыларда немесе шешімдерде жердің қандай мақсатқа бөлініп берілгені және жерді пайдаланудың негізгі шарттары көрсетіледі.

13-статья. **Халық депутаттарының селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің жер учаскелерін пайдалануға беру жөніндегі компетенциясы**

Халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті селолық елді мекендердің шеңберіндегі колхоздардың, совхоздардың,

---

[1] 10-статьяның үшінші бөлігіне 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44)

басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жер пайдалану құрамына енбейтін жерден, сондай-ақ осы Кодекстің 16-статьясына сәйкес жоғары органдар селолық елді мекендердің шеңберінен тыс селолық, ауылдық Советтің тікелей өз қарауына бөлген жерден жер учаскелерін пайдалануға береді.

**14-статья. Халық депутаттарының поселкелік Советі атқару комитетінің жер учаскелерін пайдалануға беру жөніндегі компетенциясы**

Халық депутаттары поселкелік Советінің атқару комитеті осы Кодекстің 51 және 52-статьяларында көрсетілген жерден басқа жұмысшы поселкесінің жерінен жер учаскелерін пайдалануға береді.

**15-статья. Халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің жер учаскелерін пайдалануға беру жөніндегі компетенциясы**

Халық депутаттарының қалалық Советінің атқару комитеті осы Кодекстің 51 және 52-статьяларында көрсетілген жерден басқа, қала жерінен жоспарлау және құрылыс жобасына және шаруашылықты жерге орналастыру жобасына сәйкес жер учаскелерін береді.

Халық депутаттарының қалалық Советінің атқару комитеті сонымен қатар коллективтік бау-бақша шаруашылығы үшін белгіленген тәртіп бойынша осы мақсатқа бөлінген жерден жер учаскелерін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге береді.

Сонымен бірге халық депутаттарының қалалық Советінің атқару комитеті өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындары, ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер пайдаланбайтын жерлерді, ал мемлекеттік орман шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері өздерінің пайдалануындағы мемлекеттік орман қоры жерінен орман шаруашылығы мен ағаш дайындау өнеркәсібінің қажеттері үшін пайдаланбайтын ауыл шаруашылық жерінен колхоздарға, совхоздарға, басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға ауыл шаруашылық мақсаты үшін уақытша пайдалануға жер беру туралы шешімдер қабылдайды.

**16-статья. Халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің жер учаскелерін пайдалануға беру жөніндегі компетенциясы**

Халық депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті жер учаскелерін мыналарға пайдалануға береді:

бірнеше ауданның жайылымдағы мал шаруашылығына арналған жерден басқа мемлекеттік запастағы жерден колхоздарға, совхоздарға, басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға уақытша қысқа мерзімге пайдалануға;

мемлекеттік запастағы жерден, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің пайдаланбай отырған жерінен олардың келісуі бойынша — кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жұмысшылар мен қызметшілердің коллективтік бақшалары үшін 5 жылға дейінгі мерзімге;

мемлекеттік запастағы жерден және мемлекеттік орман қоры жерінен жұмысшылар мен қызметшілерге қызметтік жер бөлісіне бөлу үшін (кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің осы мақсатқа арналған

жері болмаған кезде) кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге мерзімсіз уақытқа (тұрақты) пайдалануына;

ауыл шаруашылығында жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтарға мемлекеттік жер қорынан тұрақты пайдалануға[1].

Сонымен қатар халық депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті мынадай шешімдер қабылдай алады:

өнеркәсіп, транспорт, ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа да кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өздері пайдаланбай отырған жерлерін колхоздарға, совхоздарға, басқа да кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға ауыл шаруашылық мақсаттары үшін уақытша пайдалануға беруі туралы;

колхоздардың, совхоздардың, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен мекемелерінің өздері пайдаланбай отырған ауыл шаруашылық жерін сол жерге мұқтаж болып отырған колхоздарға, совхоздарға, басқа шаруашылықтарға уақытша пайдалануға беруі туралы;

мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің өздерінің пайдалануындағы мемлекеттік орман қоры жерінен орман шаруашылығы мен ағаш дайындау өнеркәсібінің мұқтажы үшін пайдаланбай отырған ауыл шаруашылық жерлерін колхоздарға, совхоздарға, басқа да кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға ауыл шаруашылық мақсаттары үшін уақытша пайдалануға беруі туралы.

Халық депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті елді мекенді өркендетуге байланысты қажеттер үшін және ауыл шаруашылығына пайдалану үшін мемлекеттік запастағы жерден халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің тікелей қарауына жер учаскелерін беруге праволы.

### 17-статья. Халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің жер учаскелерін беру жөніндегі компетенциясы

Халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті жер учаскелерін береді:

бірнеше облыстардың жайылымдағы мал шаруашылығына арналған жайылымдық жерлерден басқа мемлекеттік запастағы жерден берілетін учаскелердің мөлшеріне қарамастан кез келген мақсаттар үшін;

қорықтардың, курорттардың (олардың санаториялық қорғау округын қосқанда), қала маңындағы аймақ пен Алматы қаласының демалыс аймағының жерлерінен және осы кодекстің 52-статьясында көрсетілген жерлерден басқа колхоздардың, совхоздардың, басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, мемлекеттік орман қорының жерінен, өнеркәсіп, транспорттың жерінен және басқа ауыл шаруашылығына арналмаған жерден — әрбір объекті (мақсат) үшін 20 гектарға дейін, ал суару және құрғату каналдарын қазу, темір және автомобиль жолдары мен жолдардың басқа түрлерін салу, электр тоғын беретін линияларды, труба құбырларын тарту, тағы басқа линиялық ғимараттарды салу үшін құрылыстардың осы түрлеріне арнап жер берудің белгіленген тәртібіне сәйкес бекітілген нормалары бойынша;

колхоздардың, совхоздардың, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жерлерінен — атта-

---

[1] 16-статьяның бірінші бөлігінің бесінші абзацына 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

малылықты және жерге орналастырудағы басқа да кемшіліктерді жою мақсатымен жерге орналастырудың ғылымн негізделген жобаларына сәйкес басқа колхоздарға, совхоздарға, мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, ұйымдар мен мекемелерге.

**18 - статья. Қазақ ССР Министрлер Советінің жер беру жөніндегі компетенциясы**

Қазақ ССР Министрлер Советі жер учаскелерін қанша көлемде болса да барлық жерден бере алады.

**19 - статья. Пайдаланудағы жер учаскелерін беру тәртібі**

Пайдаланудағы жер учаскесі осы Кодекстің 49, 51, 52, 53, 54-статьяларында белгіленген тәртіп бойынша алынғаннан кейін ғана басқа пайдаланушыға беріледі.

Жер учаскелерін берген кезде ауыл шаруашылығы өндірісінің залалдары мен шығындарының мөлшерін арнаулы комиссия жер учаскелерін беру туралы қаулы немесе шешім қабылданғанға дейін анықтайды.

**20 - статья. Ауыл шаруашылығы қажеті үшін жарамды жер беру**

Ауыл шаруашылығы қажетіне белгіленген тәртіп бойынша жарамды деп танылған жер ең алдымен ауыл шаруашылық кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне берілуге тиіс.

Жердің ауыл шаруашылығы қажетіне жарамдылығын топырақты зерттеудің, геоботаникалық, гидромелиоративтік, агроэкономикалық, тағы басқа зерттеулердің материалдары негізінде Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы мнинистрлігі анықтайды.

**21 - статья. Ауыл шаруашылығына жатпайтын қажеттер үшін жер беру**

Өнеркәсіп орындарын, тұрғын үй обьектілерін, темір жолдар мен автомобиль жолдарын салу, электр тогы жүретін линиялар орнату, магистральдық труба құбырларын тарту үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа қажеттер үшін ауыл шаруашылығына арналмаған жер немесе ауыл шаруашылығына жарамсыз жер немесе сапасы нашар ауыл шаруашылық жері беріледі. Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға мемлекеттік орман қорының жерінен жер учаскелері көбінесе агашы жоқ алаңдардың немесе бұта және құисыз агаш өскен алаңдардың есебінен беріледі. Пайдалы кен қазбалары жатқан жерлерде құрылыс салу үшін жер учаскелері мемлекеттік кен қадағалау органдарының келісуі бойынша беріледі. Электр тогы жүретін және байланыс линиялары, басқа да коммуникациялар көбінесе жолдардың, пайдаланып жүрген трассалардың, тағы сол сияқтылардың бойымен тартылады.

**22 - статья. Жер учаскесін пайдалану правосының пайда болуы**

Жер учаскесін пайдалану правосы осы Кодекстің 12-статьясында көрсетілген жер учаскесін беру туралы қаулының не шешімнің негізінде осы учаскенің шекарасын сол жердің өзінде (натурада) белгіленгеннен, жер пайдалануды мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен және жерді пайдалану правосын куәландыратын документ берілгеннен кейін пайда болады.

Берілген жер учаскесін жерге орналастыратын тиісті органдар осы учаскенің шекараларын сол жердің өзінде (натурада) белгілегенге дейін және жерді пайдалану правосын куәландыратын документ берілгенге дейін пайдалануға кірісуге тыйым салынады.

**23 - статья. Жерді тұрақты пайдалану правосын куәландыратын документтер**

Колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа жер пайдаланушылардың жерді пайдалану правосы жер пайдалануға жасалған мемлекеттік актілермен куәландырылады. Актілердің формаларын, ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңының Негіздеріне сәйкес, СССР Министрлер Советі белгілейді.

**24 - статья. Жерді уақытша пайдалану правосын куәландыратын документтер**

Колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа жер пайдаланушылардың жерді уақытша пайдалану правосы жерді уақытша пайдалануға право беретін актілермен куәландырылады, бұл актілерде уақытша пайдалануға берілген жер учаскесінің көлемі мен шекаралары, жерді пайдалана бастау және пайдалануды аяқтау мерзімдері, уақытша жер пайдаланушылардың жерді қорғау және тиімді пайдалану жөніндегі міндеттері көрсетіледі.

Жерді уақытша пайдалану жөніндегі актілердің формаларын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

**25 - статья. Азаматтардың жерді пайдалану правосын куәландыратын документтер**

Жер учаскесін пайдалануға право беретін куәлік азаматтардың жерді пайдалану правосы туралы куәландыратын документ болып табылады. Куәліктің формасын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

**26 - статья. Жерді пайдалануға право беретін документтерді берудің тәртібі**

Колхоздарға, совхоздарға, тағы басқа кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жерді пайдалануға право беретін мемлекеттік актілерді және жерді уақытша пайдалануға право беретін актілерді жер учаскесін пайдалануға беру туралы қаулыны (шешімді) мемлекеттік басқару органының қайсысы қабылдағанына қарамастан халық депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттері береді.

Жері қалалар мен жұмысшы поселкелерінің шеңберінде орналасқан жер пайдаланушыларға жоғарыда көрсетілген документтерді халық депутаттарының қалалық және поселкелік Советтерінің тиісті атқару комитеттері береді.

Азаматтарға жер учаскесін пайдалануға право беретін куәлікті халық депутаттарының қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері береді.

## *III тарау*

## ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**27 - статья. Жер учаскелерін белгілі мақсатқа пайдалану**

Жер учаскелері жер пайдаланушыларға қандай мақсат үшін берілген болса, олар бұл учаскелерді сол мақсат үшін пайдалануға праволы және міндетті.

Жерді пайдалану мақсатын оны пайдалануға берген орган өзгерте алады.

**28 - статья. Жерді еңбексіз табыстар табу үшін пайдалануға жол берілмейтіндігі**

Жерді еңбексіз табыстар табу үшін пайдалануға тыйым салынады.

**29 - статья. Берілген жер учаскелерін қандай мақсатқа арналғанына сәйкес пайдалану жөнінде жер пайдаланушылардың праволары**

Пайдалануға берілген әрбір жер учаскесінің қандай мақсатқа арналғанына сәйкес жер пайдаланушылардың белгіленген тәртіп бойынша мыналарды істеуге правосы бар:

тұрғын үйлер, өндірістік, мәдени-тұрмыстық, тағы басқа құрылыстар мен ғимараттар салуға;

ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге, орман ағашын, жеміс және саялы ағаштары мен басқа да ағаштарды отырғызуға;

шабындығын, жайылымын және басқа жерлерін пайдалануға;

жер учаскесіндегі көп таралған пайдалы қазба кендерді, шымтезекті және су объектілерін шаруашылықтың қажетіне пайдалануға, сондай-ақ жердің басқа да тиімді қаснеттерін пайдалануға.

**30 - статья. Жер пайдаланушылардың праволарын шектеу**

Жер пайдаланушылардың праволары мемлекеттік мүдделер, сондай-ақ басқа жер пайдаланушылардың мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

**31 - статья. Жер пайдаланушыларға келтірілген залалдың есесін толтыру**

Жер пайдаланушыларға келтірілген залалдың есесі толтырылуға тиіс.

**32 - статья. Жер пайдаланушылардың бұзылған праволарын қалпына келтіру**

Жер пайдаланушылардың бұзылған праволары ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарында көрсетілген тәртіп бойынша қайтадан қалпына келтірілуге тиіс.

**33 - статья. Жер учаскелерін ұтымды пайдалану**

Жер пайдаланушылар жерді ұтымды әрі тиімді пайдалануға, оған ұқыптылықпен қарауға, өздеріне берілген жер учаскелерінде көршілес жер пайдаланушылардың мүдделерін бұзатын әрекеттер жасамауға міндетті[1].

**34 - статья. Топырақтың құнарлы қабатын сақтау**

Өнеркәсіптік немесе өзге құрылысты жүзеге асыратын, пайдалы қазбалардың кен орындарынан кен өндіретін, сондай-ақ топырақ қыртысының бұзылуына байланысты басқа жұмыстар жүргізетін кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға және оны қайта өңделетін жерлерге немесе өнімділігі аз жерлерге төгуге міндетті[1].

Топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алып сақтаудың және кейіннен пайдаланудың тәртібі мен шарттарын жер учаскесін берген орган белгілейді.

---

[1] 33-статьяға және 34-статьяның бірінші бөлігіне 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

**35-статья. Жерді қайта культивациялау**

Өздерінің пайдалануына берілген ауыл шаруашылық жерлерінде немесе орманды жерлерде пайдалы қазбалар мен шымтезек кен орындарынан кен өндіретін, геологиялық барлау, іздестіру, құрылыс және өзге де жұмыстар жүргізетін кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер бұл жерлерді қажетсіну біткеннен кейін өз есебінен оларды ауыл шаруашылығында, орман шаруашылығында немесе балық шаруашылығында пайдалану үшін жарамды күйге келтіруге, ал аталған жұмыстарды басқа жерлерде жүргізген кезде — оларды белгілі мақсатта пайдалану үшін жарамды күйге келтіруге міндетті. Жер учаскелерін жарамды күйге келтіру жұмыс барысында, ал мұның өзі мүмкін болмаған ретте — осы жұмыстар аяқталғаннан кейін, жер учаскелерін пайдалануға беретін органдар белгілейтін мерзімдерде, белгіленген тәртіппен бекітілген жобаларға сәйкес іске асырылады[1].

Жерді қайта культивациялау жөніндегі өздерінің міндеттерін белгіленген мерзімде орындамайтын, осы статьяда көрсетілген кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге дәл сол мақсат үшін жаңа жер учаскелері берілмеуі мүмкін.

**35[1]-статья. Жер пайдаланушылардың өздерінің пайдалануына берілген жер учаскелерінен тыс орналасқан ауыл шаруашылық, орманды және басқа жерлерге теріс ықпал жасауды болдырмау немесе шектеу жөніндегі міндеттері**

Өздерінің пайдалануына берілген жер учаскелерінен тыс пайдалы қазбалар мен шымтезек кен орындарынан кен өндіретін, сондай-ақ ауыл шаруашылық, орман өсетін және басқа жерлерге теріс ықпал жасайтын басқа да жұмыстар жүргізетін кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер көрсетілген теріс ықпалға жол бермеу немесе мүмкіндігінше оны барынша шектеу жөнінде шаралар көздеуге және жүзеге асыруға міндетті.

**36-статья. Жерді қосалқы пайдалану**

Қолхоздар, совхоздар, басқа кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер заңда белгіленген реттерде өздеріне бекітіліп берілген жерден жер учаскелерін қосалқы пайдалануға бере алады.

Жерді қосалқы пайдаланудың тәртібі мен шарттары ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңы Негізінің 25, 27, 28, 41, 42 және 43-статьяларына және ССР Одағының басқа заңдарымен, осы Кодекстің 72, 86, 87, 89, 90, 91, 93, 96, 97, 99, 104, 105, 143, 154, 174, 176 және 181-статьяларымен және Қазақ ССР-інің басқа да заңдарымен белгіленеді.

## *IV тарау*

## ЖЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**37-статья. Жер пайдаланушылардың жерді қорғау және топырақтың құнарлылығын арттыру жөніндегі міндеттері**

Жер пайдаланушылар топырақтың құнарлылығын арттыру жөнінде пәрменді шаралар қолданып, топырақтың жел және су эрозиясына ұшырауына жол бермеу жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехни-

---

[1] 35-статьяның бірінші бөлігіне 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

калық, орман-мелиорациялық және гидротехникалық шаралардың комплексін жүзеге асыруға, жердің сортаңдануына, батпақтануына, ластануына, арамшөптің басып кетуіне, сондай-ақ топыраққа зиянды басқа да процестерге жол бермеуге міндетті.

38-статья. **Жерді қорғау және жақсарту жөніндегі шаралар**

Жерді мелиорациялау және қорғау, егіс қорғайтын орман алқабын өсіру, топырақ эрознясына қарсы күрес жөніндегі шаралар мен жерді түбегейлі жақсартуға бағытталған басқа да шаралар экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарларында көзделеді және оларды тиісті министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар мен жер пайдаланушылар жүзеге асырады [1].

39-статья. **Ауыл шаруашылық жерлерін арнайы қорғау**

Ауыл шаруашылық жері, әсіресе суармалы және құрғатылған жер арнайы қорғауға алынады. Қолхоздар, совхоздар, ауыл шаруашылығына арналған жерді пайдаланушы басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер топырақтың құнарлылығын сақтауға, қалпына келтіруге және арттырып отыруға міндетті.

40-статья. **Суармалы жерлерді қорғау**

Колхоздар, совхоздар және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдар мен мекемелері суармалы жерлерді ішкі шаруашылықты жерге орналастырудың бекітілген жобасындағы жылдық және перспективалық жоспарларға сәйкес пайдалануға, суармалы жерлердің көлемінің кемуіне, олардың екінші рет сортаңдануына, батпақтануына және су эрозия ошағының пайда болуына жол бермеуге, су пайдалану мен суару және коллекторлық-дренаж жүйелерін күтіп ұстаудың белгіленген режимін сақтауға міндетті.

41-статья. **Шабындық және жайылымдық жерді қорғау**

Колхоздар, совхоздар және басқа кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер шаруашылықты өз ішінде жерге орналастыру жұмыстарын жүргізген кезде белгіленген жайылым кезегін қатаң сақтауға, топырақтың сипатын, шөптің өсімталдығын, жылдың метеорологиялық жағдайларын есепке алып, жайылымды пайдаланудың маусымын реттеп отыруға, сумен жабдықтау көздерін, мал суаттарын қорғауға, эрозия ошақтарының пайда болуына жол бермеуге, шабындық жерлерге мал жаюға рұқсат етпеуге міндетті.

42-статья. **Жерді ластанудан қорғау**

Өнеркәсіп пен құрылыс кәсіпорындары, ұйымдар мен мекемелер ауыл шаруашылық жерін және басқа да жерлерді өндірістің қалдықтарымен, тағы басқа қоқыстармен, сондай-ақ кір сулармен ластануға жол бермеуге міндетті.

43-статья. **Жерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырған жер пайдаланушыларды көтермелеу**

ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдары жер қорғау, топырақтың құнарлылығын арттыру және пайдаланылмай жатқан жерлерді ауыл шаруашылығының айналымына енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін жер пайдаланушыларды ынталандыратын материалдық көтермелеу шараларын белгілей алады.

---

[1] 38-статьяға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

## *V тарау*

## ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ПРАВОСЫН ЖОЮДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

**44-статья. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жер пайдалану правосын жоюдың негіздері**

Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өздеріне берілген жерді пайдалану правосы мынадай реттерде тиісінше толық немесе ішінара жойылады:

1) жер учаскесінің қажеті болмай қалса;

2) жер учаскесі берілген мерзім өтсе;

3) кәсіпорын, ұйым немесе мекеме жойылса;

4) жер учаскесін мемлекеттік немесе қоғамдық басқа қажеттер үшін алу қажеттігі туса;

5) берілген жер учаскесі қатарынан екі жыл бойы игерілмесе.

Жерді пайдалану правосы сонымен бірге жер учаскесі арнап берілген мақсатқа сәйкес пайдаланылмаса да жойылады.

**45-статья. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жер пайдалану правосының жойылуы**

Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жер учаскесін пайдалану правосын жоюға осы Кодекстің 44-статьясында 1, 2, 3, 5-пункттері мен екінші бөлігінде көрсетілген негіздер пайда болғанда Қазақ ССР Министрлер Советі немесе жер учаскесін пайдалануға берген халық депутаттарының жергілікті Советінің атқару комитеті осы учаскені пайдалану правосын жою туралы қаулы (шешім) қабылдайды. Қаулыда (шешімде) учаскені пайдалануды тоқтатудың мерзімі, жерді, ал қажет болған кезде — учаскедегі құрылыстарды, ғимараттарды, егістер мен жасыл кешеттерді одан әрі пайдалану тәртібі көрсетіледі.

Осы Кодекстің 44-статьясының 4-пунктінде көрсетілген реттерде белгіленген тәртіп бойынша алынған жер учаскесі басқа жер пайдаланушыға берілген кезден бастап бұрынғы жер пайдаланушының правосы жойылады.

**46-статья. Азаматтардың жер пайдалану правосын жоюдың негіздері**

Азаматтардың берілген жер учаскесін пайдалану правосы мынадай реттерде тиісінше толық немесе ішінара жойылуға жатады:

1) жер учаскесін пайдаланудан өз еркімен бас тартса;

2) жер учаскесі берілген мерзім өтсе;

3) ауланың немесе семьяның барлық мүшесі басқа тұрақты мекенге көшсе;

4) қызметіне сәйкес еңбек қатынастарына байланысты жер үлесі берілгендегі еңбек қатынастары жойылса, егер ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңында бұдан басқа тәртіп белгіленбесе;

5) ауланың немесе семьяның барлық мүшесі қаза тапса;

6) жер учаскесін мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін алу қажеттігі туса;

Азамат осы Кодекстің 219 және 220-статьяларында көрсетілген іс-әрекеттерді істесе, сондай-ақ жер учаскесін қатарынан екі жыл бойы пайдаланбаса немесе жер учаскесін пайдалану берілген мақсатқа сәйкес келмесе, оның жер учаскесін пайдалану правосы жойылуы мүмкін.

**47-статья. Азаматтардың жер пайдалану правосының жойылуы**

Жер учаскесін мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін алатын реттерден басқа негіздер болғанда азаматтардың жер учаскесін пайда-

лану правосының жойылу кезін жер учаскесін пайдалануға берген орган белгілейді.

Жер учаскесін мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін алғанда азаматтардың алынған жер учаскесін пайдалану правосы осы учаскені басқа жер пайдаланушыға нақты пайдалану үшін берілген кезден бастап жойылады.

**48-статья. Жер пайдалану правосының жойылу кезін белгілегенде есепке алынуға жататын жағдайлар**

Жер пайдалану правосының жойылуы үшін негіздердің тап болуы жер пайдаланушыны өнімді жыйып алу правосынан айырмайды және оны жердің сапасын сақтау жөніндегі міндеттерден босатпайды.

Осы Кодекстің 44 және 46-статьяларында көрсетілген жер пайдалану правосын жою кезін белгілегенде, босатылатын жер учаскесін дереу пайдалану қажет болған ретте ғана жер пайдаланушы ондағы өнімді жинау мүмкіндігінен айырылуы және жердің сапасын сақтау жөніндегі міндеттерден босатылуы мүмкін.

## *VI тарау*

## МЕМЛЕКЕТТІК НЕМЕСЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЖЕТТЕР ҮШІН ЖЕР АЛУ ТӘРТІБІ

**49-статья. Мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер алу негіздері**

Мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер учаскесі немесе оның бір бөлігі Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы немесе халық депутаттарының тиісті Советі атқару комитетінің шешімі негізінде ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіппен алынады.

Жер учаскесін алу жерді пайдаланудың жағдайларын нашарлатпауға және алынғаннан кейін қалған жерді пайдалануда қолайсыз жағдай тудырмауға тиіс.

**50-статья. Мемлекеттік басқару органдарының жер учаскелерін мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін алу жөніндегі компетенциясы**

Қазақ ССР Министрлер Советі мен халық депутаттарының тиісті Советтерінің атқару комитеттері мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер учаскелерін өздеріне берілген праволар шеңберінде және осы Кодекстің 13—18, 51—54-статьяларымен белгіленген шарттарды сақтай отырып алады.

**51-статья. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің пайдалануындағы жерді, сондай-ақ мәдени немесе ғылыми маңызы бар жерді алу**

Колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің пайдалануындағы жерден, мәдени немесе ғылыми маңызы бар жерден тек ерекше қажет болған реттерде ғана учаскелер алуға жол беріледі.

**52-статья. Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы үшін құнды жерлерді алып қою тәртібі**

Суармалы және құрғатылған жерлерді, жыртылған жерлерді, көп жылдық жеміс ағаштары мен жүзімдіктер, мәдени жайылымдар, сондай-

ақ, түбегейлі жақсарту жөнінде жұмыс жүргізілген шабындықтар мен жайылымдар алып жатқан жер учаскелерін ауыл шаруашылығынан басқа мұқтаж үшін, бірінші топтағы су қорғайтын, қорғаныштық және басқа ормандар алып жатқан жерлерді орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін алып қою ерекше реттерде және Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша ғана жүргізіледі. Көрсетілген жерлерді труба құбырларын, электр беретін линиялар және басқа линиялық ғимараттар салу үшін қысқа мерзімді уақытша пайдалануға беру мақсатында алып қою қажетті реттерде халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің шешімі негізінде жүргізілуі мүмкін[1].

**53-статья. Құрылыс объектісінің орналасатын орны мен қажетті алаңның шамаланған көлемін жобалау жұмыстары басталғанға дейін келісіп алу**

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығынан басқа мақсатқа алуға мүдделі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер жобалау жұмыстары басталмай тұрып жер пайдаланушылармен және жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдармен объектінің орналасатын жерін және алынуы белгіленіп отырған жердің шамаланған көлемін алдын ала келісуге міндетті[1].

**54-статья. Жер учаскелерін алумен байланысты мәселелерді келісудің тәртібі**

Колхоздардың пайдалануындағы жерден учаскені тек колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының келісімі бойынша ғана, ал совхоздардың, одаққа немесе республикаға бағынатын басқа да мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің пайдалануындағы жерден учаскені жер пайдаланушылардың және ССР Одағының, Қазақ ССР-інің немесе басқа одақтас республиканың тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының келісуі бойынша алуға болады[1].

## *VII тарау*

## ІЗДЕСТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

**55-статья. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің іздестіру жұмыстарын жүргізу правосы**

Геологиялық картаға түсіру, іздестіру, геодезиялық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізетін кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер осы жұмыстарды барлық жерде ССР Одағының және Қазақ ССР заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша жер учаскелерін жер пайдаланушылардан алмай-ақ жүргізе алады.

**56-статья. Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелеріне орналасуға рұқсат беру**

Геологиялық картаға түсіру, іздестіру, геодезиялық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін халық депутаттарының облыстық

---

[1] 52, 53 және 54-статьяларға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

Советтерінің атқару комитеттері бір жылдан аспайтын мерзімге жер учаскелеріне орналасуға рұқсат береді.

Іздестіру жұмыстарын жүргізе бастау мерзімі мен орны жер пайдаланушылармен келісіп алынады, ал келісімге қол жетпеген күнде оларды халық депутаттарының аудандық немесе қалалық Советтерінің атқару комитеттері белгілейді.

**57-статья. Іздестіру жұмыстарын жүргізгенде жерді жарамды күйге келтіру**

Осы Кодекстің 55-статьясында көрсетілген жұмыстарды жүргізуші кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер өздері орналасқан жер учаскелерін өз күшімен тиісті мақсатқа пайдалануға жарайтын күйге келтіруге міндетті. Жер учаскелерін жарамды күйге келтіру істеліп жатқан жұмыстың барысында, ал бұлай етуге мүмкіндік болмаған жағдайда — жұмыс аяқталғаннан кейін, топырақтың тоңазуы мерзімін қоспағанда, әрі кеткенде бір ай мерзім ішінде жүргізілуге тиіс.

## *VIII тарау*

## ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛ МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ ШЫҒЫНЫН ӨТЕУ

**58-статья. Жер учаскелерін алу немесе уақытша пайдалану салдарынан жер пайдаланушыларға келтірілген залалды өтеу**

Мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер учаскелерін алу немесе уақытша пайдалану салдарынан жер пайдаланушыларга келтірілген залал өтелуге тиіс.

Залалдарды жер учаскелері бөлінген кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының негізінде СССР Министрлер Советі бекітетін ережеге сәйкес өтейді.

**59-статья. Жердің ауыл шаруашылығынан басқа қажеттер үшін алынуына байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеу**

Құрылыс салу үшін және ауыл шаруашылығынан басқа да қажеттер үшін ауыл шаруашылығы жерінен учаскелері бөліп берілетін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер осы учаскелердің алынуына байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің шығынын (осы Кодекстің 58-статьясына сәйкес жер пайдаланушылардың залалын өтеу үстіне) өтейді.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздеріне сәйкес өтелуге тиісті ауыл шаруашылық өндірісінің шығынының мөлшері мен шығынды анықтау тәртібін, сондай-ақ тиісті қаржыны пайдаланудың тәртібін СССР Министрлер Советі белгілейді.

## *IX тарау*

## ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ[1]

**60-статья. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың міндеттері**

Барлық жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылаудың міндеті — министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың,

[1] IX-тарауға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ азаматтардың жер заңдарын, жер пайдалану тәртібін сақтауын, жерлерді ұтымды, тиімді пайдалану мен қорғау мақсатында жер кадастрының және жерге орналастырудың дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету.

61-статья. **Жер пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орғандар**

Барлық жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды халық депутаттарының Советтері, олардың атқарушы және жарлықшы орғандары, сондай-ақ бұған арнайы уәкіл етілген мемлекеттік орғандар ССР Одағының заңдары белгілейтін тәртіп бойынша жүзеге асырады.

Халық депутаттары Советтерінің, олардың атқарушы және жарлықшы орғандарының, сондай-ақ бұған арнайы уәкіл етілген мемлекеттік орғандардың оларды берілу мақсаттарына сәйкес жерлерді қорғау және жер учаскелерін пайдалану мәселелері жөніндегі нұсқаулары колхоздар, совхоздар және басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін, олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, сондай-ақ азаматтар үшін міндетті болып табылады.

## *Екінші бөлім*
## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖЕР

### *X тарау*
### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

62-статья. **Ауыл шаруашылығына арналған жер**

Ауыл шаруашылығының қажеттері үшін берілген немесе осы мақсатқа арналған жердің бәрі ауыл шаруашылығына арналған жер деп танылады.

Ауыл шаруашылығына арналған жерді социалистік ауыл шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері халық шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімдері жөніндегі өскелең талаптарын қанағаттандыру мақсатымен ауыл шаруашылығын өркендету жоспарларына сәйкес пайдаланады.

63-статья. **Ерекше бағалы ауыл шаруашылық жерінің көлемін кемітуге жол берілмейтіндігі**

Суармалы және құрғатылған жерлердің, егістіктердің, бағалы көп жылдық жеміс ағаштары өскен жер мен жүзімдіктердің, сондай-ақ басқа да мол өнімді жерлердің көлемін кемітуге, оның ішінде оларды неғұрлым кем өнім беретін жерге айналдыруға жол берілмейді, ерекше қажетті жағдайларда және тек Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша ғана жол беріледі.

64-статья. **Ауыл шаруашылығына арналған жерді пайдалануға беру**

Ауыл шаруашылығына арналған жер мыналарға мерзімсіз пайдалануға беріледі:

колхоздарға, совхоздарға, басқа да ауыл шаруашылық, мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдарға — ауыл шаруашылығын жүргізу үшін;

ғылыми-зерттеу, оқу және басқа ауыл шаруашылық мекемелеріне — егістік жерді зерттеу үшін, ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктерін ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін және тарату үшін, сондай-ақ өндірістік мақсаттар үшін;

ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге — көмекші ауыл шаруашылығын жүргізу үшін;

азаматтарға — жалдамалы еңбекті пайдаланбай көмекші шаруашылығын жүргізу үшін.

Кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге коллективтік бау және бақша шаруашылығы үшін ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленетін тәртіп пен шарттар бойынша жер учаскелері берілуі мүмкін [1].

Мерзімсіз пайдалануға берілген осы статьяда көрсетілген жерден басқа жер пайдаланушыларға уақытша пайдалануға да жер берілуі мүмкін.

65-статья. **Жер учаскелерін бірлесіп пайдалану**

Жер учаскелері колхоздарға, совхоздарға және басқа да кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге алыстағы мал жайылымы үшін, су көздеріне апаратын және мал айдайтын жолдар, тағы сол сияқтылар үшін бірлесіп пайдалануға берілуі мүмкін.

66-статья. **Колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің пайдалануындағы жердің шекаралары мен мөлшерін өзгерту**

Шаруашылықтарды ірілендіру және ықшамдау, жер пайдаланушылар арасында жерді қайта бөлу кезінде колхоздардың, совхоздардың, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының, сондай-ақ ғылымн-зерттеу, оқу тәжірибе, ауыл шаруашылығының басқа да мекемелерінің пайдалануындағы жердің шекарасы мен мөлшерін осы Кодекстің 202-статьясында бекітілген жерге орналастырудың ғылымға негізделген жобалары негізінде өзгертуге болады.

67-статья. **Жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылығына арналған жерді пайдалану жөніндегі міндеттері**

Ауыл шаруашылығына арналған жерді пайдаланушы колхоздар, совхоздар, басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктері негізінде жергілікті жағдайларды есепке ала отырып, мыналарды істеуге міндетті:

1) ұйымдастыру-шаруашылық құрылымның жоспарларында және өндіріс-финанс жоспарларында топырақтың құнарлылығын арттыру және жерді тнімді пайдалану жөніндегі нақты шараларды белгілеп отыруға;

2) шаруашылықтың аймақтық жағдайына және арнаулы кәсіпке бейімделуіне сәйкес егіншіліктің неғұрлым тнімді жүйелерін енгізуге, шаруашылық салаларын экономикалық жағынан тиімділікпен ұштастыруға, ауыспалы егіс тәртібін енгізіп, нгеруге, пайдаланылмай жатқан жерді ауыл шаруашылығының өндірісіне қамтуға;

3) жер суаруды, құрғатуды және суландыруды дамытуға, шалғын мен жайылымды жақсартуға, топырақты эктендіруге және гипстендіруге;

---

[1] 64-статьяның екінші бөлігіне 1977 ж. 27 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1977 ж., № 45).

4) топырақтың эрозиясына, жердің батпақтануына және сортаңдануына жол бермеу шараларын қолдануға, егін қорғайтын ағаштар отырғызуға, шағылды, жыралы және жарлауыт жерлерді ормандандырып, құмды бекітуге, топырақтың ластануына жол бермеуге;

5) ауыл шаруашылығына арналған жерді тастан, ұсақ ағаштар мен бұталардан тазартуға, арам шөпті, ауыл шаруашылық өсімдіктеріне зиянды жәндіктер мен ауруларға қарсы күрес жүргізуге.

68-статья. **Шаруашылық ішіндегі құрылыс объектілерін орналастыру**

Шаруашылық ішіндегі құрылыс объектілерін ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары, шаруашылық ішінде жерге орналастырудың жобасы мен селолық елді мекендерді жоспарлаудың және салудың жобасына сәйкес орналастырылады.

Шаруашылық ішінде жерге орналастырудың жобасы мен селолық елді мекендерді жоспарлаудың және салудың жобасы жоқ болғанда суармалы және құрғатылған жерлерге, егістікке, су жаятын шабындыққа, бағалы жеміс ағаштары өскен жер мен жүзімдіктерге жоғарыда аталған объектілерді орналастыруға сондай-ақ осы объектілер үшін оларды алуға тек халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша аса қажетті реттерде жол берілуі мүмкін[1].

69-статья. **Мал айдайтын трассалар үшін жер беру**

Қолхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың малын маусымды жайылымдарға, ет комбинаттарына, мал сатып алатын пункттерге айдау үшін мал айдауға арналған жер мүмкіндігінше жайылымдық жерлерден, жер пайдаланушылар жерінің шекарасы бойынан айдалатын малдың жайылуын қамтамасыз ететіндей мөлшерде беріледі.

70-статья. **Тұрақты пайдаланудағы мал айдайтын мемлекеттік трассалар**

Тұрақты пайдалануға арналған мал айдайтын трассалар мал айдайтын мемлекеттік трассалар болып табылады.

Осы трассалардың алып жатқан жер учаскелері малды дайындайтын, айдайтын және бағатын мемлекеттік кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге тұрақты пайдалану үшін беріледі.

Мал айдайтын мемлекеттік трассалардың жерін пайдаланушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер трассаның бойында қажетті мөлшерде құдықтар, суаттар мен мал тынығатын алаңдар, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ететін құрылыстар мен ғимараттар салуға және мал дәрігерлік бақылау органдарымен келісілген мерзімдерде колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа шаруашылықтардың малын ешбір кедергісіз өткізуге міндетті.

Мал айдайтын мемлекеттік трассаларды күтіп ұстауға байланысты шығындарды малын айдаған колхоздар, совхоздар, тағы басқа шаруашылықтар Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген мөлшер мен тәртіп бойынша өтейді.

71-статья. **Уақытша (маусымдық) пайдаланудағы мал айдайтын трассалар**

Колхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың малын бір немесе бірнеше аудандардың ішінде жайылымға бір маусымға шығару үшін халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті

[1] 68-статьяға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

жер пайдаланушылардың келісуі бойынша сол жылғы жағдайды есепке ала отырып, уақытша маңызы бар мал айдайтын трассаларды және малды айдау тәртібін белгілейді.

Аталған трассалар үшін жер алынбайды. Бұл трассалармен мал айдаушы колхоздар, совхоздар және басқа шаруашылықтар мал жүретін жолдағы су жабдықтау көздерін қорғауға және халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті белгілейтін басқа да шарттарды сақтауға міндетті.

**72-статья. Жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылық жерін басқа жер пайдаланушыларға уақытша пайдалануға беруінің тәртібі мен шарттары**

Өздеріне бекітіп берілген ауыл шаруашылық жерінің бір бөлігін уақытша пайдаланбай отырған колхоздар, совхоздар, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша бұл жерді оған мұқтаж болып отырған колхоздарға, совхоздарға, басқа да шаруашылықтарға уақытша пайдалануға бере алады. Жер учаскесін белгілі мерзімге алған шаруашылық, жерді пайдалану мерзіміне сәйкес, жер пайдаланушыға өзі пайдаланбаған жердің шығындарын да өтейді.

Халық депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті пайдаланылмай келген ауыл шаруашылық жерін осы жерге мұқтаж шаруашылықтардың дәлелді өтініші және жер беріп отырған жер пайдаланушының ұсынысы бойынша ғана уақытша пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды.

Бір шаруашылықтың жерінің бір бөлігін екінші шаруашылыққа тұрақты пайдалануы үшін беру осы Кодекстің 11, 12, 19, 22-статьяларында белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

## *XI тарау*

## КОЛХОЗДАРДЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУЫ

**73-статья. Колхоздардың қоғамдық пайдаланудағы жері және үй іргесіндегі жері**

Жер пайдалану правосына мемлекеттік акт бойынша колхозға берілген жер қоғамдық пайдаланудағы жерден және үй іргесіндегі жерден құралады. Үй іргесіндегі жер қоғамдық пайдаланудағы жерден нақты шекарамен бөлінеді[1].

**74-статья. Үй іргесіндегі жер көлемін ұлғайту тәртібі**

Колхоз аулаларына колхоз Уставында көрсетілген нормалар бойынша жер учаскесін беру үшін үй іргесіндегі жер жеткіліксіз болған ретте, колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша үй іргесіндегі жердің көлемін қоғамдық пайдаланудағы жер есебінен ұлғайтуға болады, бұл шешімді халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті бекітеді.

**75-статья. Шаруашылық ішінде колхоз жерін пайдалану**

Колхоздарға бекітіліп берілген жерді шаруашылық ішінде пайдалану колхоз Уставының негізінде ССР Одағы мен одақтас республикалар-

---

[1] 73-статьяға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

дың жер заңының Негіздеріне, ССР Одағының басқа заңына, осы Кодекске және Қазақ ССР-інің басқа да заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік бөлімшелерге жер колхоз басқармасының қаулысы бойынша, ал шаруашылық ішіндегі жерге орналастырудың бекітілген жобасы бар болса, осы жобаға сәйкес бекітіледі.

76-статья. **Колхоз аралық кәсіпорындар мен ұйымдардың жер пайдалануы**

Колхоз аралық кәсіпорындар мен ұйымдарға жер учаскелері ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді және өңдеуді ұйымдастыру, құрылыс материалдарын дайындау және шығару, электр станцияларын салу, демалыс үйлерін, санаторийлерді, пионер лагерьлерін салу және басқа мақсаттар үшін беріледі.

Барлық колхоз аралық кәсіпорындар мен ұйымдарға жер учаскелері осы Кодекстің 11, 12, 19, 22-статьяларында көрсетілген тәртіп бойынша беріледі.

## *XII тарау*

## СОВХОЗДАРДЫҢ, БАСҚА ДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУЫ

77-статья. **Негізгі (өндірістік) мақсаттағы жер және үй іргесіндегі жер**

Совхоздарға, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына, ұйымдар мен мекемелерге берілген жер — негізгі (өндірістік) мақсаттағы жерден және үй іргесіндегі жерден құралады.

78-статья. **Совхоздардың, басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің негізгі (өндірістік) мақсаттағы жерді пайдалануы**

Совхоздар, ғылыми-зерттеу, оқу-тәжірибе және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері өздеріне берілген жерді ішкі шаруашылықты жерге орналастыру жобасына, өндірістік қызметтің жоспарларына, ғылыми-зерттеу және оқу тәжірибе жұмыстарының программаларына сәйкес пайдаланады.

79-статья. **Негізгі (өндірістік) мақсатқа арналған жердің мөлшері**

Негізгі (өндірістік) мақсатқа арналған жердің мөлшері жерге орналастыру тәртібі бойынша былай белгіленеді:

совхоздар, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін — өндірістің ғылыми тұрғыдан негізделген көлемін ескере отырып;

ғылыми-зерттеу, ауыл шаруашылық оқу және тәжірибе кәсіпорындары мен мекемелері үшін — ғылыми-зерттеу, оқу және тәжірибе жұмыстарының программасына сәйкес.

80-статья. **Үй іргесіндегі жер**

Совхоздың немесе басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорынның, ұйым мен мекеменің ауыл шаруашылық қажеттері үшін пайдалануына берілген жерден шаруашылық ішінде жерге орналастырудың

бекітілген жобасына сәйкес жұмысшылар мен қызметшілерге нақты үй іргесінен жер бөлініп, оның шекарасы белгіленеді, ол жер үй іргесіндегі жер учаскелерін беруге арналып, осы Кодекстің 92-статьясында белгіленген нормалардың шеңберінде беріледі.

**81 - статья. Үй іргесіндегі жерді ұлғайтудың тәртібі**

Совхоздарда, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында, ұйымдар мен мекемелерде жұмысшылар мен қызметшілерді үй іргесіндегі учаскелермен қамтамасыз ету үшін үй іргесіндегі жер жеткіліксіз болганда, шаруашылық басшыларының өтініші бойынша бұл жердің көлемін халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің рұқсатымен ұлғайтуға болады.

**82 - статья. Өндірістік бөлімшелерге жер учаскелерін бекітіп беру**

Совхоздар және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер өздеріне берілген жерді шаруашылық ішінде игеру барысында және оны неғұрлым тиімді пайдалану мақсатымен кейбір жер учаскелерін өндірістік бөлімшелерге бекітіп береді.

Жерді шаруашылықтың өндірістік бөлімшелеріне бекітіп беру — шаруашылық ішінде жерге орналастырудың қабылданған жобасына және шаруашылықты орналастырудың ұйымдастыру — шаруашылық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

## *XIII тарау*

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЖАТПАЙТЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУЫ

**83 - статья. Балық аулайтын колхоздардың жер пайдалануы**

Балық аулайтын колхоздарға өндірістік, әкімшілік, мәдени-тұрмыс-коммуналдық және тұрғын үй, қоғамдық құрылыстарын, гимараттарын орналастыруға арналған жер учаскелерінен басқа, олардың Уставына сәйкес көмекші ауыл шаруашылығын жүргізу үшін, колхозшыларға үй іргесіндегі учаскелер бөлу үшін, сондай-ақ колхозшылардың өзіндік меншігіндегі малын жемшөппен және жайылыммен қамтамасыз ету үшін белгіленген тәртіп бойынша, жер мерзімсіз пайдалануға беріледі.

Колхоз аулаларының үй іргесіндегі учаскелерінің мөлшері балық аулайтын колхоздың Үлгі Уставына сәйкес белгіленеді.

**84 - статья. Жалпы білім беретін мектептердің жер пайдалануы**

Селолық жерлерде және жұмысшы поселкелерінде бастауыш, сегіз жылдық және орта мектептерге оқу-тәжірибе сабағын жүргізу үшін мөлшері 0,5 гектардан 2,0 гектарға дейін (оқушылардың санына және жергілікті жағдайға қарай) жер учаскелері мерзімсіз пайдалануға беріледі.

Егер мектеп жанындағы учаске белгіленген мөлшерден артық болып, оған мектептің жеміс, жүзім-жидек бақтары орналасқан болса, ол жер халық депутаттарының облыстық Советінің рұқсаты бойынша мектептің өзінде қалдырылуы мүмкін.

**85-статья. Ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жер пайдалануы**

Өнеркәсіп, транспорт және ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа да кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге көмекші ауыл шаруашылығын ұйымдастыру үшін ұзақ мерзімге және уақытша пайдалануға жер учаскелері берілуі мүмкін.

Жоғарыда аталған учаскелер мемлекеттік запастағы жерден, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің пайдаланбай отырған жерінен берілуі мүмкін.

## *XIV тарау*

## КОЛХОЗ АУЛАЛАРЫНЫҢ, СЕЛОЛЫҚ ЖЕРДЕ ТҰРАТЫН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ, ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН БАСҚА ДА АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУЫ

**86-статья. Колхоз ауласының үй іргесіндегі жер учаскесі жөніндегі правосы**

Әрбір колхоз ауласының колхоз Уставында көрсетілген тәртіп пен норма шеңберінде үй іргесінде жер учаскесін алуға правосы бар.

Колхоз ауласына үй іргесіндегі жер учаскесі тұрғын үй және шаруашылық құрылыстарын салу үшін, бау және бақша, сондай-ақ басқа қажеттер үшін беріледі.

**87-статья. Үй іргесіндегі жер учаскесін колхоз ауласында қалдыру үшін негіздер**

Ауланың еңбекке жарамды жалғыз мүшесі СССР Қарулы Күштерінің қатарына міндетті мерзімді әскерн қызметке шақырылса немесе сайланатын қызметте болса, оқуға түссе, колхоздың келісімімен немесе ұйымдасқан түрде жұмысқа алу тәртібімен уақытша басқа жұмысқа ауысса, сондай-ақ колхоз ауласының құрамында тек жасы толмағандар ғана қалса колхоз ауласының үй іргесіндегі жер учаскесін алу правосы оның өзінде сақталады.

Сондай-ақ колхоз аулаларының барлық мүшелері қартаю немесе мүгедек болу салдарынан еңбекке жарамсыз болып қалған күнде колхоз аулаларының үй іргесіндегі учаскені пайдалану жөніндегі правосы оның өзінде сақталады.

Бұдан басқа барлық реттерде үй іргесіндегі учаскені сақтау туралы мәселені колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы шешеді.

**88-статья. Колхоз ауласын бөлген кезде үй іргесіндегі учаскені пайдалану**

Колхоз ауласының бөлінуі үй іргесіндегі учаскенің бөлінуіне әкеп соқтырмайды. Жаңадан пайда болған колхоз ауласына, егер ол халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің шаруашылық кітабында белгіленген тәртіппен тіркелген болса, үй іргесіндегі жерден колхоз жалпы негізде үй іргесіндегі учаскені береді. Кейбір реттерде үй іргесіндегі учаскенің көлемі көп болса, колхозшылардың жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша колхоз аулаларының арасында бұл учаскені бөлуге жол берілуі мүмкін, бірақ мұнда жаңадан салынатын құрылыстар селолық елді мекеннің жоспарлау және салу жобасын бұзбайтын болуға тиіс.

89-статья. **Совхоздардың, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылар мен қызметшілерге, мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға үй іргесіндегі жер учаскелерін немесе бақшаларды беруі**

Совхоздар, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тұрақты жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметшілерге, сондай-ақ селолық жерде жұмыс істейтін және тұратын мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға осы мақсатқа арналған жерден үй іргесіндегі жер учаскелерін немесе бақшалық жер береді.

Жоғарыда аталған адамдарға бақша үшін жер учаскелері үй іргесіндегі учаскелерді бөлуге болмайтын немесе учаскелерге мұқтаж емес реттерде ғана беріледі.

90-статья. **Колхоздардың мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға үй іргесіндегі жер учаскелерін беруі**

Колхоз селолық жерде жұмыс істейтін және тұратын мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша үй іргесіндегі жер учаскелерін береді.

91-статья. **Селолық жерде тұратын жұмысшыларға, қызметшілерге, пенсионерлерге, мүгедектерге үй іргесіндегі жер учаскелерін беру**

Селолық жерде тұратын жұмысшыларға, қызметшілерге, пенсионерлер мен мүгедектерге колхоздарда, совхоздарда, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде үй іргесінде бос жер болған күнде тиісінше колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының не совхоздың, кәсіпорынның, ұйым мен мекеменің әкімшілігінің шешімі бойынша үй іргесінде жер учаскесі берілуі мүмкін, бұл шешімді халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті бекітеді.

92-статья. **Жұмысшылар мен қызметшілердің үй іргесіндегі жер учаскелерінің мөлшері**

Селолық жерде тұратын, колхоз мүшесі емес азаматтарға үй іргесіндегі жер учаскелеріиің көлемі (құрылыстар тұрған жерді қоса есептегенде) әр семьяға мынадай мөлшерде белгіленеді:

а) барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ведомстволар совхоздарының, көмекші шаруашылықтарының, ауыл шаруашылық тәжірибе және оқу тәжірибе шаруашылықтары мен орман питомниктерінің тұрақты жұмысшыларына, қызметшілері мен мамандарына, ауыл және орман шаруашылығының мамандарына, бастауыш және орта мектептердің, ауыл шаруашылық техникумдары мен ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің директорларына, оқу бөлімінің меңгерушілеріне, оқытушылары мен басқа қызметкерлеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің жөндеу мастерскойлары мен өндірістік бөлімшелерінің қызметкерлеріне, селолық жерде орналасқан су шаруашылығы органдары мен гидрометеорологиялық қызметтің қызметкерлеріне, медициналық және мал дәрігерлік қызметкерлерге, байланыс, сүт, май шайқау және ірімшік жасау заводтарының, ауыл шаруашылық азық-түліктерін өңдеу жөніндегі басқа кәсіпорындардың, совхоз жұмысшылары

85-статья. **Ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жер пайдалануы**

Өнеркәсіп, транспорт және ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа да кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге көмекші ауыл шаруашылығын ұйымдастыру үшін ұзақ мерзімге және уақытша пайдалануға жер учаскелері берілуі мүмкін.

Жоғарыда аталған учаскелер мемлекеттік запастағы жерден, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің пайдаланбай отырған жерінен берілуі мүмкін.

## *XIV тарау*

## ҚОЛХОЗ АУЛАЛАРЫНЫҢ, СЕЛОЛЫҚ ЖЕРДЕ ТҰРАТЫН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ, ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН БАСҚА ДА АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУЫ

86-статья. **Колхоз ауласының үй іргесіндегі жер учаскесі жөніндегі правосы**

Әрбір колхоз ауласының колхоз Уставында көрсетілген тәртіп пен норма шеңберінде үй іргесінде жер учаскесін алуға правосы бар.

Колхоз ауласына үй іргесіндегі жер учаскесі тұрғын үй және шаруашылық құрылыстарын салу үшін, бау және бақша, сондай-ақ басқа қажеттер үшін беріледі.

87-статья. **Үй іргесіндегі жер учаскесін колхоз ауласында қалдыру үшін негіздер**

Ауланың еңбекке жарамды жалғыз мүшесі СССР Қарулы Күштерінің қатарына міндетті мерзімді әскери қызметке шақырылса немесе сайланатын қызметте болса, оқуға түссе, колхоздың келісімімен немесе ұйымдасқан түрде жұмысқа алу тәртібімен уақытша басқа жұмысқа ауысса, сондай-ақ колхоз ауласының құрамында тек жасы толмағандар ғана қалса колхоз ауласының үй іргесіндегі жер учаскесін алу правосы оның өзінде сақталады.

Сондай-ақ колхоз аулаларының барлық мүшелері қартаю немесе мүгедек болу салдарынан еңбекке жарамсыз болып қалған күнде колхоз аулаларының үй іргесіндегі учаскені пайдалану жөніндегі правосы оның өзінде сақталады.

Бұдан басқа барлық реттерде үй іргесіндегі учаскені сақтау туралы мәселені колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы шешсді.

88-статья. **Колхоз ауласын бөлген кезде үй іргесіндегі учаскені пайдалану**

Колхоз ауласының бөлінуі үй іргесіндегі учаскенің бөлінуіне әкеп соқтырмайды. Жаңадан пайда болған колхоз ауласына, егер ол халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің шаруашылық кітабында белгіленген тәртіппен тіркелген болса, үй іргесіндегі жерден колхоз жалпы негізде үй іргесіндегі учаскені береді. Кейбір реттерде үй іргесіндегі учаскенің көлемі көп болса, колхозшылардың жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша колхоз аулаларының арасында бұл учаскені бөлуге жол берілуі мүмкін, бірақ мұнда жаңадан салынатын құрылыстар селолық елді мекеннің жоспарлау және салу жобасын бұзбайтын болуға тиіс.

**89-статья. Совхоздардың, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылар мен қызметшілерге, мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға үй іргесіндегі жер учаскелерін немесе бақшаларды беруі**

Совхоздар, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тұрақты жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметшілерге, сондай-ақ селолық жерде жұмыс істейтін және тұратын мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға осы мақсатқа арналған жерден үй іргесіндегі жер учаскелерін немесе бақшалық жер береді.

Жоғарыда аталған адамдарға бақша үшін жер учаскелері үй іргесіндегі учаскелерді бөлуге болмайтын немесе учаскелерге мұқтаж емес реттерде ғана беріледі.

**90-статья. Колхоздардың мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға үй іргесіндегі жер учаскелерін беруі**

Колхоз селолық жерде жұмыс істейтін және тұратын мұғалімдерге, дәрігерлерге және басқа мамандарға колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының шешімі бойынша үй іргесіндегі жер учаскелерін береді.

**91-статья. Селолық жерде тұратын жұмысшыларға, қызметшілерге, пенсионерлерге, мүгедектерге үй іргесіндегі жер учаскелерін беру**

Селолық жерде тұратын жұмысшыларға, қызметшілерге, пенсионерлер мен мүгедектерге колхоздарда, совхоздарда, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде үй іргесінде бос жер болған күнде тиісінше колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының не совхоздың, кәсіпорынның, ұйым мен мекеменің әкімшілігінің шешімі бойынша үй іргесінде жер учаскесі берілуі мүмкін, бұл шешімді халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті бекітеді.

**92-статья. Жұмысшылар мен қызметшілердің үй іргесіндегі жер учаскелерінің мөлшері**

Селолық жерде тұратын, колхоз мүшесі емес азаматтарға үй іргесіндегі жер учаскелерінің көлемі (құрылыстар тұрған жерді қоса есептегенде) әр семьяға мынадай мөлшерде белгіленеді:

а) барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ведомстволар совхоздарының, көмекші шаруашылықтарының, ауыл шаруашылық тәжірибе және оқу тәжірибе шаруашылықтары мен орман питомниктерінің тұрақты жұмысшыларына, қызметшілері мен мамандарына, ауыл және орман шаруашылығының мамандарына, бастауыш және орта мектептердің, ауыл шаруашылық техникумдары мен ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің директорларына, оқу бөлімінің меңгерушілеріне, оқытушылары мен басқа қызметкерлеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің жөндеу мастерскойлары мен өндірістік бөлімшелерінің қызметкерлеріне, селолық жерде орналасқан су шаруашылығы органдары мен гидрометеорологиялық қызметтің қызметкерлеріне, медициналық және мал дәрігерлік қызметкерлерге, байланыс, сүт, май шайқау және ірімшік жасау заводтарының, ауыл шаруашылық азық-түліктерін өңдеу жөніндегі басқа кәсіпорындардың, совхоз жұмысшылары

кооперациялары мен селолық тұтынушылар қоғамының қызметкерлеріне, селолық Советтердің, клубтар мен кітапханалардың, балалар үйлерінің, бақшалар мен яслилердің қызметкерлеріне, милицияның учаскелік инспекторларына, мемлекеттік өрт бақылау және өртке қарсы күресу бөлімдері инспекциясының қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін тізбектегі басқа категориялардың жұмысшылары мен қызметшілеріне — суарылмайтын жерде — 0,25 гектарға дейін және суармалы жерде — 0,15 гектарға дейін.

Жұмысшылардың, қызметшілер мен мамандардың еңбек қатынасы жойылған реттерде, осыған байланысты оған берілген үй іргесіндегі жер учаскесі, егер бұл учаскені бұрынғы мөлшерде қалдыру үшін негіздер болмаса, осы статьяның «б» пунктінде белгіленген мөлшерге дейін жер учаскесі кемітілуі мүмкін;

б) басқа жұмысшылар мен қызметшілерге, сондай-ақ қартайғандарға, мүгедектер мен пенсионерлерге — суарылмайтын жерде — 0,15 гектарға дейін, суармалы жерде — 0,08 гектарға дейін.

### 93-статья. Үй іргесіндегі жер учаскелерін бұрынғы көлемде сақтау негіздері

Осы Кодекстің 92-статьясында аталған жұмысшылар мен қызметшілер қартаюына немесе мүгедектігіне байланысты пенсияға шыққан жағдайда, сондай-ақ СССР Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді міндетті әскери қызметін атқаруға шақырылған немесе оқуға түскен жұмысшылар мен қызметшілердің семьяларында — олар әскери қызметте не оқу орындарында болған бүкіл мерзімде үй іргесіндегі учаскелер бұрынғы көлемде сақталады.

Колхоз совхозға айналған ретте осы Кодекстің 92-статьясындағы «а» пунктінде көрсетілген кәсіпорынға, ұйым мен мекемеге жұмысқа ауысқан бұрынғы колхозшылардың, сондай-ақ осы Кодекстің 87-статьясында көрсетілген негіздер болғанда бұрынғы колхозшы семьясының үй іргесіндегі учаскелері бұрынғы мөлшерде қалдырылады.

Осы статьяда көрсетілмеген бұрынғы колхозшылар мен олардың семьяларының үй іргесіндегі учаскелері суарылмайтын жерде — 0,15 гектарға дейін, суармалы жерде — 0,08 гектарға дейін кемітілуі мүмкін.

### 94-статья. Жұмысшылар мен қызметшілердің өз меншігіндегі бақшаларының мөлшері

Өз меншігіндегі бақша үшін осы Кодекстің 89-статьясына сәйкес берілген жер учаскелерінің мөлшері семьяға мынадай мөлшерде белгіленеді:

суарылмайтын жерде — 0,15 гектарга дейін және суармалы жерде — 0,08 гектарға дейін.

### 95-статья. Өз меншігіндегі бақшаны бұрынғы мөлшерде қалдыру правосын сақтау үшін негіздер

Осы Кодекстің 89-статьясында көрсетілген жұмысшылар мен қызметшілер қартайғандығына немесе мүгедектігіне байланысты пенсияға шыққан жағдайда, сондай-ақ СССР Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді міндетті әскери қызметін атқаруға шақырылған немесе оқуға түскен жұмысшылар мен қызметшілердің семьяларында — олар әскери қызметте не оқу орындарында болған бүкіл мерзімде өз меншігіндегі бақшасын бұрынғы мөлшерде қалдыру правосы сақталады.

**96-статья. Тұтас құрылыс салған кезде селолық елді мекендерде үй іргесіндегі учаскелер беру тәртібі**

Селолық елді мекендер тұтас құрылыс салған кезде колхоз аулаларына, жұмысшыларға, қызметшілер мен басқа да азаматтарға олардың тұрғын үйлері (пәтерлері) жанынан үй іргесіндегі учаскелер аз мөлшерде бөлінеді, ал жер учаскенің қалған бөлігі елді мекеннің тұрғын аймағынан тыс жерден беріледі. Мұның өзінде жалпы жер көлемі колхоз Уставында (колхоз аулалары үшін) немесе осы Кодекстің 92-статьясында (жұмысшылар, қызметшілер және басқа азаматтар үшін) көрсетілген үй іргесіндегі учаскенің көлемінен аспауға тиіс.

Тұрғын аймақтан тыс жердегі үй іргесіндегі учаске бөлігіне күрделі сипаттағы құрылыс салуға тыйым салынады.

**97-статья. Селолық жердегі құрылысқа меншік правосы ауысқан кезде жер учаскесін пайдалану правосының ауысуы**

Сатып алу — сату немесе сыйға тарту нәтижесінде тұрғын үйге және қора-қопсы құрылыстарына меншіктену правосының ауысуы осы құрылыстар орналасқан жер учаскесін пайдалану правосына әкеп соқтырмайды.

Құрылыстардың жаңа меншіктенушісінің аталған жер учаскесін пайдалану правосы оған үй іргесіндегі жер учаскесі осы Кодекстің 86, 88, 89, 90, 91-статьяларында белгіленген тәртіп бойынша бергенде ғана пайда бола алады.

Селолық жерде орналасқан құрылыс мұрагерлік меншіктену правосы бойынша мұрагерлерге ауысатын реттерде, егер олардың белгіленген тәртіппен үй іргесіндегі жер учаскесін алуға правосы болмаса, осы құрылысты ұстауға қажетті, бірақ 0,03 гектардан аспайтын жер учаскесінің бөлігін пайдалануға мұрагерлерге право беріледі[1].

**98-статья. Колхоз аулаларына шөп шабу және басқа мұқтаждар үшін жайылымдар, жер учаскелерін бөлу**

Колхоз Уставына сәйкес колхоз аулаларына олардың малы үшін жайылымдар бөлінеді.

Колхоз аулаларына шөп шабу және басқа мұқтаждар үшін жер учаскелері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша бөлінеді[2].

**99-статья. Селолық жерде тұратын азаматтарға мал жаю, шөп шабу, жемшөп дақылдарын өсіру және басқа мұқтаждар үшін жер учаскелерін беру**

Селолық жерде тұратын және өзіндік меншігінде малы бар жұмысшыларға, қызметшілерге, пенсионерлер мен мүгедектерге мал жаю үшін мемлекеттік запастағы, мемлекеттік орман қорындағы жерден, қалалардың, жұмысшы поселкелерінің жерінен, сондай-ақ ауыл шаруашылығына арналмаған жерден жер учаскелері бөлінеді. Мұндай жер болмаған кезде мал жаю үшін учаскелер, жер пайдаланушылардың бұл учаскелерді күтіп ұстау және жақсарту жөніндегі шығындарын мал иелерінен өндіре отырып, колхоздардың, совхоздардың, басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің жерінен белгіленген тәртіп бойынша бөлінуі мүмкін.

---

[1] 97-статьяның үшінші бөлігіне 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

[2] 98-статьяға 1981 ж. 25 марттағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 14).

Аталған категорияларға жататын азаматтарға шөп шабу үшін жер учаскелері мемлекеттік запастағы, мемлекеттік орман қорындағы жерден, темір жолдар мен тас жолдар бойындағы тілкемдерден және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерден беріледі.

ССР Одағының заңдарында көзделген реттерде, осы статьяда аталған категорияларға жататын азаматтарға мал мен құс үшін, сондай-ақ басқа мұқтаждар үшін жемшөп дақылдарын өсіруге арналып жер учаскелері берілуі мүмкін.

Мал жаю және шөп шабу, мал мен құсқа арнап жемшөп дақылдарын өсіру үшін жер учаскелерін, сондай-ақ басқа мұқтаждар үшін осы учаскелердің көлемін, пайдалану мерзімі мен тәртібін көрсете отырып, мыналар береді:

халық депутаттарының селолық, ауылдық Советтеріне тікелей берілген жерден — осы Советтердің атқару комитеттері;

мемлекеттік орман қорының жерінен — халық депутаттарының аудандық Советтері атқару комитеттерінің шешімдері бойынша орман шаруашылығы органдары;

қалалар мен жұмысшы поселкелерінің жерінен — халық депутаттарының қалалық, поселкелік Советтерінің атқару комитеттері;

ауыл шаруашылығына арналмаған басқа жерден — халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша жер пайдаланушылар [1].

## *XV тарау*

## ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КОЛЛЕКТИВТІК БАУ ЖӘНЕ БАҚША ШАРУАШЫЛЫҒЫ

### 100 - статья. **Коллективтік бау өсіру үшін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жер учаскелерін беру**

Қалаларда, жұмысшы поселкелері мен селолық елді мекендерде тұратын үй іргесіндегі учаскелері жоқ жұмысшылардың, қызметшілер мен пенсионерлердің коллективтік бау өсіруі үшін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге мерзімсіз пайдалануға жер учаскелері берілуі мүмкін.

### 101 - статья. **Коллективтік бау өсіру үшін жер учаскесін бау өсіру серіктігінің өзіне тікелей беру**

Бірнеше ұсақ кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінен бау өсіру серіктігі құралған реттерде коллективтік бау өсіру ұшін жер учаскесі мұндай серіктікке тікелей берілуі мүмкін.

Коллектнвтік бау өсіру үшін жер учаскесі берілген кәсіпорын, ұйым мен мекеме жойылған кезде бұл учаскені пайдалану правосы бау өсіру серіктігіне көшеді.

### 102 - статья. **Коллективтік бау өсіру үшін жер берудің тәртібі**

Жұмысшылардың, қызметшілер мен пенсионерлердің коллективтік бау өсіру үшін жер учаскелері мемлекеттік запастың, мемлекеттік орман қорының орман егілмейтін жерінен, қалалар (Алматы қаласынан басқа) мен жұмысшы поселкелерінің бос жерінен, сондай-ақ басқа да

---

[1] 99-статьяға 1981 ж. 25 марттағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 14).

жер пайдаланушылардың өнімді аз беретін, бау өсіру үшін игеру пайдалы деп танылған жерінен беріледі.

Жоғарыда аталған жерлерден коллективтік бау өсіру үшін жер учаскелері кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге немесе тікелей бау өсіру серіктіктеріне осы Кодекстің 14, 15, 17—19-статьяларында белгіленген тәртіп бойынша беріледі.

**103 - статья. Коллективтік бау өсіру үшін берілетін жер учаскелерінің мөлшері**

Коллективтік бау өсіру үшін берілетін жер учаскелерінің мөлшері Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін нормаларға сүйеніп белгіленеді.

**104 - статья. Коллективтік бау өсіру үшін берілген жер учаскелерін пайдалану**

Кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге коллективтік бау өсіру үшін берілген жер учаскелері бау өсіру серіктіктерінің пайдалануына беріледі.

Серіктіктің жерді пайдалану тәртібі серіктіктің Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін Үлгі Уставымен белгіленеді.

**105 - статья. Жұмысшылардың, қызметшілер мен пенсионерлердің коллективтік бақшалары үшін жер учаскелерін берудің тәртібі**

Қалаларда, жұмысшы поселкелері мен селолық елді мекендерде тұратын жұмысшылардың, қызметшілер мен пенсионерлердің коллективтік бақшалары үшін жер учаскелері мемлекеттік запастың, мемлекеттік орман қорының жерінен, қалалар мен жұмысшы поселкелерінің жерінен, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің пайдаланбайтын жерінен олардың келісуі бойынша беріледі.

Мұндай жерлерді кесіп беру және оларды кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер арасында кесіп беру халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің немесе егер бақша белгіленген тәртіп бойынша халық депутаттарының селолық, ауылдық, поселкелік Советтеріне тікелей берілген жерден бөлінген болса, осы Советтің атқару комитетінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Бақша үшін жер әр семьяға суарылмайтын жерде — 0,15 гектардан, суармалы жерде — 0,08 гектардан аспайтындай есеппен, бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге беріледі.

## *XVI тарау*

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖЕКЕ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІМЕН ШҰҒЫЛДАНАТЫН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУЫ[1]

**106 - статья. Ауыл шаруашылығында жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтардың жер пайдалануы**

Ауыл шаруашылығында жеке адамдардың еңбегіне және олардың семья мүшелерінің еңбегіне негізделген жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтар өздеріне берілген егістіктегі және үй іргесіндегі жер учаскелерін пайдаланады.

---

[1] XVI тарауға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

107 - статья. **Ауыл шаруашылығында жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтарға жер беру тәртібі**

Ауыл шаруашылығында жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтарға егістік жер учаскесі халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша мемлекеттік жер қорынан беріледі.

108 - статья. **Ауыл шаруашылығында жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтардың жер үлестері**

Ауыл шаруашылығында жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтардың бір шаруашылығына арналған егістік жер үлесінің мөлшерін халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті суландырылмайтын жерде 1 гектардан және суландырылатын жерде 0,5 гектардан аспайтындай етіп белгілейді.

Үй іргесіндегі учаскенің мөлшері, құрылыс салынатын жерді қоса есептегенде, суландырылмайтын жерде 0,20 гектардан және суландырылатын жерде 0,10 гектардан аспауға тиіс.

Ауыл шаруашылығында жеке еңбек қызметімен шұғылданатын азаматтардың семьяларының мүшелері колхозға кіргенде немесе олар мемлекеттік немесе қоғамдық кәсіпорынға, ұйымға және мекемеге жалдамалы жұмысқа ауысқанда егістік жерді пайдалану правосы доғарылады, ал үй іргесіндегі учаскесінің мөлшері колхоз аулаларының немесе жұмысшылар мен қызметшілердің үй іргесіндегі учаскені пайдалану нормасына сәйкес келтіріледі.

## *Үшінші бөлім*

## ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ (ҚАЛАЛАРДЫҢ, ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕЛЕРДІҢ ЖӘНЕ СЕЛОЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ) ЖЕРІ

### *XVII тарау*

### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

109 - статья. **Қалалардың жер құрамы**

Қала шегінің шеңберіндегі жердің бәрі қала жеріне жатады.

Қалалардың жер құрамына мыналар кіреді:

1) қалалық құрылыс жері;

2) көпшіліктің пайдалануындағы жер;

3) ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылатын жерлер және басқа жерлер;

4) қалалық ормандар орналасқан жер;

5) темір жол, су, әуе, труба құбыры транспортының, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі өнеркәсіптің жерлері және басқалар.

110 - статья. **Қалалардың жерін пайдалану тәртібі**

Қала шегінің шеңберіндегі жердің бәрі халық депутаттарының қалалық Советтерінің қарауында болады.

Қаланың шегін белгілеу және өзгерту, қалалардың территориясында шаруашылықты жерге орналастыру, жер учаскелерін беру және алу тәртібі әрі оларды пайдалану шарттары Қазақ ССР-інің заңымен белгіленеді, ал осы Кодекстің 109-статьясындағы 3—5-тармақтарында көрсетілген жерді пайдалану тәртібі ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді.

111-статья. **Қала шегін белгілеу және өзгерту**

Қаланың шегі — қала жерінің мемлекеттік біртұтас жер қорының басқа жерінен бөлінетін шекарасы — жерді пайдаланудың қалыптасқан жағдайын, қаланы өркендетудің техникалық-экономикалық негіздерін және бас жоспарын есепке ала отырып, шаруашылықты жерге орналастыру тәртібімен белгіленеді [1].

Қаланың шегін мыналар бекітеді:

а) бас жоспарын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін қалалар бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы;

б) басқа барлық қалалар мен жұмысшы поселкелері бойынша халық депутаттарының облыстық Советтерінің атқару комитеті.

Қала шегін өзгерту осы тәртіппен жүргізіледі. Жер учаскелері қала шегіне кіретін колхоздар, совхоздар, басқа кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және азаматтар осы Кодекстің 49—54-статьяларында белгіленген тәртіппен жер учаскесі алынғанға дейін қала жерінің құрамында бұл учаскелермен пайдалану правосын сақтайды.

112-статья. **Қала жерінде шаруашылықты жерге орналастыру**

Қала жерінде шаруашылықты жерге орналастыру — жерді арналған мақсатқа тиімді пайдалану жоспарын жасау, қала құрылысының жеріне шектесетін жерлерде санитарлық жағдай жасау, коммуналдық кәсіпорындарды, мәдени және демалыс мекемелерін, жасыл көшеттерді дұрыс орналастыру міндетін алға қояды.

Қаланы жоспарлау және салу жобасы жоқ болған кезде шаруашылықты жерге орналастыруға жататын жердің құрамына, сондай-ақ қала құрылысы салынған жер мен көпшілік пайдалануындағы жер де кіреді.

113-статья. **Қалаларда жер учаскелерін беру**

Қалаларда жер учаскелерін беру халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша, қаланы жоспарлау мен салудың жобасына, сондай-ақ шаруашылықты жерге орналастыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

114-статья. **Қалаларда жер учаскелерін алу**

Қалаларда жер учаскелерін алу осы Кодекстің 15 және 50-54-статьяларына сәйкес жүргізіледі.

115-статья. **Қалалар жеріндегі жер пайдаланушылардың міндеті**

Қала шегінің шеңберінде орналасқан жерден белгіленген тәртіп бойынша пайдалануына жер берілген кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, тұрғын үй салу, дача салу кооперативтері және азаматтар бұл жерлерге құрылыс салу, көркейту, көгалдандыру жұмыстарын және басқа жұмыстарды жүргізген кезде жоспарлау мен құрылыс жобасын және шаруашылықты жерге орналастыру жоспарын сақтауға міндетті.

## *XVIII тарау*

## ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖЕРІ

116-статья. **Қала құрылысы жерінің құрамы**

Қала құрылысының жеріне құрылыс салынған және құрылыс салуға бөлінген жер жатады.

---

[1] 111-статьяның бірінші бөлігіне 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

117-статья. **Күрделі құрылыс үшін жер учаскелерін беру**

Қала құрылысының жері қалаларды жоспарлау мен салудың бекітілген жобасын қатаң сақтай отырып, тұрғын үй, мәдени-тұрмыс, өнеркәсіп және күрделі құрылыстардың басқа түрлерін салу үшін халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге мерзімсіз пайдалануға беріледі.

118-статья. **Қала құрылысының жерін уақытша пайдалану**

Арналған мақсатқа уақытша пайдаланылмаған қала құрылысының жері уақытша құрылыстар мен ғимараттар тұрғызу үшін және басқа мақсаттар үшін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге берілуі мүмкін.

119-статья. **Өз меншігіндегі тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін беру**

Қалаларда өз меншігіндегі тұрғын үй салу үшін жұмысшыларға, қызметшілерге және басқа азаматтарға осы Кодекстің 113-статьясына сәйкес және 0,03 гектардан 0,06 гектарға дейінгі мөлшерде жер учаскелері беріледі.

Жер учаскелері көп пәтерлі тұрғын үй салу үшін өз меншігіндегі үй салушылардың коллективіне біріккен азаматтардың ортақ пайдалануына берілуі мүмкін.

Жекелеген қалаларда азаматтардың өз меншігіндегі тұрғын үй салуы үшін жер учаскелерін беруге Қазақ ССР Министрлер Советі шек қоюы мүмкін.

120-статья. **Қалаларда құрылысқа меншік правосы ауысқан кезде жер учаскесін пайдалану правосының ауысуы**

Қалалардың жерінде құрылысқа немесе оның бөлігіне меншік правосы ауысқан кезде тиісті жер учаскесін немесе оның бөлегін пайдалану правосы да ауысады.

Жер учаскесін пайдалану правосы құрылысқа меншік правосын белгілейтін документтер негізінде жаңа меншік иесіне ауысады. Жер учаскесін пайдалану документі жаңа меншік иесінің атына аударылады.

Құрылысқа меншік правосы бірнеше азаматқа ауысқан кезде олардың әрқайсысы жер учаскесінің тиісті бөлігімен пайдаланады. Егер құрылысты меншіктенушілердің арасында жер учаскесін бөлу мүмкін болмаса, бұл учаске олардың ортақ пайдалануына көшеді.

## *XIX тарау*

## ҚАЛАЛАРДАҒЫ КӨПШІЛІК ПАЙДАЛАНАТЫН ЖЕРЛЕР

121-статья. **Қалалардағы көпшілік пайдалануындағы жерлердің құрамы**

Қалалардағы көпшіліктің пайдалануындағы жерлерге мыналар жатады:

алаңдар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар;

халықтың мәдени-сауықтыру қажетін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын жер (парктер, орман парктері, бульварлар, сквердер, су қоймалары және сол сияқтылар);

коммуналдық мақсатқа арналған жер (зират және басқалары).

122-статья. **Көпшілікке ортақ жерлерді пайдалану**

Көпшіліктің пайдалануындағы жер кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге, азаматтарға нақты бекітіліп берілмейді және халық депутаттарының қалалық Советі атқару комитетінің тікелей қарауында болады.

Көпшілік пайдалануындағы жерге құрылыстар мен ғимараттарды тұрғызу тек осы жерді арналған мақсатқа пайдаланғанда ғана рұқсат етіледі.

Көпшілік пайдаланатын жерден кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жеңілдетілген ұлгідегі ұйлер мен ғимараттардың құрылысын (сауда шатырлары, кноскілер, жарнама ғимараттары және басқалары) салуға уақытша пайдалану үшін жер учаскесі көпшіліктің пайдалануына нұқсан келтірмейтіндей етіп бөлініп берілуі мүмкін.

## *XX тарау*

## ҚАЛАЛАРДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ЖЕРЛЕР ЖӘНЕ БАСҚА ЖЕРЛЕР

123-статья. **Қалаларда ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің құрамы және басқа жерлер**

Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерге жыртылған жер, шабындықтар, өрістер, сондай-ақ бақтар, жүзімдіктер, питомниктер, теплицалар орналасқан жер жатады.

Шымтезек, тас қазылған жерлер, көп тараған пайдалы қазбалардың алаңдары, жарамсыз жерлер басқа жер қатарына жатады.

124-статья. **Ауыл шаруашылық жерін және басқа жерді пайдалану**

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлер және басқа жерлер ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, кәсіпшіліктер мен көмекші шаруашылықты өркендету үшін қалада шаруашылықты жерге орналастыру жоспарына сәйкес колхоздарға, совхоздарға және басқа кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге, сондай-ақ азаматтардың коллективтік бақ өсіруі немесе бақша салу үшін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге берілуі мүмкін.

125-статья. **Қала шегінің шеңберінде колхоздар мен совхоздардың жер пайдалануы**

Қала шегінің шеңберіне орналасқан және қаланы жоспарлау мен салу жоспары бойынша құрылыстар салуға немесе көркейтуге жатпайтын колхоздардың қоғамдық пайдалануындағы жері, совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің жері оларға мерзімсіз пайдалану үшін бекітіліп беріледі.

Бұл жерлерге тұрғын үйлерді, мәдени-тұрмыстық, өндірістік құрылыстар мен ғимараттар орналастыру халық депутаттарының қалалық Советтерінің атқару комитеттерінің келісімімен жүргізіледі.

## *XXI тарау*

## ҚАЛАЛЫҚ ОРМАН ОРНАЛАСҚАН ЖЕР

**126 - статья. Қалалық орман орналасқан жерді пайдалану**

Қалалардағы орман орналасқан жерлер халықтың демалысын ұйымдастыру, мәдени-эстетикалық қажетін қанағаттандыру, территорияны жел және су эрозиясынан сақтау үшін пайдаланылады.

## *XXII тарау*

## ҚАЛАЛАРДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛ, СУ, ӘУЕ, ТРУБА ҚҰБЫРЫ ТРАНСПОРТЫНЫҢ, ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖЕРІ ЖӘНЕ БАСҚА ЖЕРЛЕР

**127 - статья. Темір жол, су, әуе, труба құбыры транспортына, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі өнеркәсіпке берілген жерді және басқа жерлерді пайдалану**

Темір жол, су, әуе, труба құбыры транспортына және пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі өнеркәсіпке берілген қаланың жерін пайдаланудың шарттары ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңымен белгіленеді.

Жоғарыда аталған жерге, сондай-ақ басқа кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге берілген жерге құрылыс салу және жалпы қаланы көркейту мәселелері халық депутаттарының қалалық Советтерінің атқару комитеттерімен келісіледі.

## *XXIII тарау*

## ҚАЛА ІРГЕСІНДЕГІ АЙМАҚТАР ЖӘНЕ ЖАСЫЛ АЙМАҚТАР

**128 - статья. Қала іргесіндегі аймақтардың және жасыл аймақтардың жері**

Қала шегінің шеңберінен тысқары, қаланың территориясын ұлғайту үшін резерв болып табылатын жер, қаланы көркейтуге және қала шаруашылығының бірқалыпты жұмыс істеуіне байланысты қажетті ғимараттарды орналастыратын және салатын орын болып табылатын жер, сондай-ақ орман, орман парктері және басқа жасыл өсімдіктер орналасқан қорғау және санитарлық-гигиеналық қызмет атқаратын әрі халықтың демалыс орны болып табылатын жерлер тиісінше қала іргесіндегі аймаққа және жасыл аймаққа бөлінеді.

Қала іргесіндегі аймақтар мен жасыл аймақтарды бөлу, сондай-ақ олардағы жерді пайдалану тәртібі ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңымен белгіленеді.

**129 - статья. Қала іргесіндегі аймақтарды және жасыл аймақтарды бөлу тәртібі**

Қала іргесіндегі аймақтар мен жасыл аймақтар Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша бөлінеді, онда аймақтың мөлшері мен шекарасы, сондай-ақ олардағы жерді пайдалану тәртібі көрсетіледі.

### 130 - статья. Қала іргесінің аймағындағы және жасыл аймақтағы жерді пайдалану

Жер учаскелерін қала іргесі аймағына немесе жасыл аймаққа қосу оларды алып қойғандық болып табылмайды және жер пайдаланушылар бұл учаскелерді пайдалану правосын сақтайды.

Қала іргесі аймағындағы және жасыл аймақтағы жерлер ерекше қорғауға алынады.

Жасыл аймақты жерлерге егер бұл санитарлық талаптарға және табиғатты қорғауға сай келсе, қаланы көркейтуге және қала шаруашылығының бір қалыпты жұмыс істеуіне байланысты құрылыстар салуға рұқсат етіледі. Бұдан басқа құрылыстар салуға тыйым салынады. Қазақ ССР Министрлер Советі қала іргесі аймағындағы және жасыл аймақтағы жерді пайдалануға басқадай да шек қоюы мүмкін.

### 131 - статья. Жұмысшы поселкелерінің жері

Осы Кодекстің 109-127-статьяларының ережелері Қазақ ССР-інің заңына сәйкес жұмысшы поселкелер қатарына жатқызылған елді мекендер жеріне де қолданылады.

Поселке шегінің шеңберіне жататын барлық жер халық депутаттарының поселкелік Советтерінің қарауында болады.

Жұмысшы поселкелерінде тұратын жұмысшыларға, қызметшілерге және басқа азаматтарға өз меншігіне тұрғын үй салып алу үшін 0,07 гектардан 0,12 гектарға дейінгі мөлшерде жер учаскесі беріледі.

## *XXIV тарау*

## СЕЛОЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ЖЕРІ

### 132 - статья. Селолық елді мекендердің жері

Селолық елді мекендердің жеріне осы мекендер үшін белгіленген шекара шеңберіндегі барлық жер жатады.

Одан әрі өркендету үшін келешегі бар деп танылған елді мекендердің жері оларды жоспарлау және салу жобаларына сәйкес елді мекендердің шегінің шеңберін белгілеу арқылы басқа жерден шекарамен бөлінеді. Келешегі жоқ деп танылған елді мекендердің жері ішкі шаруашылықты жерге орналастыру тәртібімен басқа жерден бөлінеді.

Селолық елді мекендердің шегінің шеңберін белгілеу және өзгерту тәртібі одан әрі өркендету үшін оларды келешегі бар елді мекендер қатарына жатқызу, сондай-ақ селолық елді мекендердің жерін пайдалану тәртібі Қазақ ССР-інің заңымен белгіленеді.

### 133 - статья. Селолық елді мекендер жерінің құрамы

Селолық елді мекендер жерінің құрамына мыналар жатады:

— халық депутаттарының селолық, ауылдық Советтерінің қарауына жататын жерлер;

— колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарына бекітіліп берілген жерлер;

— өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындарына және ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге берілген жерлер.

**134 - статья. Ілгері өркендетуге келешегі бар елді мекендер қатарына жатқызылған селолық елді мекендер шегінің шеңберін белгілеу және өзгерту**

Ілгері өркендетуге келешегі бар деп танылған селолық елді мекендердің шегінің шеңберін белгілеу немесе өзгерту жобасы оны жоспарлау және салу жобасына сәйкес, жер пайдаланудың қалыптасқан нақты жобасын ескере отырып жасалады.

Ілгері өркендетуге келешегі бар деп танылған селолық елді мекендер шегінің шеңберін тиісті халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің ұсынуы бойынша, халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің шешімімен белгіленеді және өзгертіледі.

Одан әрі өркендету үшін келешегі бар деп танылған селолық елді мекендердің шегіне жері кірген жер пайдаланушылар осы кодекстің 49—54-статьяларында көрсетілген тәртіппен алынғанға дейін өздеріне берілген жер учаскелерімен пайдалану правосын сақтайды.

**135 - статья. Селолық елді мекендердің шеңберіндегі жерді пайдалануға беру тәртібі**

Халық депутаттарының селолық, ауылдық Советі селолық елді мекендердің шеңберінде барлық жер учаскелерінің берілуіне бақылау жасауды жүзеге асырады және колхоздар мен совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жер құрамына кірмейтін жерлерден жер учаскелерін беру туралы шешім қабылдайды.

**136 - статья. Халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің қарауына жататын жерлерді пайдалану тәртібі**

Халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің қарауына жататын селолық елді мекендердің жері көшелер, өткел жолдар, жолдар, алаңдар салуға, көпшілік пайдаланатын жасыл өсімдіктер отырғызуға (сквергe, бульварға, паркке және тағы сол сияқтыларға), сондай-ақ коммуналдық тұрғын үй салуға және басқа қажеттерге пайдаланылады.

Жер пайдаланушылардың қай құрамына жататынына қарамастан бұл жермен пайдалану тәртібін халық депутаттарының селолық, ауылдық Советі белгілейді.

Азаматтарға жеке тұрғын үй салып алу үшін елді мекендерді жоспарлау және салу жобасына сәйкес халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті 0,12 гектарға дейін жер учаскелерін береді.

**137 - статья. Колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарына бекітіліп берілген жерлерді селолық елді мекендердің шеңберінде пайдалану тәртібі**

Селолық елді мекендердің шеңберінде колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарына бекітіліп берілген жер учаскелері олардың тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық, өндіріс құрылыстарын және ғимараттарды салу үшін, сондай-ақ ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңының Негіздеріне, ССР Одағының басқа заңдарына, Қазақ ССР-інің осы Кодексіне және басқа заңдарына сәйкес үй іргесіндегі жер учаскелеріне пайдалануға беріледі. Бұл жерлерге тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық, өндірістік құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру халық депутаттарының селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттерінің келісуі бойынша жүргізіледі.

138-статья. **Селолық елді мекендердегі жерлерді өнеркәсіп, транспорт және басқа кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың пайдалануы**

Селолық елді мекеннің шеңберінде өнеркәсіп, транспорт және басқа кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге, сондай-ақ азаматтарға берілген жер учаскелерін олар учаскенің арналған мақсатына сәйкес пайдаланады. Жоғарыда аталған кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және азаматтар халық депутаттарының селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің келісімі бойынша елді мекендерді жоспарлау және салу жобасына сәйкес құрылыс және көркейту жұмыстарын жүргізеді.

## *XXV тарау*

## ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУ ЖӘНЕ ДАЧА САЛУ КООПЕРАТИВТЕРІНЕ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ

139-статья. **Тұрғын үй салу және дача салу кооперативтеріне жер учаскелерін пайдалануға беру**

Тұрғын үй салу және дача салу кооперативтеріне елді мекендердің жерінен, мемлекеттік запастағы жерден және қалалардың жасыл аймағынан тыс жатқан мемлекеттік орман қорының жерінен ССР Одағының заңында және осы Кодекстің 11, 12, 19, 21—24-статьяларында белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша жер учаскелері беріледі.

Жеке дача салу үшін жер учаскелері берілмейді.

# *Төртінші бөлім*

# ӨНЕРКӘСІПТІҢ, ТРАНСПОРТТЫҢ, КУРОРТТАРДЫҢ, ҚОРЫҚТАРДЫҢ ЖЕРІ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛМАҒАН БАСҚА ЖЕРЛЕР

## *XXVI тарау*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

140-статья. **Өнеркәсіптің, транспорттың, курорттардың, қорықтардың жері және ауыл шаруашылығына арналмаған басқа жерлер**

Кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге жүктелген арнаулы міндеттерді (өнеркәсіп өндірісінің, транспорттың, курорттарды ұйымдастырудың, қорықтардың және басқа сондайлардың міндеттерін) жүзеге асыру үшін олардың пайдалануына берілген жер — өнеркәсіптің, транспорттың, курорттардың, қорықтардың жері және ауыл шаруашылығына арналмаған басқа жер деп танылады.

141-статья. **Ауыл шаруашылығына арналмаған жер учаскелерінің мөлшері және оларды бөлу тәртібі**

Осы Кодекстің 140-статьясында көрсетілген мақсаттар үшін берілген жер учаскелерінің мөлшері белгіленген тәртіппен бекітілген нормаларға немесе жобалау-техникалық документтерге сәйкес белгіленеді, ал учаскелерді бөліп беру оларды игеру кезегіне қарай жүргізіледі.

**142 - статья. Өнеркәсіптің, транспорттың, курорттардың, қорықтардың жерін және ауыл шаруашылығына арналмаған басқа жерлерді пайдалану тәртібі**

Өнеркәсіптің, транспорттың, курорттардың, қорықтардың жерін және ауыл шаруашылығына арналмаған басқа жерлерді пайдалану тәртібі ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздеріне сәйкес, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін жер туралы Ережелерде белгіленеді.

**143 - статья. Өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындарының, ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің ауыл шаруашылық мақсаттары үшін жер беруі**

Өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындары, ауыл шаруашылығына жатпайтын басқа кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер халық депутаттарының аудандық немесе қалалық Советтері атқару комитеттерінің шешімі бойынша өздерінің пайдаланбай отырған жерлерін ауыл шаруашылығы мақсаттарына уақытша пайдалану үшін колхоздарға, совхоздарға, басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және азаматтарға ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңында белгіленетін тәртіп пен шарттар бойынша береді.

**144 - статья. Ерекше шарттар бойынша жер пайдаланатын аймақтар**

Кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге арнаулы мақсаттарды жүзеге асыру үшін берілетін жерлерден тыс, қажет болған реттерде ерекше шарттар бойынша жер пайдаланудың мынадай аймақтары белгіленеді:

өнеркәсіп кәсіпорындарының санитарлық-қорғау аймақтары;

сел хаупі бар, көшкін хаупі бар аймақтар мен темір жол және автомобиль жолдарына кесіп берілген жерге жапсарлас орман қорғау аймақтары;

су алатын ғимараттардың қорғау аймақтары;

аэродром қасындағы тілкем жер;

магистралдық труба құбырларының, байланыс, радиоландыру және электр тогы линияларының қорғау аймақтары;

курорттардың санитарлық қорғау округы;

қорықтардың, табиғат ескерткіштерінің, басқалардың қорғау аймақтары.

Жер пайдаланудың ерекше шарттары бар аймаққа қосылған жер су алатын ғимараттарын қорғау аймағының бірінші поястарды қоспағанда жер пайдаланушылардан алынбайды, бірақ бұл жерге арнаулы белгілер қойылады.

Ерекше шарттары бар аймаққа қосылған жерге жер пайдаланушылардың правосына шек қойылады.

Жоғарыда аталған аймақтарды белгілеу тәртібі мен олардың режимі ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздеріне сәйкес СССР Министрлер Советі және Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін Ережелермен белгіленеді.

## *XXVII тарау*
## ӨНЕРКӘСІП ЖЕРЛЕРІ

**145 - статья. Өнеркәсіп жерлері**

Өнеркәсіп кәсіпорындарына, ұйымдарға және мекемелерге құрылыс салу, өнеркәсіп өндірісі үшін, сондай-ақ шаруашылық және басқа да арнаулы қажеттер үшін қалалардың, жұмысшы поселкелерінің шегінен тыс жатқан және селолық елді мекендердің шекараларынан тыс жатқан жерден берілген жер өнеркәсіптің жерлері деп танылады.

**146 - статья. Пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі өнеркәсіптің жерлері**

Кәсіпорындар мен ұйымдарға пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі кәсіпорынды салу және кен орнында пайдалы қазбаларды өндіру үшін берілген жер учаскелері пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі өнеркәсіптің жері деп танылады.

**147 - статья. Пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі өнеркәсіпке жер учаскелерін беру.**

Пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі кәсіпорындар мен ұйымдарына жер учаскелерін беру оларда кен өндіру заңдарына сәйкес берілетін кен шығатын жерді кесіп беру актісі бар болғанда ғана жүргізіледі.

Пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі кәсіпорындары мен ұйымдар кен қазу жұмыстарын жүргізгенде көршілес жер пайдаланушылардың праволары мен заңды мүдделерін бұзуға жол бермеуге, жерді дұрыс пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

**148 - статья. Кен өндіру үшін берілген жер учаскелерін пайдалану правосын жою**

Кен өндіру заңдарында көрсетілген негіздер бойынша кен өндіру правосының жойылуына байланысты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі кәсіпорынның оған кесіп берілген жер учаскесін пайдалану правосы да жойылады.

## *XXVIII тарау*
## ТРАНСПОРТҚА БЕРІЛГЕН ЖЕР

**149 - статья. Транспорт жері**

Жол қатынастарын ұстауға, қайта құруға, өркендетуге және жетілдіруге байланысты тиісті транспорт түрінің қажеттері үшін берілген жердің бәрі транспорт жері деп танылады. Бұл жерлер: темір жол транспортының жері, автомобиль жолдарының жері, су транспортының жері және әуе транспортының жері болып бөлінеді.

**150 - статья. Транспорт жерін пайдалану тәртібі**

Темір жол, әуе жолы, теңіз және ішкі су транспортының, автомобиль жолдарының қажеттері үшін берілген жерлерді пайдалану транспортқа берілген жерлер туралы Ережеге, СССР Әуе жолы Кодексіне, Сауда кемелерінің теңізде жүзу Кодексіне, Ішкі су транспорты Уставына сәйкес, ССР Одағының басқа заңдарына, осы Кодекске және Қазақ ССР-інің басқа да заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

151 - с т а т ь я. **Темір жол транспортына кесіп берілген тілкем жерлер**

Темір жол транспортына кесіп берілген тілкем жерлерге мыналар жатады: темір жол табанындағы төсем жер, оның жасанды ғимараттары, линиялық-жол үйлері, байланыс құрылыстары, станциялары барлық ғимараттарын қоса, орман қорғау ағаштары отырғызылған, депо, мастерскойлар және басқа да ғимараттар мен жол құрылыстары орналасқан жерлері.

152 - с т а т ь я. **Автомобиль жолдарының кесіп берілген тілкемдегі жерлері**

Автомобиль жолдарының қала (поселке) шегінен тыс кесіп берілген тілкемдегі жерлеріне мыналар жатады: жол бойындағы төсем жер, оның жеке жол құрылыстары, оларға тікелей жанасатын резервтері, карьерлері, тұрақты ағаш питомниктері, гараждары, үйлері және жол мен автомобиль транспортының қажетін өтейтін басқа да ғимараттары, жол қызметінің қызмет және тұрғын үйлері, күм тоқтататын және басқа саялы көшеттер орналасқан жері.

153 - с т а т ь я. **Темір жол транспортына және автомобиль жолдарына кесіп берілген тілкем жерден тыс жерлері**

Темір жол транспорты және автомобиль жолдары үшін кесіп берілген тілкемнен тыс, тікелей темір жолдарға және автомобиль жолдарына жапсарлас жатпаған, бірақ темір жол және автомобиль транспортына осы жолдарды пайдалану үшін қажетті — тиісті жобалармен белгіленетін тұрғын үйлер, тұрақты карьерлер жасауға, қиыршық тас, шпал, асфальт-бетон заводтарын, орман алқаптарын қорғайтын питомниктер, насос станцияларын, жанармай құйып алу пункттерін, су алатын және басқа ғимараттар мен жабдықтар салуға жер учаскелері бөлініп беріледі.

154 - с т а т ь я. **Темір жол транспорты мен автомобиль жолдары кәсіпорындарының және ұйымдарының жерді қосалқы пайдалануға беру правосы**

Темір жол транспортының, автомобиль жолдарының кәсіпорындары мен ұйымдары кірме жолдар, өткелдер, қоймалар және жол қатынасы қажеттерін өтеуге қызмет ететін көмекші ғимараттарды салу үшін және тағы сол сияқтылар үшін, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерге қызмет бабында пайдалану үшін басқа кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге кесіп берілген тілкем жерден жер учаскелерін қосалқы пайдалануға бере алады.

155 - с т а т ь я. **Теңіз транспортының жері**

Теңіз транспортының жеріне — теңіз транспортының кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне берілген барлық техникалық және шаруашылық ғимараттарымен бірге сауда порттары, пристаньдары, алаңдары, жағалаудағы орындары, қызмет, тұрғын үйлері және мәдени-тұрмыстық үйлері орналасқан жер учаскелері, қызмет көрсететін алаңдары бар маяктары, сондай-ақ кеме жасайтын, кеме жөндейтін заводтары мен базалары орналасқан территориялары жатады.

156 - с т а т ь я. **Ішкі су транспортының жері**

Ішкі су (өзен, көл) транспортының жеріне — ішкі су транспортының кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне берілген өзен порттары,

кеме қатынасының қажеттерін өтейтін пристань территориялары, гаваньдары, затондары, транспорт каналдары орналасқан жер учаскелері және олар үшін қажетті жер резервтері, құм тоқтататын құралдар, су жолдарына тікелей жапсарлас жатқан кеме жасайтын және кеме жөндейтін заводтар, мастерскойлар, верьфтер, доктар, қызмет, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық үйлері және ішкі су транспортының басқа ғимараттары орналасқан жер учаскелері жатады.

**157 - статья. Жағалаудағы тілкем жерлерді ішкі су транспортына пайдалану**

Ішкі су транспортының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері мемлекеттік су қорының жер учаскелерін пайдалана алады, ол учаскелерін су қоймалары жағалауларынан (жағалау тілкемдері) кеме айлақтары үшін, жүктерді уақытша сақтау, кеме қатынасын қорғау жөнінде құрылыстар мен ғимараттар салу, кеме жүзуін, сал ағызуды қорғау, оған көмектесу және оны жақсарту жөнінде құрылыстар мен ғимараттар салу үшін, бұл мақсаттарға арнап қиыршық тас, құм, тас дайындау үшін бөлінеді.

**158 - статья. Жағалау тілкемінен тыс жатқан жерлерде ішкі су транспортының жер пайдалануы**

Жағалау тілкемінен тыс жатқан жерлердегі жер учаскелерін тек апатқа ұшыраған реттерде ғана кеме қатынасы мен сал ағызу қажеттері үшін жер пайдаланушыларға келтірген залалды өтей отырып пайдалануға жол беріледі.

**159 - статья. Әуе транспортының жері**

Әуе транспортының жеріне — азаматтық авиацияның кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне берілген аэропорттар, аэродромдар, аэродромдар мен аэропорттарға тікелей жапсарлас жатқан, бұларға қатысы бар техникалық ғимараттар, әуе транспортының қажеттерін өтейтін заводтар, мастерскойлар, қызмет үйлері, тұрғын үйлер және мәдени-тұрмыстық үйлер орналасқан, сондай-ақ ұшқыштар мектептері орналасқан жер учаскелері жатады.

**160 - статья. Аэродромға жапсарлас жатқан жерлерде құрылыс салуға келісу және бұл құрылыстарға арнап жер учаскелерін кесіп беру**

Аэродромға және ұшу-қону тілкемдеріне жапсарлас жатқан жерлерде үйлер мен ғимараттар, байланыстың әуе линияларын, жоғары вольтті электр тогын беретін линиялар салу, олардың бұл арада болуы ұшып-қонудың хауіпсіздігіне қатер тудыратын болса азаматтық авиация органдарымен келісіледі.

Жоғарыда аталған объектілерді жоба бойынша салуға мынадай жағдайда келісу керек болады: аэродромның шекараларынан бастап қашықтығы 10 километрге дейінгі жобаланатын барлық объектілер; ең шеткі абсолюттік белгісі аэродромның абсолюттік белгісінен 50 метрден және одан жоғары тұратын 10 километрден 30 километрге дейінгі объектілер, биіктігі 200 метр және одан да биік келетін 75 километрге дейінгі объектілер.

Осы статьяда аталған объектілерді салу үшін жер учаскелерін кесіп беру СССР Азаматтық авиация министрлігінің келісімін алғаннан кейін жүргізіледі.

Республикалық маңызы бар қорықтардың көлемі мен шекарасы әрбір жеке ретте Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша белгіленеді.

170 - статья. **Қорықтардың табиғат комплекстерін қорғау**

Қорықтардың территориясында болсын, сол сияқты қорықтардың төңірегінде белгіленетін қорғау аймақтарының шеңберінде болсын, қорықтардың табиғат комплекстерін бұзатын немесе ғылыми немесе мәдени жағынан ерекше құнды саналатын табиғат объектілерін сақтауға қатер төндіретін жұмыстың қандайына болса да тыйым салынады.

171 - статья. **Табиғи жартылай қорықтардың жері**

Табиғи жартылай қорықтардың жері деп табиғат комплексінің (хайуанаттардың, өсімдіктердің, жер бетіндегі геологиялық заттардың, ландшафт элементтерінің тағы басқалардың) қандай да бір бөлегіне күзет қойылған жер учаскелері танылады.

Жоғарыда аталған жер учаскелерін бөлу оларды жер пайдаланушылардан алып қоюға әкеп соқтырмайды.

Жартылай қорықтардың территориясында табиғат объектілерінің бір бөлігін ғана тек белгілі маусымдарда, белгілі мерзімдерде және қорғалып отырған объектілерге знян келтірмейтіндей дәрежеде ғана шек қойылып, шаруашылыққа пайдалануға жол беріледі.

Табиғи жартылай қорықтардың режимі Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін Ережемен белгіленеді.

172 - статья. **Табиғат ескерткіштері бар жер**

Табиғат объектілері бар, белгіленген тәртіп бойынша табиғат ескерткіштері деп танылған жер учаскелері жер пайдаланушылардан алынбайды.

Табиғат ескерткіштері бар жер учаскелерінің көлемі мен шекарасы Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін бұлар туралы Ережемен белгіленеді.

Бұл учаскелерді қандай да болса шаруашылыққа пайдалануға тыйым салынады.

173 - статья. **Тарих пен мәдениет ескерткіштері орнатылған жер**

Тарих пен мәдениет ескерткіштері (мавзолейлер, қамалдар және тағы басқалар) орнатылған жер учаскелері жер пайдаланушылардан алынбайды.

Бұл учаскелерді қандай да болса шаруашылық үшін пайдалануға тыйым салынады [1].

## *XXXIII тарау*
## ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРАЙ БЕРІЛЕТІН ЖЕР ҮЛЕСІ

174 - статья. **Қызметіне қарай берілетін жер үлесі**

Қызметіне қарай транспорт, орман шаруашылығы, ағаш өнеркәсібі, байланыс, су, балық, аңшылық шаруашылығы, сондай-ақ халық шаруашылығының кейбір басқа салаларының қызметкерлерінің жекелеген категорияларына жер үлесі беріледі.

---

[1] 173-статьяға 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

Қызметіне қарай берілетін жер үлесінің құрамына жыртылатын жер мен шабындық жер учаскелері кіреді.

Өз меншігінде малы бар қызметкерлерге ғана шабындық жер бөлініп беріледі.

Қызметіне қарай берілетін жер үлесінің учаскесінде күрделі сипаттағы құрылыс салуға тыйым салынады.

**175 - статья. Қызметіне қарай жер үлесін алуға правосы бар қызметкерлердің категорняларын белгілеу тәртібі**

Қызметіне қарай жер үлесін алуға правосы бар жұмысшылар мен қызметшілердің категорняларын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

**176 - статья. Қызметіне қарай жер үлесін беру тәртібі**

Қызметіне қарай берілетін жер үлесі тиісті министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ведомостволар, кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің пайдалануындағы жерден, ал мұндай жер жетпеген күнде — мемлекеттік қордағы жерден және мемлекеттік орман қоры жерінен бөлініп беріледі.

Қызметіне қарай жер үлесін кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің пайдалануындағы жерден олардың әкімшілігі береді, ал мемлекеттік қор мен мемлекеттік орман қоры жерінен — халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша беріледі.

Қызметкердің немесе оның семьясының үй іргесіндегі учаскесі немесе өз меншігіндегі бақшасы болса, үй іргесіндегі учаске мен өз меншігіндегі бақшасы мен қызметіне қарай берілетін жер үлесінің жалпы көлемі қызметіне қарай берілетін жыртылатын жер үлесінің белгіленген көлемінен аспауға тиіс.

**177 - статья. Қызметіне қарай берілетін жер үлесінің мөлшері**

Қызметіне қарай берілетін жер үлесінің мөлшері әрбір семьяға мынадай болып белгіленеді: суарылмайтын жерден — 0,50 гектарға дейін айдалатын жер, суармалы жерден — 0,25 гектарға дейін, ал шабыидықты — екі гектарға дейін беру белгіленеді.

**178 - статья. Қызметіне қарай берілген жер үлесіне правоны сақтау үшін негіздер**

Қартайғандықтан пенсияға шығуына немесе мүгедек болуына байланысты қызметкерлер жұмыстан босанған кезде қызметіне қарай белгіленген мөлшерде берілген жер үлесін пайдалану правосы өмір бойы сақталады.

Қызметіне қарай белгіленген мөлшерде жер үлесін пайдалану правосы мына қызметкерлердің семьяларына сақталады:

а) СССР Қарулы Күштерінің қатарына міндетті мерзімді әскери қызметке шақырылғандардың, сондай-ақ оқуға түскен қызметкерлердің міндетті әскери қызметте немесе оқу орнында жүрген барлық уақытында;

б) қызмет міндетін орындауына байланысты қаза тапқан адамдардың: еңбекке жарамсыз жұбайына және әбден қартайған ата-анасына — өмір бойы, ал балаларына — олардың жасы толғанға дейін сақталады.

## *Бесіншібөлім*
## МЕМЛЕКЕТТІК ОРМАН ҚОРЫНЫҢ ЖЕРІ

### *XXXIV тарау*
### МЕМЛЕКЕТТІК ОРМАН ҚОРЫНЫҢ ЖЕРІ

179 - статья. **Мемлекеттік орман қорының жері**

Мемлекеттік орман қорының жері деп орман өскен, сондай-ақ орман ағаштары болмағанымен, орман шаруашылығының қажетіне арналған жерді айтады.

Бұл жерлердің шекарасы басқа мақсатқа арналған жерден меже белгілерімен бөлінеді.

180 - статья. **Мемлекеттік . орман қорының жерін пайдалану тәртібі**

Мемлекеттік орман қорының жерін пайдалану тәртібі ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді.

181 - статья. **Мемлекеттік орман қорының ауыл шаруашылық жерін ауыл шаруашылығының мақсаттары үшін уақытша пайдалануға беру**

Мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері өздерінің пайдалануындағы мемлекеттік орман қоры жерінен халық депутаттарының аудандық немесе қалалық Советтері атқару комитеттерінің шешімі бойынша орман шаруашылығының және ағаш дайындау өнеркәсібінің қажеті үшін пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылық жерін колхоздарға, совхоздарға, басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және азаматтарға ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін уақытша пайдалануға бере алады, егер жерді бұлай пайдалану орман шаруашылығының мүддесіне сай келетін болса.

Мемлекеттік орман шаруашылығының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері орман шаруашылығының және орман өнеркәсібінің қажеттері үшін пайдаланылмайтын ауыл шаруашылық жерінің бар екені туралы деректерді және оларды ауыл шаруашылық мақсаттары үшін уақытша пайдалануға беру шарттарын мал жаю және шөп шабу жұмыстарын бастамастан бұрын халық депутаттарының аудандық және қалалық Советтерінің атқару комитетіне хабарлайды.

## *Алтыншы бөлім*
## МЕМЛЕКЕТТІК СУ ҚОРЫНЫҢ ЖЕРІ

### *XXXV тарау*
### МЕМЛЕКЕТТІК СУ ҚОРЫНЫҢ ЖЕРІ

182 - статья. **Мемлекеттік су қорының жері**

Мемлекеттік су қорының жері деп су қоймалары (өзендері, көлдері, тоғандары, каналдары, ішкі теңіздері, территориялық сулары және басқалары) бар, мұздақтары, гидротехникалық және басқа да су шаруашылығы ғимараттары бар жерлерді, сондай-ақ су қоймалары жағалауларының бойынан кесіп берілген тілкем жерге қорғау аймақтарына арнап бөлінген жерлерді және тағы сондай жерлерді айтады.

Жерді мемлекеттік су қорына жатқызу оны жер пайдаланушыдан алып қоюға әкеп соқтырмайды.

Су қоймалары жағалауындағы тілкемге кесіп берілген жер, сондай-ақ қорғау аймағының бірінші поясына енгізілген жер, жер пайдаланушылардан алынады. Мемлекеттік су қорының басқа жері тиісті жер пайдаланушылардан осы Кодекстің 186-статьясына сәйкес пайдалануға жер учаскелері берілген реттерде ғана алынады.

183-статья. **Су қоймалары жағалауларының бойындағы тілкем жерлер**

Қеме жүзетін немесе сал ағызатын маңызы бар табиғи және жасанды су қоймалары жағалауларының бойынан, сондай-ақ магистральдық суару, суландыру және құрғату каналдары жағалауларының бойынан тілкем жерге арнап жер учаскелері бөлінеді.

Қалалар мен басқа елді мекендердің жерінде, сондай-ақ бау-бақша, жүзім шаруашылықтары және басқа да құнды ағаш өсіріліп отырған жерде тілкем жер белгіленбейді.

Тілкем жерге арналған жер учаскелеріне ортақ пайдалануда қалдырылады, немесе суды пайдалануға байланысты арнаулы міндеттерді жүзеге асыру үшін тиісті кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге беріледі.

184-статья. **Мемлекеттік су қоры жеріндегі қорғау аймақтары**

Гидротехникалық, су алу және қорғау ғимараттарының төңірегінде, ауыз сумен және техникалық сумен жабдықтау көздерінің қасында оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету мақсатымен екі және одан да көп поястан тұратын қорғау аймақтарына арнап жер учаскелері бөлінеді.

Қорғау аймағының бірінші поясына кірген жер учаскелері қарамағында күзетілетін объектісі бар кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің пайдалануына беріледі.

Аймақтың басқа поястары шеңберіндегі жерді пайдалануға Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін арнаулы Ережеге сәйкес шек қойылады.

185-статья. **Мемлекеттік су қорының жерін пайдалануға беру**

Мемлекеттік су қорының жерлері арнаулы міндеттерді — транспорттық немесе энергетикалық міндеттерді орындау үшін, шаруашылықты сумен, халықты ауыз сумен жабдықтау үшін, ауыл шаруашылығын, орман, балық және аң шаруашылығын жүргізу үшін мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге пайдалануға беріледі.

Мемлекеттік су қорының жерлерін пайдалануға беру осы Кодекстің 11, 12, 17—19-статьяларында белгіленген тәртіппен, суларды пайдалану және қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік органдармен келісіп жүргізіледі.

186-статья. **Мемлекеттік су қоры жерін пайдалану тәртібі**

Мемлекеттік су қоры жерін пайдалану тәртібі ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді.

## *Жетінші бөлім*
## МЕМЛЕКЕТ ЗАПАСЫНДАҒЫ ЖЕР

### *XXXVI тарау*
### МЕМЛЕКЕТ ЗАПАСЫНДАҒЫ ЖЕР

187-статья. **Мемлекет запасындағы жер**

Жер пайдаланушыларға мерзімсіз және ұзақ мерзімге пайдалану үшін берілмеген барлық жер мемлекет запасындағы жер болып табылады.

Мемлекет запасындағы жер халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттеріиің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің осы Кодекстің 13, 16—18 статьяларында көрсетілген компетенциясына сәйкес олардың қарауына жатады.

188-статья. **Мемлекет запасындағы жерді пайдалануға беру**

Мемлекет запасындағы жер осы Кодекстің 13-26-статьяларында белгіленген тәртіппен колхоздарға, совхоздарға, мемлекеттік. кооперативтік, қоғамдық басқа да кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге, сондай-ақ азаматтарға үнемі немесе уақытша пайдалануға беріледі.

## *Сегізінші бөлім*
## МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕР ҚАДАСТРЫ

### *XXXVII тарау*
### МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕР ҚАДАСТРЫ

189-статья. **Мемлекеттік жер кадастры және оның құрамды бөліктері**

Жер қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік жер кадастры жүргізіледі, жер кадастрында жердің табиғи, шаруашылық және праволық ережелері туралы сенімді әрі қажетті мәліметтер жиналады.

Мемлекеттік жер кадастрына жер пайдалануды тіркеу, жердің саны мен сапасының есебі, топырақтың сапасын айыру және жерге экономикалық баға беру жөніндегі деректер кіреді.

190-статья. **Мемлекеттік жер кадастрының мақсаты**

Мемлекеттік жер кадастрының деректері жерді тиімді пайдалануды және жерді қорғауды ұйымдастыру, халық шаруашылығын жоспарлау, ауыл шаруашылық өндірісін орналастыру және арнаулы кәсіпке бейімдеу, жерді мелиорациялау және ауыл шаруашылығын химияландыру, сондай-ақ жерді пайдалануға байланысты басқа да халық шаруашылығы шараларын жүзеге асыру мақсатына қызмет етеді.

191-статья. **Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібі**

Жер кадастры мемлекет есебінен ССР Одағы үшін бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің тәртібін, кадастр документтерінің түрін, кадастр деректерін анықтау мен жаңартудың мерзімін ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздеріне сәйкес СССР Министрлер Советі белгілейді.

## *Тоғызыншы бөлім*

## МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ

### *XXXVIII тарау*

### МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ

**192 - статья. Мемлекеттік жерге орналастырудың міндеттері**

Жерге орналастыру міндеттері мемлекеттік органдардың жерді пайдалану саласындағы шешімдерін жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік шаралардың жүйесін қамтиды.

Мемлекеттік жерге орналастырудың міндеттері жерді неғұрлым толық, ғылымн негізде, ұтымды әрі тнімді пайдалануды ұйымдастыру, егіншілік мәденнетін арттыру және жерді қорғау болып табылады [1].

**193 - статья. Жерге орналастыру жұмыстарын жүзеге асыратын органдар**

Жерге орналастыру жұмыстарын мемлекеттік жерге орналастырушы органдар жүзеге асырады.

**194 - статья. Жерге орналастыру әрекеттері**

Жерге орналастыру мынадай жерге орналастырудың әрекеттерін қамтнды:

1) жердің аттамалылығын және жердің орналасуындағы басқа да қолайсыздықтарды жоя отырып, пайдаланылатын жаңадан жер пайдалануды құру, сондай-ақ бұрыннан қолданылып келе жатқан жер пайдалануды тәртіпке келтіру; жерді пайдалану шекараларын дәлдеу және өзгерту [1];

2) экономнкалық жағынан негізделген ауыспалы егіс тәртібін енгізу және барлық басқа ауыл шаруашылық жерлерін (шабындықтарды, жайылымдарды, бауларды және басқаларын) орналастыру арқылы колхоздардың, совхоздардың және басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің территорнясын шаруашылықтың өз ішінде ұйымдастыру, сондай-ақ топырақтың эрозиясына қарсы күрес жүргізу жөніндегі шараларды белгілеу;

3) ауыл шаруашылығына және басқа да халық шаруашылығына арнап игеру үшін жаңа жерлерді анықтау;

4) жер учаскелерін кесіп беру және алып қою;

5) қаланың шегін, поселкенің шегін және селолық елді мекендердің шегін белгілеу және өзгерту;

6) топографня-геодезнялық, топырақ, геоботаникалық және басқа зерттеу және іздестіру жұмыстарын жүргізу.

**195 - статья. Жерге орналастыру жұмыстарының түрлері**

Жерге орналастыру өзінің міндеттері мен мазмұны жағынан шаруашылық аралық және ішкі шаруашылық болып екі түрге бөлінеді.

Шаруашылық аралық жерге орналастыру — осы Кодекстің 194-статьясының 1, 3, 4, 5, 6-пункттерінде көрсетілген жерге орналастыру әрекеттерін қамтиды.

Ішкі шаруашылықты жерге орналастыру — осы Кодекстің 194-статьясының 2, 3 және 6-пункттерінде көрсетілген жерге орналастыру әрекеттерін қамтиды.

---

[1] 192-статьяның екінші бөлігіне және 194-статьяның 1-пунктіне 1980 ж. 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

196 - с т а т ь я. **Жерге орналастыру документтері**

Жерге орналастыру жұмысы барысында жерге орналастыру жобалары, сондай-ақ осы Кодекстің 23 және 24-статьяларында көрсетілген жер пайдалану правосының документтері жасалады.

Сонымен қатар, жерге орналастыру кезінде топырақ, геоботаникалық, агрохимиялық карталар және басқа документтер жасалады.

197 - с т а т ь я. **Жерге орналастыруды мемлекет есебінен жүргізу**

Жерге орналастыру, жобалау-іздестіру, суретке түсіру және зерттеу жұмыстарын қоса, мемлекет есебінен жүргізіледі.

## *XXXIX тарау*
## ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ПРОЦЕСІ

198 - с т а т ь я. **Жерге орналастыру процесінің кезеңдері**

Жерге орналастыру жұмыстары мынадай ретпен жүргізіледі:
жерге орналастыру ісін қозғау;
дайындық жұмыстары;
жерге орналастыру жобасын жасау;
жерге орналастыру жобасын қарау және бекіту;
жерге орналастыру жобасын нақты жердің өзіне түсіру;
жерге орналастыру документтерін ресімдеу және жер пайдаланушыларға беру.

199 - с т а т ь я. **Жерге орналастыру ісін қозғау**

Жерге орналастыру ісін халық депутаттарының тиісті Советтерінің атқару комитеттері, немесе мемлекеттік жерге орналастыру органдары қозғайды, сондай-ақ ол мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомостволардың және жер пайдаланушылардың заявкасы бойынша қозғалады.

200 - с т а т ь я. **Дайындық жұмыстары**

Дайындық жұмыстарын жүргізетін кезде жерге орналастыруға қатысушылардың құрамы белгіленеді, нақты жер пайдалану праволық негіздерге сай келетіндігі тексеріледі, жерге орналастыруға қатысушылардың, сондай-ақ мүдделі ұйымдар мен мекемелердің тілектері анықталады және басқа материалдары тексеріледі, қажет болған реттерде қосымша далалық зерттеу жүргізіледі [1].

201 - с т а т ь я. **Жерге орналастыру жобасын жасау**

Жерге орналастыру жобасы мүдделі жер пайдаланушылардың қатысуымен жасалады. Жер пайдаланушылардың өкілдері жерге орналастыру жобасын жасаушыларға өздерінің тілектері мен ұсыныстарын айтуға правосы бар.

Жобаны жасау барысында шешілмеген талаптар жобаны қараған және бекіткен кезде шешіледі.

202 - с т а т ь я. **Жерге орналастыру жобасын қарау және бекіту**

Колхоздарда жерге орналастыру жобасы — колхоз мүшелерінің жалпы жиналыстарында немесе уәкілдердің жиналыстарында, совхоз-

---

[1] 200-статьяға 1980 жылғы 17 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 44).

дар мен басқа кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде — өндірістік кеңестерде талқыланады.

Мүдделі жер пайдаланушылар қараған жерге орналастырудың барлық жобасы ол жоба бекітілгенге дейін бағынысына қарай тністі жоғары тұрған органмен келісіледі, ал совхоздар және одақ пен республикаға бағынатын басқа кәсіпорындар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің тністі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және ведомстволарымен келіседі.

Ішкі шаруашылықты жерге орналастыру жобасын ол жоба белгіленген тәртіппен келісілгеннен кейін халық депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті қарап, бекітеді.

Жерге орналастырудың шаруашылық аралық жобасын мыналар бекітеді:

а) халық депутаттарының селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті — осы Кодекстің 13-статьясында сол Совет үшін белгіленген праволардың шеңберінде пайдалануға жер кесіп беру жобасын;

б) халық депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті — осы Кодекстің 16-статьясында өзіне берілген праволардың шеңберінде жер кесіп беру туралы жобаларды;

в) халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті — жердің орналасуындағы аттамалылықты және басқа да қолайсыздықтарды жоя отырып, қазіргі қолданылып жүрген жер пайдалануды тәртіпке келтіру мақсатымен жасалған жерге орналастыру жобасын, қалалардың, жұмысшы поселкелерінің және селолық елді мекендердің шегін (шегін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекітетін қалалардың жобаларынан басқа) өзгертуді белгілеу жөніндегі жерге орналастыру жобасын, сондай-ақ осы Кодекстің 17-статьясында белгіленген өздеріне берілген праволар шеңберінде жерді беру және алу туралы жобаны;

г) Қазақ ССР Министрлер Советі — жерге орналастырудың басқа барлық жобасын бекітеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жерге орналастырудың кез келген жобасын қарай алады және бекітеді.

### 203 - статья. Жерге орналастыру жобасын нақты жердің өзіне түсіру

Жерге орналастыру жобасын ол жоба бекітілгеннен кейін жер пайдаланудың шекаралары белгіленген үлгідегі меже белгілермен көрсетіліп, мемлекеттік жерге орналастыру органдары нақты жердің өзіне түсіреді.

### 204 - статья. Жерге орналастыру документтерін беру

Жерге орналастыру жобасын нақты жердің өзіне түсіргеннен кейін жер пайдаланушыларға мемлекеттік акт беріледі немесе уақытша жер пайдалану правосын көрсететін акт ішкі шаруашылықты ұйымдастыру территориясының жобасы мен жоспары беріледі.

### 205 - статья. Жерге орналастыру жобаларын жүзеге асыру

Жерге орналастырудың жобасын нақты жердің өзінде түсіруді орындау тністі жер пайдаланушыларға жүктеледі.

Жобалардың орындалуына бақылау жасауды мемлекеттік жерге орналастыру орындары жүзеге асырады.

206 - статья. **Территорияны шаруашылық ішінде ұйымдастырудың ауыл шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері үшін міндеттілігі**

Жерге орналастыру тәртібімен белгіленген территорияны шаруашылық ішінде ұйымдастыру колхоздар, совхоздар және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары үшін міндетті болып табылады.

## *Оныншы бөлім*
## ЖЕР ДАУЛАРЫН ШЕШУ

### *XL тарау*
### ЖЕР ДАУЛАРЫН ШЕШУ

207 - статья. **Жер дауын шешетін мемлекеттік басқару органдары**

Колхоздар, совхоздар, басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және азаматтар арасындағы жер дауларын Қазақ ССР заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақ ССР Министрлер Советі, халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері шешеді.

208 - статья. **Жер дауларын шешу жөніндегі мемлекеттік басқару органдарының компетенциясы**

Мемлекеттік басқару органдарына қарасты жер дауларын мыналар шешеді:

а) әртүрлі облыстардағы колхоздар, совхоздар, басқа да жер пайдаланушылар арасындағы дауларды — Қазақ ССР Министрлер Советі;

б) облыстың әртүрлі аудандарындағы колхоздар және басқа да жер пайдаланушылар арасындағы дауларды — халық депутаттарының облыстық Советтерінің атқару комитеттері;

в) ауданның колхоздары, совхоздары және басқа да жер пайдаланушылар арасындағы дауларды — халық депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттері;

г) осы Кодекстің 217-статьясында көрсетілген даулардан басқа қала, жұмысшы поселке шеңберіндегі жер пайдаланушылардың арасындағы дауларды — халық депутаттарының қалалық, поселкелік Советтерінің атқару комитеттері;

д) осы Кодекстің 217-статьясында карсетілген даулардан басқа тністі Совет территориясындағы азаматтар арасындагы дауларды халық депутаттарының селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері шешеді.

209 - статья. **Жер дауы жөнінде іс қозғау**

Жер дауы жөніндегі іс — халық депутаттарының жергілікті Советінің атқару комитеті немесе Қазақ ССР Министрлер Советі мүдделі жер пайдаланушыдан арызды алған күні қозгалады (басталады).

210 - статья. **Жер дауы жөніндегі істі қарау мерзімдері**

Жер дауы жөніндегі істі — халық депутаттарының жергілікті Советінің атқару комитеті отыз күннен аспайтын мерзім ішінде, ал Қазақ ССР Министрлер Советі — қырық бес күннен аспайтын мерзімнің ішінде қарайды.

**211 - статья. Жер дауы жөніндегі істі қарағанда тараптардың қатысуы**

Жер дауы жөніндегі іс мүдделі тараптардың қатысуымен қаралады, олардың: жер дауы жөніндегі материалдармен танысуға және бұлардан көшірме алуға; документтер және басқа да дәлелдер тапсыруға; өтініштер жасауға, ауызша және жазба түрде түсініктер беруге, екінші тараптың дәлелдері мен өтініштеріне қарсы дау айтуға правосы бар.

Тараптарға дауды қараудың уақыты және орны туралы тиісінше хабарлануы тиіс. Егер тараптардың біреуі келмей қалған ретте, егер одан өзі жоқта істі қарай беру туралы өтініш түспеген болса, істі қарау кейінге қалдырылады.

Тараптардың екінші рет шақырғанда дәлелсіз себептермен келмей қалуы жер дауын қарауды және бұл жөнінде шешім қабылдауды тоқтата алмайды.

Қажет болған реттерде жер дауы жөнінде істі қарау үшін дау жөнінде қорытынды берген мекеменің өкілі шақырылады.

**212 - статья. Жер дауы жөніндегі шешімді хабарлау**

Жер дауы жөнінде қабылданған шешім, оны қабылдағаннан кейін тараптарға хабарландырылуға тиіс.

**213 - статья. Жер дауы жөніндегі шешімге шағым беру**

Жер дауында тараптардың бірі болған жер пайдаланушы, немесе оның өкілі халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің шешіміне тиісінше жоғары тұрған Советтің атқару комитетіне немесе Қазақ ССР Министрлер Советіне шағым беруге праволы.

Шешім біржола тараптарға тапсырылған күннен бастап он күн мерзімнің ішінде оған шағым беруге болады.

**214 - статья. Жер дауы жөніндегі шешімге берілген шағымды қарайтын органдардың өкілдігі**

Халық депутаттарының жергілікті Советінің атқару комитеті немесе Қазақ ССР Министрлер Советі жер дауы жөнінде шешімге берілген шағымды қарап, мыналарды шешуге правосы бар:

шешімді өзгертпей қалдыруға;

шешімнің күшін жойып, жер дауы жөніндегі істі жаңадан қайта қарау үшін кері қайтаруға;

шешімнің күшін жойып, дау жөнінде жаңа шешім қабылдауға;

шешімді өзгертуге правосы бар.

**215 - статья. Жер дауы жөніндегі шешімді орындау**

Жер дауы жөніндегі шешім оны орындаудың мерзімін белгілеуге тиіс. Шешімге шағым берілуі оның орындалуын тоқтатады, бұл ретте де шағым бойынша қабылданған шешіммен белгіленген мерзім қолданылады.

Жер дауы жөніндегі шешімді, егер шешімде оны орындайтын басқа орган көрсетілмесе, мемлекеттік жерге орналастыру органдары орындайды.

**216 - статья. Бір одақтас республика кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің басқа бір одақтас республиканың территориясындағы жерді пайдалану мәселелері жөніндегі дауларын шешу**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздеріне сәйкес Қазақ ССР-інің колхоздарының, совхоздарының, басқа

да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің басқа одақтас республиканың территориясынан жер пайдалану жөніндегі дауларын, сондай-ақ басқа одақтас республикалардың колхоздарының, совхоздарының, басқа да мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің Қазақ ССР-інің территориясынан жер пайдалану мәселелері жөніндегі дауларын мүдделі одақтас республикалардың өкілдеріиен тең негізде құрылатын комиссия қарайды. Егер комиссия келісілген шешімге келе алмаған ретте, жоғарыда аталған мәселелер жөніндегі дауды СССР Министрлер Советі қарайды.

**217 - статья. Ортақ жер учаскелерін пайдалану туралы, жеке үйлерді бірге иемденушілердің арасындағы дауларды шешу**

Қалалардың, жұмысшы поселкелерінің жерлеріндегі және селолық, елді мекендерде халық депутаттарының селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері кесіп берген жер учаскелеріндегі жеке үйлерді бірге иемденушілердің арасындағы ортақ жер учаскелерін пайдалану туралы дауларын сот қарайды.

**218 - статья. Жер қатынастарына байланысты мүліктік дауларды шешу**

Жер қатынастарына байланысты мүліктік даулар ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

## *Он бірінші бөлім*

## ЖЕР ЗАҢЫН БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

### *XLI тарау*

### ЖЕР ЗАҢЫН БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

**219 - статья. Мемлекеттік жерге меншік правосын бұзатын келісімдерінің заңды еместігі**

Жер учаскелерін сатып алу-сату, кепілге беру, мұра етіп қалдыру, сыйға тарту, арендаға беру, өз бетімен айырбастау және жерге мемлекеттік меншік правосын тікелей немесе бүркемелеп бұзатын басқа да келісімдер жасау заңсыз деп танылады.

**220 - статья Жер заңдарын бұзғандық үшін кінәлы адамдардың жауаптылығы**

Осы Кодекстің 219-статьясында көрсетілген келісімдерді жасаған кінәлы адамдар, сондай-ақ:

жер учаскелерін өз бетімен немденген;

жерді иесіздікпен пайдаланған және жерді еңбексіз табыс табу мақсатымен пайдаланған;

ауыл шаруашылығы жерлерін және басқа жерлерді бүлдірген, оларды өндіріс және басқа қалдықтармен және кір сулармен ластандырған;

жерді жақсарту және топырақты жел, су эрозиясынан және топырақтың жайын нашарлататын басқа да процестерден қорғау жөніндегі міндетті шараларды орындамаған;

уақытша пайдаланған жерді мезгілінде қайтарып бермеген немесе жерді тиісті мақсатқа арнап пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамаған;

жер пайдалану шекарасының межелік белгілерін жойған;

жер учаскелерін берілген мақсаттарға сәйкес дұрыс пайдаланбаған;

ішкі шаруашылықты жерге орналастырудың белгіленген тәртіппен бекітілген жобасынан тністі рұқсат алмай ауытқыған;

топырақ қабатының құнарлылығын сақтау жөніндегі міндетті орындамаған;

арам шөптерді жою шараларын қолданбаған;

жерлерді өз бетімен бір категориядан екінші категорияға көшірген;

жерді пайдаланбай қалдырған;

өз бетімен пішен шапқан;

жерге (жыртылатын, шөп шабатын, мал жайылатын жерлерге және басқа учаскелерге) заңсыз билік жасаған;

өнеркәсіп өндірісі және ғылыми эксперименттер қалдықтарымен адамдардың денсаулығы мен өміріне және малға хауіп келтіретіндей етіп жерді уландырған адамдар,—

ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген тәртіппен қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартылады.

ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарында жер заңын бұзудың басқа түрлері үшін де жауаптылық белгіленуі мүмкін.

221 - статья. **Өз бетімен иемденген жерді қайтару**

Өз бетімен иемденген жер учаскелері заңсыз пайдаланылған уақытта жұмсалған шығыны өтелмей несіне қайтарылып беріледі.

Қайтарылған жер учаскелерін пайдалануға жарайтын күйге келтіру және өз бетімен салынған құрылыстарды бұзу жер учаскелерін өз бетімен иемденген кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың есебінен жүргізіледі.

Өз бетімен иемденген жер учаскелерін қайтару халық депутаттарының селолық, ауылдық, поселкелік, аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша жүргізіледі.

222 - статья. **Жер пайдалану ережелерін үнемі бұзғаны үшін жер учаскесін қайтарып алу**

ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген ретте, жер пайдалану ережелерін үнемі бұзуға жол беретін жер пайдаланушылардан дұрыс пайдаланылмай отырған жер учаскелері қайтарылып алынуы мүмкін.

Жер пайдалану ережелерін үнемі бұзғаны үшін жер учаскесін қайтып алу жер учаскесін берген органның қаулысы (шешімі) бойынша жүргізіледі.

223 - статья. **Жер заңдарын бұзғандықтан келтірілген зиянды өтеу**

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар жер заңдарын бұзу салдарынан өздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

## *Он екінші бөлім*
## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР

224 - статья. **Халықаралық шарттар**

Егер СССР-дің халықаралық шартында советтік жер заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Егер Қазақ ССР-інің халықаралық шартында Қазақ ССР-інің жер заңдарында көзделгендегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, Қазақ ССР-інің жер заңдары жөнінде де осындай тәртіп қолданылады.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР КОДЕКСІН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ**
**1971 жылғы 19 ноябрьдегі**
**УКАЗЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1971 ж., № 47)**

«Қазақ ССР-інің Жер кодексін бекіту туралы» Қазақ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі Заңына[2] (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1971 ж., № 30) сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Заңын Қазақ ССР-інің Жер кодексіне сәйкес келтіргенге дейін Қазақ ССР-інің Жер заңының қолданылып жүрген актілері егер олар Қазақ ССР-інің Жер кодексіне қайшы келмейтін болса, бұдан былай да қолданыла береді.

2. Қазақ ССР-інің Жер кодексі Кодекс күшіне енгізілгеннен кейін туған жер правосы қатынастарына, яғни 1972 жылдың 1 январынан бастап қолданылады.

1972 жылдың 1 январына дейін туған жер правосы қатынастары жөнінде Қазақ ССР-інің Жер кодексі осы Кодекс күшіне енгізілгеннен кейін туатын праволары мен міндеттерге, осы Указдың 3—6 статьяларында белгіленгеннен басқаларына қолданылады.

3. Қазақ ССР-інің Жер кодексіндегі ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер заңы Негіздерінде белгіленген ережелер Негіздердің тністі ережелері күшіне енгізілген кезден бастап қолданылады.

4. Қазақ ССР-інің Жер кодексі күшіне енгізілгенге дейін жер учаскелерін пайдалануға беру туралы шешім қабылданбаған өтініштер, Кодексте көрсетілген тәртіппен және шарттар сақталып, Кодекстің 13-18-статьяларында аталған органдар арқылы шешіледі.

Жер учаскелерін пайдалануға беру туралы немесе оларды алу туралы тністі органдардың өздерінің компетенциясы шеңберінде 1972 жылғы 1 январьға дейін қабылданған, бірақ Қазақ ССР-інің Жер кодексі күшіне енгізілгенге дейін орындалмаған шешімдері Кодекстің талаптарына сәйкес орындалуға жатады.

5. Жер учаскелерінде іздестіру жұмыстарын жүргізу правосы 1972 жылдың 1 январына дейін алынған рұқсат бойынша рұқсат беру кезінде белгіленген мерзім біткенге дейін, ал рұқсат мерзімі көрсетілмей берілген кезде — Қазақ ССР-інің Жер кодексі күшіне енгізілген кезден бастап 1 жылдан аспайтын мерзімге сақталады.

6. Қазақ ССР-інің Жер кодексінің күшіне енгізілуіне байланысты жер учаскелерін беру жөніндегі компетенциясы өзгеретін органдар 1972 жылдың 1 январына дейін жер учаскелерін берген реттерде, Кодекстің 10-статьясының төртінші бөлігінде көзделінген жер учаскелерін уақытша пайдалану мерзімін ұзарту және Кодекстің 45-статьясында, 46-статьясының 1, 3, 4-пункттері мен екінші бөлігінде және 47-статья-

---

[1] 8-статья Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 45-бетті қараңыз.

сында көрсетілген жерді пайдалану правосын тоқтату Қазақ ССР-інің Жер кодексіне сәйкес осы жерлерді беру немесе алу правосы бар органдар арқылы жүргізіледі.

7. 1972 жылдың 1 январына дейін берілген үй іргесіндегі жер учаскелері мен бақшаға арналып берілген жер учаскелері бұрын қолданылып келген заңда көрсетілген мөлшерде сақталады.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ[1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1976 жылғы 4 августағы
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1976 ж., № 32)

24-статьяның бірінші бөлігі, 27-статья, 29-статьяның үшінші бөлігінің үшінші және бесінші пункттері, 31-статьяның бірінші бөлігі.

## МЕМЛЕКЕТТІК НЕМЕСЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЖЕТТЕР ҮШІН ЖЕР БӨЛГЕН КЕЗДЕ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ ШЫҒЫНЫН ӨТЕУ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1975 жылғы 24 январьдағы № 36
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 3, 17-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер бөлген кезде жер пайдаланушыларға келтірілген зиянды және ауыл шаруашылық өндірісінің шығынын өтеу туралы» 1974 жылғы 9 августағы № 636 қаулысын[3] орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық атқару комитеттері мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жер пайдалануды және ауыл шаруашылық жерлерін қорғауды одан әрі жақсартуға шаралар қолдануға ауыл шаруашылығына арналмаған немесе ауыл шаруашылығына жарамсыз жерлерді, не сапасы нашар ауыл шаруашылық жерлерін мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін бөлу, сондай-ақ колхоздардың, совхоздар мен басқа да жер пайдаланушылардың жерді пайдалануына бақылауды күшейту міндеттелсін.

2. Мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер учаскелерін пайдалануға беру туралы өтініштерді қозғау мен қарау тәртібі туралы осыған қосылған Ереже және Жерді уақытша пайдалануға право беретін Актінің формасы бекітілсін.

---

[1] 132-бетті қараңыз.

[2] 4, 7, 8 және 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3-пункт СССР Министрлер Советінің «Мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер бөлген кезде жер пайдаланушыларға келтірілген зиянды және ауыл шаруашылық өндірісінің шығынын өтеу туралы» 1974 ж. 9 августағы № 636 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

[3] СССР Заңдары жинағының 4-томын қараңыз.

5. Коллективтік бақтар мен огородқа арнап берілген жер учаскелерін, қызметтік жер үлестерін, сондай-ақ азаматтарға егістіктен берілген жер учаскелерін алып қойған немесе оларға уақытша орналасқан кезде жеміс-жидек ағаштарының құны Қазақ ССР Министрлер Советінің 1962 жылғы 7 августағы № 581 қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша анықталады.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттерінің, сондай-ақ жер учаскелерін алуға мүдделі Қазақ ССР-інің министрліктері мен мемлекеттік комитеттері, ведомстволарының ұсыныстары бойынша мемлекеттік-экономикалық және әлеуметтік жоспарларының жобаларында жаңа жерлерді игеруге және жаңадан игерілетін жерлердің құнарлылығын арттыру жөніндегі шараларды жүргізуге немесе қолда бар ауыл шаруашылық жерлерін жақсартуға байланысты жобалау-іздестіру және құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын «Ауыл шаруашылығы» саласы бойынша күрделі қаржының белгіленген көлемінен тыс, ауыл шаруашылық өндірісінің шығынын өтеуге арналған қаржының есебінен көздейтін болсын.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 жылғы 24 январьдағы № 36 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# МЕМЛЕКЕТТІК НЕМЕСЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЖЕТТЕР ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРДІ ҚОЗҒАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## I. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже жердің кімнің пайдалануында немесе қарауында екеніне қарамастан, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген реттерді қоспағанда барлық жерге қолданылады.

2. Жер учаскелерін пайдалануға беруге арналған материалдар жер учаскелері алып қойылатын жер пайдаланушылардың санына қарамастан тұтас объект үшін ресімделеді.

3. Жерді қолда бар объектілерді кеңейту үшін пайдалануға беруді ресімдеген кезде бұрын бөлінген жер учаскелерінің дұрыс пайдаланылуы, сондай-ақ бұзылған жерді рекультивациялау жөніндегі жұмыстың жайы тексеріледі.

Пайдалы қазбаларды ашық әдіспен алуға жерді қосымша беру, әдетте, бұрын берілген жер учаскелерін шаруашылық үшін пайдалануға жарамды күйге келтіргеннен және оларды бұрынғы жер пайдаланушыларға акт бойынша қайтарғаннан кейін жүргізіледі.

4. Өздеріне бұрын берілген жерді рекультивациялау, жер пайдаланушыларға келтірілген зиянды және ауыл шаруашылық өндірісінің шығынын өтеу жөніндегі өз міндеттерін белгіленген мерзімдерде орындамаған кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға жер қайта бөлінбейді.

5. Қалалардың, жұмысшы поселкелері мен аудан орталықтарының бас жоспарлары жобалаудың бастапқы кезеңінде ауыл шаруашылығына арналған жерлер мен мемлекеттік орман қорының жерінен жер алудың перспективасы жайлы бөлігі жөнінде Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қазақ ССР Орман шаруашылығы министр-

лігімен (мемлекеттік орман қорының жеріне орналасқан ретте), ал қалған елді мекендердің жоспарлары облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларымен (облыстық совхоздар өндірістік басқармаларымен) және облыстық атқару комитеттерінің орман шаруашылығы және орман қорғау басқармаларымен (мемлекеттік орман қорының жеріне орналасқан ретте) келісіліп алынады.

6. Колхоздардың, совхоздар мен басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жерлерін пайдаланушылардың құрамына енбейтін қалалардың, жұмысшы поселкелерінің және селолық елді мекендердің жерінен жер учаскелерін бөлу туралы мәселелерді халық депутаттары қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері Қазақ ССР Жер кодексінің 13—15-статьяларына[1] сәйкес, Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген тәртіп бойынша шешеді.

## II. Объектілер орналасатын жер мен алып қоюы белгіленген алаңның шамаланған мөлшерін алдын ала келісудің тәртібі

7. Өздеріне қаланың (поселкенің) шеңберінен тыс жерден жер учаскелерін пайдалануға алуға мүдделі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар облыстық атқару комитетіне (сұралатын жер орналасқан жердегі) объект орналасатын орын мен жер учаскесін таңдап алуды келісу туралы өтініш жасайды.

Өтініште жер учаскесін сұрау мақсаты, тиісті органдардың объектіні салу не осы ауданда жер қойнауын қазу туралы шешімі және алып қоюы немесе уақытша орналасуы белгіленген жер учаскесінің шамаланған мөлшері көрсетіледі.

Пайдалы қазбалар өндіруді келісу туралы өтінішке «Госгортехнадзордың» қорытындысы, кен орнын бөлу жайлы актінің көшірмесі немесе одан үзінді қоса беріледі.

8. Облыстық атқару комитеті бес күн мерзім ішінде өтінішті қарайды және қажетті алдын-ала іздестірулерді жүргізе отырып, объект орналасатын орынды белгілеу мен жер учаскесін таңдап алу жөніндегі жұмыстарды бастау туралы шешім қабылдайды.

9. Объект орналасатын орынды белгілеу СССР Мемлекеттік құрылыс комитетінің 1969 жылғы 28 ноябрьдегі № 129 қаулысымен[2] бекітілген өнеркәсіп құрылысына арналған жобалар мен сметаларды әзірлеу жөніндегі Уақытша нұсқауға (СН 202—69), кейінгі өзгерістер мен толықтыруларға және жер заңдарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Объект орналасатын орынды алдын-ала келісудің материалдарын заказшы жобалау ұйымының, аудандық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасының (аудандық совхоздар тресінің) жерге орналастырушы бас (аға) инженерінің — жер пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік аудандық инспектордың, «Қазгипрозем» және «Целингипрозем» институттары ұйымдарының қатысуымен әзірлейді. Мұнда мыналар ескеріледі:

агрономиялық-шаруашылық, топырақ және геоботаникалық зерттеулердің материалдары, жерді перспективалы пайдалану схемалары; объектіні мемлекет запасындағы және ауыл шаруашылығына арналмаған, ауыл шаруашылығы үшін жарамсыз жерлерге, не сапасы нашар ауыл шаруашылық жерлеріне, сондай-ақ орман өспеген алаңдарға не-

---

[1] 50-бетті қараңыз.

[2] СССР Мемлекеттік құрылыс комитетінің 1981 ж. 25 августағы № 159 қаулысымен кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттар құрылысына арналған жобалар мен сметалардың құрамы, жасалу, келісу және бекіту тәртібі туралы жаңа Нұсқау бекітілген (СН 202-81).

месе бұталар мен онша құнды емес ағаштар өскен алаңдарға орналастыру мүмкіндігі; жерді эрозиялық процестерге, батпақтану мен сорлануға ұшыратпау қажеттігі.

Ауыл шаруашылық жерлеріне өнеркәсіп объектілері мен коммуникацнялар колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының өздерінде қалатын жерді пайдалануға қолайсыздық тудырмайтындай етіп орналастырылуға тиіс.

Объектіні орналастыру үшін жер учаскелері бірнеше варнантта таңдап алынады және оптнмалды варианты ұсынылады. Таңдап алынған жер учаскелерінің шекаралары тиісті шаруашылықтың жер пайдалану жоспарының (шаруашылық ішінде жерге орналастыру жоспарының) көшірмесіне түсіріледі. Жоспардың көшірмесінде ауыл шаруашылығынан басқа қажеттерге бұрын бөлінген, сондай-ақ шаруашылық ішіндегі құрылысқа бөлінген барлық учаскелердің шекаралары көрсетіледі. Әрбір вариант бойынша таңдап алынған учаскенің жалпы көлемі мен жердің құрамы анықталады. Жоспардың көшірмесіне жерге орналастырушы бас (аға) инженер, шаруашылықтың басшысы және мүдделі кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның өкілі қол қояды.

Жер учаскелерін таңдап алу материалдарына мыналар қоса беріледі:

жердің алынып қоюы немесе оларға уақытша орналасу белгіленуіне байланысты жер пайдаланушыларға келтірілген зиянның болжалды сомасын және ауыл шаруашылық өндірісінің шығынын есептей отырып, объектіні орналастырудың неғұрлым орынды вариантын салыстыруға және таңдауға арналған экономикалық есептер;

тиісті территориялық геологиялық басқарманың[1] таңдап алынған учаскеде пайдалы қазбалардың жоқ екені туралы анықтамасы, ал қазбалар болған ретте осы учаскеде құрылыс салуға «Госгортехнадзор» органдарының рұқсаты.

10. Жер алуға мүдделі кәсіпорын, мекеме, ұйым жер учаскесін таңдаудың материалдарын (қорытынды түрінде) жер учаскесін алып қоюы белгіленген тиісті жер пайдаланушымен, аудандық атқару комитеті мен облыстық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармаларымен (аудандық совхоздар тресімен және облыстық совхоздар өндірістік басқармасымен), облыстық атқару комитетінің орман шаруашылығы және орман қорғау басқармасымен (егер құрылыс салу мемлекеттік орман қоры жерінде белгіленетін болса), аудандық атқару комитетімен, жер пайдаланушы бағынатын министрлікпен, мемлекеттік комитетпен немесе ведомствомен және белгіленетін жер бөлудің өз мүдделеріне қатысы болатын басқа мекемелермен, ұйымдармен келісіп алады және бұл матерналдар облыстық атқару комитетіне жіберіледі.

11. Облыстық атқару комитеті объект орналасатын орын мен алып қоюы немесе оған уақытша орналасу белгіленген жер учаскесінің шамаланған мөлшерін келісу туралы осы Ереженің 7—10-пункттерінде көрсетілген материалдарды, сондай-ақ облыстың жерін пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспектордың сол материалдар жайындағы қорытындысын 10 күн мерзім ішінде қарайды және бұл мәселе жөнінде шешім қабылдайды.

12. Өнеркәсіптік және басқа объектілерді кейіннен тұрақты пайдалануға алып қойылатын суармалы, егістік жерге, жалпы көлемі 3 гектардан асатын көп жылдық жеміс ағаштары мен жүзімдік егілген жерлерге немесе көлемі 25 гектардан асатын бірінші топтағы ормандарға орналастыру қажет болған кезде облыстық атқару комитеті осы Ере-

[1] Қазіргі кезде өндірістік геологиялық бірлестіктер.

женің 7—11-пункттерінде көрсетілген материалдарды (суғару және құрғату каналдарын, темір және автомобиль жолдарын, электр қуаты берілетін және байланыс линяларын, құбырлар мен басқа да линиялық ғимараттарды қоспағанда) Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына жолдайды.

13. Қазақ ССР Министрлер Советінің, облыстық атқару комитетінің объект орналасатын орын мен алып қоюы белгіленген алаңның шамаланған мөлшерін алдын ала келісу туралы шешімі (тнісінше) жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізуге негіз болып табылады.

Объект орналасатын орын мен алып қоюы белгіленген алаңның мөлшерін алдын ала келісу үш жыл бойына күшінде болады. Көрсетілген мерзімді объект орналасатын орынды келісу туралы шешім қабылдаған орган ұзарта алады.

Қазақ ССР Министрлер Советінің, облыстық атқару комитетінің объект орналасатын орынды келісу туралы шешімі жер учаскесін құрылыс салу немесе басқаша пайдалану үшін алуға негіз болып табылмайды.

Бөлуге арналған жер учаскелеріне күрделі қаржыны объект орналасатын орынды бекіткен органның келісімінсіз жұмсауға жерін бөлу белгіленген жер пайдаланушыларға рұқсат етілмейді.

14. Бөгендер орналасатын орын мен су толтырылатын жердің шамаланған мөлшері гидротехникалық ғимараттар құрылысын техникалық-экономикалық негіздеу кезеңінде осы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша алдын-ала келісіледі.

15. Санаторий-курорт мекемелері мен тыныңу мекемелері орналасатын орын туралы мәселе СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 5 сентябрьдегі № 654 [1] қаулысымен бекітілген курорттар туралы Ережеге және осы Ережеге сәйкес шешілуге тиіс.

16. Жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізгенде жер учаскелерін алып қоюмен немесе оларға уақытша орналасумен жер пайдаланушыға келтірілетін знян, сондай-ақ ауыл шаруашылық өндірісінің шығыны анықталады.

Жер учаскелерін алып қоюға немесе оларға уақытша орналасуға байланысты жер пайдаланушыларға келтірілген зиян мен ауыл шаруашылық өндірісінің шығынын анықтау үшін халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері құрамында халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің мүшесі — председатель, жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік аудандық инспектор, аудандық (қалалық) атқару комитетінің финанс және тұрғын үй-коммуналдық бөлімдерінің, халық депутаттары селолық (поселкелік) Советінің, жерінен учаске алынатын немесе оган уақытша орналасатын жер пайдаланушының өкілдері, жер учаскесін алуға мүдделі кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның өкілі, сондай-ақ халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің қалауы бойынша басқа органдардың өкілдері бар бағалаушы комиссиялар құрады.

Жер пайдаланушыларға келтірілген зиянның және ауыл шаруашылық өндірісі шығынының өтелуге тиіс мөлшері, көрсетілген акт комиссиялардың жұмыс нәтижелері бойынша жасалады, оны халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті қарап, бекітеді.

---

[1] СП СССР, 1973 ж., № 20, 112-ст.

## III. Жер учаскелерін пайдалануға беру туралы өтінішті қозғау және қарау тәртібі

17. Құрылыс жобасы бекітіліп, оны жүзеге асыруға арнап қаржы бөлінгеннен кейін кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар жер учаскелерін пайдалануға беру туралы өтінішті құрылыс жобасын бекіткен органды, құрылысты жүзеге асыратын құрылыс ұйымын, жер учаскелерінің көлемін, кесілетін орман алаңын көрсете отырып, сұралатын жер орналасқан жердегі облыстық атқару комитетіне жолдайды.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

а) объектілер орналасатын жерді алдын ала келісудің осы Ереженің 7—16-пункттерінде көрсетілген материалдары;

б) құрылысты қаржыландыру туралы тиісті документтер;

в) жер пайдаланушыларға келтірілген зиян мен ауыл шаруашылық өндірісінің шығынын өтеуге, сондай-ақ уақытша орналасатын жер учаскелерін рекультивациялауға және жерді алып қоюымен немесе оған уақытша орналасумен байланысты басқа шығынның орнын толтыруға арналған қаржының бар екені туралы анықтама;

г) сұралатын учаскеде қалу кезегі жылдарға бөлініп көрсетілген құрылыстың барлық объектілерін орналастырудың бас жоспарының көшірмесі, ал линиялық ғимараттар үшін оларға бөлінетін жердің енін негіздейтін ұзына бойғы, типтік және елеулі көлденең профильдері және жерге орналасудың (тұрақты және уақытша пайдаланылатынын жекежеке көрсетіп) графигі;

д) жерді рекультивациялау жобасы (техникалық және биологиялық кезеңде) немесе құрылыс салғанда топырақ қабаты бұзылатын жер учаскелерінен топырақтың құнарлы қабатын алу, сақтау мен пайдалану жобасы;

е) егер учаскелер мемлекеттік орман қорының жерінен (соның ішінде колхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың ормандарынан) бөлінетін ретте орман топтарының шекараларын көрсете отырып, орман учаскелерін техникалық зерттеудің (орман шаруашылығы кәсіпорындарының қорытындысын қоса) актісі мен жоспары (чертежі).

18. Облыстық атқару комитеті жер учаскелерін беру туралы материалдарды 10 күн мерзім ішінде қарайды және оларды жерге орналастыру ісін әзірлеу үшін тиісті жерге орналастыру органдарына жолдайды.

Осы жұмыстарды орындау мерзімі кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның жерге орналастыру органдарымен жасасқан шартымен белгіленеді.

19. Жер учаскесін таңдау материалдары және оны натура түрінде зерттеу негізінде жерге орналастыру органдары жер учаскесін алып қоюдың және пайдалануға берудің жобасын жасайды.

Қажет болған кезде анағұрлым шағын масштабта картографиялық шолу материалы жасалады.

Жерге орналастыру ісінде осы Ереженің 17-пунктінде көрсетілген материалдардан басқа мына документтер болуы тиіс:

а) бөлуге белгіленген пайдалы жерлердің, ауыспалы егіс танаптарының, жер учаскелерінің шекараларын көрсете отырып, совхоздың, колхоздың немесе басқа жер пайдаланушының жерінің жоспары (шаруашылық ішінде жерге орналастыру жобасының чертежінің көшірмесі). Жоспарда ауыл шаруашылық жерлерінің орнына алынып, игерілетін немесе жақсартылатын жерлер көрсетіледі;

б) жерінен учаске алынатын шаруашылықтың жерінің және берілетін учаскесінің (учаскелердің) экспликациясы;

в) алып қойылған учаскелерден азаматтарды көшіру, қоғамдық үйлерді, ғимараттарды және азаматтардың үй-жайларын көшіру немесе оларды жаңадан салу қажеттігі туралы анықтама: онда оларды көшіретін орын, шаруашылықтардың (семьялардың) саны, қоныс аударудың шарттары және қоныс аударатын азаматтарға қандай жерлердің есебінен үй іргесіндегі учаскелер бөлінетіні көрсетіледі;

г) аудандық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасының (аудандық совхоздар тресінің) жерге орналастырушы бас (аға) инженерінің — жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік аудандық инспектордың қорытындысы.

20. Жер учаскесін пайдалануға беру жөніндегі жерге орналастыру ісі түсінік хатпен қоса мыналарға табыс етіледі; колхоздар бойынша — колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) қарауына, совхоздар, орман шаруашылықтары мен басқа шаруашылықтар бойынша — совхоз, орман шаруашылығы дирекциясына, шаруашылық басшылығына.

Колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) протоколында мыналар көрсетілуі тиіс;

а) протоколдың номері мен жиналыс өткен дата;

б) жалпы колхоз мүшелерінен (уәкілдерінен) жиналысқа қатысқан колхоз мүшелерінің (уәкілдерінің) саны;

в) жер учаскесі кімге, қандай қажет үшін және қаншa мерзімге (тұрақты немесе уақытша пайдалануға) беріледі;

г) жердің түрлері талдап көрсетілген учаскенің жалпы көлемі;

д) колхозға өтелуге тиіс зиянның мөлшері;

е) егер бөлінетін учаскеде халықты көшіру көзделсе, онда шаруашылықтардың саны, оларды көшіру, қоғамдық құрылыстар мен азаматтардың үйлерін көшіру шарттары, қоныстанатын орны мен осы азаматтарға қандай жердің есебінен үй іргесіндегі жаңа учаске берілетіні анықталады.

Совхоздар, орман шаруашылықтары мен басқа шаруашылықтар табыс ететін қорытындыларда осы пункттің «в»— «е» тармақтарында көзделген мәліметтер көрсетіледі.

21. Жер учаскелерін пайдалануға берудің материалдары колхоз мүшелерінің (уәкілдердің) жалпы жиналысының шешімімен немесе совхоз, орман шаруашылығы дирекциясының, басқа шаруашылықтар басшылығының қорытындысымен бірге қорытынды шығару үшін және халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің қарауына табыс ету үшін аудандық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасына (аудандық, совхоздар тресіне) табыс етіледі.

Бұл материалдарды қарағаннан кейін аудандық атқару комитеті жерге орналастыру ісін өз шешімімен бірге қорытынды шығару үшін және облыстық атқару комитетіне табыс ету үшін облыстық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасына (облыстық совхоздар өндірістік басқармасына) жолдайды.

22. Облыстық атқару комитеті жерге орналастыру ісін 2 апта мерзім ішінде қарап, жер учаскелерін беру туралы өз компетенциясына сәйкес шешім қабылдайды.

Жер учаскелерін беру туралы шешімді Қазақ ССР Министрлер Советі қабылдайтын реттерде облыстық атқару комитеті өз шешімін, Қазақ ССР Министрлер Советіне жазған баяндау хатын және жерге орналастыру ісін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолдайды.

23. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі қажет болған ретте бұл материалдарды мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен келісіп алып, өз қорытындысымен бірге Қазақ ССР Министрлер Советіне жолдайды.

## IV. Жер учаскесін пайдалануға берудің жерге орналастыру жобасын натураға түсіру және жерді есепке алатын документтерге өзгерістер енгізу

24. Жер учаскелерін пайдалануға берудің белгіленген тәртіп бойынша бекітілген жобасын учаске бөлінетін кәсіпорын, мекеме, ұйым өкілінің, жерінен учаске алынатын шаруашылық өкілінің қатысуымен және, қажет болған ретте, қосалқы жер пайдаланушылар өкілдерінің қатысуымен тек жерге орналастыру органдары ғана натураға түсіреді.

25. Пайдалануға берілген жер учаскесі белгіленген үлгідегі меже белгілерімен көрсетіліп, оларды жер пайдаланудың сыртқы шекараларымен немесе басқа тұрақты контурлар мен объектілерге ұштастыра отырып натура түріінде бекітіледі.

Жер учаскесін тікелей мақсатқа біртіндеп игерген кезде натурада, сондай-ақ учаскенің бірінші кезекте игерілетін бөлігінің шекарасы да анықталады.

26. Жерге орналастыру жобасын натураға түсіру жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін белгіленген форма бойынша үш дана етіп акт жасалады. Актіге учаске шекараларының натуралық өлшеулерімен және кескінімен бірге жер учаскесін бөлудің схемасы да қосылады.

Далалық өлшемдердің материалдары қосылған актінің бір данасы жер учаскелерін бөлу туралы іске тігіледі, актінің екінші данасы жерінен учаске алынатын шаруашылықтың өкіліне және үшінші данасы учаске берілетін кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға беріледі.

27. Аудандық және облыстық жерге орналастыру органдарының жер учаскелерін бөлуімен байланысты шаруашылықтың жер пайдалануында болатын өзгерістердің бәрі жерді пайдалану правосын беретін мемлекеттік актілерге, жерге орналастыру жоспарларына, аудандық кезекші карталарға және жерді есепке алатын басқа да документтерге енгізіледі.

28. Кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға жер беруді аудандық (қалалық) атқару комитеті оны өз мақсатына сәйкес игеруге қарай бірте-бірте жүргізеді.

## V. Жер учаскелерін пайдалануға право беретін документтерді дайындау және беру

29. Жер учаскелерін пайдалануға беру материалдары негізінде мемлекеттік жерге орналастыру органдары жерді пайдалануға право беретін мемлекеттік актіні белгіленген форма бойынша дайындайды, ал халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері оны жер учаскесі пайдалануға берілетін кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға береді.

30. Егер жер учаскесі жаңа жер пайдаланушыға бөлшектеліп (оны өз мақсатына сәйкес игеруіне қарай) берілсе, онда жерді пайдалануға право беретін актінің графикалық бөлігінде игеруге бірінші кезекте берілетін бөлік бейнеленеді.

Кезекті игеру үшін учаскелер (бөліктер) алуға арналған заявкаларды кәсіпорын, мекеме, ұйым халық депутаттары аудандық (қала-

лық) Советінің атқару комитетіне егіс жұмысы басталғанға дейін береді.

Мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жер учаскелерін бөлу туралы істер «Казгипрозем» және «Целингипрозем» институтының облыстық ұйымының «Геосельхозсправбюросында» сақталады.

## VI. Пайдалануға берілген жер учаскелерін қайтарып беру

31. Жер учаскесі берілген мерзім өткен соң немесе оның қажеті болмай қалған күнде, мұндай учаскелер өз мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтірілгеннен кейін, бұрын пайдаланып келген жерінен алып қойылған шаруашылықтарға қайтарылуға тиіс.

32. Қайтарылуға тиіс жер учаскесін құрамында халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің өкілі (комиссияның председателі), жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі аудандық мемлекеттік инспектор, жер берілген кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның өкілі, сондай-ақ учаске қайтарылатын шаруашылықтың өкілі бар комиссия натура түрінде тексереді.

Тексерудің нәтижелері учаскенің көлемі, оның қандай мақсатқа берілгені, оны рекультивациялау жұмыстарының жайы (топырақ қабаты бұзылған ретте) және оның бұдан былай қандай қажеттер үшін пайдаланылуға тиіс екені көрсетілген актімен ресімделеді.

33. Осы Ереженің 31-пунктінде көрсетілген реттерде кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жер пайдалану правосын тоқтатуды, сондай-ақ жерді бұрынғы пайдаланушыларына қайтаруды халық депутаттары аудандық Советінің атқару комитетінің ұсынысы бойынша халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті жүзеге асырады.

34. Жер учаскесінің қайтарылғанын жерге орналастырушы тиісті органдар жерді пайдалануға право беретін актілерде, жерді есепке алатын документтер мен тиісті шаруашылықтың жерге орналастыру жоспарларында сондай-ақ жерге орналастыру істерінде, аудандық кезекші карталарда және жерді есепке алатын басқа да документтерде көрсетеді.

## VII. Іздестіру жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты ресімдеу

35. Қазақ ССР Жер кодексінің 56-статьясына[1] сәйкес барлық жерде бір жылға дейінгі мерзімде геологиялық картаға түсіру, іздестіру, геодезиялық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алу үшін кәсіпорын, ұйым, мекеме облыстық атқару комитетіне мына материалдарды жібереді:

а) іздестіру жұмыстарын жүргізудің орны мен мерзімі, осы жұмыс жүргізілетін жердің көлемі, сондай-ақ іздестіру жұмыстары бұзатын жерді рекультивациялау тәртібі немесе құнарлы топырақ қабатын алу, сақтау мен пайдалану тәртібі көрсетілген заявканы;

б) іздестіру жұмыстарының бекітілген жоспарының көшірмесін және топогеодезиялық немесе геологиялық жұмыстар жүргізуге тиісті органдар берген рұқсатты;

в) іздестіру жұмыстары жүргізілетін мерзім мен орынды көрсете отырып, жерінде мұндай жұмыстар жүргізілетін колхоздың, совхоздың, орман шаруашылығының, кәсіпорын мен ұйымның келісімін;

---

[1] 60-бетті қараңыз.

г) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі аудандық мемлекеттік инспектордың қорытындысын;

д) іздестіру жұмыстарын жүргізуге аудандық атқару комитетінің келісімін;

е) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік бас инспектордың, облыстық атқару комитетінің орман шаруашылығы және орман қорғау басқармасының (егер іздестіру жұмыстары мемлекеттік орман қорының жерінде жүргізілетін болса) қорытындысын.

36. Облыстық атқару комитеті іздестіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат туралы материалдарды 10 күн мерзім ішінде қарап, тиісті шешім қабылдайды.

37. Осы Ереженің 35-пунктінде аталған жұмыстарды жүргізуші кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жер пайдаланушыға келтірілген зиянды өтеуге, сондай-ақ Қазақ ССР Жер кодексінің 57-статьясына [1] сәйкес өздері орналасқан учаскелерді тиісті мақсатқа пайдалануға жарамды күйге келтіруге міндетті.

---

[1] 61-бетті қараңыз.

*Актінің формасы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 жылғы 24 январьдағы № 36 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

**ЖЕРДІ УАҚЫТША ПАЙДАЛАНУҒА**
**ПРАВО БЕРЕТІН**
**АКТ**

**АКТ**
**НА ПРАВО ВРЕМЕННОГО**
**ПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЛЕЙ**

Актіні _____
(жер пайдаланушының аты және тұрған орны)

_____

_____

халық депутаттары _____ аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті берді. Аталған жер пайдаланушыға 19 ____ жылдың _____ _____ ынан (інен) 19 ____ жылдың _____ ына (іне) дейін _____ жер пайдаланудың жоспарына сәйкес оған уақытша пайдалануға мынадай шекарада _____ гектар, оның ішінде _____
(жер учаскелері алынатын жер

_____
пайдаланушылар, учаске көлемі, алқаптардың құрамы көрсетіледі)

Жер _____
(босаған учаскелерді пайдаланудың мақсаты, негізгі шарттары,

_____
рекультивациялау, жерді қайтару шарты, топырақтың құнарлы қабатын алу

_____ беріледі
мен пайдаланудың тәртібі т. с. с. көрсетіледі)

Акт выдан _____
(наименование землепользователя и его

_____
местонахождение)

_____

_____

исполнительным комитетом _____

районного (городского) Совета народных депутатов в том, что указанному землепользователю предоставляется во временное пользование сроком с _____ 19 ____ года по _____ 19 ____ года гектаров земли _____ в границах согласно плану землепользования, в том числе _____

_____
(указываются землепользователи, от которых изымаются

_____
земельные участки, площади участков, состав угодий)

Земля предоставляется _____
(указывается цель, основные условия пользо-

_____
вания, рекультивация освобождающихся участков, условия возврата зе-

_____
мель, порядок снятия и использования плодородного слоя почвы и т. п.)

## ШЕКАРАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

## ОПИСАНИЕ ГРАНИЦ

А-дан Б-ге дейінгі _____ жер
от А до Б с землями

Б-ден В-ге дейінгі _____ жер
от Б до В с землями

В-ден Г-ге дейінгі _____ жер
от В до Г с землями

Г-ден Д-ге дейінгі _____ жер
от Г до Д с землями

**Уақытша пайдалануға берілген жердің**

**ЖОСПАРЫ**

_____
(Жер пайдаланушының аты)

**ПЛАН**

**земель, предоставленных во временное пользование**

_____
(название землепользователя)

Масштаб

| |
|---|
| мөр орны<br>место для<br>печати |

Халық депутаттары _____

аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетінің председателі ____

_____

Председатель исполнительного комитета _____ районного

(городского) Совета народных депутатов _____

Аудандық бас (ага) жерге орналастырушы

Главный (старший) районный землеустроитель _____ _____

Жерді уақытша пайдалануға право беретін акт 19____ жылы _____ айының

_____ күні берілді.

Бұл акт екі дана жасалды: бірінші данасы жер пайдаланушыға беріледі, екіншісі халық

депутаттары _____

аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетінде сақталады.

Акт на право временного пользования землей выдан _____ дня _____

месяца _____ 19____ года

Настоящий акт составлен в двух экземплярах: первый экземпляр выдан землепользователю, второй — хранится в исполнительном комитете _____ районного (городского) Совета народных депутатов

Бұл жер пайдалану жер пайдалануды тіркейтін мемлекеттік кітапқа 19 ____ жылы _____ айының _____ күні _____ номермен жазылды.

Настоящее землепользование записано в государственной книге регистрации землепользований за № _____ дня _____ месяца 19 _____ года.

Аудандық бас (аға) жерге орналастырушы

Главный (старший) районный землеустроитель

Жерді уақытша пайдалануға право беретін актіге ТОЛЫҚТЫРУЛАР

ДОПОЛНЕНИЯ к акту на право временного пользования землей

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕР КАДАСТРЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 10 ИЮНЬДЕГІ № 501 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 18 июльдегі № 346 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. ССР Одағының және одақтас республикалардың жер заңдарының Негіздеріне[2] және Қазақ ССР-інің Жер кодексіне[3] сәйкес Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері жерлерді тиімді пайдалануды және оларды қорғауды, халық шаруашылығын жоспарлауды, ауыл шаруашылық өндірісін орналастыру мен мамандандыруды, жерлерді мелиорациялауды және ауыл шаруашылығын химияландыруды ұйымдастыру, сондай-ақ жерлерді пайдалануға байланысты басқа да халық шаруашылығы шараларын жүзеге асыру мақсатымен 1977 жылдан бастап мемлекеттік жер кадастрын (жер пайдалануды тіркеу деректерін, жерлердің көлемі мен сапасын есепке алуды, топырақты бонитировкалауды және жерлерді экономикалық тұрғыдан бағалауды қамтитын) жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыратын болсын.

---

[1] 2-пункттің екінші абзацы, 5, 6 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7-пункт СССР Министрлер Советінің «Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібі туралы» 1977 ж. 10 июньдегі № 501 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 4-томын қараңыз.

[3] 46-бетті қараңыз.

2. Облыстық атқару комитеттері мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мыналарды қамтамасыз ететін болсын:

(үшінші абзац) мемлекеттік жер кадастрына енгізілетін деректерді жүйелі түрде нақтылауды және жаңартып отыруды қамтамасыз ететін көлемдегі жерлерді аэро және топографиялық суретке түсіру жұмыстарын, жерлердің топырағын, геоботаникалық және басқа да зерттеулерді жүргізуді.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Финанс министрлігі экономикалық және әлеуметтік дамудың жылдық мемлекеттік жоспарларының жобаларында және республика бюджетінде кадастр документтемесін басып шығару үшін қажетті материалдық және ақша қаражаттарын бөлуді көздейтін болсын.

4. Облыстық атқару комитеттері облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларының штаттарына облыс бюджеті бойынша көзделген мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаржы шегінде жерлерді мемлекеттік есепке алу және жер кадастры жөніндегі бас инженер-инспектор лауазымын енгізетін болсын.

## § 2. ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

## ЖЕР ПАЙДАЛАНУҒА ПРАВО БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АКТІЛЕРДІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА БЕРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1975 жылғы 7 апрельдегі № 188
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҰЖ, 1975 ж., № 9, 38-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Жер пайдалануға право беретін мемлекеттік актілерді жер пайдаланушыларға беру туралы» 1975 жылғы 6 марттағы № 199 қаулысын[2] орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі:

жер пайдалануға право беретін мемлекеттік актілерді беруді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарға басшылық жасауды қамтамасыз етсін;

жер пайдалануга право беретін мемлекеттік актілерді беру уақытына, бұл қажет болған жерлерде, жер пайдалану мөлшерін нақтылау, жер пайдалану шекараларын ұзақ уақытқа төзетін меже белгілерімен бекіту жөніндегі жұмыстарды орындауды, сондай-ақ барлық жер пайдаланушылардың өздеріне берілген жерлерді тікелей өз мақсатына пайдалануын тексеруді ұйымдастырсын;

әрбір ауданда жер пайдаланудың аудандық картасын жүргізуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылыгы мннистрлігі жер пайдалануға право беретін мемлекеттік актілердің бланкілері мен олардың мұқабаларының қажетті мөлшерін жасап шығаруға заявкаларды жыл сайын 1 февральға дейін Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етіп отырсын.

4. Жер пайдалануга право беретін мемлекеттік актілерді беру жөніндегі жұмыстардың орындалуын бақылау Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚОСАЛҚЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 4 ДЕКАБРЬДЕГІ № 985 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[3]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 9 январьдағы № 7
ҚАУЛЫСЫ

3-пункттің үшінші абзацы

---

[1] 3-пункт СССР Министрлер Советінің «Жер пайдалануға право беретін мемлекеттік актілерді жер пайдаланушыларға беру туралы» 1975 ж. 6 марттағы № 199 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 4-томын қараңыз.

[3] 257-бетті қараңыз.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СӨВЕТІНІҢ «АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІН ӨНДІРУДІ МОЛАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 8 ЯНВАРЬДАҒЫ № 27 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 16 февральдағы № 70
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 5, 10-ст.)

10, 11-пункттер

## ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢДЫ БҰЗУШЫЛАРМЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 21 апрельдегі № 286
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1962 ж., № 19)

Рұқсатсыз құрылыстар жүргізушілікпен және құрылыс материалдарын ұрлаушылықпен күресті күшейту, республиканың қалаларында, жұмысшы поселкелерінде және аудан орталықтарында тұрғын үй құрылысы ісіне тиісті тәртіп орнату мақсатымен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Халық депутаттары облыстық, қалалық, аудандық және поселкелік Советтерінің атқару комитеттеріне жеке тұрғын үй құрылысы туралы заңның қатаң орындалуын қамтамасыз ету және жерді заңсыз пелену, онда құрылыстар жүргізу, сол сияқты құрылыс материалдарын ұрлау фактілеріне қарсы күресті батыл күшейту жөнінде қажетті шаралар қолдану міндеттелсін.

2. Барлық кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және азаматтарға Қазақ ССР-інің қалаларында, жұмысшы поселкелерінде және аудан орталықтарында мемлекеттік-архитектуралық құрылыс бақылау органдарына құрылыстарды тіркетпейінше, ал жеке құрылыстарды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық органдарына тіркетпейінше құрылыс жұмыстарын бастауға тыйым салынсын.

3. Құрылыстар жүргізуге, тағы басқа қажеттерге жер учаскелерін бөлу ісі қаланы, жұмысшы поселкесін және аудан орталығын жоспарлаудың жобасына немесе схемасына сәйкес етіп және Қазақ ССР-інің қалаларында және жұмысшы поселкелерінде құрылыстар салу үшін жер бөлу туралы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1957 жылғы 28 февральдағы № 101 қаулысында бекітілген Нұсқауға сәйкес халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің шешімі бойынша жүргізілетін болып белгіленсін.

4. Жеке тұрғын үй салушылардың салған үйлерін пайдалануға беруге комиссия қабылдауы керек, ол комиссияның құрамы халық депу-

---

[1] 258-бетті қараңыз.

[2] 9—13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

таттарының қалалық, аудандық және поселкелік Советтері атқару комитеттерінің шешімімен бекітіледі.

Комиссия үй салушылардың құрылыс материалдарын алуының заңдылығын тексеруге, егерде оның қиянаттар жасағаны анықталған жағдайда бұл туралы материалдарды милиция орғандарының тергеуіне беруге праволы болып белгіленсін.

Үйлерді пайдалануға қабылдау жөніндегі актілерді халық депутаттарының қалалық, аудандық, поселкелік Советтерінің атқару комитеттері бекітеді және оны үй салушының қолына береді.

Егерде үй салушы коммуналдық немесе ведомстволық үйлерде тұрған болса, ол үйін тиісті атқару комитетіне немесе ведомствоға тапсырғаннан кейін оған акт беріледі[1].

5. Сауда ұйымдарына үй салушыға құрылыс матерналдарын сатқанда, оның сұрауы бойынша, дұрыстап толтырылған счет беру міндеттелсін.

6. Техникалық есеп бюролары қалаларда, жұмысшы поселкелерінде және аудан орталықтарында жаңадан салынған жеке үйлердің тізімін (инвентаризациясын) жүргізеді, ал ондай бюролар жоқ жерлерде, қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіп бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға қабылдағаннан кейін ондай тізімді халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жүргізеді[2].

7. Тністі рұқсат алмастан үй салуға кіріскен адамдар, халық депутаттарының тиісті қалалық, аудандық және поселкелік Советтері атқару комитеттерінің жазбалы талабын алғаннан кейін құрылысты дереу тоқтатуға және өз күшімен және өз қаржысымен ол құрылыстарды атқару комитеті белгілеген мерзімде бұзуға және жер учаскесін тиісті тәртіпке келтіруге міндетті.

Құрылысты өз бетімен бастаған адам бұл талапты орындамаған ретте атқару комитеті мұндай құрылысты бұзуға тұрғын-үй — коммуналдық шаруашылық органдарына жарлық беріп, бұзуға жұмсалған шығынды үй салушының есебіне жатқызады немесе өз бетімен салынған құрылыс соттың шешімі бойынша тегін алынып халық депутаттары жергілікті Советтерінің қорына берілуі мүмкін. Ал өз бетімен құрылыс салғандық туралы материалдар бұған жауапты кісіні қылмыстық жауапқа тарту үшін тергеу органдарына беріледі[3].

8. Халық депутаттарының қалалық, аудандық және поселкелік Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) рұқсатсыз салынған құрылыстар туралы материалдар олар түскеннен кейін бес күн мерзім ішінде қаралсын;

ә) жеке үй салушылардың тұрғын үйлер көлемінің шек қойылған ең кең деген нормаларын орындауына, сол сияқты жеке меншік правосына үй салу жөнінде мәңгі пайдалану үшін жер беру жөніндегі договорды орындауына қатаң бақылау жасалсын.

---

[1] Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 20 августағы № 337 қаулысын қараңыз (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 18, 75-ст.).

[2] 6-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 12 ноябрьдегі № 475 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 1, 4-ст.).

[3] 7-пункттің екінші абзацы мен 8-пункттің «ә» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 18 декабрьдегі № 855 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1965 ж., № 6.)

## ҚАЗАҚ ССР-інің ОРМАН КОДЕКСІ[1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1978 жылғы 11 августағы
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1978 ж., № 34)

4-статьяның екінші бөлігі, 19-статьяның бірінші бөлігінің алтыншы абзацы, 21-статья, 44-статьяның бірінші бөлігі, 45, 46, 50 және 51-статьялар, 56-статья, 94-статья, 95-статьяның бірінші бөлігі, 119-статьяның төртінші және жетінші абзацтары

## СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МҰҚТАЖДАРЫ ҮШІН, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ӨҢІРІ, ІШКІ СУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖАҒАЛАУДАҒЫ ӨҢІРІ МЕН ҚЫЗМЕТТІК ҮЛЕСТЕР ҮШІН ЖЕР БӨЛУ МЕН ПАЙДАЛАНУДЫ ТӘРТІПТЕУ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 25 сентябрьдегі № 711
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. ССР Одағы Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және ССР Одағы Мемлекеттік құрылыс комитетімен келісілген документтер бекітілсін:

б) арнаулы қажеттер үшін Қазақ ССР-інің су шаруашылығы органдары мен басқа да ұйымдарына берілетін жер туралы Ереже;

в) ішкі су жолдарының жағалаудағы өңірін пайдалану тәртібі туралы Нұсқау.

2. Қызмет түріне қарай, әдетте, елді мекеннен шалғайда тұратын (транспорттың, байланыстың, магистральды труба құбырларының, орман қорғаудың линиялық қызметкерлері және басқалары) жұмысшылар мен қызметшілер үшін қызметтік үлес жер бөлудің нормалары мен тәртібі туралы Ережесі № 1 және 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін[3].

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне және аудандық атқару комитеттеріне (қалалық атқару комитеттеріне) транспорттың, байланыстың, труба құбырларының, су шаруашылығының және тағы басқа да арнаулы қажеттер үшін берілген, сондай-ақ қызметтік үлестер үшін бөлінген жерлердің тікелей мақсатқа дұрыс пайдалануына үнемі бақылауды жүзеге асыру тапсырылсын.

---

[1] 7-томды қараңыз.

[2] 1 пункттің «а» тармағы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 31 июльдегі № 391 қаулысымен күші жойылды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 16, 76-ст.).

4-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[3] Бұл Ереже Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 ж. 27 марттағы № 208 қаулысымен Мемлекеттік қорықтардың, арнаулы аңшылық шаруашылықтарының, мемлекеттік аңшылық қадағалау мен егерлік қорғау қызметкерлеріне; Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 19 июньдегі № 455 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1967 ж., № 3, 25-ст.) — темір жол транспортының жүк тасу-тиеу жұмыстарының механикаландырылған дистанциялары мен өндірістік учаскелерінің қызметкерлеріне қолданылады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1962 жылғы 25 сентябрьдегі № 711 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# АРНАУЛЫ МҰҚТАЖДАР ҮШІН ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ОРГАНДАРЫ МЕН БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРЫНА БЕРІЛЕТІН ЖЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## Жалпы ережелер

1. Арнайы мұқтаждар үшін су шаруашылығы орғандарына берілетін жерлерге заңмен белгіленген тәртіпте бөлінген және суландыру, сумен жабдықтау, ауыл шаруашылығына арналған жерлерге су жаю мен оны құрғату мақсатында жасалған және салынған су шаруашылығы жүйелері, гидротехникалық құрылыстарын салу, қайта құру, сондай-ақ күтіп ұстау, дамыту мен жақсарту үшін арналған жерлер жатады.

2. Су шаруашылығы органдарына немесе басқа ұйымдарға берілетін жерлерді басқаруды Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы мнинстрлігі мен бұл жерлер берілетін басқа да ұйымдар жүзеге асырады.

## Арнайы мұқтаждар үшін су шаруашылығы органдарына берілетін жерлердің құрамы

3. Арнайы мұқтаждар үшін су шаруашылығы орғандарына берілетін жерлердің құрамына мыналар енеді:

а) суару, суландыру немесе құрғату каналдары, су қоймалары, су бөгеулері, шаруашылық аралық маңызы бар гидротехникалық құрылыстар, құрғату жүйелері мен суландыру кезіндегі су ағызу құрылыстары, тасқыннан қорғау ұймектері мен бөгеттер салынған жерлер;

б) өзеннен ең соңғы су айрығы торабына дейін магистраль каналдары бойымен өтетін өңірлер, тасқыннан қорғау ұймектері мен бөгеттер үшін берілетін, сондай-ақ шаруашылық аралық маңызы бар негізгі және басқа да гидротехникалық құрылыстардағы жерлер.

4. Каналдарға, су айырықтарына, қорғау бөгеттеріне және оларда салынатын гидротехникалық (линиялық) құрылыстарға арналған жерлер өңірлерінің енін осы құрылыстар қиылысының жобалық көлбеу профилін, орман өңірлерінің енін, электр желілерінің линияларын және байланыс линияларын (жобамен негізделген), сондай-ақ екі жақ беткейден 3 метрге дейін алынатын қорғау аймақтарын есепке ала отырып белгілейді.

Канал жиегінен басталатын өңірлердің ені оның ойынан, немесе бөгеттің етегінен, жартылай иірім үйіндіден немесе үйіндіден өткенде, әдетте, 30 метрден артпауы керек; ені кең өңір қажет болған ерекше жағдайларда, оны ұлғайту қажеттілігі жобада негізделеді.

5. Елді мекендерде өңірлердің ені қалалық және селолық атқару комнтеттерімен, су шаруашылығы органдарымен келісіліп белгіленеді.

6. Облыстық маңызы бар өзендердегі су қоймалары мен тоғандары үшін өңірдің ені әр ретте облыстық атқару комитетінің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімімен белгіленеді.

### Арнайы мұқтаждар үшін су шаруашылығы органдарына жер бөлу тәртібі

7. Су шаруашылығы органдарының пайдалануында шын мәнінде болып отырған, сондай-ақ Ереженің 4 және 5-пункттерінде көзделген мөлшерде оларға жаңа жерлер бөлу заңда белгіленген тәртіпте су шаруашылығы органдарының өтініші бойынша жүргізіледі. Су шаруашылығы органдарына жерлер беруді ресімдеу жөніндегі жерге орналастыру жұмыстары сол шаруашылықтардың есебінен жүргізіледі.

### Су шаруашылығы органдарының құрылыстар, каналдар, бөгеттер мен үймектер (өңірлер) салынбаған жерлерді пайдалануы

8. Арнайы мұқтаждар үшін су шаруашылығы орғандарына бөлінген және құрылыстар, каналдар, бөгеттер мен үймектер салынбаған жерлерді су шаруашылығының органдары ағаш отырғызу, жолдар, қоймалар, өндірістік, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық құрылыстар салу мен көмекші ауыл шаруашылығы үшін пайдаланады.

9. Су шаруашылығы органдарына өздерінің орман шаруашылығын Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігінің ережелері мен нұсқауларына сәйкес дұрыс жүргізу үшін толық жауапкершілік жүктеледі.

10. Су шаруашылығы органдары өз ормаидарының ағашын гидротехникалық құрылыстарды, көмекші құрылыстар мен құрылғыларды жөндеу, қалпына келтіру және қайта құру, қорғау, тасқынға қарсы және реттеу жұмыстары үшіи, көпірлер, байланыс құралдарын салу, суландыру жүйелерін қалыпты пайдаланумен байланысты су шаруашылығы органдарының басқа да мұқтаждары үшін пайдалануы мүмкін.

11. Өңірдегі ағаш көшеттерін кесу орман шаруашылығын жүргізу жоспарына сәйкес және Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен жер бөлініп берілген басқа ұйымдардың рұқсаты бойынша жүргізіледі. Ағаштарды жоспардан тыс кесуге каналдар немесе құрылыстар бойынша аварияларды жою үшін ғана жол беріледі, бұл туралы кейініен Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне және жер бөлініп берілген басқа ұйымдарға хабарланады.

12. Су шаруашылығы органдарына қарайтын орман алқаптарынан ағаш көшеттерін кесуге басқа адамдар мен ұйымдарға үзілді-кесілді тыйым салынады, ал ағаш кесуге жол берген адамдар мемлекеттік маңызы бар ағаш көшеттерін жойғаны үшін заң бойынша жауапқа тартылады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1962 жылғы 25 сентябрьдегі № 711 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ІШКІ СУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖАҒАЛАУДАҒЫ ӨҢІРІН ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

1. Қалалар мен жұмысшы поселкелерден тысқары барлық ішкі су жолдарында жайпақ жағалаудағы су шегінен немесе тік жағалау жиегінен құрылықтың немесе аралдың қойнауына жететін ені 20 метр жағалау өңірі кеме шаруашылығымен және ағаш ағызумен байланысты жұмыстар үшін ортақ тегін пайдалануға беріледі.

2. Ішкі су жолдарының жағалау өңірінде мыналарға рұқсат етіледі:

а) кемелер мен салылар қайырлайтын құрылғылар орнатуға, жүк тиеу мен түсіруге (тұрақты құрылыстар салмастан), кемелердің тоқтауы, салылар мен жүзбелі құрылыстар тоқтайтын уақытша құрылыстар орнатуға, сондай-ақ жүктерді уақытша сақтауға;

б) су транспорты кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының және ағаш ағызатын ұйымдардың кемелері үшін қатты отын сақтауға, сондай-ақ балық аулау құралдары мен кеме және салы жабдықтарын уақытша сақтауға;

в) кездейсоқ қыстаумен немесе кеменің не салының авария болуымен байланысты уақытша қыстау үйлерін салуға және басқа жұмыстарды жүргізуге;

г) кемелер мен салылардың механикалық сүйретпесін құруға;

д) ағызуға арналған ағашты қыс кезінде сақтау мен бууға.

3. Кеме шаруашылығы қажеттері үшін пайдаланылатын жерлерде жағалау өңірін балық шаруашылығының мұқтаждарына қолдануға Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы органдарымен келісім бойынша рұқсат етіледі.

4. Жүзу жағдайындағы оттардан басқа жағалау өңіріндегі оттар кеме жүретін жақтан қалқандармен қоршалуы тиіс.

5. Кеме шаруашылығы мен ағаш ағызу мұқтаждары үшін ішкі су жолдарының жағалау өңірімен пайдалану правосын гидротехникалық және мелиоративтік құрылыстар, баулар, жүзімдіктер және тағы басқа бағалы егістер салынған учаскелерде, сондай-ақ арнаулы құрылыстармен және екпелермен бекітілген учаскелерде темір жол өңірлерінде қолданылмайды.

6. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы органдарының кеме қатынайтын өзендер жағалауларын және олардағы жасанды екпелерді бүлінуден және жойылудан алдын-ала сақтау мақсатында жағалаудағы өңір шеңберінде жер жыртуға, орманды отауға және басқа жұмыстар жүргізуге тыйым салуына правосы бар.

7. Ішкі су жолдарының жағалаудағы өңірі шеңберінде қосымша құрылыстар мен ғимараттар салу халық депутаттары Советтерінің тністі атқару комитеттерінің рұқсатымен ғана жүргізіледі. Бұл рұқсат Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы органдарымен міндетті түрде келісілуі тиіс.

8. Жағалаудағы өңір шеңберінде қазба байлықтарын, ағаш кесуді, көпірлер салуды және басқа жұмыстарды жүргізетін ұйымдар осы өңірдегі кеме шаруашылығы мұқтаждарына арналған құрылыстардың сақталуын қамтамасыз етуі, жұмыстарды жүргізу кезінде болған осы құрылыстардың ақауын уақытылы түзетуі қажет.

9. Ағашты сақтау мен буу үшін ішкі су жолдарының жағалаудағы өңірін пайдаланатын ұйымдар су тасқыны басталғанға дейін өңірді ағаш қалдықтарынан тазалауды жүргізуге міндетті.

10. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының органдарына мынадай право беріледі:

а) кеме шаруашылығын күзету, күту мен жақсарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу және осы мақсаттарға қосымша құрылыстар мен ғимараттар салу үшін ішкі су жолдарының жағалаудағы өңірлерін тегін пайдалануға;

б) «а» тармағында көрсетілген жұмыстар үшін топырақты, тасты, қиыршық тасты сондай-ақ ішкі су жолдарының жағалаудағы өңірі шеңберіндегі жағалаудағы бұталар мен ұсақ ағашты (диаметрі 8 сантиметрге дейін) тегін пайдалануға;

в) кеме қатынасы жағдайы белгілерінің көрінуін қамтамасыз ету үшін ағаштар мен бұталарды киюды, сондай-ақ кеме шаруашылығы үшін қауіп туғызатын ағаштарды киюды жүргізуге;

г) ішкі су жолдарының жағалаудағы өңірінен тысқары жерлерде де бұл белгілердің көрінуін қамтамасыз ету үшін, өсім ақы жарнасымен жағдай белгілерін және сурлеулі шолу құрылғыларын орнатуға.

11. Осы нұсқаудың 1 пунктінде көрсетілген ішкі су жолдарының пайдалану қызметінің құрылыстары мен құрылғылары салынбаған жағалау өңірі, халық депутаттарының Советтері атқару комитеттерінің рұқсаты және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы органдарымен осы пайдаланудың тәртібі мен уақыты жөнінде келісім бойынша, жақын маңдағы колхоздар мен совхоздардың ауыл шаруашылығы дақылдары егісіне пайдалануға жатады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1962 жылғы 25 сентябрьдегі*
*№ 711 қаулысына*

*№ 1 ҚОСЫМША*

## ҚЫЗМЕТ СИПАТЫНА ҚАРАЙ, ӘДЕТТЕ, ЕЛДІ МЕКЕННЕН ШАЛҒАЙДА ТҰРАТЫН ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТТІК ЖЕР ҰЛЕСТЕРІН БӨЛУДІҢ НОРМАЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қызмет сипатына қарай, әдетте, елді мекеннен шалғайда тұратын жұмысшылар мен қызметшілерге қызметтік жер үлестері (жыртылатын жер учаскелері, шабындықтар) былайша бөлінеді:

а) қоса беріліп отырған Тізбекке (№ 2 қосымша) сәйкес темір жол транспортының линиялық қызметкерлеріне (жол дистанцияларының, жол-машина станцияларының, жол төсеу машина станцияларының, екпе ағаш пен карьерлердің);

б) магистральды труба құбырларының (мұнай құбырларының, өнім құбырларының, газ құбырларының) барлық мамандықтың жұмысшылары мен қызметшілеріне (линияда жұмыс істейтін);

в) Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстау қызметінің линиялық қызметкерлеріне (жұмысшылар мен қызметшілеріне),—(жол жұмысшылары мен десятниктеріне [1], ремонтерлеріне, көпір күзетшілеріне, сал жүргізушілерге, жол мастерлеріне, көпір мастерлеріне, қардан қорғау және сәндік екпе ағаш жөніндегі мастерлерге, ағаш питомниктерінің қызметкерлеріне);

г) Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының кеме қатынасы жағдайларын бағдарлау қызметкерлеріне (жұмысшылары мен қызметшілеріне)—(бакеншілерге, жағдайды бағдарлау старшиналарына, маяктар мен гидротехникалық құрылыстар қызметкерлеріне);

д) Қазақ ССР Байланыс министрлігінің линиялық-техникалық учаскелерінің қызметкерлеріне және учаскелік байқаушыларына;

е) орман шаруашылығының, орман қорықтарының және мемлекеттік орман питомниктерінің қызметкерлеріне (орманшыларға, орман кү-

---

[1] Госстандарттың 1975 ж. 10 ноябрьдегі № 16 қаулысымен бекітілген ресми жалпыодақтық классификаторда десятник мамандығы көзделмеген.

зетшілеріне, басшы, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне).

2.1-пунктте аттары аталған қызметкерлер категориялары үшін қызметтік жер үлестерінің мөлшері былайша белгіленеді: егістік жер — суарылмайтын жерлерде 0,50 гектарға дейін және суармалы жерлерде — 0,25 гектарға дейін, ал шабындықтар — семьяға екі гектарға дейін.

Шабындық учаскелер тек өз меншігінде малы бар қызметкерлерге ғана бөлінеді[1].

3. Қызметтік жер үлестері тиісті министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің пайдалануындағы жерлерден, ал мұндай жерлер жеткіліксіз болғанда — мемлекеттік запастағы жерлерден және мемлекеттік орман қорының жерлерінен бөлінеді.

Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың пайдалануындағы жерлерден қызметтік жер үлестерін олардың әкімшілігі береді, ал мемлекеттік запастағы жерлерден және мемлекеттік орман қорының жерлерінен — халық депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша беріледі[1].

4. Қызметкердің немесе оның семьясының үй іргесіндегі учаскесі немесе жеке бақшасы болса, үй іргесіндегі учаскенің немесе жеке бақшаның және қызметтік үлестің жалпы көлемі қызметтік егістік жер үлесінің белгіленген мөлшерінен артпауға тиіс [1].

5. Жоғарыда аталған қызметкерлер жұмыстан шығарылған жағдайда қызметтік үлеспен пайдалану правосынан айырылады.

Қызметтік үлес жерде ауыл шаруашылығы дақылдары себілген жағдайларда бұл жерлерден өнім жиналғаннан кейін қызметтік үлес жерлермен пайдалану правосы тоқтатылады.

Жасына немесе мүгедектігіне байланысты пенсияға шыққан қызметкерлерді жұмыстан босатқанда олар үшін белгіленген мөлшерде егістік жерді, ал жеке иеленуінде малы болғанда шабындық учаскені пайдалану правосы оларда өмір бойы сақталады.

6. Белгіленген мөлшердегі егістік жерді, ал жеке иеленуінде малы болғанда шабындық учаскені пайдалану правосы осы Ереженің 1-пунктінде көрсетілген қызметкерлердің семьяларында сақталады:

а) Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының шекаралық және ішкі әскерлер қатарына қызметке шақырылғанда, сондай-ақ оқуға, командировкаға жіберілгенде — бұл қызметкерлердің әскери қызметте немесе оқу орнында болған барлық мерзімінде;

б) қызмет міндетін атқарумен байланысты қайтыс болғандарға: еңбекке жарамсыз әйелі (күйеуі) және қартайған ата-аналар үшін — өмір бойы, ал балалары үшін — кәмелетке толғанға дейін.

7. Қызметтік үлес жерлердің дұрыс бөлінуіне және бұл үлестерді дұрыс пайдалануға бақылау жасау халық депутаттары аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне жүктеледі.

---

[1] 2, 3 және 4-пункттерге Қазақ ССР Министрлер Советінің 1972 ж. 4 январьдағы № 5 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 2, 8-ст.).

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1962 жылғы 25 сентябрьдегі*
*№ 711 қаулысына*

*№ 2 ҚОСЫМША*

# ҚЫЗМЕТТІК ҮЛЕСТІК ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА ПРАВОСЫ БАР, ЕЛДІ МЕКЕНДЕР МЕН ІРІ СТАНЦИЯЛАРДАН (ЖОЛ ДИСТАНЦИЯЛАРЫНАН, ЖОЛ-МАШИНА СТАНЦИЯЛАРЫНАН, ЖОЛ ТӨСЕУ-МАШИНА СТАНЦИЯЛАРЫНАН, ОРМАН АЛҚАПТАРЫ МЕН ҚАРЬЕРЛЕРДЕН) ТЫСҚАРЫ ТҰРАТЫН ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫ ЛИНИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ (ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ) ТІЗБЕГІ

1. Жол, көпір, сусыма жерлер мен тоннельдер шолушылары, өткелдер бойынша кезекшілер және рельстер мен бекіткіштерді қараушылар.

2. Жол және көпір жұмысшылары (барлық мамандықтағы), жол күзетшілері, аға стрелкашылар мен стрелкашылар, жол бригаднрлері, сигналшылар.

3. Жол, көпір, тоннель және басқалардың аға мастерлері мен мастерлері, олардың көмекшілері, техниктер мен бригаднрлер, қоймашылар, күзетшілер және линнялық конторлардың қызметшілері.

4. Жолды, үйлер мен құрылыстарды жөндеумен және күтіп-ұстаумен айналысатын барлық мамандықтағы жұмысшылар.

5. Жол машнналары мен механизмдерін, инвентарьлар мен құралсаймандарды күту мен жөндеу жөніндегі барлық мамандықтағы жұмысшылары, су мұнарасының машнннстері мен кочегарлары.

6. Ұсақ тас, тас, қиыршық тас, құм мен топырақ қазу және өндіру жөніндегі карьер шаруашылықтарының барлық мамандықтағы жұмысшылары мен қызметшілері, сондай-ақ матерналдарды тнеумен, түсірумен, сұрыптаумен және тасымалдаумен айналысатын жұмысшылар.

7. Топырақ әзірлеумен, ағаш отырғызумен, орман қорғау алқаптарын күтумен, оларды қорғаумен және күтіп-ұстаумен айналысатын барлық мамандықтағы жұмысшылар, сондай-ақ техннктер, күзетшілер, орманшылар, мастерлер.

8. Колонналар мен учаскелердің аға мастерлері, мастерлері, нормалаушылары және бастықтары, околоткалардың техниктері, табель жасаушылары мен есепшілері.

9. Аралық станциялардың бастықтары мен кезекшілері (разъездердің, постылардың), осы станцияларда жұмыс істейтін телеграфшылар, байланыстың электр механиктері, вагон қараушылар, таразышылар, товар және билет кассирлері, поезд құрастырушылар мен тіркеушілері, шлак жинаушылар.

10. Жол, екпе ағаш дистанцияларының, жол-машина станцияларының және жол төсеу-машина станцияларының, карьерлердің бастықтары мен олардың орынбасарлары, осы ұйымдардың басқа да қызметкерлері (егер олар аралық станцияларда, разъездерде, постыларда тұратын болса).

# 3-тарау

# ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

## § 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

# ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ КОДЕКСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**1976 жылғы 4 августағы**
**ЗАҢЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1976 ж. № 32)**

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жер қойнауы туралы кодексі бекітілсін және ол 1977 жылгы 1 январьдан бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексін күшіне енгізу тәртібін белгілеу және Қазақ ССР-інің заңдарын осы Кодекске сәйкестендіру тапсырылсын.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде біздің елімізде жер қойнауы национализацияланып, халық игілігіне айналды.

Ерікті бірігу және тең праволылық негізінде құрамына басқа одақтас республикалармен бірге Қазақ Советтік Социалистік Республикасы кіретін СССР-де жер қойнауына мемлекеттік меншік кен қатынастарының, яғни жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы қоғамдық қатынастардың негізі болып табылады, жер қойнауын жоспарлы, ұтымды, комплексті пайдалану үшін жағдай жасайды, еліміздің өндіргіш күштерін дұрыс орналастыруды және халық шаруашылығын жоғары қарқынмен өркендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың аса маңызды факторларының бірі болып табылады.

СССР-де пайдалы қазбалардың мол қоры бар. Сонымен бірге халық шаруашылығында минералдық шикізатты тұтынудың үздіксіз өсуі пайдалы қазбаларды ғылыми негізделген жолмен, тиімді пайдаланудың маңызын арттыра түседі, барлық кәсіпорындардан, ұйымдардан, мекемелер мен азаматтардан жер қойнауының байлығына ұқыпты қарауды талап етеді.

Совет мемлекеті еліміздің минералдық шикізат жөніндегі өскелең қажеттерін қамтамасыз етуге және халық шаруашылығының жер қойнауын пайдалануға байланысты басқа да мұқтаждарын қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар табиғат байлықтарын болашақ ұрпақтар үшін сақтауға да қамқорлық жасайды.

Жер қойнауы туралы совет заңдары жер қойнауын мейлінше ұтымды пайдалануға және оны қоргауға белсене көмектесуді көздейді.

## *Бірінші бөлім*
## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### *I тарау*
### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

**1-статья. Қазақ ССР-інің жер қойнауы туралы заңдарының міндеттері**

Қазақ ССР-інің жер қойнауы туралы заңдарының міндеттері қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесіне сәйкес халық шаруашылығының минералдық шикізат жөніндегі қажеттері мен басқа да мұқтаждарын қанағаттандыру үшін жер қойнауының ғылыми негізде, ұтымды, комплексті пайдаланылуын, жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету, жер қойнауын пайдаланған кезде жұмыстың хауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында кен қатынастарын реттеу, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың праволарын қорғау, осы саладағы заңдылықты нығайту болып табылады [1].

**2-статья. ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің жер қойнауы туралы заңдары**

Қазақ ССР-інде кен қатынастары ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздерімен және соларға сәйкес шығарылатын ССР Одағының жер қойнауы туралы басқа да заң актілерімен, осы Кодекспен және Қазақ ССР-інің жер қойнауы туралы басқа заң актілерімен реттеледі.

Қазақ ССР-інде жер, су және орман қатынастары ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің тиісті заңдарымен реттеледі.

**3-статья. Жер қойнауына мемлекеттік (жалпы халықтық) меншік**

СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес жер қойнауы мемлекеттік меншік — бүкіл совет халқының ортақ иғілігі болып табылады[1].

СССР-де жер қойнауы тек қана мемлекеттің меншігінде болады және ол пайдалануға ғана беріледі. Жер қойнауына мемлекеттік меншік правосын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын әрекеттерге тыйым салынады.

**4-статья. Жер қойнауының біртұтас мемлекеттік қоры**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес СССР-де барлық жер қойнауы жер қойнауының біртұтас мемлекеттік қоры болып табылады, оған жер қойнауының пайдаланылатын бөліктері де, пайдаланылмайтын бөліктері де кіреді.

**5-статья. Кен қатынастарын реттеу саласындағы ССР Одағының компетенциясы**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес кен қатынастарын реттеу саласында ССР Одағының қарауына мыналар жатады:

---

[1] 1-статьяға, 3-статьяның тақырыбы мен бірінші бөлігіне 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

1) СССР Конституциясына сәйкес ССР Одағының өкілдігін жүзеге асыру үшін қажетті шеңберде жер қойнауының біртұтас мемлекеттік қорына билік жүргізу;

2) жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы негізгі ережелерді белгілеу және бірыңғай техникалық саясатты анықтау;

3) жер қойнауын қорғаудың және минералдық ресурстарды ұтымды пайдаланудың жалпыодақтық жоспарларын белгілеу;

4) жер қойнауын пайдалану мен қорғауға, жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік қадағалау мен бақылау және қадағалау мен бақылауды жүзеге асырудың тәртібін белгілеу;

СССР Конституциясына және ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы басқа да мәселелерді реттеу.

**6-статья. Кен қатынастарын реттеу саласындағы Қазақ ССР-інің компетенциясы**

Кен қатынастарын реттеу саласында ССР Одағы компетенциясының шеңберінен тыс Қазақ ССР-інің қарауына мыналар жатады: республика территориясының шеңберінде жер қойнауының біртұтас мемлекеттік қорына бнлік жүргізу; жер қойнауын пайдалану мен оны қорғау тәртібін белгілеу; жер қойнауын қорғау мен минералдық ресурстарды ұтымды пайдаланудың республикалық жоспарларын белгілеу; жер қойнауын пайдалану мен қорғауға және жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласында ССР Одагының компетенциясына жатқызылмаған басқа да мәселелерді реттеу.

**7-статья Жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды СССР Министрлер Советі, Қазақ ССР Министрлер Советі, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша соған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

**8-статья. Жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы халық депутаттары облыстық Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің компетенциясы**

Халық депутаттарының облыстық Советтері және олардың атқару комитеттері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; жер қойнауын қоргаудың және минералдық ресурстарды ұтымды пайдаланудың облыстық жоспарларын белгілейді; кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде жер қойнауын пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдалану тәртібін анықтайды; халық депутаттарының төмен тұрған Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы жұмысына басшылықты жүзеге асырады; өз компетенциясы шеңберінде жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласында басқа да мәселелерді шешеді.

**9-статья. Жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтерінің компетенциясы**

Халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтері және олардың атқару комитеттері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; жер қойнауын қорғаудың және минералдық ресурстарды ұтымды пайдаланудың жоспарларын жасауға қатысады; кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру үшін кен бөліктерін береді; белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелер мен азаматтарды оларға берілген жер учаскелері шеңберінде кең таралған пайдалы қазбаны, шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу правосынан айыру туралы шешім қабылдайды (осы Кодекстің 31-статьясы); халық депутаттарының төмен тұрған Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы жұмысына басшылықты жүзеге асырады; жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды шешеді (осы Кодекстің 90-статьясы); өз компетенциясы шеңберінде жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы басқа да мәселелерді шешеді.

**10-статья. Жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің компетенциясы**

Халық депутаттарының поселкелік, селолық және ауылдық Советтері және олардың атқару комитеттері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; жер пайдаланушылардың жер қойнауын өздерінің шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдалануының белгіленген тәртібін сақтауына бақылау жасайды; кең таралған пайдалы қазбалардың, шымтезек пен жер астындағы тұщы судың қосымша ресурстарын анықтайды және, қажет болған реттерде, оларды пайдалану туралы жоғары тұрған органдарға ұсыныстар енгізеді; өз компетенциясы шеңберінде жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы басқа да мәселелерді шешеді.

**11-статья. Жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік басқару органдары**

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Геология министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі өз компетенциясы шеңберінде Қазақ ССР-інде жер қойнауын пайдалану мен қорғау саласындағы арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік басқару органдары болып табылады..

**12-статья. Жер қойнауын пайдаланушылар**

СССР-дің мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері, сондай-ақ азаматтары жер қойнауын пайдаланушылар бола алады.

ССР Одағының заңдарымен көзделген реттерде жер қойнауы басқа да ұйымдар мен адамдардың пайдаланылуына берілуі мүмкін.

**13 - статья. Жер қойнауын пайдалану түрлері**

Жер қойнауы мыналар үшін пайдалануға беріледі:
геологиялық зерттеу үшін;
пайдалы қазбалар өндіру үшін;
пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын, соның ішінде мұнайды, газды және басқа заттар мен материалдарды жер астында сақтауға, зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарын көмуге, кірлі суларды ағызуға арналған ғимараттарды салу және пайдалану үшін;
басқа да мемлекеттік және қоғамдық қажеттерді өтеу үшін.

**14 - статья. Жер қойнауын пайдалану мерзімдері**

Жер қойнауын пайдалану мерзімсіз немесе уақытша болуы мүмкін.
Жер қойнауын күні бұрын белгіленген мерзімсіз пайдалану мерзімсіз (тұрақты) пайдалану деп танылады.
Уақытша пайдаланған реттерде жер қойнауы он жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Қажет болған жағдайда уақытша пайдалану мерзімі ұзартылуы мүмкін.

**15 - статья. Жер қойнауын пайдаланудың тегінділігі**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес жер қойнауы пайдалануға тегін беріледі, СССР Министрлер Советі белгілейтін реттер бұған кірмейді.

## *II тарау*
## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ӨНДІРУ ҮШІН БЕРУ

**16 - статья. Жер қойнауын геологиялық зерттеу үшін беру**

Геологиялық зерттеу үшін, яғни жер қойнауының геологиялық құрылымы, онда болып жатқан процестер туралы деректер алу, пайдалы қазба орындарын анықтау және оларға баға беру, олардың қалыптасу және орналасу заңдылықтарын зерттеу, пайдалы қазба орындарынан кен өндірудің кен-техникалық және басқа жағдайларын анықтау және жер қойнауын пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін жер қойнауы соған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың беретін рұқсаты негізінде ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша пайдалануға беріледі.

**17 - статья. Жер қойнауын пайдалы қазбалар өндіру үшін беру**

Жер қойнауы пайдалы қазбалар өндіру үшін кен бөлігін куәландыратын акт негізінде пайдалануға беріледі.
Бөліп берілген кен бөліктерінен тыс жерлерде пайдалы қазба орындарынан кен өндіруге тыйым салынады.

**18 - статья. Пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін бөліп беретін органдар**

Пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін (кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіруге арналған кен бөліктерінен басқаларын) мемлекеттік кен қадағалау органдары ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша бөліп береді.

19-статья. **Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін бөліп беретін органдар**

Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері бөліп береді және бұл кен бөліктері мемлекеттік кен қадағалау органдарында тіркелуге тиіс.

Екі ауданның шегінде жатқан кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөлігін бөліп беруді халық депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің нұсқауы бойынша халық депутаттарының тиісті аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттерінің бірі жүргізеді.

20-статья. **Пайдалы қазбаларды кең таралған қазбаларға жатқызу тәртібі**

Пайдалы қазбаларды кең таралған қазбаларға жатқызуды мемлекеттік кен қадағалау органдары ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша жүргізеді.

21-статья. **Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін бөліп беру тәртібі**

Кен бөліктерін алуға мұқтаж кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар кен өндіру белгіленген кең таралған пайдалы қазба орындары бар жер бойынша халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттеріне заявка беріп жолданады.

Халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін бөліп берген кезде мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

пайдалы қазба орындарын және осы кен орындары орналасқан жерлерді халық шаруашылығы үшін неғұрлым ұтымды пайдалануға;

кен бөліктерінің шекаралары мен көлемін дұрыс белгілеуге, мұның өзінде өз бетінше кен өндіру үшін жарамсыз кен орындары учаскелерін кен бөліктеріне енгізбей тастауға жол бермеуге;

бекітілген пайдалы қазба запастары бойынша кен орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін бөліп беруге.

Халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің шешіміне Қазақ ССР заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша шағым берілуі мүмкін.

22-статья. **Пайдалы қазба орнынан тәжірибелік-өнеркәсіптік мақсатпен кен өндіру**

Пайдалы қазба орнынан немесе оның бөлігінен тәжірибелік-өнеркәсіптік мақсатпен кен өндіру кен бөлігі бөліп берілмей-ақ, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

23-статья. **Шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу**

Шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу кен бөлігі бөліп берілмей-ақ, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

24 - статья. **Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде мұқтаждары үшін кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу правосы**

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар кен бөлігін бөліп бермей-ақ, осы Кодекстің 43-статьясында белгіленетін тәртіп бойынша, өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу мақсатымен жер қойнауын пайдалануға правосы бар.

Колхоздар, совхоздар және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде колхоздардың мүшелеріне, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілеріне, сондай-ақ селолық жерлерде жұмыс істейтін және тұратын басқа да азаматтарға шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін кең таралған пайдалы қазбалар мен шымтезекті өндіруіне рұқсат ете алады.

## *III тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС МАҚСАТТАР ҮШІН БЕРУ

25 - статья. **Жер қойнауын пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес мақсаттар үшін беру тәртібі**

Жер асты ғимараттарын салу мен пайдалану үшін және пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес басқа да мақсаттар үшін жер қойнауы ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша пайдалануға беріледі.

26 - статья. **Жер қойнауын зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарын көму, кірлі суларды ағызу үшін беру**

Жер қойнауын зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарын көму, кірлі суларды ағызу үшін беруге тек ерекше реттерде және арнайы талаптар мен шарттарды сақтаған жағдайда ғана жол беріледі.

27 - статья. **Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде жер қойнауын пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдалану правосы**

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде жер қойнауын Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдалануға правосы бар.

## *IV тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**28 - статья. Жер қойнауын пайдалану правосының туы**

Жер қойнауын пайдалану правосы бөліп берілген кен бөлігін куәландыратын акт жасалғаннан кейін, ал 19-статьяда көзделген реттерде мемлекеттік кен қадағалау органдарында тіркелгеннен кейін немесе жер қойнауын пайдалануға рұқсат алынғаннан кейін туады.

**29 - статья. Жер қойнауын пайдаланушылардың негізгі праволары мен міндеттері**

Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын тек берілген мақсаттарға сәйкес пайдалануға правосы бар және соған міндетті.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген реттерде мемлекет мүддесі үшін, сондай-ақ жер қойнауын басқа да пайдаланушылардың мүддесі үшін жер қойнауын пайдаланушылардың праволарына шек қойылуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдаланушылар мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

1) геологиялық зерттеудің толықтығын; жер қойнауының ұтымды, комплексті пайдаланылуын және оны қорғауды;

2) жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың қызметкерлер мен халық үшін хауіпсіз жүргізілуін;

3) атмосфера ауасын, жерді, орманды, суды және қоршаған табиғи ортаның басқа да объектілерін, сондай-ақ үйлер мен ғимараттарды жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғауды;

4) қорықтарды, табиғат, тарих пен мәдениет ескерткіштерін жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғауды;

5) жер қойнауын пайдаланған кезде бұзылған жер учаскелерін хауіпсіз күйге келтіруді, сондай-ақ оларды ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық шаруашылығында пайдалану үшін жарамды күйге келтіруді.

## *V тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ПРАВОСЫН ЖОЮ

**30 - статья. Жер қойнауын пайдалану правосын жоюдың негіздері мен тәртібі**

Жер қойнауын пайдалану правосы мынадай реттерде толық немесе ішінара жойылады:

1) жер қойнауын пайдалану қажет болмай қалған ретте;

2) жер қойнауын пайдаланудың белгіленген мерзімі өтіп кеткен ретте;

3) жер қойнауы учаскесін мемлекеттік немесе қоғамдық басқа мұқтаждар үшін алып қою қажеттігі туған ретте;

4) жер қойнауы пайдалануға берілген кәсіпорын, ұйым, мекеме таратылған ретте;

5) халықтың денсаулығына анық қатер туған ретте.

Жер қойнауын пайдалану правосы мынадай жағдайда да жойылуы мүмкін, егер пайдаланушы:

жер қойнауын пайдалануға екі жыл бойына кіріспесе;

жер қойнауын берілген мақсатқа сәйкес пайдаланбаса;

жер қойнауын пайдаланудың және оны қорғаудың басқа да ережелерін бұзса.

Осы статьяның бірінші бөлігінің 1, 3, 4, және 5-тармақтарында және екінші бөлігінде көзделген реттерде тиісті органдар өздері берген кен бөлу актісін немесе рұқсатын жою арқылы жер қойнауын пайдалану правосын жояды.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша жер қойнауын пайдалану правосын жоюдың басқа да негіздері көзделуі мүмкін.

**31 - статья. Жер пайдаланушыларды кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу правосынан айыру негіздері**

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар кен өндіру тәртібі мен шарттарын бұзған ретте өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу правосынан айрылуы мүмкін.

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетінің шешімі бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу правосынан айрылуы мүмкін.

## *Екінші бөлім*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

### *VI тарау*

### ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

**32 - статья. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге қойылатын негізгі талаптар**

Жер қойнауын геологиялық зерттеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

1) жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың ұтымды, ғылымн негізделген бағытта жүргізілуін және оның тиімділігін;

2) жер қойнауының геологиялық құрылымының, барланған кен орындарынан кен өндірудің, пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын салу мен пайдаланудың кен-техникалық, гидрогеологиялық және басқа шарттарының толық зерттелуін;

3) негізгі және онымен қабаттас жатқан пайдалы қазбалар мен олардың құрамындағы компоненттер қорының мөлшері мен сапасының дәл анықталуын; пайдалы қазба орындарына геологиялық-экономикалық баға берілуін;

4) жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды пайдалы қазбалардың орынсыз ысырап болуына және олардың сапасының төмендеуіне жол бермейтін әдістермен және тәсілдермен жүргізілуін;

5) жер қойнауынан шығарылатын кен жыныстары мен пайдалы қазбаларды қоршаған ортаға зиянды әсері болмайтындай етіп орналастыруды;

6) кен орындарынан кен өндірген кезде және басқа да халық шаруашылық мақсаттарына пайдаланылуы мүмкін болатын, барлау мақса-

тымен кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналарының сақталуын және пайдалануға жатпайтын кен қазылымдары мен скважиналардың белгіленген тәртіп бойынша жабылуын;

7) жер қойнауын одан әрі зерттеу, пайдалы қазба орындарын барлау және олардан кен өндіру кезінде, сондай-ақ жер қойнауын пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес мақсаттарға пайдалану кезінде қажет болуы мүмкін геологиялық және атқару-техникалық документацнялардың, кен жыныстары мен руда үлгілерінің, пайдалы қазбалардың керні мен байқау дубликаттарының сақталуын қамтамасыз етуге.

33 - с т а т ь я. **Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік тіркеуге және мемлекеттік есепке алу**

Жер қойнауын зерттеудің нәтижелерін қорытындылау және барынша толық пайдалану үшін, сондай-ақ аталған жұмыстарда қосарластықты болғызбау мақсатымен жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстар мемлекеттік тіркеуге және мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік тіркеуге және мемлекеттік есепке алу ССР Одағының заңдарында .белгіленетін тәртіп бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік тіркеуге алмайынша жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

34 - с т а т ь я. **Минералдық шикізаттың кондициялары**

Кен орындарының өнеркәсіптік құндылығын анықтау және олардағы пайдалы қазбалар қорын есептеп шығару үшін әрбір кен орны бойынша минералдық шикізаттың кондициялары белгіленеді, олар пайдалы қазбалардың сапасы мен мөлшеріне, кен орнынан кен өндірудің кен-геологиялық және басқа жағдайларына қойылатын талаптардың экономика жағынан негізделген жиынтығы болып табылады.

Минералдық шикізаттың кондициялары негізгі және онымен қабаттас жатқан пайдалы қазбаларды, сондай-ақ олардың құрамындағы бағалы компоненттерді пайдалану мүддесі ескеріле отырып анықталады және ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша бекітіледі.

## *VII тарау*

## БАРЛАНҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ОРЫНДАРЫН ӨНЕРКӘСІПТІК ИГЕРУ ҮШІН БЕРУ

35 - с т а т ь я. **Барланған пайдалы қазба орындарын өнеркәсіптік игеру үшін беру тәртібі**

Барланған кен орындары немесе олардың учаскелері сол барлау бойынша пайдалы қазбалардың қоры бекітілген ретте өнеркәсіптік игеру үшін пайдалы қазба орындарының кен өндіру ісіне басшылық жасайтын миннстрліктер мен ведомстволарға берілуге тиіс.

Барланған пайдалы қазба орындарын (кең таралған пайдалы қазба орындарынан басқаларын) өнеркәсіптік игеру үшін беру тәртібі ССР Одағының заңдарымен белгіленеді, ал кең таралған пайдалы қазба орындарын беру тәртібі Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді.

36 - статья. **Кең таралған пайдалы қазба орындарын өнеркәсіптік игеру үшін беру тәртібі**

Кең таралған пайдалы қазбалардың барланған орнын өнеркәсіптік игеру ушін беруді кен орнын қабылдап алатын ұйымның, кен орнын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмысты жүргізген ұйымның және халық депутаттарының тиісті аудандық (қалалық) Советтері атқару комитеттерінің өкілдерінен құрылатын комиссия жүргізеді. Қажет болған ретте, комиссияға мемлекеттік кен қадағалау органдарының, сондай-ақ жобалау, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен басқа да ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін. Комиссияның құрамын халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері бекітеді.

Кең таралған пайдалы қазба орнының запастарына, минералдық шикізаттың құндылығына және халық шаруашылығының оған деген қажетіне байланысты кең таралған пайдалы қазба орындары түгелдей немесе жекелеген учаскелер бойынша (кен орны) өнеркәсіптік игеру үшін берілуі мүмкін.

## *VIII тарау*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ОРЫНДАРЫН АЛҒАШ АШУШЫЛАР

37 - статья. **Пайдалы қазба орындарын алғаш ашушылар деп танылатын адамдар**

Өнеркәсіптік жағынан құнды, бұрын белгісіз кен орнын ашқан, сондай-ақ бұрыннан белгілі кен орындарынан оның өнеркәсіптік құндылығын едәуір арттыратын пайдалы қазбалардың қосымша қорын немесе жаңа минералдық шикізат тапқан адамдар кен орындарын алғаш ашушылар болып табылады.

38 - статья. **Алғаш ашушылардың праволары**

Алғаш ашушылардың сыйлық ақы алуға правосы бар.

Алғаш ашушылардың праволары мен оларға сыйлық ақы төлеу тәртібі ССР Одағының заңдарымен белгіленеді.

## *Үшінші бөлім*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘНЕ МИНЕРАЛДЫҚ ШИКІЗАТ ӨҢДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚӘСІПОРЫНДАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖЕР АСТЫ ҒИМАРАТТАРЫН ЖОБАЛАУ, САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ[1]

## *IX тарау*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘНЕ МИНЕРАЛДЫҚ ШИКІЗАТ ӨҢДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚӘСІПОРЫНДАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖЕР АСТЫ ҒИМАРАТТАРЫН ЖОБАЛАУҒА, САЛУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР[1]

39 - статья. **Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын, сондай-ақ пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын жобалаудың ерекшеліктері**

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын және пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын жобалау құрылыс салу көзделіп отырған учаскедегі жер қойнауын геологиялық

[1] Үшінші бөлімге және осы бөлімнің IX тарауының тақырыбына 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

және басқадай зерттеу негізінде, экономикалық ауданның комплексті өсуін ескере отырып жүргізіледі.

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын жобалау пайдалы қазбалардың қоры бекітілгеннен және кен орны өнеркәсіптік игеру үшін берілгеннен кейін ғана жүргізіледі. ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес ерекше реттерде СССР Министрлер Советінің рұқсаты бойынша пайдалы қазбалар қоры бекітілгенге дейін кен өндіру кәсіпорындарын жобалау ісі жүргізілуі мүмкін.

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындары немесе пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттары орналасатын жерлер — жобалау жұмыстары басталғанға дейін халық депутаттарының тиісті Советтерінің атқарушы және билік жүргізуші органдарымен, мемлекеттік кен қадағалау органдарымен және басқа мүдделі органдармен келісіледі.

**40-статья. Пайдалы қазба өндіру жөніндегі және минералдық шикізат өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды, сондай-ақ пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын жобалауға, салуға және пайдалануға беруге қойылатын негізгі талаптар**

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындардың жобаларында мыналар көзделуге тиіс:

1) пайдалы қазба қорының неғұрлым ұтымды әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін кәсіпорындардың жер үсті және жер асты ғимараттарын орналастыру;

2) жер қойнауынан негізгі және онымен қабаттас жатқан пайдалы қазбалар қорының неғұрлым толық, комплексті және экономикалық жағынан тнімді алынуын қамтамасыз ететін пайдалы қазба орындарын ашудың тәсілдері және кен өндіру жүйелері;

3) пайдалы қазба орындарынан кен өндіру кезінде аршылған жыныстарды ұтымды пайдалану;

4) жол-жөнекей өндірілетін, уақытша пайдаланылмайтын пайдалы қазбаларды үю, есепке алу және сақтау;

5) пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарды салу және пайдалану процесінде аршылатын жер қойнауын геологиялық зерттеу және геологиялық, маркшейдерлік документацияны жасау;

6) халықтың хауіпсіздігін, жер қойнауын және айналадағы табиғи ортаның басқа да объектілерін, үйлер мен ғимараттарды қорғауды қамтамасыз ететін шаралар.

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарды жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде осы Кодекстің 29-статьясында көрсетілген талаптардың орындалуы да қамтамасыз етілуге тиіс.

Минералдық шикізат өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың жобаларында мыналар көзделуге тиіс: өндірілген минералдық шикізаттан оңдағы өнеркәсіптік маңызы бар компоненттердің ұтымды әрі комплексті алынуын қамтамасыз ететін технологиялық схемаларды қолдану; өңдеу қалдықтарын (шламдарды, тозаңдарды, сарқынды суларды және басқаларды) неғұрлым толық пайдалану; уақытша пайдаланылмайтын, пайдалы компоненттері бар өндіріс қалдықтарын үю, есепке алу және сақтау, сондай-ақ осы статьяның 6-тармағында көрсетілген талаптарды орындау.

Пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде осы статьяның 3—6-тар-

мақтарында және осы Кодекстің 29-статьясында көрсетілген талаптардың орындалуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Егер жобалау кезінде осы статьяда көзделген талаптар сақталмаған болса, пайдалы қазба өндіру жөніндегі және минералдық шикізат өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды, сондай-ақ пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын салуға, қайта құруға және пайдалануға беруге тыйым салынады[1].

## *Төртінші бөлім*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ОРЫНДАРЫНАН КЕН ӨНДІРУ ҮШІН ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС МАҚСАТТАРҒА ПАЙДАЛАНУ

### *X тарау*

### ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ОРЫНДАРЫНАН КЕН ӨНДІРУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

41-статья. **Пайдалы қазба орындарынан кен өндіру тәртібі**

Пайдалы қазба орындарынан кен өндіру жұмыстары пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарының бекітілген жобаларына, кен жұмыстарын өркендету жоспарларына, мұнай, газ кендерін өндіру, жер асты суларын алу жобалары мен схемаларына және техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарының техникалық пайдалану ережелерін, мұнай мен газ кендерін өндіру ережелерін және кен жұмыстарын өркендету жоспарларын тиісті органдар мемлекеттік кен қадағалау органдарымен келісе отырып бекітеді.

42-статья. **Пайдалы қазба орындарынан кен өндіруге және минералдық шикізат өңдеуге қойылатын негізгі талаптар**

Пайдалы қазба орындарынан кен өндіру кезінде мыналар қамтамасыз етілуге тиіс:

1) негізгі және онымен қабаттас жатқан пайдалы қазба өндірудің неғұрлым ұтымды әрі тнімді әдістерін қолдану, пайдалы қазбаның нормативтен тыс ысырабы мен нормативтен тыс азуына, сондай-ақ кен орындарының бай учаскелерінен пайдалы қазбаның баланс қорының орынсыз ысырабына соқтыратындай кенді іріктеп алуға жол бермеу;

2) пайдалы қазба орындарын жете барлауды және басқа геологиялық жұмыстарды жүзеге асыру, маркшейдерлік жұмыстар жүргізу, сондай-ақ көзделген техникалық документацияны жасау;

3) пайдалы қазбалар қорының жайы мен қозғалысын, ысырабы мен азуын есепке алу;

4) жүргізілетін кен жұмыстары салдарынан кені алынып жатқан және оған жапсарлас пайдалы қазба орындарының бүлінуіне жол бермеу, сондай-ақ жер қойнауында консервацияға қойылған пайдалы қазбаның қорын сақтау;

5) жол-жөнекей өндірілетін, уақытша пайдаланылмайтын пайдалы қазбаларды сақтау және есепке алу;

---

[1] 40-статьяға 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

6) аршылған жыныстарды ұтымды пайдалану, сондай-ақ оларды дұрыс орналастыру;

7) қызметкерлердің және халықтың өмірі мен денсаулығының хауіпсіздігі, жер қойнауын және айналадағы табиғи ортаның басқа да объектілерін, үйлер мен ғимараттарды қорғау; аварияларды жою жоспарларын жасап, бекіту.

Минералдық шикізатты өңдеу кезінде мыналар қамтамасыз етілуге тиіс:

пайдалы компоненттерді ұтымды әрі комплексті алуды қамтамасыз ететін минералдық шикізатты өңдеудің технологиялық схемаларын қатаң сақтау; өңдеудің тұрлі сатыларында пайдалы компоненттердің бөлінуін және оларды минералдық шикізаттан айырып алудың деңгейін есепке алу және бақылау;

минералдық шикізаттың технологиялық қасиеттері мен құрамын одан әрі зерттеу, минералдық шикізатты өңдеу технологиясын жетілдіру мақсатында тәжірибелік технологиялық сынаулар өткізу;

өңдеу қалдықтарын (шламдарды, тозаңдарды, сарқынды суларды және басқаларды) неғұрлым толық пайдалану; уақытша пайдаланылмайтын, құрамында пайдалы компоненттері бар өндіріс қалдықтарын үю, есепке алу және сақтау[1].

**43-статья. Жер пайдаланушылардың өздерінің шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіру және жер астындағы тұщы суды алу тәртібі**

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіруді және жер астындағы тұщы суды алуды ашық әдіспен жүргізе алады, бірақ жару жұмыстарын қолданбауға, қазған жердің биіктігі 5 метрден аспайтын болуға тиіс.

Жер пайдаланушылардың өздерінің шаруашылық және тұрмыстық мұқтаждары үшін кең таралған пайдалы қазбалар мен шымтезекті осы статьяның бірінші бөлігінде көрсетілгендегіден өзгеше жағдайда өндіруі бөлінген кен бөлігі алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Өздеріне берілген жер учаскелерінің шеңберінде барланған кен орындарынан кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті өндіретін және жер астындағы тұщы суды алатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер пайдалы қазбалардың қоры мен орындарын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыратын органдарға пайдалы қазбалар өндірудің көлемі туралы деректерді белгіленген тәртіп бойынша жыл сайын хабарлап отыруға міндетті.

---

[1] 42 статьяға 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

## *XI тарау*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚӘСІПОРЫНДАРЫН ЖАБУ ЖӘНЕ КОНСЕРВАЦИЯЛАУ

### 44-статья. Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын жабу және консервациялау шарттары

Пайдалы қазбалар қоры алынып біткеннен кейін, сондай-ақ техникалық-экономикалық есептер бойынша және басқа себептермен кен орнынан немесе оның бөлігінен одан әрі кен өндіру тиімсіз болса немесе мүмкін болмаса, сол жерден пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорны немесе сол кәсіпорынның тиісті бөлігі жабылады не консервацияға қойылады.

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорны толық немесе ішінара жабылған не консервацияланған кезде кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналары халықтың хауіпсіздігін және қоршаған табиғи ортаның, үйлер мен ғимараттардың сақталуын қамтамасыз ететіндей күйге келтірілуге тиіс, ал консервацияланған кезде сондай-ақ кен орындары, кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналары консервациялаудың барлық уақытында сақталуға тиіс. Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын жапқан кезде кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналарын халық шаруашылығының басқа да мақсаттары үшін пайдалану мүмкіндігі туралы мәселе де шешілуге тиіс.

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын немесе оның бір бөлігін жапқан және консервациялаған кезде геологиялық және маркшейдерлік документация кен жұмыстары аяқталған кезге лайық толтырылады да, белгіленген тәртіп бойынша сақтауға тапсырылады.

Жабылатын немесе консервацияланатын кәсіпорынмен шектес пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарында кен жұмыстарының хауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар жүргізілуге тиіс.

### 45-статья. Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорнын жабуды және консервациялауды жүзеге асыру жөнінде келісім жасасатын органдар

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорнын немесе оның бір бөлігін жабу және консервациялау мемлекеттік кен қадағалау органдарының және басқа да мүдделі органдардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

## *XII тарау*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ЫНТАҒЕРЛІК ЖОЛМЕН ӨНДІРУ

### 46-статья. Пайдалы қазбаларды ынтағерлік жолмен өндірудің шарттары мен тәртібі

Пайдалы қазба орындарында немесе олардың учаскелерінде пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарының күшімен кенді өндіру тиімсіз болса, пайдалы қазбалардың ынтағерлердің өз еңбегімен өндіруіне жол беріледі.

Пайдалы қазбалар өндіруді ынтағерлер артельдері пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарымен жасасқан шарт бойынша соларға берілетін кен бөліктері шеңберінде, ал жеке азаматтар — кен өндіру кәсіпорындары беретін рұқсат куәліктері бойынша жүргізеді.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес ынтағерлердің өндіруіне рұқсат етілетін пай-

далы казбалардың тізімі және ынтагерлер артелінің Үлгі уставы СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітіледі.

**47-статья. Пайдалы қазбаларды ынтагерлік жолмен өндірген кезде пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарының міндеттері**

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарына пайдалы қазбаларды ынтагерлік жолмен өндіруге бақылау жүктеледі.

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындары ынтагерлік жұмыстарға геологиялық және маркшейдерлік қызмет көрсетуді және жер қойнауын онда кен өндірген кезде қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

## *XIII тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС МАҚСАТТАРҒА ПАЙДАЛАНУ

**48-статья. Жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес мақсаттарға пайдалану тәртібі**

Жер қойнауын жер асты ғимараттарын салуға әрі пайдалануға және пайдалы қазба өндіруге байланысты емес басқа да мақсаттарға пайдалану ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіппен бекітілетін арнаулы жобалар бойынша жүргізіледі.

Жобаларда кірлі сулардың, зиянды заттардың, өндіріс қалдықтарының және басқа заттар мен материалдардың тнісінше залалсыздандырылуын немесе олардың қатаң белгіленген шекарадан шығарылмауын және кен қазылымдарына, жер бетіне, су объектілеріне енуіне жол берілмеуін қамтамасыз ететін шаралар көзделуі керек.

**49-статья. Жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес мақсаттарға пайдалануға шек қою, тоқтата тұру немесе тыйым салу үшін негіздер**

Осы кодекстің 48-статьясының талаптары бұзылған реттерде мемлекеттік кен қадағалау органдары немесе оған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар кірлі суларды жер қойнауына ағызуға, зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарын көмуге, заттар мен материалдарды жер астында сақтауға шек қоюға, тоқтата тұруға немесе тыйым салуға тиіс.

*Бесінші бөлім*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ХАУІПСІЗДІГІ

### *XIV тарау*

### ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ХАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

**50-статья. Жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың хауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету**

Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарды, сондай-ақ пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын салу, қайта құру және пайдалану кезінде, геологиялық-барлау және жер қойнауын пайдалануға байланысты басқа да жұмыстарды орындау кезінде қызметкерлердің және халықтың өмірі мен денсаулығының хауіпсіздігі қамтамасыз етілуге тиіс [1].

Жер қойнауын пайдаланатын кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде хауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз ету жауапкершілігі олардың басшыларына жүктеледі, олар кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің құрылымдық бөлімшелерінде жоғарыда аталған хауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуына бақылау жасайтын адамдарды белгілейді.

**51-статья. Жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың хауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар**

Жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстарды жүргізген кезде мыналар қамтамасыз етілуге тиіс:

1) қызметкерлердің жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нормаларды оқып-үйренуі және орындауы, сондай-ақ аварияларды болғызбау және оларды жою жөніндегі шараларды жоспарлап, жүзеге асыру;

2) қызметкерлердің өміріне хауіп туған жағдайда жұмысты тоқтата тұру, адамдарды хауіпсіз жерлерге шығару және хауіпті жою үшін қажетті шараларды жүзеге асыру;

3) хауіпсіздік ережелері мен нормаларына және санитарнялық нормаларға сай келетін машиналарды, жабдықтар мен материалдарды қолдану;

4) жарылғыш заттар мен жару құралдарын есепке алу, мұқият сақтау және жұмсау, сондай-ақ оларды дұрыс әрі хауіпсіз пайдалану;

5) хауіпсіздік ережелерінде көрсетілген техникалық документацияны, оның ішінде жұмысты хауіпсіз жүргізу аймағының шекарасын анықтайтын деректермен кен жұмыстары жоспарларын және аварияларды жою жоспарын дер кезінде толықтырып отыру.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес ерекше хауіпті жер асты жағдайында жұмыс істейтін адамдарға арналған тәртіп туралы Уставты СССР Министрлер Советі бекітеді.

---

[1] 50-статьяның бірінші бөлігіне 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

**52-статья. Кен жұмыстарын жүргізудің хауіпсіздігі жөніндегі ерекше талаптар**

Кен жұмыстарын жүргізетін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар және оларға бағынатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер ғылым мен техниканың осы заманғы жетістіктерін ескере отырып, рудник атмосферасының құрамын жақсартуды, кен жұмыстарын жүргізудің технологиясын және кәсібі аурулар мен өндірісте жарақаттануды болғызбауға бағытталған коллективтік және жеке қорғаныс құралдарын жетілдіруді көздейтін арнаулы комплексті ұйымдастыру-техникалық шараларын жасап, жүзеге асыруға міндетті[1].

Кен жұмыстарында істейтін жұмысшылар мен қызметшілердің бірқалыпты дұрыс қызмет атқаруы және хауіпсіздігі үшін қажетті неғұрлым қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатымен министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ басқа да мүдделі органдар хауіпсіздік ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды үнемі жетілдіріп отыруға міндетті.

**53-статья. Хауіпсіздік ережелері мен нормаларының талаптарына сай келмейтін жағдайда кен жұмыстарын жүргізуге тыйым салу**

Егер кен қазылымдарының жайы жер асты жұмыстарында шұғылданатын адамдардың өмірі мен денсаулығына хауіп төндіретін болса немесе қолданылып жүрген кен қазылымдарының рудник атмосферасында оттегінің, зиянды және жарылыс хаупі бар газдар мен тозаңдардың мөлшері, сондай-ақ ауаның температурасы хауіпсіздік ережелері мен нормаларының, санитарнялық ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес келмесе, кен жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады[2].

**54-статья. Кен және жару жұмыстарын басқаруға және жару жұмыстарын жүргізуге жіберілетін адамдар**

Кен және жару жұмыстарын басқаруға тиісінше арнаулы білімі бар адамдар жіберіледі.

Жару жұмыстарын жүргізуге ондай жұмыстарды атқаруға правосы бар адамдар жіберіледі.

**55-статья. Кен жұмыстарындағы адамдардың хауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтау жөніндегі міндеттері**

Кен жұмыстарындағы адамдар мыналарды істеуге міндетті:

1) жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нормалардың талаптарын орындауға;

2) жұмыс орны мен жабдықтарды үнемі тексеріп отыруға және хауіпсіздік ережелері мен нормаларының бұзылуы байқалысымен оны дереу жоюға шаралар қолдануға;

3) жұмыста арнаулы кіммен жүруге және жеке қорғаныс құралдарын пайдалануға;

4) жұмысты орындаған кезде авария хаупін немесе жазатайым оқиғаларды туғызатын тәсілдерді қолданбауға;

---

[1] 52-статьяның бірінші бөлігіне және 53-статьяға 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

5) авария хаупі туған жағдайда жұмысты тоқтатуға, бұл туралы жұмыс жетекшісіне дереу хабарлауға және аварияны жоюдың жоспарларына қатаң сәйкес жұмыс істеуге.

## *XV тарау*
## КЕН ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

**56 - статья. Ашық газ және мұнай фонтандарын болғызбау және жою жөніндегі кен құтқару бөлімшелері мен қызметтері**

Кен жұмыстарын жүргізетін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге белгілеиген тәртіп бойынша кен құтқару қызметінің бөлімшелері қызмет етеді, ал мұнай мен газ кен орындарын барлау және кен өндіру кезінде бұрғылау жұмыстарын жүргізетін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге ашық газ және мұнай фонтандарын болғызбау және жою жөніндегі қызмет бөлімшелері қызмет етеді. Бұл бөлімшелер мен қызметтердің тұратын жерлерін тиісті министрліктер мен ведомстволар мемлекеттік кен қадағалау органдарымен келісе отырып белгілейді.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес ашық газ бен мұнай фонтандарын болгызбау және жою жөніндегі кен құтқару бөлімшелері мен қызметтері туралы ережелер СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша бекітіледі.

**57 - статья. Пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарында аварияны жоюға көмек көрсету**

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, сондай-ақ кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарында авария болган ретте транспорт құралдарын, материалдар мен жабдықтар, байланыс құралдары мен дәрі-дәрмектер беруге және аварияны жоюға қажетті көмектің басқа да түрлерін көрсетуге міндетті.

# *Алтыншы бөлім*
# ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ

## *XVI тарау*
## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

**58 - статья. Жер қойнауын қорғау саласындағы негізгі талаптар**

СССР-де барлық жер қойнауы қорғауға жатады.

Жер қойнауын қорғау саласындағы негізгі талаптар мыналар:

жер қойнауын геологиялық жағынан толық және комплексті зерттеуді қамтамасыз ету;

жер қойнауын пайдалануға берудің белгіленген тәртібін сақтау және жер қойнауын өз бетімен пайдалануға жол бермеу;

жер қойнауынан негізгі және онымен қабаттас жатқан пайдалы қазбалар қорын және олардың құрамындағы компоненттерді неғұрлым толық алу және ұтымды пайдалану;

жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың пайдалы қазбалар қорының сақталуына зиянды әсер етуіне жол бермеу;

пайдалы қазба орындарын су басудан, су жайылудан, өрттен және пайдалы қазбалардың сапасын, кен орнының өнеркәсіптік құндылығын кемітетін немесе одан кен өндіруді қиындататын басқа да факторлардан қорғау;

пайдалы қазбалар жатқан жерлерге негізсіз және өз бетімен құрылыс салғызбау, ол жерлерді басқа мақсаттарға пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтау;

пайдаланылып түрған және консервацияға қойылған кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналарының, сондай-ақ жер асты ғимараттарының сақталуына жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсер етуіне жол бермеу;

мұнайды, газды және басқа заттар мен материалдарды жер астында сақтағанда, зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарын көмгенде, кірлі суды ағызғанда жер қойнауының ластануына жол бермеу.

### 59 - статья. Жер қойнауын пайдалануға шек қою, тоқтата тұру немесе тыйым салу

Осы Кодекстің 58-статьясының талаптары бұзылған ретте мемлекеттік кен қадағалау органдары немесе бұған арнайы уәкілдік берілген басқа да мемлекеттік органдар ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша жер қойнауын пайдалануға шек қоюы, тоқтата тұруы немесе оған тыйым салуы мүмкін.

### 60 - статья. Жер қойнауын пайдаланушыларды көтермелеу

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша жер қойнауын пайдалануды жақсарту және оны қорғауды күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушыларды ынталандыратын материалдық және моральдық көтермелеу шаралары белгіленуі мүмкін.

## *XVII тарау*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ЖАТҚАН ЖЕРЛЕРДЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУ

### 61 - статья. Пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салу шарттары

Құрылыс салынатын учаскенің астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалар жоқ екендігі туралы тиісті территориялық геологиялық ұйымнан деректер алынғанға дейін елді мекендерді, өнеркәсіп комплекстерін және басқа халық шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға тыйым салынады.

Ерекше реттерде пайдалы қазбалар (кең таралған пайдалы қазбалардан басқалары) жатқан жерлерге құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерде пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға мемлекеттік кен қадағалау органдарының келісімі бойынша ғана жол беріледі. Мұның өзінде жер қойнауынан пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылыстық және басқа шаралар көзделіп, жүзеге асырылуға тиіс.

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерде пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша жол беріледі.

**62 - статья. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салу**

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерде пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға тиісті территориялық геологиялық басқармалардың келісімі бойынша жол беріледі.

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде объектілер салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерде құрылыс жобалары СССР Министрлер Советінің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне жататын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға Қазақ ССР Геология министрлігінің және Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің келісімі бойынша жол беріледі.

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға және олар жатқан жерлерде пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға рұқсат беру, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға бөлінген жерлерді бекіту Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.

## *XVIII тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕМЕСЕ МӘДЕНИ ТҰРҒЫДАН ЕРЕКШЕ БАҒАЛЫ УЧАСКЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

**63 - статья. Қорықтық геологиялық объектілер мен ескерткіштер**

Сирек кездесетін геологиялық ашылымдар, минералогиялық түзілімдер, палеонтологиялық объектілер және жер қойнауының ғылыми немесе мәдени тұрғыдан ерекше бағалы басқа да учаскелері, белгіленген тәртіп бойынша, қорық, яки табиғат немесе мәдениет ескерткіші деп жариялануы мүмкін. Осы қорықтар мен ескерткіштердің сақталуына зиян келтіретін қандай да болсын жұмыс жүргізуге тыйым салынады.

**64 - статья. Қорық шеңберіндегі жер қойнауын пайдалануға тыйым салу**

Қорық шеңберіндегі жер қойнауынан пайдалы қазбалар өндіру, пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын салу және пайдалануға беру, зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарын көму, кірлі суларды ағызу үшін, сондай-ақ басқа да мемлекеттік және қоғамдық қажеттерді қанағаттандыру үшін пайдалануға тыйым салынады.

**65 - статья. Геологиялық заказниктерді қорғау тәртібі**

Геологиялық заказниктерде қорғалатын геологиялық объектілерді бұзуды немесе құнын кемітуді туғызатын қандай да болсын жұмыс жүргізуге тыйым салынады.

Геологиялық заказниктердің территориясында қорғау режимі белгіленеді, онда табиғи объектілердің бөліктерін тек белгілі маусымдарда ғана, белгілі мерзімдерде және тек қана қорғалатын геологиялық объектілерге зиян келтірмейтіндей дәрежеде шек қойылып, шаруашылыққа пайдалану көзделеді.

Геологиялық заказниктерді қорғау тәртібі Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін Қазақ ССР-інің табиғи заказниктері туралы Ережемен белгіленеді.

66 - статья. **Геологиялық ескерткіштерді қорғау тәртібі**

Геологиялық ескерткіштерге ешкімнің тиюіне жол берілмейді және оларды шаруашылыққа пайдалануға мүлде болмайды.

Геологиялық ескерткіштерді қорғау тәртібі Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін Қазақ ССР-інің табиғат ескерткіштері туралы Ережемен белгіленеді.

67 - статья. **Жер қойнауында ғылым мен мәдениет үшін маңызды объектілер табылған жағдайда жұмысты тоқтата тұру**

Жер қойнауын пайдалаиған кезде сирек кездесетін геологиялық ашылымдар мен минералогиялық түзілімдер, метеориттер, палеонтологиялық, археологиялық және ғылым мен мәдениет үшін маңызды басқа да объектілер табылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушылар сол учаскеде жүргізіліп жатқан жұмысты тоқтатып, бұл туралы мүдделі мемлекеттік органдарға хабарлауға тиіс.

## *XIX тарау*

## ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОНЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАТЫСУЫ

68 - статья. **Қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың жер қойнауын қорғауға және оны ұтымды пайдалануға көмектесуі**

Кәсіптік одақтар, жастар ұйымдары, табиғатты қорғау қоғамдары, ғылыми қоғамдар және басқа қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ азаматтар жер қойнауын қорғау және оны ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруда мемлекеттік органдарға көмек көрсетеді.

Қоғамдық ұйымдар өздерінің уставтарына (ережелеріне) және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жер қойнауын қорғауды және оны ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған қызметке қатысады.

Мемлекеттік органдар жер қойнауын қорғау және оны ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырған кезде қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстарын барынша ескеріп отыруға міндетті.

69 - статья. **Азаматтардың жер қойнауын қорғау және оны ұтымды пайдалану жөніндегі шараларға қатысу тәртібі**

Азаматтар жер қойнауын қорғау және оны ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруда қажетті жұмыстарды жүргізуге тікелей қатысу, жер қойнауын қорғауды және оны ұтымды пайдалануды жақсарту туралы ұсыныстар енгізу, жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзудың өздеріне белгілі жайттері туралы хабарлау жолымен мемлекеттік органдарға көмек көрсетеді.

## *Жетінші бөлім*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ҚОРЫ МЕН КЕН ОРЫНДАРЫН, СОНДАЙ-АҚ ЖЕР ҚОЙНАУЫНЫҢ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН УЧАСКЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ

### *XX тарау*

### ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ҚОРЫ МЕН ОРЫНДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ

70-статья. **Пайдалы қазбалар қоры мен орындарын мемлекеттік есепке алу**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес пайдалы қазбалар қоры мен орындары, сондай-ақ пайдалы қазбалардың жүлгелері ССР Одағы үшін бірыңғай жүйелер бойынша мемлекеттік есепке алынады.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жоспарлауды және пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын орналастыруды, пайдалы қазба орындарын ұтымды, комплексті пайдалануды қамтамасыз ету мақсатымен, сондай-ақ басқа да халық шаруашылық міндеттерін шешу үшін пайдалы қазба орындарының мемлекеттік кадастры жүргізіледі және пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансы жасалады.

71-статья. **Пайдалы қазба орындарының мемлекеттік кадастры**

Пайдалы қазба орындарының мемлекеттік кадастрында әрбір кен орны бойынша негізгі және онымен қабаттас жатқан пайдалы қазбалардың қоры мен олардағы компоненттердің мөлшері мен сапасын сипаттайтын деректер, кен орнынан кен өндірудің кен техникалық, гидрогеологиялық және басқа жағдайлары, оған берілген геологиялық-экономикалық баға, сондай-ақ әрбір пайдалы қазба жүлгесі жөнінде деректер болуға тиіс.

72-статья. **Пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік баланстары**

Пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік баланстарында өнеркәсіптік маңызы бар кен орындары бойынша пайдалы қазбалар қорының мөлшері, сапасы және зерттелу дәрежесі туралы, олардың орналасуы, өнеркәсіптік игерілу дәрежесі, өндірілуі, ысырабы және өнеркәсіптің барланған пайдалы қазбалар қорымен қамтамасыз етілуі туралы деректер болуға тиіс.

### *XXI тарау*

### ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ҚОРЫН БЕКІТУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ

73-статья. **Пайдалы қазбалар қорын бекіту**

Барланған кен орындарының пайдалы қазбалар қорын, сондай-ақ кен орнынан кен өндірген кезде қосымша барланған пайдалы қазбалар қорын ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша соған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар бекітуге тиіс.

Қорды бекіткен кезде пайдалы қазбалардың барланған қорының дұ-

рыстығы, олардың мөлшері мен сапасы, қай қабатта жатқаны, зерттелу дәрежесі, халық шаруашылықтық маңызы және кен орнының өнеркәсіптік иғеру үшін әзірлігі анықталады.

74-статья. **Пайдалы қазбалардың баланстық қорын есептен шығару**

Өндірілген пайдалы қазбалар, сондай-ақ өнеркәсіптік маңызын жойған, өндіру кезінде ысырап болған, кейін жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары кезінде немесе кен орындарынан кен өндіру кезінде анықталмаған пайдалы қазбалар қоры ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша пайдалы қазбалардың мемлекеттік балансынан шығарылуға тиіс.

Өнеркәсіптік маңызын жойған, өндіру процесінде ысырап болған яки кейін жүргізілген геологиялық-барлау жұмыстары кезінде немесе кен орындарынан кен өндіру кезінде анықталмаған пайдалы қазбалардың баланстық қорын пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарының есебінен шығару мемлекеттік кен қадағалау орындарының келісімі бойынша жүргізіледі.

## *XXII тарау*

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЖЕР ҚОЙНАУЫ УЧАСКЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ

75-статья. **Пайдалы қазба өндіруге байланысты емес мақсатта пайдалануға берілген жер қойнауы учаскелерін мемлекеттік есепке алу**

ССР Одағымен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заң Негіздеріне сәйкес жер асты ғимараттарын салуға, оны пайдалануға және пайдалы қазба өндіруге байланысты емес басқа да мақсаттарға берілген жер қойнауы учаскелері ССР Одағы үшін бірыңғай жүйе бойынша мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

# *Сегізінші бөлім*

# ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

## *XXIII тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

76-статья. **Жер қойнауын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік қадағалаудың және бақылаудың міндеттері**

Жер қойнауын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік қадағалаудың және бақылаудың міндеті — барлық министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын, жер қойнауын қорғау жөніндегі, жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстарды хауіпсіз жүргізу жөніндегі, ол жұ-

мыстардың халыққа, қоршаған табиғи ортаға, үйлер мен ғимараттарға тигізетін зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді болғызбау жөніндегі міндеттерді орындауын, пайдалы қазбалардың қоры мен кен орындарын мемлекеттік есепке алу ережелерін сақтауын, сондай-ақ жер қойнауы туралы заңдар мен белгіленген басқа да ережелерді және нормаларды орындауын қамтамасыз ету болып табылады [1].

77 - статья. **Жер қойнауын пайдалануға және қорғауға мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын органдар**

Жер қойнауын пайдалануға және қорғауға мемлекеттік қадағалауды (мемлекеттік кен қадағалауын) бұған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Халық депутаттарының Советтері мен олардың атқарушы және билік жүргізуші органдары жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

78 - статья. **Қазақ ССР-інде арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік кен қадағалау органдары**

Қазақ ССР-інде жер қойнауын пайдалануға және қорғауға арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік кен қадағалау органдары Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның жергілікті жерлердегі органдары болып табылады.

79 - статья. **Жер қойнауын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік кен қадағалауды жүзеге асыру**

Мемлекеттік кен қадағалау органдары мыналарды тексереді:

1) пайдалы қазба орындарынан кен өндірудің дұрыстығын және жер қойнауын қорғау жөніндегі талаптардың орындалуын;

2) пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындардың пайдалы қазбалар қорын есепке алудың белгіленген тәртібін сақтауын, қордың есептен дұрыс әрі дер кезінде шығарылуын;

3) жер қойнауын пайдаланған кезде жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нормалардың сақталуын;

4) халықтың хауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортаны, үйлер мен ғимараттарды, пайдаланылуда тұрған және консервацияға қойылған кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналарын жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғау жөніндегі шаралардың дұрыс және дер кезінде жүргізілуін;

5) жер астында сақтаған кезде мұнайдың, газдың және басқа заттар мен материалдардың, жер қойнауына ағызып жіберілетін кірлі судың, жер қойнауына көмілген зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарының кен қазылымдарына, жер бетіне, су объектілеріне өтуіне жол бермеу жөніндегі талаптардың сақталуын;

6) пайдалы қазба орындарынан кен өндірген кезде геологиялық және маркшейдерлік жұмыстарды жүргізу ережелерінің сақталуын.

80 - статья. **Мемлекеттік кен қадағалау органдарының праволары**

Мемлекеттік кен қадағалау органдарының мынадай праволары бар: жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі және жер қойнауын қорғау жө-

---

[1] 76-статьяға 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

ніндегі ережелер мен нормаларды бұзған ретте жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстарды тоқтатып қояды;

жер қойнауын өз бетімен пайдалануға және пайдалы қазбалар жатқан жерлерде өз бетімен құрылыс жүргізуге тыйым салады:

жер қойнауын пайдаланатын кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі және жер қойнауын қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардың бұзылуын жою туралы орындалуы міндетті болатын нұсқаулар береді;

жер қойнауын пайдалану кезінде болған аварнялар мен өндірістік жарақаттану оқиғаларының мән-жәйі мен себептерін белгіленген тәртіппен тексеру нәтижелері бойынша тиісті кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары орындалуы міндетті болатын шешім қабылдайды.

**81 - статья. Мемлекеттік кен қадағалау органдарының басқа да функциялары мен праволары**

Мемлекеттік кен қадағалау органдарына жер қойнауын пайдалану мен қорғауды қадағалау жөнінде басқа да функциялар, сондай-ақ минералдық шикізаттың өнделуін қадағалау жөніндегі функциялар жүктелуі мүмкін және оларға жұмыстарды хауіпсіз жүргізу мен жер қойнауын қорғау жөніндегі ережелердің және нормалардың бұзылуына жол бермеуді әрі тыйым салуды көздейтін басқа да праволар берілуі мүмкін [1].

## *XXIV тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

**82 - статья. Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылаудың міндеттері**

Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылаудың міндеті олардың қай ведомствога бағынатынына қарамастан кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атқаратын жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі геологиялық суретке түсіру, барлау, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геофизикалық, геохимиялық және басқа жұмыстарды жүргізудің, белгіленген тәртібі мен тиімділігінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

**83 - статья. Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды (мемлекеттік геологиялық бақылауды) бұған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

**84 - статья. Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру**

Мемлекеттік геологиялық бақылау органдары жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың бағытын, әдісін, комплектілігін және сапасын тексеріп отырады.

---

[1] 81-статьяға 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

85 - с т а т ь я. **Мемлекеттік геологиялық бақылау органдарының праволары**

Мемлекеттік геологиялық бақылау органдарының мынадай праволары бар:

жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде кемшіліктерді және ережелердің бұзылуын жою туралы орындауға міндетті нұсқаулар береді;

егер жұмыстар бекітілген жобаларга сай келмесе немесе мемлекеттік тіркеуден өткізілмей жүргізілсе, сондай-ақ осы жұмыстарды жүргізудің тәртібін белгілейтін ережелер мен нормалар бұзылған реттерде жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды тоқтатып қояды.

86 - с т а т ь я. **Мемлекеттік геологиялық бақылау органдарының басқа да праволары**

Мемлекеттік геологиялық бақылау органдарына жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жургізудің ережелері мен нормаларының бұзылуын болғызбау және оган жол бермеу жөнінде басқа да праволар берілуі мүмкін.

## *XXV тарау*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУҒА ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҚЫЛАУ

87 - с т а т ь я. **Жер қойнауын пайдалану мен қорғауға ведомстволық бақылауды жүзеге асыру**

Жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібінің сақталуына, жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне, жер қойнауын қоргау жөніндегі, негізгі және онымен қабаттас жатқан пайдалы қазбалар мен олардың құрамындағы компоненттердің толық алынуын, оның ішінде минералдық шикізаттарды қайта өңдеу кезіндегі өнімдердің алынуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың, жер қойнауын пайдалануга байланысты жұмыстарды хауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптардың орындалуына, халықтың хауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортаны, үйлер мен ғимараттарды қорғауды қамтамасыз ететін шаралардың жүргізілуіне, пайдалы қазбалардың қоры мен кен орындарын есепке алу ережелерінің сақталуына, сондай-ақ жер қойнауы туралы заңдармен белгіленген басқа да ережелер мен нормалардың сақталуына ведомстволық бақылауды өздерінің қарамағында жер қойнауын пайдаланатын кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері бар органдар жүзеге асырады [1].

88 - с т а т ь я. **Пайдалы қазба орындарынан кен өндіруге және минералдық шикізатты өңдеуге ведомстволық бақылау**

Пайдалы қазба орындарынан кен өндірудің және минералдық шикізатты өңдеудің дұрыстығына ведомстволық бақылауды тиісіше маркшейдерлік және геологиялық қызметтер, техникалық бақылау қызметі мен өзге де қызметтер жүзеге асырады.

---

[1] 87-статьяға 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

ССР Одағы мен одақтас республикалардың жер қойнауы туралы заңының Негіздеріне сәйкес маркшейдерлік және геологиялық қызметтер туралы үлгі ережелерді СССР Министрлер Советі бекітеді [1].

## *Тоғызыншы бөлім*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

### *XXVI тарау*

### ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

**89 - статья. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды шешетін органдар**

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөнінде кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың арасындағы дауларды тиісінше халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері, мемлекеттік кен қадағалау органдары, мемлекеттік геологиялық бақылау органдары және бұған уәкілдік берілген басқа да мемлекеттік органдар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша шешеді.

**90 - статья. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды шешуде халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтері атқару комитеттерінің компетенциясы**

Кең таралған пайдалы қазбаны, шымтезекті өндіруге және тұщы суды алуға байланысты жер қойнауын пайдалану мәселелері жөнінде, сондай-ақ жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес мақсатта пайдалану мәселелері жөнінде кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың арасындағы дауларды шешу халық депутаттарының аудандық (қалалық) Советтері атқару комитеттерінің қарауына жатады.

**91 - статья. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды шешуде мемлекеттік кен қадағалау органдарының компетенциясы**

Жер қойнауын пайдалы қазба орындарынан (кең таралған пайдалы қазба орындарынан басқалары) кен өндіруге байланысты мәселелері жөнінде, сондай-ақ жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес мақсатта пайдалану мәселелері жөнінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің арасындағы дауларды шешу мемлекеттік кен қадағалау органдарының қарауына жатады.

**92 - статья. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды шешуде мемлекеттік геологиялық бақылау органдарының компетенциясы**

Жер қойнауын геологиялық зерттеуге байланысты жер қойнауын пайдалану мәселелері жөнінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекеме-

---

[1] 88-статьяға 1979 ж. 26 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 1).

лердің арасындағы дауларды шешу мемлекеттік геологиялық бақылау органдарының қарауына жатады.

93-статья. **Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды шешу тәртібі**

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі даулар мүдделі тараптың арызы бойынша қаралады. Арызға жер қойнауын пайдалану правосының бұзылғандығы туралы куәландыратын документтер қоса тіркеледі.

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі даулар мүдделі тараптардың қатысуымен қаралады, оларға даудың шешілетін мерзімі мен орны туралы хабарланады. Даудың қаралатын күні туралы хабарланған тараптың келмей қалуы дауды қарауға кедергі бола алмайды.

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды қарайтын органдардың мынадай праволары бар:

кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден дауды қарау үшін қажетті документтер, мәліметтер мен қорытындылар беруін талап етеді;

дауға қатысушы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызмет адамдарын түсініктеме беруі үшін шақыртады;

экспертиза тағайындайды;

кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден дауды шешу үшін қажетті материалдармен танысады;

жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі дауларды шешу үшін қажетті басқа да жұмыстар жүргізеді.

94-статья. **Жер қойнауын пайдалануға байланысты мүліктік дауларды шешу**

Жер қойнауын пайдалануға байланысты мүліктік даулар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша шешіледі.

## *Оныншы бөлім*

## ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

### *XXVII тарау*

### ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

95-статья. **Жер қойнауына мемлекеттік меншік правосын бұзатын мәмлелердің заңсыздығы**

Жер қойнауына мемлекеттік меншік правосын тікелей немесе жасырын турде бұзатын мәмлелер заңсыз болып табылады.

96-статья. **Жер қойнауы туралы заңдарды бұзғаны үшін айыпты адамдардың жауаптылығы**

Осы Кодекстің 95-статьясында аталған мәмлелерді жасағаны үшін айыпты адамдар, сондай-ақ:

жер қойнауын өз бетімен пайдаланғаны үшін;

жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізудің тәртібі мен талаптарын бұзғаны, соның салдарынан пайдалы қазбалардың барланған қорын немесе пайдалы қазба өндіру жөніндегі кәсіпорындарын, сондай-ақ пайдалы қазба өндіруге байланысты емес жер ас-

ты ғимараттарын салу мен пайдалануға қажетті жағдайларды дұрыс бағаламауға әкеп соғатындай етіп бұзғаны үшін;

пайдалы қазбалардың баланстық қорының орынсыз ысырап болуына әкеп соғатындай етіп кен орындарының бай учаскелерінен кенді іріктеп өндіргені; өндіру кезінде пайдалы қазбалардың нормадан тыс ысырап болуына және нормадан тыс азуына жол бергені, пайдалы қазба орындарының бүлінуіне жол бергені және пайдалы қазбалар қорын ұтымды пайдалану талаптарын басқаша бұзғаны үшін;

пайдалы қазбалар жатқан жерлерге өз бетімен құрылыс салғаны үшін;

жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстарды хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нормаларды бұзғаны үшін;

жер қойнауын қорғау ережелерін, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаны, үйлер мен ғимараттарды жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғау жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін;

жер асты суларының режимін бақылау скважиналарын, сондай-ақ маркшейдерлік және геодезиялық белгілерді жойғаны немесе бүлдіргені үшін;

жер қойнауын одан әрі геологиялық зерттеу және кен орындарынан кен өндіру кезінде қажет болатын маркшейдерлік немесе геологиялық документацияларды, сондай-ақ пайдалы қазбалардың байқау дубликаттары мен кернді жоғалтқаны үшін;

жабылатын немесе консервацияланатын кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналарын халықтың хауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайға келтіру жөніндегі талаптарды, сондай-ақ консервациялау кезінде кен орындарын, кен қазылымдары мен бұрғылау скважиналарын сақтау жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін;

айыпты адамдар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік немесе басқа түрде жауапқа тартылады.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша жер қойнауы туралы заңдарды бұзудың басқа түрлері үшін де жауаптылық белгіленуі мүмкін.

### 97 - статья. Жер қойнауын өз бетімен пайдалануды және пайдалы қазбалар жатқан жерлерге өз бетімен құрылыс салуды тоқтату

Жер қойнауын өз бетімен пайдалану және пайдалы қазбалар жатқан жерлерге өз бетімен құрылыс салу оған жұмсалған шығыны өтелместен тоқтатылады.

### 98 - статья. Шығынды өтеу

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар жер қойнауы туралы заңдардың бұзылуынан келтірілген шығынды ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін мөлшерде және сондай тәртіппен өтеуге міндетті. Шығынды өтеуге байланысты кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің шығынға ұшырауына кінәлы болған қызмет адамдары мен басқа да қызметкерлер белгіленген тәртіп бойынша материалдық жауапқа тартылады.

Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқау;

Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқау;

Қазақ ССР-інің территориясында кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың оларға берілген жер учаскелері шеңберінде жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттеріне пайдалану тәртібі туралы Нұсқау.

2. Нұсқаулардың орындалуын бақылауды Қазақ ССР Геология министрлігінің, Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары мен халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері жүзеге асырады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 5 июньдегі № 239 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР-інің ТЕРРИТОРИЯСЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ, ШЫМТЕЗЕК ПЕН ТҰЩЫ ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫН ҚӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, МЕКЕМЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ЗАЯВКАЛАРЫ БОЙЫНША ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

1. Кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезек пен тұщы жер асты суларын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың заявкалары бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің осы Нұсқаумен белгіленіп отырған тәртібі Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес әзірленді және оны Қазақ ССР-інің территориясындағы барлық миннстрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті.

2. Кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезек пен тұщы жер асты суларын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы ұсыныстарды кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бағыныстылығына қарай министрліктерге (ведомстволарға) енгізеді.

Аталған пайдалы қазбаларды геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге заявкаларды мүдделі министрліктер (ведомстволар) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және бұл жұмыстарды орындаушы министрлікке (ведомствога) Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуы жоспарының жобаларын әзірлеуге белгіленген мерзімнен бір ай бұрын жібереді.

Құрылысқа арналған минералды шикізатты геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналған заявкаларды заявка беруші министрліктер (ведомстволар) Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігімен келісіп алуға тиіс.

3. Министрліктердің (ведомстволардың) кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезек пен тұщы жер асты суларын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жөніндегі заявкаларында мына мәліметтер болуға тиіс:

3. 1) пайдалы қазбаны тұтынушы кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аты мен адресі, пайдалы қазбаның аты, белгіленетін кәсіпорынның қуаты, кәсіпорынның амортизациялық мерзіміне арналған жапастардың мөлшері және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажеттігінің техникалық-экономикалық дәлелдемесі;

3.2) кен орнының немесе іздестіру ауданының қазіргі қолданылып жүрген әкімшілік бөлу бойынша орналасқан жері;

3.3) минералдық шикізаттың немесе одан жасалатын бұйымдардың сапасына өнеркәсіптің талаптары, жер асты суларына қажеттілік, судың химиялық құрамы мен физикалық қаснеттеріне қойылатын талаптар, су алғыштың көзделіп отырған пайдалану режимі, суды тұтыну мерзімдері мен жол берілетін іздестіру радиусы.

4. Кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындарын, шымтезек пен тұщы жер асты сулары орындарын жете барлауға заявкалар берген мииистрліктер (ведомстволар) бұл жұмыстарды жүргізу үшін жер учаскелерін иемденуге халық депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің шешімдерін, ал тұщы жер асты сулары орындары бойынша, сонымен қатар, белгіленген тәртіпке сәйкес арнайы су пайдалану шарттарын Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің суларды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі территориялық органдарымен келісу хатын заявкаларға қосып береді.

5. Кең таралған пайдалы қазбаларға, шымтезек пен тұщы жер асты суларына заявка берілген геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің орындылығы Қазақ ССР Геология мннистрлігінің өндірістік геологиялық бірлестіктерінде тексеріліп, олар тиісті қорытындылар береді.

6. Кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезек пен тұщы жер асты суларын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін министрлік (ведомство) министрліктердің (ведомстволардың) қаралған заявкалары бойынша жоспарланып отырған жылы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне ол белгілеген мерзімде табыс етеді.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті аталған пайдалы қазбаларға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің орындылыгын мүдделі министрліктердің (ведомстволардың) өкілдерінің қатысуымен қарайды.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті қабылдаған, кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезек пен тұщы жер асты суларын геологиялық барлау жұмыстары Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының кезекті жылға арналған, белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін мемлекеттік жоспарының жобасына енгізіледі.

8. Кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезек пен тұщы жер асты суларын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін ұйымдар мұндай жұмыстарға заявка берген мининстрліктен (ведомстводан) жаңадан табылған және алдын ала барланған кен орындарына жете барлау жүргізуге келісім, сондай-ақ бұл жұмыстарға арналған техннкалық тапсырмалар алуға міндетті.

9. Кең таралған пайдалы қазбалар мен шымтезектің барланған запастары Қазақ ССР Геология министрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөніндегі территориялық комиссияларында (ТКЗ) бекітілуге жататын кен орындары бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін ұйымдар белгіленген тәртіпке сәйкес кондициялар әзірлейді.

Кондициялардың әзірленген жобалары Қазақ ССР Геология мннистрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөиіндегі территориялық комиссияларының бекітуіне запастардың есебімен қоса бір мезгілде табыс етіледі.

Кондициялар мына орындар бойынша әзірленбейді: шаруашылық-ауыз суына арналған тұщы жер асты сулары; өзендердің арналық және жайылмалық шөгінділеріндегі құм және қиыршық тас материалдары[1].

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың шикізат базасы болып табылатын кен орындары үшін кондициялар әзірлеу міндетті емес. Мұндай реттерде кондициялардың техникалық-экономикалық есептері мен параметрлерінің дәлелдемелері жоспарланатын қуатқа, аршу коэффициентіне, транспорт пен арзандатушы (қымбаттатушы) факторларға тністі түзетулер ескерілген прогресті жоспарлы көрсеткіштер қолданыла отырып ірілендіріліп әзірленуі мүмкін.

10. Өзендердің арналық және жайылмалық шөгінділеріндегі құм және қиыршық тас материалдары орындары бойынша запастар Қазақ ССР Геология министрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөніндегі территориялық комиссияларында міндетті түрде бекітуге жатпайды[1].

Мұндай кен орындарындағы геологиялық барлау жұмыстары туралы есептер Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестіктерінің ғылыми-техникалық советтерінде (НТС) қаралады.

11. Су алғыштар мен шеген құрылыстарын орналастыруға арналған күрделі қаржылары 500 мың сомнан аспайтын кәсіпорындар үшін, ал темір жол транспортының 1 миллион сомнан аспайтын объектілері үшін барланған тұщы жер асты сулары орны бойынша запастар Қазақ ССР Геология министрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөніндегі территориялық комиссияларында бекітуге жатпайды.

Мұндай кен орындарындағы геологиялық барлау жұмыстары туралы есептер Қазақ ССР Геология министрлігі, өндірістік геологиялық бірлестіктерінің ғылыми-техникалық советтерінде қаралады.

12. Кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезек пен тұщы жер асты суларын геологиялық барлау жұмыстары Қазақ ССР Геология министрлігінің территориялық геологиялық қорларында тіркелуге жатады.

Геологиялық барлау жұмыстарын территориялық геологиялық қорларда тіркемей жүргізуге тыйым салынады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 5 июньдегі № 239 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР-інің ТЕРРИТОРИЯСЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫҢ БАРЛАНҒАН КЕН ОРЫНДАРЫН ӨНЕРКӘСІПТІК ИГЕРУ ҮШІН БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

1. Геологиялық барлау жұмыстарын орындаған министрліктің (ведомствоның) кең таралған пайдалы қазбалардың барланған кен орындарын немесе олардың учаскелерін кен орындарынан кен өндіруді жүзеге асыратын басқа министрлікке (ведомствоға) өнеркәсіптік игеру үшін беруінің Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес осы Нұсқаумен белгіленетін тәртібі запастарын Қазақ ССР Геология министрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөніндегі территориялық комиссиялары (ТКЗ) бекіткен немесе өндірістік геологиялық бір-

[1] 9-пункттің үшінші абзацына және 10-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 30 декабрьдегі № 530 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

лестіктерінің ғылыми-техникалық советтері (НТС) қабылдаған кен орындарына қолданылады және оны Қазақ ССР-інің территориясындағы барлық мнинстрліктер (ведомстволар), кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті.

2. Геологиялық барлау жұмыстарын орындаған министрліктер (ведомстволар) кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындарын жете жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары кен өндіретін кәсіпорнын (карьерді) жобалауға мүмкіндік беретін көлемде аяқталғаннан кейін тиісті министрліктерге (ведомстволарға) өнеркәсіптік игеру үшін береді.

Кен орнының запастарына, минералды шикізаттың құндылығына және халық шаруашылығының оған деген қажетіне қарай кен орны өнеркәсіптік игеру үшін толық немесе жекелеген учаскелер бойынша (кен жатыстарымен) берілуі мүмкін.

3. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген ұйым кен орнының запастары бекітілгеннен немесе қабылданғаннан кейін бір ай мерзім ішінде кен орны өнеркәсіптік игеру үшін берілетін министрлікке (ведомствога), сондай-ақ халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің тиісті атқару комитетіне кен орнының беруге дайын екендігі туралы хабарлайды және кен орнын беру-қабылдап алу үшін ведомствоаралық комиссия құру туралы мәселе қояды.

4. Барланған кен орнын немесе оның учаскесін өнеркәсіптік игеру үшін беру-қабылдап алу ведомствоаралық комиссияның шешімімен жүргізіледі.

Ведомствоаралық комиссия геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген ұйым мен кен орнын өнеркәсіптік игеру ұшін қабылдап алатын ұйымның бірлескен бұйрығымен құрылады.

5. Ведомствоаралық комиссия кен орнын қабылдап алушы және беруші ұйымдардың және халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің өкілдерінен құрылады. Қажет болған жағдайда ведомствоаралық комиссияға кен орнын беруші және қабылдап алушы министрліктердің (ведомстволардың) өкілдері, Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының, жобалау, ғылыми-зерттеу және басқа ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін. Ведомоствоаралық комиссияның председателі болып кен орнын қабылдап алушы ұйымның өкілі тағайындалады. Ведомствоаралық комиссияның құрамын халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті бекітеді.

6. Кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындарын беру-қабылдап алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия өз жұмысын, әдетте, барланған объектіде тікелей жүргізеді және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген ұйымнан кен орнының зерттелуі жөніндегі қажетті деректерді алуға, сондай-ақ Қазақ ССР Геология министрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөніндегі территориялық комиссиялары мен өндірістік геологиялық бірлестіктері ғылыми-техникалық советтерінің протоколдарында көрсетілген ұсыныстардың орындалуын тексеруге праволы.

Ведомствоаралық комиссия запастарды есептей отырып, барлау жұмыстары туралы геологиялық есепті, геологиялық барлау және гидрогеологиялық режимдердегі скважнналардың геологиялық және техникалық алғашқы документтемесін, кернді, пайдалы қазбалар мен кен жыныстарының үлгілерін, сынақтардың, кен қазбаларының дубликаттарын берудің тәртібі мен мерзімдерін белгілейді және үйлерді, құрылыстар мен басқа да негізгі құрал-жабдықтарды пайдалану мүмкіндігі жайында ұсыныстар береді.

Кен орнын беру-қабылдап алу ведомствоаралық комиссияның актісімен қосымшаға сәйкес форма бойынша ресімделеді, актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

7. Кен орнын иғеруді оны барлаған министрліктің (ведомствоның) кәсіпорындары, ұйымдары жүзеге асыруы көзделіп отырған ретте кен орнын беру-қабылдап алу үшін сол министрлік (ведомство) бойынша бұйрықпен комиссия құрылады, оның құрамына кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін қабылдап алушы кәсіпорынның (ұйымның), геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген ұйымның өкілдері, сондай-ақ сол министрлік (ведомство) пен басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері енгізіледі. Комиссияның құрамын халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті бекітеді.

8. Ведомствоаралық комиссияның шешімі мен кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін беру-қабылдап алу актісі министрлікке (ведомствоға) жер учаскесі мен кен бөлігін белгілеиген тәртіп бойынша алғанға дейін кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындарын пайдалануға кірісуге право бермейді.

9. Ведомствоаралық комиссияның актісін кен орнын қабылдап алушы ұйымның басшысы мен геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асырған ұйымның басшысы бекітеді.

Ведомствоаралық комиссияның бекітілген актісі кең таралған пайдалы қазбалардың кен орнында барланған запастарын кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін қабылдап алған министрліктің (ведомствоның) немесе ұйымның балансына беру үшін негіз болып табылады.

Ведомствоаралық комиссияның бекітілген актісінің бір данасы — геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген министрлікке (ведомствоға), ұйымға, екі данасы — кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін қабылдап алушы ұйымға, бір данадан — Қазақ ССР Геология министрлігінің территориялық және республикалық геологиялық қорларына, Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарына, халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне беріледі.

Республикалық және территориялық геологиялық қорлар ведомствоаралық комиссиялардың актілеріне сәйкес өнеркәсіптік игеру үшін берілген кең таралған пайдалы қазбалардың барланған кен орындарының есебін жүргізеді.

10. Кен орнын беру-қабылдап алу мәселелері жөнінде туатын келіспеушіліктерді геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген және кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін қабылдап алушы мннистрліктердің (ведомстволардың) басшылары шешеді.

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазбалардың барланған кен орындарын өнеркәсіптік игеру үшін беру тәртібі туралы Нұсқауға*

*ҚОСЫМША*

БЕКІТЕМІН

_____
кен орнын беруші ұйым

_____
басшысының лауазымы

«____» _____ 19___ ж.

БЕКІТЕМІН

_____
кен орнын қабылдап алушы

_____
ұйым басшысының лауазымы

«____» _____ 19___ ж.

**Кең таралған пайдалы қазбалардың кен орнын өнеркәсіптік игеру үшін беру-қабылдап алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның**

**АКТІСІ**

қаласы № _____ 19 ____ жылғы «_____» _____

_____
(министрлікке (ведомствоға) бағыныстылығына қарай көрсетілген

_____ бойынша
кен орнын беруші және қабылдап алушы ұйымның аты)

19____ жылғы «_____» _____ № _____ бірлескен бұйрық негізінде

Іс-қимыл жасайтын, құрамында бір жағынан _____

_____
(министрлікке (ведомствоға) бағыныстылығына қарай көрсетілген

_____
кен орнын беруші ұйымның аты, өкілдердің лауазымы, фамилиясы, аты,

_____ өкілдері, екінші жағынан _____
әкесінің аты) (министрлікке (ведомствоға)

_____
бағыныстылығына қарай көрсетілген кен орнын қабылдап алушы ұйымның

_____ өкілдерінен
аты, өкілдердің лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

құралған ведомствоаралық комиссия мынаған туралы осы актіні жасады:

1. 19 ____ жылдан 19____ жылғы кезең ішінде зерттелген және барланған _____

_____ территориясында орналасқан
(әкімшілік ауданның аты)

_____
(пайдалы қазбаның аты көрсетілген кен орнының немесе оның

_____
*берілетін бөлігінің аты)*

_____
(министрлікке (ведомствоға) бағыныстылығына қарай көрсетілген

_____ береді, ал
геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген ұйымның аты)

_____
(министрлікке (ведомствоға) бағыныстылығына қарай көрсетілген

_____ қабылдап алады.
кен орнын қабылдап алушы ұйымның аты)

2. Берілетін кен орны барланды _____
(барланған кен қабаттары,

_____
олардың саны, бұрғылау және барлау жұмыстарының жалпы метражы)

3. Берілетін кен орны бойынша геологиялық барлау жұмыстары арқылы табылған

_____ баланстық запастары беру кезінде мына мөлшерлерде болды:
(пайдалы қазбаның аты)

_____
(Қазақ ССР Геология министрлігі

_____
геологиялық ұйымдарының ТКЗ немесе НТС протоколдарының датасы,

_____ бекітілген (немесе қабылданған) запастары _____
номері) (категориясы, саны)

баланстан тысқары запастары _____
(категориясы, саны)

4. Берілетін кен орнының _____ сапалық көрсеткіштері мынадай
(пайдалы қазбаның аты)

деректермен сипатталады: _____
(жекелеген

_____
категориялар үшін сынақ деректері бойынша, жекелеген учаскелер мен

_____
аймақтар бойынша орташа құндылығы, шикізаттың технологиялық сипаты)

5. Запастардың өсу мүмкіндігі мен аршылатын жыныстардың пайдаланылуы туралы мәліметтер: _____

_____

6. Кен орнының гидрогеологиялық сипаты: _____

_____

7. Берілетін кен орнын сипаттайтын басқа да деректер: _____

_____

8. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген ұйым _____

_____
(министрлікке (ведомствоға) бағыныстылығына қарай көрсетілген

_____
ұйымның аты)

кен орнымен бір мезгілде мына материалдарды береді, ал кен орнын қабылдап алушы ұйым _____ қабылдап алады:
(министрлікке (ведомствоға) бағыныстылығына қарай көрсетілген ұйымның аты)

_____
(Қазақ ССР Геология министрлігі геологиялық ұйымдарының ТКЗ немесе

_____ _____дана;
НТС протоколдары)

_____
(графикалық материалдар, қорытындылар мен тағы басқалар)

_____дана;

_____
(барланған запастардың мөлшері көрсетілген есептер)

_____дана.

**Комиссия председателі**

**Комиссия мүшелері:**

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 5 июньдегі № 239 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ТЕРРИТОРИЯСЫНДА ҚЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ОРЫНДАРЫНАН КЕН ӨНДІРУ ҮШІН КЕН БӨЛІКТЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

## I. Жалпы ережелер

1. Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы осы Нұсқау Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес жасалды және оны Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындарын жобалауды, салуды (қайта құруды) және пайдалануды жүзеге асыратын барлық министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті.

2. Кең таралған пайдалы қазбалар орнынан өнеркәсіптік кен өндіру үшін осы Нұсқаумен көзделген тәртіп бойынша кен бөлігі және белгіленген тәртіп бойынша жер учаскесі алынуы тиіс.

Кәсіпорынның, мекеме мен ұйымның тек кен бөлігін ғана алуы оған соның шекарасындағы жер қыртысының учаскесін пайдалануға право бергендікті білдірмейді, дәл сол сияқты тек жер бөлігінің болуы тиісті жер учаскесі шеңберіндегі пайдалы қазбаны өндіруге право бермейді.

3. Жер қойнауындағы пайдалы қазбалардан өнеркәсіптік кен өндіру үшін берілетін оның бір бөлігі кен бөлігі деп аталады.

Кен бөлігінің орналасқан жері топографиялық жоспарда масштабпен кескінделеді.

4. Кең таралған пайдалы қазба орнынан кен өндіруге арналған жер учаскесі кен бөлігі ресімделгеннен кейін беріледі. Жер учаскесінің орналасқан орны мен көлемі кен бөлігінің шекараларына қарай, жерлерді ұқыпты және ұтымды пайдалану туралы жер заңдарының талаптары ескеріліп белгіленеді.

5. Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері береді.

Екі ауданның шегінде жатқан кең таралған пайдалы қазба орнынан кен өндіру үшін кен бөлігін беруді халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің нұсқауы бойынша, ал екі облыстың территорнясында жатқан жағдайда — Қазақ ССР Министрлер Советінің нұсқауы бойынша халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің тиісті атқару комитеттерінің бірі жүргізеді.

Кен орнынан кен өндіру басталғанға дейін кен бөлігі Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті округінің территориялық басқармасында міндетті түрде тіркелуі тиіс.

6. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін берген кезде:

6.1) кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындары мен олар жатқан жерлер көлемінің халық шаруашылығы үшін дұрыс және неғұрлым орынды пайдаланылуын талап етуге;

6.2) кең таралған пайдалы қазбалардың өз бетінше кен өндіру үшін жарамсыз кен орындары учаскелерінің кен бөлігіне енгізілмей қалуына жол бермеуге;

6.3) кен бөліктерін кең таралған пайдалы қазбалардың запастарын Қазақ ССР Геология министрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөніндегі территориялық комиссиясы (ТҚЗ) бекітіп, өндірістік геологиялық бірлестіктерінің ғылыми-техникалық советі (НТС) қабылдаған кен орындарынан кен өндіру үшін ғана беруге міндетті.

Ескерту. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері пайдалы қазбалар өндіретін және минералды тыңайтқышты қайта өңдейтін жақын маңдағы кәсіпорындардың қалдықтарын құрылыс материалдарын өндіру үшін пайдалану экономикалық жағынан орынды болған жағдайда бұл мақсаттар үшін кең таралған пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын игеруге рұқсат етпеуі тиіс. Рұқсат сондай-ақ бұрын кен орындарынан кен өндіргенде бұзылған жер учаскелерін белгіленген тәртіп бойынша рекультивациялап, өткізбеген кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға да берілмейді.

7. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың оларға берілген жер учаскелері шеңберінде жару жұмыстарын қолданбай ашық әдіспен, биіктігі 5 метрден аспайтын бір кертпешпен, оларды басқа жаққа сатуға немесе беруге правосыз пайдаланудың техникалық ережелері мен хауіпсіздік техникасын сақтай отырып топырақтың құнарлы қабатын кейін рекультивацияланатын жерге төсеу үшін аршып, оны сақтаған жағдайда кен бөлігін ресімдемей-ақ өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттері үшін кең таралған пайдалы қазбалар өндіруге правосы бар.

8. Пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорынды салу, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазба орындарынан өнеркәсіптік кен өндіру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруға техникалық жоба, кен бөлігін тіркеу туралы Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті округі басқармасының анықтамасы және жер учаскелерін пайдалануға право беретін документтер болғанда ғана жол беріледі.

## II. Кен бөліктері жөніндегі негізгі талаптар

9. Кен орындарынан кен өндіруді бастауға кен бөлігі ресімделіп, жер учаскесін және Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті округ-

гі басқармасында кен бөлігі тіркелгені туралы анықтама алғаннан кейін ғана жол беріледі.

10. Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру өздерінің уставтарына, ережелеріне немесе жоғары тұрған органдардың бұйрықтарына сәйкес міндеттеріне кіретін кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға ғана кен бөліктері беріледі.

11. Кен бөлігі, әдетте, бір кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға кең таралған пайдалы қазбаның бүкіл кен орнынан кен өндіру үшін беріледі.

Кәсіпорындардың пайдалы қазбалар өндіру жөніндегі жұмыстары өзара үйлестіріліп, жобалары келісілген, сөйтіп кен орнынан баланстағы кен запастарының неғұрлым толық қазып алынуын және кен жұмыстарын хауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін тәсілдермен өндірген жағдайда бір кен орны шеңберіндегі кен бөліктері ерекше реттерде бірнеше кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға берілуі мүмкін.

Жұмыс істеп тұрған, пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорындардың кен бөліктеріне кең таралған пайдалы қазбалар орындарының қосымша учаскелерін кесіп беру жаңа кен бөлігін алу үшін осы Нұсқаумен көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

12. Кең таралған пайдалы қазбалар өндіру үшін берілген кен бөліктерін уақытша немесе тұрақты пайдалану үшін басқа кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға беруге тыйым салынады.

13. Кең таралған пайдалы қазбалардың запастарын өндіру аяқталған соң, сондай-ақ техникалық-экономикалық есептер мен басқа да негіздемелер бойынша кен орнынан, немесе оның бөлігінен одан әрі кен өндіру орынсыз немесе мүмкін емес жағдайларда, кен орнын иеріп, кең таралған пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорын, немесе сол кәсіпорынның тиісті бөлігі жойылуға немесе тоқтатып қойылуға жатады.

Кең таралған пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорын жойылған кезде кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар кен жұмыстарын жүргізгенде бұзылған жерлерге рекультивация жүргізуге міндетті.

Кең таралған пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорын толық немесе ішінара жойылған, немесе тоқтатып қойылған кезде кен қазбалары мен бұрғылау скважиналары халықтың хауіпсіздігін, айналадағы табиғи ортаны, үйлер мен құрылыстарды қорғауды, ал тоқтатып қойылған кезде сонымен қатар кен орнының, кен қазбалары мен бұрғылау скважиналарының тоқтатып қойылған бүкіл уақыт ішінде аман сақталуын қамтамасыз ететін күйге келтірілуі тиіс. Кең таралған пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорын жойылған кезде сондай-ақ кен қазбалары мен бұрғылау скважиналарын халық шаруашылығының басқа мақсаттары үшін пайдалану жөніндегі мәселе де шешілуі тиіс.

Кең таралған пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорын немесе оның бөлігі жойылған және тоқтатып қойылған кезде геологиялық және маркшейдерлік документтеме кен қазу жұмыстары аяқталған кезеңге толықтырылып, белгіленген тәртіп бойынша сақтауға өткізіледі.

Жойылатын немесе тоқтатып қойылатын кәсіпорынмен сабақтас, кең таралған пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорындарда кен қазу жұмыстарын хауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін шаралар жүзеге асырылуға тиіс.

Кең таралған пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорынды немесе оның бөлігін жою мен тоқтатып қою мемлекеттік кен қадағалау органдарымен және басқа мүдделі ұйымдармен келісіп алғаннан кейін жүзеге асырылады.

## III. Кен бөліктерін беру тәртібі

14. Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөлігін сұраушы кәсіпорын, мекеме, ұйым кен орны территориясында жатқан халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне заявка береді.

Заявкада мыналар көрсетіледі:

14. 1) кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның толық аты мен адресі, олардың ведомстволық бағыныстылығы;

14. 2) пайдалы қазбаның аты;

14. 3) кен орнының орналасқан жері;

14. 4) салынуы (қайта құрылуы) көзделген карьердің өндірістік қуаты.

Заявкаға мына документтер қоса беріледі:

14. 5) сұралатын кен бөлігінің контуры, кен бөлігінің шегі мен оның маңындағы жер бедері, табиғи объектілер көрсетіліп, заявка берілген күні анықталған, ең ұсақ болғанда 1 : 5000 масштабтағы топографиялық жоспар;

14. 6) Қазақ ССР Геология министрлігінің пайдалы қазбалардың запастары жөніндегі территориялық комиссиясы (ТКЗ) бекіткен немесе өндірістік геологиялық бірлестігінің ғылыми-техникалық советі (НТС) қабылдаған барлық запастар, соның ішінде кен бөлігі шеңберіндегі запастар көрсетілген кен орнының барланғаны туралы анықтама;

14. 7) пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорынды салуға (қайта құруға) және пайдалануға арнап бекітілген техникалық жобаның бар екендігі туралы анықтама;

14. 8) кен бөлігін беруді сұрап отырған кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның кен жұмыстарын жүргізу правосын қуаттайтын ережеден, уставтан немесе жоғары тұрған органдардың қаулысынан үзінді-көшірме;

14. 9) пайдалы қазбалар өндіру үшін салынуға белгіленген кәсіпорынның (карьердің) мақсаты мен міндеттері, кен орнын игеру мен кен жұмыстарын өрістетудің әр жылдар бойынша мерзімдері және басқа өндірістік көрсеткіштер көрсетілетін түсіндірме хат.

15. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті кең таралған пайдалы қазбалар орындарынан кен өндіру үшін кен бөлігін беру туралы заявканы қарайды және оны алғаннан кейін 20 күннен кешіктірмей ол жөнінде шешім шығарады.

16. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің кең таралған пайдалы қазба орнынан кен өндіру үшін кен бөлігін беру туралы заявканы қарау мәселесі жөніндегі шешіміне оны шығарған күннен бастап бір ай мерзімде халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне шағым берілуі мүмкін.

Шағымның көшірмесі бір мезгілде халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне жіберіледі, ол даулы мәселе жөніндегі барлық материалдарды 10 күндік мерзімде халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне жіберуге міндетті.

17. Кең таралған пайдалы қазба орнынан кен өндіру үшін кен бөлігін беруге арналған рұқсат төрт дана болып жасалатын мынадай документтермен ресімделеді:

17. 1) халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің шешімі;

17. 2) № 1 қосымшаға сәйкес форма бойынша жасалған кен бөлігін беру актісі;

17. 3) № 2 қосымшаға сәйкес форма бойынша топографиялық жоспарға жазылған рұқсат.

18. Кен бөлігін беруді ресімдеу жөніндегі барлық материалдардың, соның ішінде кен бөлігін беру актісі мен халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитеті шешімінің бір данасы өтініш иесіне беріледі, екінші данасы халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің архивінде сақталады, үшінші данасы — Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті округінің басқармасына, ал төртінші данасы — Қазақ ССР Геология министрлігінің территориялық геологиялық қорына беріледі.

19. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөлігін беру актісін жою жолымен жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың оны пайдалану правосын мынадай жағдайда жоя алады, егер:

19. 1) жер қойнауын пайдалану қажеттігі болмай қалса;

19. 2) жер қойнауын пайдаланудың белгіленген мерзімі өтіп кетсе;

19. 3) мемлекеттік немесе қоғамдық басқа да қажеттер үшін жер қойнауы учаскесін қайтарып алу қажеттігі пайда болса;

19. 4) пайдалану үшін жер қойнауы берілген кәсіпорын (мекеме, ұйым) жойылса;

19. 5) кәсіпорын екі жыл бойына жер қойнауын пайдалануға кіріспесе;

19. 6) жер қойнауы оны бергендегі мақсатқа сәйкес пайдаланылмаса;

19. 7) жер қойнауын пайдалану және оны қорғау ережелері халықтың денсаулығына көрінеу қатер төндіріп, айналадағы ортаға теріс әсер етуге апарып соғатындай бұзылса.

20. Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін берілген кен бөліктерінің есебі халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетінде № 3 қосымшаға сәйкес форма бойынша кітапта, ал Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті округінің басқармасында берілген кен бөліктерін тіркеу — № 4 қосымшаға сәйкес форма бойынша кітапта жүргізіледі.

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқауға*

*№ 1 ҚОСЫМША*

**Кең таралған пайдалы қазба орнынан кен өндіру үшін**

**КЕН БӨЛІГІН БЕРУ АҚТІСІ №**

«_____» _____ 19___ ж. _____
(күні, айы) (халық депутаттары Советі аудандық

_____
атқару комитетінің, (қалалық атқару комитетінің), облыстың аты)

осыған қоса беріліп отырған топографиялық жоспар көшірмесінде бұрышты пункттермен _____
(цифрлар)

белгіленген шекараларда орналасқан _____

_____
(орынның, ауданның, облыстың аты)

көлемі _____
(жазбаша)

гектар _____
(кең таралған пайдалы қазба

_____ кен бөлігі
орнының аты)

өнеркәсіптік кен өндіру үшін берілді.

Бұл акті төрт данада жасалып, _____

_____
(кен бөлігін беруді сураған ұйымның аты)

_____
(халық депутаттары Советі аудандық атқару комитетінің

_____
(қалалық атқару комитетінік), облыстың аты)
реестріне енгізілді.

Кен бөлігін алған кәсіпорын мына талаптарды сақтауға міндетті:

1. Кен жұмыстарын жобаларға сәйкес және кен, жару жұмыстарын хауіпсіз жүргізу ережелерін, жер қойнауын қоргау жөніндегі ережелер мен нұсқауларды және жерлерді рекультнвацнялау жобасын сақтай отырып жүргізуге.

2. Берілген кен бөліктері шеңберінде кен өндіруге басшылық етуді кен жұмыстарын жүргізуге жауап беру правосы бар адамға ғана тапсыруға.

3. Жобада сақталуы көзделген барлық бағалы құрылыстар мен табиғи объектілерді кен өндірудің зиянды әсерінен қорғауға.

4. Кен жұмыстары басталардан 15 күн бұрын ол жайында Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті округінің басқармасына хабарлауға.

5. Жұмысты уақытша немесе біржолата тоқтатуды кен кәсіпорындарын тоқтатып қою мен жою тәртібі туралы қолданылып жүрген Нұсқауға толық сәйкес етіп жүзеге асыруға.

6. Кен кәсіпорнын жою жөніндегі акті ресімделгеннен кейін 10 күннен кешіктірмей халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетіне кен бөлігін беру актісін қайтаруға.

Егер кен бөлігін алған ұйым екі жыл бойына пайдалы қазба орнынан кен өндіруге кіріспесе, кен бөлігін беру актісі күшін жояды және халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне қайтарып беруге жатады.

М. О. _____
(халық депутаттары Советі аудандық атқару комитетінің

_____
(қалалық атқару комитетінің) аты)

председателі _____
(қолы)

М. О. _____
(кен бөлігін беруге заявка жасаған ұйымның аты)

басшысы _____
(қолы)

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқауға*

*№ 2 ҚОСЫМША*

## ТОПОГРАФИЯЛЫҚ ЖОСПАРҒА РҰҚСАТТЫ ЖАЗУ ФОРМАСЫ

Осы жоспарда _____
(кен орнының аты)

_____бойынша көрсетілген,

бұрышты пункттермен белгіленген шекаралардағы _____
(цифрлармен)

көлемі _____гектар
(жазбаша)

кен бөлігі _____
(аудандық атқару комитетінің (қалалық атқару

_____
комитетінің), облыстың аты)

өнеркәсіптік кен өндіру үшін _____
(кен бөлігін бөлуге заявка берген

_____
ұйымның толық аты)

береді.

Жоспар кен бөлігін беру жөнінде 19____ жылғы _____
(күні, айы)

берілген № _____актіге қосымша болып табылады.

Халық депутаттары _____аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің

председателі _____
(қолы)

М. О.

Халық депутаттары _____аудандық (қалалық) Советі атқару

комитетінің секретары _____
(қолы)

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқауға*

***№ 3 ҚОСЫМША***

_____ облысы халық депутаттары Советінің _____
(облыстың аты) (аудандық атқару комитетінің (қалалық

_____ аудандық атқару комитеті (қалалық атқару комитеті)
атқару комитетінің) аты)

**Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін берілген кен бөліктеріне**

**ЕСЕП ЖҮРГІЗУ КІТАБЫ (РЕЕСТР)**

| Кен бөліктерінің рет номері | Кен бөлігін беру актісінің берілген датасы | Кен орнының аты | Кен бөлігінің көлемі (га есебімен) | Кен өндіру үшін берілген пайдалы қазбаның аты | Пайдалы қазбалардың запастары | Кен бөлігінің орналасқан жері (орны, ауданы, облысы) | Кен бөлігін алған кәсіпорынның (ұйымның) толық аты мен адресі, сондай-ақ оның бағыныстылығы (трест, бас басқарма, министрлік, ведомство) | Кен бөлігін ресімдеу кезінде кәсіпорынға (ұйымға) берілген документтердің тізбесі | Кәсіпорынды (ұйымды) жою немесе тоқтатып қою туралы, кен бөлігінің мөлшерлерін өзгерту туралы, себептерін көрсете отырып оны қайтарып алу туралы белгі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқауға*

***№ 4 ҚОСЫМША***

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті _____

_____ округінің басқармасы

(округтің аты)

**Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін берілген кен бөліктеріне**

**ЕСЕП ЖҮРГІЗУ КІТАБЫ (РЕЕСТР)**

| Кен бөлігін тіркеу анықтамалары №№ | Кен бөлігінің тіркелгей датасы | Кен бөлігін беру актісін берген аудандық атқару комитетінің (қалалық атқару комитетінің), облыстық толық аты | Кен бөлігінің берілген датасы және реестр бойынша № | Пайдалы қазба орнының аты | Кен бөлігінің көлемі (га есебімен) | Пайдалы қазбаның запастары | Кен бөлігінің орналасқан жері (орны, ауданы, облысы) | Кен бөлігін алған кәсіпорынның (ұйымның) толық аты мен адресі, оның бағынысты-лығы (трест, бас басқарма, министрлік, ведомство) | Кен бөлігін ресімдеу кезінде кәсіпорынға (ұйымға) берілген документтердің тізбесі | Кәсіпорынды (ұйымды) жою немесе тоқтатып қою туралы, кен бөлігінің мәлшерлерін өзгерту туралы, себептерін көрсете отырып оны қайтарып алу туралы белгі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 5 июньдегі № 239 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР-інің ТЕРРИТОРИЯСЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ЖАТҚАН ЖЕРЛЕРДЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

## НҰСҚАУ

1. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат беру тәртібі туралы осы Нұсқау Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес жасалған және оны Қазақ ССР-інің территорнясында өнеркәсіп кәсіпорындарын, үйлерді, құрылыстарды және басқа объектілерді жобалауды, салуды немесе қайта құруды жүзеге асыратын барлық кәсіпорындар мен ұйымдар орындауға міндетті.

2. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс объектілерін орналастыруға ерекше қажет жағдайларда және мына шарттарды орындаған ретте жол беріледі:

2. 1) объектілер астындағы пайдалы қазбаларды неғұрлым аз шығын жұмсай отырып алуға мүмкіндік бар болғанда;

2. 2) сапасы жоғары емес көрсеткіштері бар баланстық запастардың ең аз мөлшері консервацняланса;

2.3) құрылыс объектілерінің орналастырылуы осы кен орнындағы кен жұмыстарының жобасы мен дамыту жоспарына сәйкес қамтамасыз етілсе;

2. 4) құрылыс объектілерін кен өндірудің зянды әсерінен қорғау жөніндегі шаралар қолданылса.

3. Кен бөлігінің шеңберінде кен жұмыстарына тікелей байланысы жоқ объектілер салуға жол берілмейді.

4. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері мыналармен келісім бар болғанда береді:

4. 1) Қазақ ССР Геология министрлігінің өндірістік геологиялық бірлестіктерімен;

4. 2) өздерінің заявкасы бойынша кен орны зерттелген министрліктермен (ведомстволармен);

4. 3) егер құрылыс жобалары Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне жататын болса, Қазақ ССР Геология министрлігімен және Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен.

5. Кәсіпорынның, ұйымның кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат алуы олардың пайдалануына, белгіленген тәртіп бойынша, объектілер салуға қажетті жер учаскесін беру туралы мәселе шешілгеннен кейін ғана құрылысты жүзеге асыруға кірісуіне право береді.

6. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат сұрайтын кәсіпорындар, ұйымдар, халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне мынадай документтерді үш дана етіп табыс етеді:

6. 1) кәсіпорынның немесе ұйымның толық аты мен адресі, олардың ведомстволық бағыныстылығы, кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлердің орны көрсетілген заявканы;

6. 2) кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салудың кен-геологиялық дәлелдемесін табыс етеді, ол мыналардан құралады:

6. 2. 1) мыналар енгізілген түсіндірме хаттан:

— құрылыс салу белгіленген аудандағы кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жердің қысқаша кен-геологиялық сипаттамасы;

— осы жерде құрылыс жүргізу қажеттігінің дәлелдемесі және құрылыс салудың басқа да ықтимал варианттарын талдау;

— құрылыс объектілерін кен жұмыстарының зиянды әсерінен қорғау жөнінде белгіленетін шаралар;

6. 2. 2) құрылыс салуға белгіленген жердің және оған іргелес территорияның масштабы ең ұсақ болғанда 1 : 10 000, ал едәуір ұзын объектілер үшін масштабы 1 : 50 000 топографиялық жоспарының кен-геологиялық жағдайларының элементтері бейнеленген көшірмесі.

Жоспардың көшірмесінде парақ қағаздың бос бөлігінде жердің гектар есебімен мөлшерін, жоспар мен рұқсатты жазу датасын қосымшаға сәйкес көрсету үшін орын қалдырылады;

6. 2. 3) кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлердің геологиялық карталарынан және разрездерінен түсіріліп алынған көшірмелер;

6. 2.4) кәсіпорынның белгіленген құрылысы бойынша кен орнын пайдалануға мүдделі ұйымдардың кен жұмыстарын өрістету перспективалары көрсетілетін қорытындылары;

6. 2. 5) Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің бекітілген запастардың шекарасын жоспарда кескіндей отырып пайдалы қазбалардың запастары, олардың сандық және сапалық сипаттамасы туралы анықтамалары;

6. 2. 6) Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің, ал 4.3-пунктте көзделген жағдайда, Қазақ ССР Геология министрлігі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің құрылыс салуға келісетіндігі туралы қорытындылары.

Кең таралған пайдалы қазба жатқан жерде құрылыс салуды қарап, келісу үшін мүдделі кәсіпорын немесе ұйым осы пунктте аталған материалдарды Қазақ ССР Геология министрлігінің өндірістік геологиялық бірлестігіне табыс етеді; ол бір ай мерзімде өзінің қорытындысын береді.

7. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерде құрылыс салуға рұқсат беру туралы заявканы қарайды және заявканы алғаннан кейін бір ай мерзімнен кешіктірмей өтініш несі мен басқа да мүдделі ұйымдарға өз шешімін хабарлайды.

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсат халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің шешімімен ресімделіп, бұл жайында қосымшада көрсетілген форма бойынша топографиялық жоспарда рұқсат жазылады.

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті тіркейді.

8. Қажет болған жағдайда, халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің немесе Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің талап етуі бойынша, кәсіпорындар мен ұйымдар ол жерлерде құрылыс салуға байланысты мәселелер жөнінде қосымша документтер табыс етуге міндетті. Мұндай реттерде шешімдер қосымша материалдар алынғаннан кейін бір ай мерзім ішінде шығарылады.

9. Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің немесе Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің келісімі болмаған ретте осы Нұсқаудың 4.3-пунктінде көзделген жағдайларда халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті

кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға бөлінген жерді бекітуден бас тартады.

10. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті ресімделген документтердің бір данасын өтініш несіне береді, екінші данасын атқару комитетінің архивінде сақтайды, ал үшінші данасын кең таралған пайдалы қазба орнын пайдалануға мүдделі кәсіпорынға, ұйымға береді.

11. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті мүдделі ұйымдардың қатысуымен құрылыстың жайын ескере отырып мынадай жағдайларда қайтадан қарауы мүмкін:

11.1) қосымша геологиялық барлау құрылыс салуға рұқсат етілген жердің астында жатқан пайдалы қазбалар туралы деректердегі елеулі өзгерістерді анықтаған жағдайда;

11.2) кен орнын пайдаланудың мерзімдері мен тәсілдері өзгерсе, егер бұл өзгерістер құрылыс салу жағдайларының бұрын көзделмеген нашарлауын туғызатын болса.

12. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті мынадай жағдайда жоюы мүмкін:

12.1) құрылыс салудың рұқсатта көзделген шарттары сақталмаса;

12.2) пайдалы қазбалар жатқан жерде құрылыс салуға рұқсат алынғанмен, ол екі жыл бойына басталмаса және берілген рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы заявка жасалмаса.

13. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерде құрылыс салу туралы өтінішті қарау мәселесі жөніндегі шешіміне халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне шешім шығарылған күннен бастап бір ай мерзімде шағым берілуі мүмкін.

Шағымның көшірмесі бір мезгілде халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне жіберіледі, ол даулы мәселелер жөніндегі барлық материалдарды 10 күндік мерзімде халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне жіберуге міндетті.

14. Кен бөлігі және кен орнынан кен өндіруге бекітілген жобалау-сметалық документтеме болған жағдайда кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде кен орнын белгіленген мақсатта пайдалану үшін көзделген қызмет үйлері мен техникалық құрылыстар салуға арнаулы рұқсатсыз жол беріледі.

Егер кен кәсіпорнының жобаланатын өнеркәсіптік жерінің астында осы кәсіпорынның өндіруі көзделмеген кең таралған пайдалы қазбалар жатқан болса, құрылыс салуға берілетін рұқсат осы Нұсқаумен белгіленген тәртіп бойынша алынуға тиіс.

15. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетінен алынған рұқсатты басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға беруге тыйым салынады.

16. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде екі және одан да көп аудандардың территориясынан өтетін, ұзындығы едәуір объектілер салуға рұқсат халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша, ал екі немесе одан да көп облыстардың территориясынан өтетін жағдайда — Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімі бойынша беріледі.

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқауға*

*ҚОСЫМША*

**Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салу жөніндегі топографиалық жоспарына рұқсатты жазу**

**ФОРМАСЫ**

_____19_____ ж.
(күні, айы)

Халық депутаттары _____аудандық (қалалық) Советінің

атқару комитеті _____
(ұйымның, кәсіпорынның аты)

_____
(кен орны мен әкімшілік ауданның аты)

территориясында осы жоспарда пункттермен белгіленген жерде _____

_____мынадай объекті _____
(пункттердің номерлері)

_____салуға рұқсат етеді.
(құрылыс объектісінің аты)

Бұл жерлерде құрылыс салу мына шарттар сақталса _____

_____
(құрылыс салу шарттарының тізбесі)

рұқсат етіледі.

Аудандық (қалалық) атқару комитетінің

председателі (председательдің орынбасары) _____
(қолы)

секретары _____
(қолы)

М. О.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 5 июньдегі № 239 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР-інің ТЕРРИТОРИЯСЫНДА ҚӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, МЕКЕМЕЛЕРДІҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ОЛАРҒА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ӨЗДЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЖЕТТЕРІНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

## НҰСҚАУ

1. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың оларға берілген жер учаскелері шеңберінде жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттеріне пайдалану тәртібі туралы осы Нұсқау Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес жасалған және оны үйлер мен құрылыстардың жер астындағы бөліктерін, коммуникацияларды, тоннельдерді, каналдарды, тіреулерді, жаяулар мен транспортқа арналған айырғыларды және ішінара немесе түгелімен жердің бетінен тереңдетіп салынған, мұнайды, газды, басқа да заттар мен материалдарды жер астында сақтауға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес мақсаттарға арналған басқа да құрылыс объектілерін жобалауды, салуды (қайта құруды) және пайдалануды жүзеге асыратын барлық мнинистрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар орындауға міндетті [1].

2. Жер астындағы құрылыстар, әдетте, пайдалы қазбалар жоқ жерлерде орналастырылуға тиіс.

3. Кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға олардың жер учаскелері шеңберінде жер қойнауын өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттеріне және оны пайдалы қазба өндіруге байланысты емес мақсаттарда пайдалануы үшін беруді халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комнтеттері жүзеге асырады немесе объектілер мен құрылыстарды салуға (қайта құруға) белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін жобасы болган жағдайда солар белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі, ол жобада жер қойнауын қорғау және оны хауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптар Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес қамтамасыз етілуге тніс.

Екі ауданның шегінде жатқан жер қойнауын аталган мақсаттар үшін беруді халық депутаттары облыстық Советі атқару комнтетінің нұсқауы бойынша халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің тністі атқару комитеттерінің бірі жүргізеді.

4. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комнтеттері кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес шаруашылық және тұрмыстық мақсаттарда пайдалану үшін берген жагдайда мынадай талаптар қоюға тиіс:

4.1) объектілер мен құрылыстардың жер астындағы бөліктерін салу мен пайдалану процесінде аршылатын жер қойнауының зерттелуі жөнінде қолда бар геологиялық, гидрогеологиялық, ннженерлік-геология-

---

[1] Знянды заттарды, өндіріс қалдықтарын көму, сондай-ақ сарқынды суларды ағызу үшін жер қойнауын беру мен пайдалану тәртібі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді және осы Нұсқаумен реттелмейді.

лық және басқа материалдарға толық және комплексті талдау жүргізуге, қажет болған ретте тиісті геологиялық және маркшейдерлік документтеме жасауға;

4.2) жұмыстарды жүргізген кезде жер қойнауының ұқыпты пайдаланылып, қорғалуын қамтамасыз етуге;

4.3) жер қойнауынан пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге;

4.4) жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың пайдалы қазбалар запастарының сақталуына тигізетін зянды әсерін болдырмауға;

4.5) жер қойнауының, әсіресе мұнайды, оны өңдеуден алынған өнімдерді, газды және басқа да заттар мен материалдарды жер астында сақтау кезінде ластануына жол бермеуге;

4.6) құрылыс объектілерінің жер астындағы бөліктерін салу, қайта құру және пайдалану кезінде қызметкерлер мен халықтың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

4.7) атмосфералық ауаны, жерді, ормандарды, суларды және айналадағы табиғи ортаның басқа да объектілерін, сондай-ақ үйлер мен құрылыстарды, пайдаланылатын бұрғылау скважиналарын жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғауға;

4.8) қорықтардың, табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерінің жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғалуын қамтамасыз етуге;

4.9) жер қойнауын пайдалану кезінде бұзылған жер учаскелерін хауіпсіз күйге, сондай-ақ оларды халық шаруашылығында пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіруге.

5. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың оларға берілген жер учаскелері шеңберінде, жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттері үшін, 3 метрге дейінгі тереңдікте жару жұмыстарын қолданбай ашық тәсілмен арнаулы жобаларсыз және рұқсатсыз пайдалануға правосы бар.

Жер қойнауларын шаруашылық және тұрмыстық қажеттер үшін басқа шарттармен пайдалану осы Нұсқаудың 4-пунктінде баяндалған талаптарды ескере отырып жасалатын жобаларға сәйкес жүзеге асырылады.

## ҚАЗАҚ ССР ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 26 январьдағы № 52 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 2, 12-ст.)**

2-пункттің төртінші абзацы, 5-пункттіц он төртінші — он алтыншы, он сегізінші — жиырмасыншы абзацтары

[1] 259-бетті қараңыз.

# ҚАЗАҚ ССР ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 23 июньдегі № 399
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚҰК, 1969 ж., № 13, 68-ст.)

6-пункттің елу үшінші, алпыс екінші және алпыс үшінші абзацтары

[1] 260-бетті қараңыз.

## § 2. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

## ҚАЗАҚ ССР ГЕОЛОГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1969 жылғы 17 июльдегі № 441**
**ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 14, 79-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Геология министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 17 июльдегі №441 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР ГЕОЛОГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Геология министрлігі одақтық-республикалық министрлік болып табылады және Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Геология министрлігіне бағынады [2].

Қазақ ССР Геология министрлігі республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеуге басшылық жасайды.

Қазақ ССР Геология министрлігі республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеудің жағдайына және оны одан әрі өркендете беруге, осы саладағы ғылыми-техникалық прогреске, жүргізілетін геологиялық барлау жұмыстарының техникалық дәрежесі мен сапасына, республиканың барланған минералды шикізат қорларына деген қажеттерін неғұрлым толық қамтамасыз етуге жауап береді.

---

[1] Қаулының үшінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 1-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16-сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

2. Қазақ ССР Геология министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— халық шаруашылығының және еліміздің қорғанысының барлаған минералды шикізат қорлары жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен ғылыми-техникалық прогресс негізінде республиканың минералды шикізат базасын ұдайы дамытып отыруды, геологиялық барлау жұмыстарын жоғары қарқынмен, сапалы жүргізуді және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— пайдалы қазбалы кен орындарын ғылыми-болжауды жетілдіру, қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, пайдалы қазбалы кен орындарын іздестіру және барлау жұмыстарын жүргізу, олардың тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

— республикада геологиялық барлау жұмыстарын дамытуда және геологиялық барлау техникасын жасауда бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асыру, ғылым мен техниканың, озық тәжірибеиің ең жаңа жетістіктерін пайдалану және геологиялық барлау жұмыстарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— еңбекті және басқару ісін ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, Министрліктің ұйымдарын, кәсіпорындары мен мекемелерін жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білім мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату;

— геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге бөліиетін қаржыларды тиімді және ұтымды пайдалану, геологиялық барлау жұмыстарын орындаудың мерзімін қысқарту және құнын арзандату;

— геологиялық барлау және басқа жұмыстарды жүргізген кезде еңбек хауіпсіздігі жағдайларын туғызу, Министрліктің ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту.

3. Қазақ ССР Геология министрлігі өз жүйесіне кіретін өндірістік геологиялық бірлестіктерге, трестерге, экспедицияларға және қарамағындағы басқа да ұйымдарға, кәсіпорындар мен мекемелерге басшылық жасайды [1].

4. Қазақ ССР Геология министрлігі, республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеу саласында жетекші роль атқара отырып, республиканың басқа министрліктерімен және ведомстволарымен тығыз байланысты және іскерлік қарым-қатынасты жүзеге асырады, осы министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары және ұйымдары жүзеге асыратын геологиялық жұмыстарды жоспарлауға қатысады, олармен бірлесе отырып, пайдалы қазбалардың барлық түрінің барланған қорларымен халық шаруашылығының қамтамасыз етілуі жайін қарастырады, осы қамтамасыздықты және жүргізілетін геологиялық жұмыстардың сапасын арттыру жөнінде шаралар белгілейді.

5. Қазақ ССР Геология министрлігі өз қызметінде СССР-дің, Қазақ ССР-інің заңдарын және СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Сове-

---

[1] 3-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж., 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

тінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Геология министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады [1].

Қазақ ССР Геология министрлігі Қазақ ССР геологиялық қызметі жүйесінде заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Геология министрлігіне табыс етеді.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Геология министрлігі:

а) республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеуді комплексті түрде жоспарлы жүргізуді қамтамасыз етеді, мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, республикада минералды шикізат базасын және геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың негізгі бағыттарын белгілейді;

б) министрліктің ұйымдары орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің жылдық және перспективтік жоспарларының жобаларын жасап, оларды бекітуге белгіленген тәртіппен табыс етеді; Министрлікке тікелей бағынатын ұйымдарға жоспарлы тапсырмаларды бекітіп береді, бекітілген жоспарларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

в) өз қарамағындағы ұйымдардың күшімен пайдалы қазба кен орындарын іздестіруді және барлауды, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің ұтымды әдістерін жасап, енгізуді жүзеге асырады, геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсартып, сапасын арттыру және барланған қорлардың дұрыс болуы жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

г) геологиялық барлау жұмыстарының техникалық дәрежесінің жоғары болуын, геологиялық барлау жабдығының, приборларының, құралсаймандарының қазіргі қолданылып жүргендерін жетілдіруді, жаңаларын жасап, енгізуді және прогрестік технологияны, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыруды енгізуді қамтамасыз етеді; Министрліктің ұйымдары мен кәсіпорындарында өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстарды дамытуды қамтамасыз етеді; Министрлік жүйесінде өндірістік-техникалық информацияны ұйымдастырады;

д) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар орындайтын геологиялық барлау жұмыстарының Қазақ ССР территориясында дұрыс жүргізілуіне мемлекеттік геологиялық бақылауды қазір күші бар заңға сәйкес жүзеге асырады;

е) жер асты суларын (гидроминералдық ресурстардан басқаларын) сарқылудан және ластанудан қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;[2]

ж) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар Қазақ ССР территориясында орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын мемлекеттік тіркеуден өткізеді; республикадағы пайдалы қазбалардың кен орындары мен қорларын есепке алады;

з) аса маңызды кен орындары, экономикалық аудандар және тұтас алғанда Қазақ ССР-і бойынша пайдалы қазбалардың қорларын болжалды бағалаудың негізділігін мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып анықтайды;

---

[1] 5-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

[2] 6-пункттің «е» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 16 августағы № 309 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 19, 60-ст.).

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқауға*

***№ 3 ҚОСЫМША***

_____ облысы халық депутаттары Советінің _____
(облыстың аты) (аудандық атқару комитетінің (қалалық

_____ аудандық атқару комитеті (қалалық атқару комитеті)
атқару комитетінің) аты)

**Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін берілген кен бөліктеріне**

**ЕСЕП ЖҮРГІЗУ КІТАБЫ (РЕЕСТР)**

| Кен бөліктерінің рет номері | Кен бөлігін беру актісінің берілген датасы | Кен орнының аты | Кен бөлігінің көлемі (га есебімен) | Кен өндіру үшін берілген пайдалы қазбаның аты | Пайдалы қазбалардың сапастары | Кен бөлігінің орналасқан жері (орны, ауданы, облысы) | Кен бөлігін алған кәсіпорынның (ұйымның) толық аты мен адресі, сондай-ақ оның бағыныстылығы (трест, бас басқарма, министрлік, ведомство) | Кен бөлігін рәсімдеу кезінде кәсіпорынға (ұйымға) берілген документтердің тізбесі | Кәсіпорынды (ұйымды) жою немесе тоқтатып қою туралы, кен бөлігінің мәліметтерін өзгерту туралы, себептерін көрсете отырып оны қайтарып алу туралы белгі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін кен бөліктерін беру тәртібі туралы Нұсқауға*

***№ 4 ҚОСЫМША***

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті _____

_____ округінің басқармасы

(округтің аты)

**Кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіру үшін берілген кен бөліктеріне**

**ЕСЕП ЖҮРГІЗУ КІТАБЫ (РЕЕСТР)**

| Кен бөлігін тіркеу анықтамалары №№ | Кен бөлігінің тіркелген датасы | Кен бөлігін беру актісін берген аудандық атқару комитетінің (қалалық атқару комитетінің), облыстық тұлық аты | Кен бөлігінің берілген датасы және реестр бойынша № | Пайдалы қазба орнының аты | Кен бөлігінің көлемі (га есебімен) | Пайдалы қазбаның запастары | Кен бөлігінің орналасқан жері (орны, ауданы, облысы) | Кен бөлігін алған кәсіпорынның (ұйымның) толық аты мен адресі, оның бағынысты-лығы (трест, бас басқарма, министрлік, ведомство) | Кен бөлігін ресіндеу кезінде кәсіпорынға (ұйымға) берілген документтердің тізбесі | Кәсіпорынды (ұйымды) жою немесе тоқтатып қою туралы, кен бөлігінің меншіктерін өзгерту туралы, себептерін көрсете отырып оны қайтарып алу туралы белгі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 5 июньдегі № 239 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР-інің ТЕРРИТОРИЯСЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ЖАТҚАН ЖЕРЛЕРДЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

## НҰСҚАУ

1. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат беру тәртібі туралы осы Нұсқау Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес жасалған және оны Қазақ ССР-інің территорнясында өнеркәсіп кәсіпорындарын, үйлерді, құрылыстарды және басқа объектілерді жобалауды, салуды немесе қайта құруды жүзеге асыратын барлық кәсіпорындар мен ұйымдар орындауға міндетті.

2. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс объектілерін орналастыруға ерекше қажет жағдайларда және мына шарттарды орындаған ретте жол беріледі:

2. 1) объектілер астындағы пайдалы қазбаларды неғұрлым аз шығын жұмсай отырып алуға мүмкіндік бар болғанда;

2. 2) сапасы жоғары емес көрсеткіштері бар баланстық запастардың ең аз мөлшері консервацняланса;

2.3) құрылыс объектілерінің орналастырылуы осы кен орнындағы кен жұмыстарының жобасы мен дамыту жоспарына сәйкес қамтамасыз етілсе;

2. 4) құрылыс объектілерін кен өндірудің зиянды әсерінен қорғау жөніндегі шаралар қолданылса.

3. Кен бөлігінің шеңберінде кен жұмыстарына тікелей байланысы жоқ объектілер салуға жол берілмейді.

4. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері мыналармен келісім бар болғанда береді:

4. 1) Қазақ ССР Геология министрлігінің өндірістік геологиялық бірлестіктерімен;

4. 2) өздерінің заявкасы бойынша кен орны зерттелген мининстрліктермен (ведомстволармен);

4. 3) егер құрылыс жобалары Қазақ ССР Миннстрлер Советінің бекітуіне жататын болса, Қазақ ССР Геология министрлігімен және Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комнтетімен.

5. Кәсіпорынның, ұйымның кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат алуы олардың пайдалануына, белгіленген тәртіп бойынша, объектілер салуға қажетті жер учаскесін беру туралы мәселе шешілгеннен кейін ғана құрылысты жүзеге асыруға кірісуіне право береді.

6. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат сұрайтын кәсіпорындар, ұйымдар, халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне мынадай документтерді үш дана етіп табыс етеді:

6. 1) кәсіпорынның немесе ұйымның толық аты мен адресі, олардың ведомстволық бағыныстылығы, кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлердің орны көрсетілген заявканы;

6. 2) кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салудың кен-геологиялық дәлелдемесін табыс етеді, ол мыналардан құралады:

6. 2. 1) мыналар енгізілген түсіндірме хаттан:

— құрылыс салу белгіленген аудандағы кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жердің қысқаша кен-геологиялық сипаттамасы;

— осы жерде құрылыс жүргізу қажеттігінің дәлелдемесі және құрылыс салудың басқа да ықтимал варианттарын талдау;

— құрылыс объектілерін кен жұмыстарының зиянды әсерінен қорғау жөнінде белгіленетін шаралар;

6. 2. 2) құрылыс салуға белгіленген жердің және оған іргелес территорияның масштабы ең ұсақ болғанда 1 : 10 000, ал едәуір ұзын объектілер үшін масштабы 1 : 50 000 топографиялық жоспарының кен-геологиялық жағдайларының элементтері бейнеленген көшірмесі.

Жоспардың көшірмесінде парақ қағаздың бос бөлігінде жердің гектар есебімен мөлшерін, жоспар мен рұқсатты жазу датасын қосымшаға сәйкес көрсету үшін орын қалдырылады;

6. 2. 3) кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлердің геологиялық карталарынан және разрездерінен түсіріліп алынған көшірмелер;

6. 2.4) кәсіпорынның белгіленген құрылысы бойынша кен орнын пайдалануға мүдделі ұйымдардың кен жұмыстарын өрістету перспективалары көрсетілетін қорытындылары;

6. 2. 5) Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің бекітілген запастардың шекарасын жоспарда кескіндей отырып пайдалы қазбалардың запастары, олардың сандық және сапалық сипаттамасы туралы анықтамалары;

6. 2. 6) Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің, ал 4.3-пунктте көзделген жағдайда, Қазақ ССР Геология министрлігі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің құрылыс салуға келісетіндігі туралы қорытындылары.

Кең таралған пайдалы қазба жатқан жерде құрылыс салуды қарап, келісу үшін мүдделі кәсіпорын немесе ұйым осы пунктте аталған материалдарды Қазақ ССР Геология министрлігінің өндірістік геологиялық бірлестігіне табыс етеді; ол бір ай мерзімде өзінің қорытындысын береді.

7. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерде құрылыс салуға рұқсат беру туралы заявканы қарайды және заявканы алғаннан кейін бір ай мерзімнен кешіктірмей өтініш иесі мен басқа да мүдделі ұйымдарға өз шешімін хабарлайды.

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсат халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің шешімімен ресімделіп, бұл жайында қосымшада көрсетілген форма бойынша топографиялық жоспарда рұқсат жазылады.

Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті тіркейді.

8. Қажет болған жағдайда, халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің немесе Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің талап етуі бойынша, кәсіпорындар мен ұйымдар ол жерлерде құрылыс салуға байланысты мәселелер жөнінде қосымша документтер табыс етуге міндетті. Мұндай реттерде шешімдер қосымша материалдар алынғаннан кейін бір ай мерзім ішінде шығарылады.

9. Қазақ ССР Геология министрлігі өндірістік геологиялық бірлестігінің немесе Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің келісімі болмаған ретте осы Нұсқаудың 4.3-пунктінде көзделген жағдайларда халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті

кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға бөлінген жерді бекітуден бас тартады.

10. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті ресімделген документтердің бір данасын өтініш несіне береді, екінші данасын атқару комитетінің архивінде сақтайды, ал үшінші данасын кең таралған пайдалы қазба орнын пайдалануға мүдделі кәсіпорынға, ұйымға береді.

11. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті мүдделі ұйымдардың қатысуымен құрылыстың жайын ескере отырып мынадай жағдайларда қайтадан қарауы мүмкін:

11. 1) қосымша геологиялық барлау құрылыс салуға рұқсат етілген жердің астында жатқан пайдалы қазбалар туралы деректердегі елеулі өзгерістерді анықтаған жағдайда;

11.2) кен орнын пайдаланудың мерзімдері мен тәсілдері өзгерсе, егер бұл өзгерістер құрылыс салу жағдайларының бұрын көзделмеген нашарлауын туғызатын болса.

12. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға берілген рұқсатты халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитеті мынадай жағдайда жоюы мүмкін:

12.1) құрылыс салудың рұқсатта көзделген шарттары сақталмаса;

12.2) пайдалы қазбалар жатқан жерде құрылыс салуға рұқсат алынғанмен, ол екі жыл бойына басталмаса және берілген рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы заявка жасалмаса.

13. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерде құрылыс салу туралы өтінішті қарау мәселесі жөніндегі шешіміне халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне шешім шығарылған күннен бастап бір ай мерзімде шағым берілуі мүмкін.

Шағымның көшірмесі бір мезгілде халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетіне жіберіледі, ол даулы мәселелер жөніндегі барлық материалдарды 10 күндік мерзімде халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне жіберуге міндетті.

14. Кен бөлігі және кен орнынан кен өндіруге бекітілген жобалау-сметалық документтеме болған жағдайда кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде кен орнын белгіленген мақсатта пайдалану үшін көзделген қызмет үйлері мен техникалық құрылыстар салуға арнаулы рұқсатсыз жол беріледі.

Егер кен кәсіпорнының жобаланатын өнеркәсіптік жерінің астында осы кәсіпорынның өндіруі көзделмеген кең таралған пайдалы қазбалар жатқан болса, құрылыс салуға берілетін рұқсат осы Нұсқаумен белгіленген тәртіп бойынша алынуға тиіс.

15. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға халық депутаттары аудандық (қалалық) Советінің атқару комитетінен алынған рұқсатты басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға беруге тыйым салынады.

16. Кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде екі және одан да көп аудандардың территориясынан өтетін, ұзындығы едәуір объектілер салуға рұқсат халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша, ал екі немесе одан да көп облыстардың территориясынан өтетін жағдайда — Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімі бойынша беріледі.

*Қазақ ССР-інің территориясында кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салуға рұқсат беру тәртібі туралы Нұсқауға*

*ҚОСЫМША*

**Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитетінің кең таралған пайдалы қазбалар жатқан жерлерде құрылыс салу жөніндегі топографиялық жоспарына рұқсатты жазу**

**ФОРМАСЫ**

_____19_____ ж.
(күні, айы)

Халық депутаттары _____аудандық (қалалық) Советінің

атқару комитеті _____
(ұйымның, кәсіпорынның аты)

_____
(кен орны мен әкімшілік ауданның аты)

территориясында осы жоспарда пункттермен белгіленген жерде _____

_____мынадай объекті _____
(пункттердің номерлері)

_____салуға рұқсат етеді.
(құрылыс объектісінің аты)

Бұл жерлерде құрылыс салу мына шарттар сақталса _____

_____
(құрылыс салу шарттарының тізбесі)

рұқсат етіледі.

Аудандық (қалалық) атқару комитетінің

председателі (председательдің орынбасары) _____
(қолы)

секретары _____
(қолы)

М. О.

*Казақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 5 июньдегі № 239 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР-інің ТЕРРИТОРИЯСЫНДА ҚӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, МЕКЕМЕЛЕРДІҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ОЛАРҒА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ӨНДІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ӨЗДЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЖЕТТЕРІНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

## НҰСҚАУ

1. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың оларға берілген жер учаскелері шеңберінде жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттеріне пайдалану тәртібі туралы осы Нұсқау Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес жасалған және оны үйлер мен құрылыстардың жер астындағы бөліктерін, коммуникацияларды, тоннельдерді, каналдарды, тіреулерді, жаяулар мен транспортқа арналған айырғыларды және ішінара немесе түгелімен жердің бетінен терендетіп салынған, мұнайды, газды, басқа да заттар мен материалдарды жер астында сақтауға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес мақсаттарға арналған басқа да құрылыс объектілерін жобалауды, салуды (қайта құруды) және пайдалануды жүзеге асыратын барлық миннстрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар орындауға міндетті [1].

2. Жер астындағы құрылыстар, әдетте, пайдалы қазбалар жоқ жерлерде орналастырылуға тиіс.

3. Кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға олардың жер учаскелері шеңберінде жер қойнауын өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттеріне және оны пайдалы қазба өндіруге байланысты емес мақсаттарда пайдалануы үшін беруді халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері жүзеге асырады немесе объектілер мен құрылыстарды салуға (қайта құруға) белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін жобасы болған жағдайда солар белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі, ол жобада жер қойнауын қорғау және оны хауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптар Қазақ ССР-інің Жер қойнауы туралы кодексіне сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

Екі ауданның шегінде жатқан жер қойнауын аталған мақсаттар үшін беруді халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің нұсқауы бойынша халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің тиісті атқару комитеттерінің бірі жүргізеді.

4. Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттері кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес шаруашылық және тұрмыстық мақсаттарда пайдалану үшін берген жағдайда мынадай талаптар қоюға тиіс:

4.1) объектілер мен құрылыстардың жер астындағы бөліктерін салу мен пайдалану процесінде аршылатын жер қойнауының зерттелуі жөнінде қолда бар геологиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геология-

---

[1] Зиянды заттарды, өндіріс қалдықтарын көму, сондай-ақ сарқынды суларды ағызу үшін жер қойнауын беру мен пайдалану тәртібі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді және осы Нұсқаумен реттелмейді.

лық және басқа материалдарға толық және комплексті талдау жүргізуге, қажет болған ретте тиісті геологиялық және маркшейдерлік документтеме жасауға;

4.2) жұмыстарды жүргізген кезде жер қойнауының ұқыпты пайдаланылып, қорғалуын қамтамасыз етуге;

4.3) жер қойнауынан пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге;

4.4) жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың пайдалы қазбалар запастарының сақталуына тигізетін зиянды әсерін болдырмауға;

4.5) жер қойнауының, әсіресе мұнайды, оны өңдеуден алынған өнімдерді, газды және басқа да заттар мен материалдарды жер астында сақтау кезінде ластануына жол бермеуге;

4.6) құрылыс объектілерінің жер астындағы бөліктерін салу, қайта құру және пайдалану кезінде қызметкерлер мен халықтың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

4.7) атмосфералық ауаны, жерді, ормандарды, суларды және айналадағы табиғи ортаның басқа да объектілерін, сондай-ақ үйлер мен құрылыстарды, пайдаланылатын бұрғылау скважиналарын жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғауға;

4.8) қорықтардың, табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерінің жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қоргалуын қамтамасыз етуге;

4.9) жер қойнауын пайдалану кезінде бұзылған жер учаскелерін хауіпсіз күйге, сондай-ақ оларды халық шаруашылығында пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіруге.

5. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың оларға берілген жер учаскелері шеңберінде, жер қойнауын пайдалы қазба өндіруге байланысты емес өздерінің шаруашылық және тұрмыстық қажеттері үшін, 3 метрге дейінгі тереңдікте жару жұмыстарын қолданбай ашық тәсілмен арнаулы жобаларсыз және рұқсатсыз пайдалануға правосы бар.

Жер қойнауларын шаруашылық және тұрмыстық қажеттер үшін басқа шарттармен пайдалану осы Нұсқаудың 4-пунктінде баяндалған талаптарды ескере отырып жасалатын жобаларға сәйкес жүзеге асырылады.

## ҚАЗАҚ ССР ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 26 январьдағы № 52 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 2, 12-ст.)**

2-пункттің төртінші абзацы, 5-пункттің он төртінші — он алтыншы, он сегізінші — жиырмасыншы абзацтары

[1] 259-бетті қараңыз.

## ҚАЗАҚ ССР ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 23 июньдегі № 399
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 13, 68-ст.)

6-пункттің елу үшінші, алпыс екінші және алпыс үшінші абзацтары

[1] 260-бетті қараңыз.

## § 2. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

# ҚАЗАҚ ССР ГЕОЛОГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1969 жылғы 17 июльдегі № 441**
**ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 14, 79-ст.)**

Қазақ ССР Миннстрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Геология министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 17 июльдегі №441 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР ГЕОЛОГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Қазақ ССР Геология министрлігі одақтық-республнкалық мннистрлік болып табылады және Қазақ ССР Миннстрлер Советі мен СССР Геология министрлігіне бағынады [2].

Қазақ ССР Геология министрлігі республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеуге басшылық жасайды.

Қазақ ССР Геология министрлігі республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеудің жағдайына және оны одан әрі өркендете беруге, осы саладағы ғылыми-техникалық прогреске, жүргізілетін геологиялық барлау жұмыстарының техникалық дәрежесі мен сапасына, республиканың барланған минералды шикізат қорларына деген қажеттерін неғұрлым толық қамтамасыз етуге жауап береді.

---

[1] Қаулының үшінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 1-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16-сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

2. Қазақ ССР Геология министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— халық шаруашылығының және еліміздің қорғанысының барланған минералды шнкізат қорлары жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен ғылыми-техникалық прогресс негізінде республиканың минералды шикізат базасын ұдайы дамытып отыруды, геологиялық барлау жұмыстарын жоғары қарқынмен, сапалы жүргізуді және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— пайдалы қазбалы кен орындарын ғылымн-болжауды жетілдіру, қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, пайдалы қазбалы кен орындарын іздестіру және барлау жұмыстарын жүргізу, олардың тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

— республнкада геологиялық барлау жұмыстарын дамытуда және геологиялық барлау техникасын жасауда бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асыру, ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалану және геологиялық барлау жұмыстарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— еңбекті және басқару ісін ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, Министрліктің ұйымдарын, кәсіпорындары мен мекемелерін жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білім мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату;

— геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге бөлінетін қаржыларды тиімді және ұтымды пайдалану, геологиялық барлау жұмыстарын орындаудың мерзімін қысқарту және құнын арзандату;

— геологиялық барлау және басқа жұмыстарды жүргізген кезде еңбек хауіпсіздігі жағдайларын туғызу, Министрліктің ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту.

3. Қазақ ССР Геология министрлігі өз жүйесіне кіретін өндірістік геологиялық бірлестіктерге, трестерге, экспедицияларға және қарамағындағы басқа да ұйымдарға, кәсіпорындар мен мекемелерге басшылық жасайды [1].

4. Қазақ ССР Геология министрлігі, республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеу саласында жетекші роль атқара отырып, республиканың басқа министрліктерімен және ведомстволарымен тығыз байланысты және іскерлік қарым-қатынасты жүзеге асырады, осы министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары және ұйымдары жүзеге асыратын геологиялық жұмыстарды жоспарлауға қатысады, олармен бірлесе отырып, пайдалы қазбалардың барлық түрінің барланған қорларымен халық шаруашылығының қамтамасыз етілуі жәйін қарастырады, осы қамтамасыздықты және жүргізілетін геологиялық жұмыстардың сапасын арттыру жөнінде шаралар белгілейді.

5. Қазақ ССР Геология министрлігі өз қызметінде СССР-дің, Қазақ ССР-інің заңдарын және СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Сове-

---

[1] 3-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж., 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

тінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Геология министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады [1].

Қазақ ССР Геология министрлігі Қазақ ССР геологиялық қызметі жүйесінде заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Геология министрлігіне табыс етеді.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Геология министрлігі:

а) республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеуді комплексті түрде жоспарлы жүргізуді қамтамасыз етеді, мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, республикада минералды шикізат базасын және геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың негізгі бағыттарын белгілейді;

б) министрліктің ұйымдары орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің жылдық және перспективтік жоспарларының жобаларын жасап, оларды бекітуге белгіленген тәртіппен табыс етеді; Министрлікке тікелей бағынатын ұйымдарға жоспарлы тапсырмаларды бекітіп береді, бекітілген жоспарларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

в) өз қарамағындағы ұйымдардың күшімен пайдалы қазба кен орындарын іздестіруді және барлауды, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің ұтымды әдістерін жасап, енгізуді жүзеге асырады, геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсартып, сапасын арттыру және барланған қорлардың дұрыс болуы жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

г) геологиялық барлау жұмыстарының техникалық дәрежесінің жоғары болуын, геологиялық барлау жабдығының, приборларының, құрал-саймандарының қазіргі қолданылып жүргендерін жетілдіруді, жаңаларын жасап, енгізуді және прогрестік технологияны, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыруды енгізуді қамтамасыз етеді; Министрліктің ұйымдары мен кәсіпорындарында өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстарды дамытуды қамтамасыз етеді; Министрлік жүйесінде өндірістік-техникалық информацияны ұйымдастырады;

д) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар орындайтын геологиялық барлау жұмыстарының Қазақ ССР территориясында дұрыс жүргізілуіне мемлекеттік геологиялық бақылауды қазір күші бар заңға сәйкес жүзеге асырады;

е) жер асты суларын (гидроминералдық ресурстардан басқаларын) сарқылудан және ластанудан қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;[2]

ж) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар Қазақ ССР территориясында орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын мемлекеттік тіркеуден өткізеді; республикадағы пайдалы қазбалардың кен орындары мен қорларын есепке алады;

з) аса маңызды кен орындары, экономикалық аудандар және тұтас алғанда Қазақ ССР-і бойынша пайдалы қазбалардың қорларын болжалды бағалаудың негізділігін мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып анықтайды;

---

[1] 5-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

[2] 6-пункттің «е» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 16 августағы № 309 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 19, 60-ст.).

2. Қазақ ССР Геология министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— халық шаруашылығының және еліміздің қорғанысының барланған минералды шикізат қорлары жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен ғылыми-техникалық прогресс негізінде республиканың минералды шикізат базасын ұдайы дамытып отыруды, геологиялық барлау жұмыстарын жоғары қарқынмен, сапалы жүргізуді және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— пайдалы қазбалы кен орындарын ғылыми-болжауды жетілдіру, қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, пайдалы қазбалы кен орындарын іздестіру және барлау жұмыстарын жүргізу, олардың тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

— республикада геологиялық барлау жұмыстарын дамытуда және геологиялық барлау техникасын жасауда бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асыру, ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалану және геологиялық барлау жұмыстарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— еңбекті және басқару ісін ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, Министрліктің ұйымдарын, кәсіпорындары мен мекемелерін жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білім мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату;

— геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге бөлінетін қаржыларды тиімді және ұтымды пайдалану, геологиялық барлау жұмыстарын орындаудың мерзімін қысқарту және құнын арзандату;

— геологиялық барлау және басқа жұмыстарды жүргізген кезде еңбек хауіпсіздігі жағдайларын туғызу, Министрліктің ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту.

3. Қазақ ССР Геология министрлігі өз жүйесіне кіретін өндірістік геологиялық бірлестіктерге, трестерге, экспедицияларға және қарамағындағы басқа да ұйымдарға, кәсіпорындар мен мекемелерге басшылық жасайды [1].

4. Қазақ ССР Геология министрлігі, республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеу саласында жетекші роль атқара отырып, республиканың басқа министрліктерімен және ведомстволарымен тығыз байланысты және іскерлік қарым-қатынасты жүзеге асырады, осы министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары және ұйымдары жүзеге асыратын геологиялық жұмыстарды жоспарлауға қатысады, олармен бірлесе отырып, пайдалы қазбалардың барлық түрінің барланған қорларымен халық шаруашылығының қамтамасыз етілуі жәйін қарастырады, осы қамтамасыздықты және жүргізілетін геологиялық жұмыстардың сапасын арттыру жөнінде шаралар белгілейді.

5. Қазақ ССР Геология министрлігі өз қызметінде СССР-дің, Қазақ ССР-інің заңдарын және СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Сове-

---

[1] 3-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж., 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

тінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Геология министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады [1].

Қазақ ССР Геология министрлігі Қазақ ССР геологиялық қызметі жүйесінде заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Геология министрлігіне табыс етеді.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Геология министрлігі:

а) республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеуді комплексті түрде жоспарлы жүргізуді қамтамасыз етеді, мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, республикада минералды шикізат базасын және геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың негізгі бағыттарын белгілейді;

б) министрліктің ұйымдары орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің жылдық және перспективтік жоспарларының жобаларын жасап, оларды бекітуге белгіленген тәртіппен табыс етеді; Министрлікке тікелей бағынатын ұйымдарға жоспарлы тапсырмаларды бекітіп береді, бекітілген жоспарларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

в) өз қарамағындағы ұйымдардың күшімен пайдалы қазба кен орындарын іздестіруді және барлауды, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің ұтымды әдістерін жасап, енгізуді жүзеге асырады, геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсартып, сапасын арттыру және барланған қорлардың дұрыс болуы жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

г) геологиялық барлау жұмыстарының техникалық дәрежесінің жоғары болуын, геологиялық барлау жабдығының, приборларының, құралсаймандарының қазіргі қолданылып жүргендерін жетілдіруді, жаңаларын жасап, енгізуді және прогрестік технологияны, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыруды енгізуді қамтамасыз етеді; Министрліктің ұйымдары мен кәсіпорындарында өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстарды дамытуды қамтамасыз етеді; Министрлік жүйесінде өндірістік-техникалық информацияны ұйымдастырады;

д) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар орындайтын геологиялық барлау жұмыстарының Қазақ ССР территориясында дұрыс жүргізілуіне мемлекеттік геологиялық бақылауды қазір күші бар заңға сәйкес жүзеге асырады;

е) жер асты суларын (гидроминералдық ресурстардан басқаларын) сарқылудан және ластанудан қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;[2]

ж) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар Қазақ ССР территориясында орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын мемлекеттік тіркеуден өткізеді; республикадағы пайдалы қазбалардың кен орындары мен қорларын есепке алады;

з) аса маңызды кен орындары, экономикалық аудандар және тұтас алғанда Қазақ ССР-і бойынша пайдалы қазбалардың қорларын болжалды бағалаудың негізділігін мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып анықтайды;

---

[1] 5-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

[2] 6-пункттің «е» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 16 августағы № 309 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 19, 60-ст.).

2. Қазақ ССР Геология министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— халық шаруашылығының және еліміздің қорғанысының барланған минералды шикізат қорлары жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен ғылыми-техникалық прогресс негізінде республиканың минералды шикізат базасын ұдайы дамытып отыруды, геологиялық барлау жұмыстарын жоғары қарқынмен, сапалы жүргізуді және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— пайдалы қазбалы кен орындарын ғылыми-болжауды жетілдіру, қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, пайдалы қазбалы кен орындарын іздестіру және барлау жұмыстарын жүргізу, олардың тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

— республнкада геологиялық барлау жұмыстарын дамытуда және геологиялық барлау техникасын жасауда бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асыру, ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалану және геологиялық барлау жұмыстарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— еңбекті және басқару ісін ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, Министрліктің ұйымдарын, кәсіпорындары мен мекемелерін жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білім мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату;

— геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге бөлінетін қаржыларды тиімді және ұтымды пайдалану, геологиялық барлау жұмыстарын орындаудың мерзімін қысқарту және құнын арзандату;

— геологиялық барлау және басқа жұмыстарды жүргізген кезде еңбек хауіпсіздігі жағдайларын туғызу, Министрліктің ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту.

3. Қазақ ССР Геология министрлігі өз жүйесіне кіретін өндірістік геологиялық бірлестіктерге, трестерге, экспедицияларға және қарамағындағы басқа да ұйымдарға, кәсіпорындар мен мекемелерге басшылық жасайды [1].

4. Қазақ ССР Геология министрлігі, республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеу саласында жетекші роль атқара отырып, республиканың басқа министрліктерімен және ведомстволарымен тығыз байланысты және іскерлік қарым-қатынасты жүзеге асырады, осы министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары және ұйымдары жүзеге асыратын геологиялық жұмыстарды жоспарлауға қатысады, олармен бірлесе отырып, пайдалы қазбалардың барлық түрінің барланған қорларымен халық шаруашылығының қамтамасыз етілуі жәйін қарастырады, осы қамтамасыздықты және жүргізілетін геологиялық жұмыстардың сапасын арттыру жөнінде шаралар белгілейді.

5. Қазақ ССР Геология мннистрлігі өз қызметінде СССР-дің, Қазақ ССР-інің заңдарын және СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Сове-

---

[1] 3-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж., 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

тінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Геология министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады [1].

Қазақ ССР Геология министрлігі Қазақ ССР геологиялық қызметі жүйесінде заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Геология министрлігіне табыс етеді.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Геология министрлігі:

а) республиканың жер қойнауын геологиялық зерттеуді комплексті түрде жоспарлы жүргізуді қамтамасыз етеді, мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, республикада минералды шикізат базасын және геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың негізгі бағыттарын белгілейді;

б) министрліктің ұйымдары орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің жылдық және перспективтік жоспарларының жобаларын жасап, оларды бекітуге белгіленген тәртіппен табыс етеді; Министрлікке тікелей бағынатын ұйымдарға жоспарлы тапсырмаларды бекітіп береді, бекітілген жоспарларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

в) өз қарамағындағы ұйымдардың күшімен пайдалы қазба кен орындарын іздестіруді және барлауды, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің ұтымды әдістерін жасап, енгізуді жүзеге асырады, геологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастыруды жақсартып, сапасын арттыру және барланған қорлардың дұрыс болуы жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

г) геологиялық барлау жұмыстарының техникалық дәрежесінің жоғары болуын, геологиялық барлау жабдығының, приборларының, құрал-саймандарының қазіргі қолданылып жүргендерін жетілдіруді, жаңаларын жасап, енгізуді және прогрестік технологияны, өндірісті механикаландыру мен автоматтандыруды енгізуді қамтамасыз етеді; Министрліктің ұйымдары мен кәсіпорындарында өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстарды дамытуды қамтамасыз етеді; Министрлік жүйесінде өндірістік-техникалық информацияны ұйымдастырады;

д) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар орындайтын геологиялық барлау жұмыстарының Қазақ ССР территориясында дұрыс жүргізілуіне мемлекеттік геологиялық бақылауды қазір күші бар заңға сәйкес жүзеге асырады;

е) жер асты суларын (гидроминералдық ресурстардан басқаларын) сарқылудан және ластанудан қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;[2]

ж) өздерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, ұйымдар мен кәсіпорындар Қазақ ССР территориясында орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын мемлекеттік тіркеуден өткізеді; республикадағы пайдалы қазбалардың кен орындары мен қорларын есепке алады;

з) аса маңызды кен орындары, экономикалық аудандар және тұтас алғанда Қазақ ССР-і бойынша пайдалы қазбалардың қорларын болжалды бағалаудың негізділігін мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып анықтайды;

---

[1] 5-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

[2] 6-пункттің «е» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 16 августағы № 309 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 19, 60-ст.).

и) мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, алдын-ала барлаудың қорытындыларын қарайды және өнеркәсіп мақсатына игеру үшін пайдалы қазба кен орындарын егжей-тегжейлі барлаудың қажеттігін анықтайды;

к) Миннстрліктің ұйымдары геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген кезде кен қорғау талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

л) Миннстрліктің ұйымдары аса маңызды объектілер бойынша орындайтын геологиялық барлау жұмыстарының жобалары мен сметаларын уақтылы дайындап, белгіленген тәртіппен бекітуді қамтамасыз етеді және өз қарамағындағы геологиялық ұйымдар бекітетін геологиялық барлау жұмыстарының жобалары мен сметаларының дұрыстығын бақылауды жүзеге асырады;

м) Министрлік жүйесінде күрделі құрылысты жүзеге асырады, күрделі құрылыстың жобалары мен сметаларын, құрылыстың және жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін жасап, белгіленген тәртіппен бекітеді, күрделі қаржыларды ұтымды пайдалануды, негізгі қорларды дер кезінде іске қосуды және аяқталмаған құрылыстың көлемін қысқартуды қамтамасыз етеді;

н) негізгі қорлардың күрделі жөнделуін ұйымдастырады, жөндеудің сапасын арттыру және оны арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

о) өндірістік қажеттерге материалдарды және электр энергиясын жұмсаудың нормаларын, сондай-ақ Миннстрлік кәсіпорыидарының өнімі мен қызметінің бағаларын және нарықтарын жасап, белгіленген тәртіппен бекітеді, олардың дұрыс қолданылуын бақылауды жүзеге асырады;

п) Миннстрлік ұйымдарының, кәсіпорындары мен мекемелерінің материалдық ресурстар жөніндегі қажетін анықтайды, Министрлікке бөлінетін материалдық ресурс қорларын олардың арасында бөледі және қажет болған жағдайда қайта бөледі, қорлардың өткізілуін бақылайды; Министрліктің ұйымдарын, кәсіпорындары мен мекемелерін материалдық-техннкалық жағынан жабдықтауға жауап береді, материалдық ресурстарды дұрыс сақтауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді;

р) Миннстрліктің ұйымдарын, кәсіпорындары мен мекемелерін белгіленген тәртіппен қаржыландырады, олардың финанс қызметін басқарады, Миннстрлік жүйесінде финанс ресурстарының пайдаланылуын бақылайды; шаруашылық есепті нығайтуды, негізгі қорларды, айналым қаржыларын және банк несиелерін ұтымды пайдалануды, финанс жоспарларының орындалуын, меншікті айналым қаржыларының сақталуын, есеп айырысудың белгіленген тәртібі мен мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді; белгіленген тәртіппен орталықтандырылған қорлар, сондай-ақ Министрліктің ұйымдарына, кәсіпорындары мен мекемелеріне финанс көмегін көрсету үшін резерв жасайды, Мемлекеттік банк пен Құрылыс банкісі мекемелерінде белгіленген тәртіппен тиісті счеттер ашады;

с) Министрліктің ұйымдарында, мекемелері мен кәсіпорындарында бастапқы есепті ұйымдастырады, есеп жүргізудің және есеп жұмыстарын орталықтандырудың прогрестік әдістері мен формаларын енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асырады; өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда есеп жүргізудің және есеп берудің жәйін бақылайды; белгіленген тәртіппен статистикалық және бухгалтерлік есеп алады, Министрліктің ұйымдарының, кәсіпорындары мен мекемелерінің баланстарын және есептерін қарап, бекітеді, Министрлік қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер және баланстар жасайды;

т) Министрлік жүйесінде бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, өз қарамағындағы ұйымдардың өндірістік және шаруашылық-финанс қызметіне, экономикасының жайына, ақша қаражаттары мен материалдық бағалы заттардың сақталуына үнемі тергеу, тексеру жүргізуді және талдау жасауды, үнемдеу режимін сақтауды қамтамасыз етеді;

у) Миннстрліктің ұйымдарында, мекемелері мен кәсіпорындарында социалнстік мемлекеттік меншікті қорғауды, оған ұқыпты қарауды және келтірілген материалдық зиянның орнын толтыруды қамтамасыз етеді;

ф) өз жүйесіне кіретін ұйымдарды, кәсіпорындар мен мекемелерді белгіленген тәртіппен құрады, ұйымдастырады және таратады, олардың ережелерін (уставтарын) бекітеді, олардың социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы Ережеде және басқа заң актілерінде көрсетілген праволарын сақтауды қамтамасыз етеді;

х) Министрліктің ұйымдарын, кәсіпорындарын, мекемелерін жетік маман қызметкерлер кадрлармен қамтамасыз етеді, кадрлар даярлауды және олардың мамандығын арттыруды ұйымдастырады, Министрлік жүйесінде тұрақты кадрлар қалыптастыруға бағытталған шараларды іске асырады;

ц) Министрліктің ұйымдарында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттарын тұжырымдайды, еңбек жағдайын одан әрі жақсарту және хауіпсіздік техникасы ережелері мен өндірістік санитария талаптарын сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

ч) Министрлік ұйымдарының, кәсіпорындары мен мекемелерінің құрылымын және штаттарын бекітеді, еңбекке ақы төлеудің және сыйлық берудің қазіргі шарттарын дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді, жалақы қорлары мен көтермелеу қорларының жұмсалуын бақылайды;

ш) еңбекшілер хаттарының (шағымдары мен арыздарының) мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, олардың дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, Министрлік ұйымдарының, кәсіпорындарының, мекемелерінің қызметі жөнінде хаттарда хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады;

щ) геологиялық барлау жұмыстарындағы жұмысшылар кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып, Министрліктің ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері қызметкерлерінің тұрғын үй және мәденн, тұрмыс жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етеді, коллектнвтік договорлар жасау ісін басқарады және олардың орындалуын бақылайды;

э) геологиялық барлау жұмыстарындағы жұмысшылар кәсіподағының республикалық комитетімен бірлесе отырып, Министрлік жүйесінде социалистік жарыс ұйымдастырады, коммунистік еңбек және өндірістің жоғары мәдениеті үшін қозғалысты дамытуға көмектеседі; республикалық социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады және жеңіп шыққан коллективтерге ауыспалы Қызыл Тулар мен ақшалай сыйлықтар береді, коммунистік еңбек кәсіпорындары мен ұйымдарының коллективтері атағын береді, еңбектің озық әдістерін зерттеуді, қорытуды және таратуды ұйымдастырады; Миннстрлік жүйесіндегі алдыңғы қатарлы қызметкерлерді белгіленген тәртіппен көтермелейді.

7. Қазақ ССР Геология министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сесснялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Геология министрінің Қазақ ССР Миннстрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Геология министрі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Геология миннстрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

9. Қазақ ССР Геология министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына тікелей жауап береді. Миннистрдің орынбасарларының және министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының Министрлік жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындардың және мекемелердің қызметі үшін жауапкерлік дәрежесін белгілейді[1].

10. Қазақ ССР Геология министрлігі СССР-дің, Қазақ ССР-інің заңдары және СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдері, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, сондай-ақ СССР Геология министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және соларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті бұйрықтар, қағидалар шығарып, нұсқаулар береді, олардың орындалуын ұйымдастырады және тексереді.

Қазақ ССР Геология министрлігі қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің басқа министрліктерімен және ведомстволарымен бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады [1].

11. Қазақ ССР Геология министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде геологиялық барлау және осыған байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытудың негізгі мәселелерін, Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, Министрліктің ұйымдарына, кәсіпорындары мен мекемелеріне практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, ұйымдарының, кәсіпорындары мен мекемелерінің есептерін тыңдайды[1].

Коллегияның шешімдері, әдетте, Қазақ ССР Геология министрінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында ала ауыздықтар туған жағдайда Министр бұл ала ауыздықтар туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өздері тарапынан, пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

12. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу үшін, отандық және шет елдік ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалану және енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау үшін Қазақ ССР Геология министрлігінде көрнекті ғалымдардан, аса жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын және ол туралы Ережені Қазақ ССР Геология министрі бекітеді.

13. Қазақ ССР Геология министрлігі қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, белгіленген тәртіппен актив жиналыстарын өткізіп тұрады.

---

[1] 9, 10-пункттерге және 11-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

Бұл жиналыстарда Партия мен Үкіметтің шешімдерін орындау жөніндегі шаралар туралы баяндамалар тыңдалып, геология саласын дамытудың аса маңызды проблемалары талқыланады, сондай-ақ сын мен өзара сынды өрістету негізінде Министрліктің және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметін жақсартуға байланысты мәселелер талқыланады.

14. Министрліктің ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері арасындағы шаруашылық дау-шарларды қарау үшін Қазақ ССР Геология министрлігі арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру жөнінде бұйрықтар шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы Ережені Министр бекітеді.

15. Қазақ ССР Геология министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің құрылымы мен санын СССР Геология министрлігімен келісе отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ Мииистрліктің орталық аппаратының штат кестесін белгіленген тәртіппен Қазақ ССР Геология министрі бекітеді [1].

16. Қазақ ССР Геология министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖОСПАРЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ, СОНДАЙ-АҚ ПАЙДАЛЫ ҚАЗЫНДЫЛАРДЫҢ БАРЛАНҒАН ҚОРЛАРЫ ЕСЕБІН ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [2]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1971 жылғы 30 августағы № 498**
**ҚАУЛЫСЫ**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Республика экономикалық және әлеуметтік дамуының бесжылдық және жылдық мемлекеттік жоспарларында өнеркәсіптік игеру үшін әзірленетін нақты кен орындары бойынша минералды шикізаттың барланатын қорлары мөлшерінің көрсеткіштері СССР Министрлер Советі жанындағы пайдалы қазындылар қорлары жөніндегі Мемлекеттік комиссияларда және пайдалы қазындылар қорлары жөніндегі территориялық комиссияларда барлау жұмыстарын аяқтау мерзімдерін және қорларды бекіту мерзімдерін көрсетуді қарастыратын болсын.

Экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында геологиялық-барлау жұмыстарының тиімділігін оперативті бағалау үшін алдын-ала барлау деректері бойынша техникалық-экономикалық баяндамалар негізінде (ал мұнай мен газ үшін — іздестіру жұмыстарының негізінде) ұнамды баға алған кен орындары бойынша пайдалы қазындылар қорларының өсімі жөніндегі тапсырма да белгіленсін.

---

[1] 15-пункттің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст).

[2] 6-пункттің үшінші абзацы, 7 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Өнеркәсіптік құндылығы күдік туғызбайтын кен орындары бойынша пайдалы қазындылар қорының өсімі алдын-ала барлау кезеңінде жоспарлануы мүмкін.

2. Өнеркәсіптің минералдық шикізат қажеттерін барынша толық есепке алуды қамтамасыз ету үшін Қазақ ССР-інің мүдделі салалық министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, ведомстволарына және республика территориясына орналасқан пайдалы қазындылар кен орнын пайдалануды жүзеге асыратын одаққа бағынатын кен өндіретін кәсіпорындарға Қазақ ССР Геология министрлігінің геологиялық-барлау жұмыстары жоспарын жасауға қатысуға және жыл сайын 1 майдан кешіктірілмей Қазақ ССР Геология министрлігіне және көшірмесі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне осы министрліктің, әсіресе жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан және жобаланатын кен кәсіпорындары аудандарында іздестіру және барлау жұмыстарын жүргізу туралы негізделген ұсыныстарын беруге міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Геология министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) геологиялық-барлау жұмыстарының жылдық жоспарларының жобаларын жасауды барлық барланатын кен орындарының атаулы тізбектерімен және геологиялық-барлау жұмыстары (алдын-ала барлау, егжей-тегжейлі барлау) кезеңдерінің аяқталу мерзімдерін белгілеумен қамтамасыз етуге; Қазақ ССР Министрлер Советіне және көшірмесі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне берілетін жоспар жобасының материалдары жоспар жобасына енгізілетін объектілер бойынша алдын-ала барлауды бастаудың қажетті негіздемелерін баяндауы тиіс.

Геологиялық-барлау жұмыстарының жылдық және перспективалық жобаларын жасау кезінде өнеркәсіптің тиісті салаларын дамыту үшін экономикалық жағынан неғұрлым тиімді болып табылатын аудандарда және кен орындарында барлау жұмыстарын шоғырландыруға ерекше назар аударылуы, сондай-ақ Қазақ ССР-інің мүдделі салалық министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, ведомстволарымен және республика территориясында орналасқан одаққа бағынатын кен өндіретін кәсіпорындары егжей-тегжейлі барлауға жататын барлық кен орындарының атаулы тізбектерін, барлау жұмыстарының аяқталу мерзімдерін және қорларды бекіту мерзімдерін СССР Министрлер Советі жанындағы пайдалы қазындылар қоры жөніндегі Мемлекеттік комиссияда және пайдалы қазындылар қорлары жөніндегі территориялық комиссияларда келісуге тиіс.

Қазақ ССР Министрлер Советіне бекітуге берілетін жоспар жобасында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті алдын-ала және егжей-тегжейлі барлау объектілерін, бұл объектілер бойынша СССР Геология министрлігімен келісілген (жергілікті маңызы бар пайдалы қазындылар кен орындарынан басқа) геологиялық-барлау жұмыстарының аяқталу кезеңдерінің мерзімдерін қарастыратын болсын;

б) салалық министрліктердің жобалау ұйымдары мен өнеркәсіп кәсіпорындары маңызды кен орындары бойынша барлау жұмыстарының жобаларын қарауға қатыстыруға, барлау процесінде алынатын және кен орындарын бұдан былай жобалау мен салу үшін қажетті негізгі бастапқы деректерді олармен келісуге;

в) пайдалы қазындылардың әрбір түрі бойынша, әрбір жеке кен орны, аудандар, ірі геологиялық регион бойынша және тұтастай министрлік бойынша геологиялық-барлау жұмыстарының (іздестірулер, алдын-ала барлау, егжей-тегжейлі барлау, түбегейлі барлау) кезеңдері бойынша шығындардың үнемі жеке есебін алуды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

г) мүдделі салалық одақтық министрліктерге бекітуге берілетін уақытша кондициялардың жобалары Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және республиканың тиісті салалық министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, ведомстволармен келісілуі қажет;

д) бұдан былай алдын-ала барлау процесінде табылған қорларды, осы қаулының 7-пунктінің «г» тармағына сәйкес бекітілген уақытына кондициялар бар болғанда ғана пайдалы қазындылар қорлары Баланстарына енгізсін.

4. Қазақ ССР министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары атқаратын барлық геологиялық-барлау жұмыстарының шығындарын шығыстан шығару (тақырыптық, регионалдық, геологиялық суретке түсіру және геофизикалық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық іздестіру, алдын-ала барлау, егжей-тегжейлі барлау, түбегейлі барлау бойынша) жоғары тұрған ұйымдар қабылдаған және мақұлдаған осы жұмыстардың аяқталған кезеңдері бойынша ақырғы есептер негізінде ғана, ал егжей-тегжейлі барлауға арналған шығындарды шығыстан шығару — СССР Миннстрлер Советі жанындағы пайдалы қазындылар қорлары жөніндегі Мемлекеттік комиссияда (жергілікті маңызы бар кен орындары бойынша — пайдалы қазындылар қорлары жөніндегі территориялық комиссияда барланған қорларды бекіткеннен кейін) барланған қорларды бекіткеннен кейін ғана және түбірлі барлауға арналған шығындарды шығыстан шығару — бекітілген жобаларға сәйкес жұмыстарды аяқтағаннан кейін жүргізілетін болып белгіленсін.

5. Қазақ ССР министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары және республика территориясында геологиялық барлау және кен пайдалану жұмыстарын атқаратын одаққа бағынатын кен өндіру кәсіпорындары мыналарға міндеттелсін:

а) Қазақ ССР Геология министрлігінің республикалық геологиялық қорына жыл сайын есеп баланстарымен бір мезгілде СССР пайдалы қазындылар қорлары Баланстарында есептелетін, оларды өнеркәсіптік игеру дәрежесі бойынша, осы бесжылдықта игеру белгіленген және бұдан кейінгі жылдары (резервтік) игеру көзделген кен орындарын көрсете отырып, барланған кен орындарын бөлу туралы мәліметтерді беруге;

б) 1972 жылы Қазақ ССР Геология министрлігінің Республикалық қорына 1971 жылғы есеп баланстарымен бір мезгілде, 1972 жылғы 1 январьға дейінгі, СССР Миннстрлер Советі жанындағы пайдалы қазындылардың қорлары жөніндегі Мемлекеттік комиссия мен пайдалы қазындылар қорлары жөніндегі территориялық комиссиялар бекіткен, пайдаланылып отырылған кен орындарында барланған пайдалы қазындылар қорларының қалдығы туралы деректерді беруге, ал бұдан кейін — көрсетілген деректерді жаңа бесжылдықтың алғашқы жылының 1 январына дейін бес жылда бір рет беруге;

в) рудниктік, шахталық және кәсіпшіліктік геологиялық қызметті нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, бұл жағдайда жер қойнауынан минералдық шикізатты тиімді және комплексті алу жолындағы осы қызметтер геологтарының ролін және олардың жауапкершілігін арттыру көзделуге тиіс.

6. Құрылыс материалдарын барлауға бөлінетін қаржылардың тиімді пайдалануын қамтамасыз ету үшін мүдделі министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге заявка берген кезде жергілікті құрылыс материалдарына бұл жұмысты жүргізу қажеттілігіне техникалық-экономикалық негіздеме беруге міндеттелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Геология министрлігі жергілікті құрылыс материалдарына арналған геологиялық-барлау жұмыстарының жоспарларына тек қана техникалық-экономикалық негіздемелер деректері бойынша тиімді деп табылған және жуықтағы бесжылдықта игерілуі көзделген объектілерді енгізетін болсын.

(Төртінші абзац) Қазақ ССР Геология министрлігі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігіне жыл сайын құрылыс материалдарына арналған іздестіру және барлау жұмыстарының нәтижелері туралы информация беріп тұратын болсын.

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗЫНДЫЛАР ҚОРЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
*1967 жылғы 14 сентябрьдегі № 666*
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Пайдалы қазбаларды есепке алу тәртібін ішінара өзгерту туралы» 1966 жылғы 25 ноябрьдегі № 897 қаулысына[2] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Республика территорнясында геологиялық-барлау жұмыстары мен пайдалы қазбалар өндіруді жүргізетін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындар мен ұйымдарға жыл сайын алдағы жылдың 1 мартынан қалдырмай Қазақ ССР Геология министрлігіне олар жүргізетін геологиялық жұмыстардың негізгі нәтижелері туралы және өздеріне қарасты кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар барлайтын және пайдаланатын кендер бойынша пайдалы қазындылар қорларының өсімі жоспарының орындалуы туралы деректерді, сондай-ақ Қазақ ССР территорнясында жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан және жобаланып отырған кен өндіретін және металлургиялық кәсіпорындарының минералдық шикізаттарының барланған қорларымен қамтамасыз етілуінің жайы туралы деректерді беруге міндеттелсін.

Қазақ ССР Геология министрлігі бұл көрсетілген деректерді іздестіру және геологиялық-барлау жұмыстарын жоспарлау кезінде ескеретін болсын[3].

2. Геологиялық-барлау жұмыстарын және пайдалы қазындылар өндіруді жүргізетін Қазақ ССР-інің барлық министрліктері, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволары, сондай-ақ Қазақ ССР Геология министрлігінің өндірістік геологиялық бірлестіктері пайдалы қазындылар қорларының есептері баланстарын, оларды қарағаны жөніндегі протоколдармен, СССР Орталық статистика басқармасы бекіткен формалар бойынша (форма 5-гр) Қазақ ССР Геология министрлігінің Республикалық қорына беретін болып белгіленсін[3].

---

[1] 3 және 5-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 4-томын қараңыз.

[3] 1 және 2-пункттерге Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

4. Қазақ ССР Геология министрлігі республика территориясында геологиялық-барлау жұмыстары мен пайдалы қазындылар өндіруді жүргізетін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарынан, кәсіпорындар мен ұйымдардан алынатын деректерді ескере отырып, жыл сайын тұтас алғанда республика бойынша пайдалы қазындылар қорларының өсімі жоспарының орындалуы туралы есеп жасауға және алдағы жылдың 15 мартынан кешіктірмей оны Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР Орталық статистика басқармасына беруге міндеттелсін [1].

[1] 4-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 сентябрьдегі № 368 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1982 ж., № 19, 81-ст.).

# 4-тарау

# СУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

## § 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

## ҚАЗАҚ ССР-інің СУ КОДЕКСІ[1]

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің нәтижесінде біздің елімізде басқа да табиғат байлықтары сияқты су да национализацияланып, халық игілігіне айналды.

Советтердің Бүкілроссиялық екінші съезінің 1917 жылғы 26 октябрьдегі (8 ноябрьдегі) «Жер туралы» Декретінің негізінде Қазақстанда капитализмге дейінгі су қатынастарының системасы жойылды, 1921—1922 жылдарда жер-су реформасы жүзеге асырылды.

Ерікті бірлесу және тең праволылық негізінде құрамына басқа одақтас республикалармен бірге Қазақ Советтік Социалистік Республикасы кіретін СССР-де суға мемлекеттік меншік су қатынастарының негізін құрайды, суды халық шаруашылығына мейлінше тиімді етіп жоспарлы және комплексті пайдалануды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды, совет адамдарының ең жақсы еңбек, тұрмыс, демалыс және денсаулық сақтау жағдайларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық өндіріс пен қала құрылысының өркендеуі, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдеин дәрежесінің өсуі, су жөніндегі алуан түрлі қажетті молайтады, суды тиімді пайдаланудың және оны қорғаудың маңызын арттыра түседі.

Советтік су заңдары суды мейлінше тиімді, ғылыми негізделген түрде пайдалануға және оны ластанудан, былғанудан, сарқылудан қорғауға белсене көмектесуге тиіс.

---

[1] 1980 ж. 30 майдағы Указы бойынша VI бөліммен толықтырылған (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

*Бірінші бөлім*

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

*I тарау*

### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-статья. **Қазақ ССР-інің су заңдарының міндеттері**

Қазақ ССР-інің су заңдарының міндеттері қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесіне суды халық пен халық шаруашылығының мұқтажына ғылымн негізде, ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғау, судың зиянды әсерін болдырмау және жою, су объектілерінің жайын жақсарту мақсатында су қатынастарын реттеу, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен азаматтардың праволарын қорғау, су қатынастары саласында заңдылықты нығайту болып табылады[1].

2-статья. **ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің су заңдары**

Қазақ ССР-інде су қатынастары ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздерімен және осы Негіздерге сәйкес шығарылатын ССР Одағының су заңдарының басқа да заң актілерімен, Қазақ ССР-інің Су кодексімен және Қазақ ССР-інің су заңдарының басқа да актілерімен реттеледі.

Осы Кодекс ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес су қатынастарын Негіздерде көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ егер олар ССР Одағының компетенциясына жатқызылмаған болса, басқа мәселелер бойынша да реттейді.

3-статья. **Қазақ ССР-інде жер, орман және кен қатынастарын реттеу**

Қазақ ССР-інде жер, орман және кен қатынастары ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің тністі заңдарымен реттеледі.

4-статья. **Суға мемлекеттік (жалпы халықтық) меншік**

СССР Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына сәйкес су мемлекеттік меншік — бүкіл совет халқының ортақ дәулеті болып табылады[1].

СССР-де су тек мемлекет меншігінде ғана болады және пайдалануға ғана беріледі. Мемлекеттік су меншік правосын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын әрекеттерге тыйым салынады.

5-статья. **Біртұтас мемлекеттік су қоры**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес СССР-де барлық су (су объектілері) біртұтас мемлекеттік су қорына жатады.

Біртұтас мемлекеттік су қорына мыналар қосылады:

1) өзендер, көлдер, бөгендер, жер үстіндегі басқа су қоймалары және су көздері, сондай-ақ қаналдар мен тоғандардың сулары;

2) жер астындағы сулар және мұздықтар:

3) СССР-дің ішкі теңіздері және басқа ішкі теңіз сулары;

4) СССР-дің территориялық сулары (территориялық теңізі).

---

[1] 1-статьяға және 4-статьяның тақырыбы мен бірінші бөлігіне 1980 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24.).

**6 - статья. Су қатынастарын реттеу саласындағы ССР Одағының компетенциясы[1]**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес су қатынастарын реттеу саласында ССР Одағының қарауына мыналар жатады:

1) СССР Конституциясына сәйкес ССР Одағының өкілдіктерін жүзеге асыру үшін қажетті шекте біртұтас мемлекеттік су қорын билеу;

2) суды пайдалану, оны ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғау, судың зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді жою саласында негізгі ережелер белгілеу;

3) суды пайдаланудың, су сапасының және оны бағалау әдістерінің жалпы одақтық нормативтерін белгілеу;

4) суды мемлекеттік есепке алудың, оны пайдаланудың, су пайдалануды тіркеудің және мемлекеттік су кадастрының ССР Одағы үшін бірыңғай жүйелерін белгілеу;

5) суды комплексті пайдалану және қорғау схемаларын, сондай-ақ жалпы одақтық маңызы бар су шаруашылық баланстарын бекіту;

6) суды пайдалану, қорғау, судың зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді жою жөнінде жалпы одақтық шараларды жоспарлау;

7) судың пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылау жасау және оны жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

8) пайдаланылуын ССР Одағы органдары реттеп отыратын су объектілерін анықтау;

9) СССР Конституциясына және ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдары Негіздеріне сәйкес суды пайдалану мен қорғау саласында жалпы одақтық маңызы бар басқа да мәселелерді реттеу.

**7 - статья. Су қатынастарын реттеу саласындағы Қазақ ССР-інің компетенциясы**

Су қатынастарын реттеу саласында ССР Одағының компетенциясының шегінен тыс, Қазақ ССР-інің қарауына мыналар жатады: республиканың территориясындағы біртұтас мемлекеттік су қорын билеу, суды пайдалану, оны ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғау, судың зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді жою тәртібін белгілеу; суды пайдалану, қорғау, судың зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді жою жөнінде шараларды жоспарлау; суды комплексті пайдалану және қорғау схемаларын, су шаруашылық баланстарын бекіту, судың пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру, сондай-ақ ССР Одағының компетенциясына жатқызылмаған болса — басқа да мәселелер бойынша су қатынастарын реттеу.

## *II тарау*

## СУДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

**8 - статья. Суды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқару органдары**

Қазақ ССР-інде суды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды СССР Министрлер Советі, Қазақ ССР Министрлер Советі, халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, селолық,

[1] 6-статья 1980 ж. 30 майдағы Указымен 9 пунктпен толықтырылған (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

ауылдық және поселкелік Советтерінің атқару комитеттері, сондай-ақ суды пайдалануды реттеу және қорғау жөнінде осыған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар тікелей немесе бассейндік (территориялық) басқармалар арқылы жүзеге асырады және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

**9-статья. Суды пайдалануды реттеу және қорғау жөнінде арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар**

Қазақ ССР-іиде суды пайдалануды реттеу және қорғау жөнінде арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік орғандар Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі және оның жергілікті органдары болып табылады.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы мииистрлігі өзінің қызметтерін тікелей немесе бассейидік ннспекциялар арқылы жүзеге асырады.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің өзінің компетенциясы шегінде суды пайдалану және қорғау мәселелері жөніндегі нұсқаулары министрліктер мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар үшін, сондай-ақ олардың ведомстволық бағынысына қарамастан барлық кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар ұшін және азаматтар үшін міндетті.

**10-статья. Суды пайдалану және қорғау саласындағы басқару жөніндегі басқа мемлекеттік органдар**

Қазақ ССР-індегі суды пайдалану және қоргау саласындағы басқару жөніндегі басқа мемлекеттік органдар мыналар болып табылады: өз компетенциясы шегінде мемлекеттік санитарлық және ветеринариялық қадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдар және басқа мүдделі органдар.

## *III тарау*

## СУДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЖӘНЕ ҚОРҒАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

**1і-статья. Суды пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау жасаудың міндеттері**

Суды пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау жасаудың міндеті барлық мииистрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың су пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын, суды қоргау, судың зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді жою жөніндегі міндеттерін, судың есебін жүргізу ережелерін, сондай-ақ су заңдарымен белгіленген басқа да ережелерді орындауын қамтамасыз ету болып табылады.

**і2-статья. Суды пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыратын органдар**

Суды пайдалануға және қоргауға мемлекеттік бақылау жасауды халық депутаттарының Советтері, олардың атқарушы және басқарушы органдары, сондай-ақ осыған уәкілдік берілген мемлекеттік органдар ССР Одагының заңдарымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

## *IV тарау*

## СУДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

### 13 - статья. Мемлекеттік орғандарға көмектесу үшін ұйымдар мен азаматтар жүзеге асырып отыратын шаралар [1]

Кәсіптік одақтары, жастар ұйымдары, табиғатты қорғау қоғамдары, ғылыми қоғамдар және басқа қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ азаматтар суды тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруда мемлекеттік органдарға көмектесіп отырады.

Бұл аталған шараларға суды пайдалану және қорғау үшін судың жайына әсер ететін объектілердің құрылысының барысы және пайдалануға беру үшін, барлық су пайдаланушылардың праволары мен міндеттерінің орындалуы үшін, судың зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді жою үшін және басқалары үшін бақылау жасауды жүзеге асыру жатады.

Мемлекеттік органдар суды ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырған кезде қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың ұсыныстарын барынша ескеріп отыруға міндетті [1].

### 14 - статья. Суды тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі шараларға қоғамдық ұйымдардың қатысуы

Қоғамдық ұйымдар суды тиімді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызметке осы ұйымдардың уставтарына (ережелеріне) және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес қатысады.

### 15 - статья. Суды тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі шараларға азаматтардың қатысу тәртібі

Суды тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі шараларды жүргізуде азаматтар мемлекеттік органдарға мынадай жолдармен көмектеседі:

суды пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырушы органдарға суды пайдалануды және қорғауды жақсарту туралы өздерінің ұсыныстарын енгізеді;

суды пайдалану және қорғау ережелерінің өздеріне мәлім болған бұзылғаны туралы хабарлайды;

суды пайдалануды және қорғауды жақсарту жөніндегі, сондай-ақ судың зиянды әсерінен сақтандыру және ондай әсерді жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тікелей қатысады.

## *V тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕ ЖӘНЕ ЖАҒАЛАУЛАРДАҒЫ ТІЛКЕМДЕРДЕ (АЙМАҚТАРДА) ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

### 16 - статья. Судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру шарттары

Жаңа және қайта құрылған кәсіпорындарды, ғимараттар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ судың жайына әсер ететін жаңа технологиялық про-

---

[1] 13-статья 1980 ж. 30 майдағы Указымен үшінші бөлікпен толықтырылған (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24.).

цестерді енгізу кезінде денсаулық сақтау және халықтың ауыз сумен және тұрмыстық сумен қажетін ең алдымен қанағаттандыру талаптарын сақтай отырып судың ұтымды пайдаланылуы қамтамасыз етілуге тиіс. Мұның өзінде су объектілерінен алынатын және оларға қайта құйылатын судың есебін жүргізуді, суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғауды, судың зиянды әсеріне жол бермеуді, жерге су жаюды ең аз қажетті мөлшерге дейін шектеуді, жерді сортаңданудан, су басудан немесе құргаудан қорғауды, сондай-ақ қолайлы табиғат жағдайлары мен ландшафтарды сақтауды қамтамасыз ететін шаралар көзделеді [1].

17-статья. **Балық шаруашылық су қоймаларының жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру шарттары**

Балық шаруашылық су қоймаларында жаңа және қайта құрылған кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді орналастырған, жобалаған, салған және пайдалануға берген кезде, осы Кодекстің 16-статьясында көрсетілген шаралардан басқа, балықты және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін қорғауды және олардың өсіп-өрбуі үшін жағдайлар болуын қамтамасыз ететін шаралар дер кезінде жүзеге асырылуға тиіс.

18-статья. **Судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді салатын орындарды анықтау**

Судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді салатын орындарды анықтау суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен, мемлекеттік санитарлық қадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыру органдарымен және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес басқа да органдармен келісіледі.

19-статья. **Судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді салу жобаларын келісу**

Судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді салу жобалары суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен және ССР Одағының заңдары белгілейтін реттерде және тәртіп бойынша басқа да органдармен келісілуге жатады.

20-статья. **Судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді пайдалануға беруге тыйым салу**

Мыналарды пайдалануға беруге тыйым салынады:

судың ластануын, былғануын немесе оның зиянды әсерін болғызбайтын қондырғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта құрылған кәсіпорындарды, цехтарды, агрегаттарды, коммуналдық және басқа объектілерді;

жобаларда көрсетілген жерге судың жайылуын, жердің су астында қалуын, батпақтануын, сортаңдануын, топырақ эрозиясын болғызбайтын шаралар жүргізілгенге дейін — жер суару және суландыру жүйелерін, бөгендер мен каналдарды;

---

[1] 16-статьяға 1980 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

30 - с т а т ь я. **Суды бірлесіп және дара пайдалану**

Су объектілері бірлесіп және дара пайдалануда болуы мүмкін.

Мемлекеттік органдардың шешімі негізінде (осы Кодекстің 34-статьясы) кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның пайдалануына берілген су объектілері (су объектілерінің бөліктері) дара пайдалануда болады.

Дара пайдалануға берілмеген су объектілері (су объектілерінің бөліктері) бірлесіп пайдалануда болады.

31 - с т а т ь я. **Бастапқы және қосалқы су пайдалану**

Су объектілері дара пайдалануға берілген кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер — бастапқы су пайдаланушылар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген реттерде суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен келісе отырып, басқа кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және азаматтарға қосалқы су пайдалануға рұқсат беруге праволы.

Қосалқы су пайдалануға берілген рұқсаттарда су объектілерін пайдалану мақсаттары және пайдаланудың негізгі шарттары көрсетіледі.

Қажет болған реттерде қосалқы су пайдалану шарттары тараптардың өзара праволары мен міндеттері бастапқы және қосалқы су пайдаланушылардың арасындағы шартпен ресімделеді.

32 - с т а т ь я. **Су объектілерін ең алдымен халықтың қажеті үшін беру**

Су объектілері ең алдымен халықтың ауыз су және тұрмыс қажетін қанағаттандыру үшін пайдалануға беріледі.

Су объектісін бірден бірнеше мақсатқа пайдалану үшін берген кезде ең алдымен халықтың ауыз сумен және тұрмыстық сумен қажеттерін қанағаттандыру қамтамасыз етілуге тиіс.

33 - с т а т ь я. **Су объектілерін дара пайдалануға беру негіздері**

Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы, халық депутаттарының тиісті Советінің атқару комитетінің немесе осыған уәкілдік берілген басқа мемлекеттік органның шешімі негізінде, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіппен су объектілері толық немесе ішінара пайдалануға беріледі.

Су объектілерін дара пайдалануға беру туралы қаулыда немесе шешімде су объектілерінің қандай мақсат үшін берілетіні және оларды пайдаланудың негізгі шарттары көрсетіледі.

34 - с т а т ь я. **Су объектілерін дара пайдалануға беретін органдар**

Су объектілерін толық немесе ішінара дара пайдалануға мыналар береді:

халық депутаттарының селолық, ауылдық, поселкелік Советінің атқару комитеті — село, ауыл, поселке территориясының шегінде орналасқан тұйық (ақпайтын) су объектісін;

халық депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті — аудан территориясының шегінде орналасқан су объектісін;

халық депутаттарының қалалық Советінің атқару комитеті — қала территориясының шегінде орналасқан су объектісін;

халық депутаттарының облыстық Советінің атқару комитеті — аудан аралық, облыстық маңызы бар су объектісін.

Қазақ ССР Министрлер Советі немесе суды пайдалануды реттеу және қорғау жөнінде арнайы уәкілдік берілген республика органдары — республиканың территориясында орналасқан қалаған су объектісін.

35 - с т а т ь я. **Су объектілерін дара пайдалануға беру туралы өтініш жасаудың және оны қараудың тәртібі**

Су объектілерін дара пайдалануға беру туралы өтініш жасаудың және оны қараудың тәртібін Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

36 - с т а т ь я. **Арнайы су пайдалануға рұқсат беретін органдар**

Арнайы су пайдалану — суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдардың беретін рұқсаты негізінде, ал ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көрсетілген реттерде — халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінің беретін рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

37 - с т а т ь я. **Арнайы су пайдалануға рұқсат беруге келісу және рұқсат беру тәртібі**

Арнайы су пайдалануға рұқсаттар мемлекеттік санитарлық қадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен, сондай-ақ басқа да мүдделі органдармен келісіп алғаннан кейін беріледі. Бастапқы су пайдаланушыларға — кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге дара пайдалануға берілген су объектілерінде арнайы су пайдалануға осы кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен келісіп алғаннан кейін рұқсат етіледі. ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген реттерде аталған су объектілерінде арнайы су пайдалануға бастапқы су пайдаланушылар судың пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу жөніндегі органдармен келісе отырып рұқсат береді.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдары Негіздеріне сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсат беруге келісу және рұқсат беру тәртібін СССР Министрлер Советі белгілейді [1].

38 - с т а т ь я. **Жалпы су пайдалануды жүзеге асыру тәртібі**

Жалпы су пайдалану ешқандай рұқсатсыз жүзеге асырылады.

Жалпы су пайдаланған кезде мемлекеттік санитарлық қадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдардың, кеме қатынастары мен агаш ағызуды реттейтін органдардың талаптарын, сондай-ақ суда адам өмірін қорғау, суды тиімді пайдалану және қорғау ережелерін орындауға міндетті.

халық депутаттарының селолық, ауылдық, поселкелік, аудандық, қалалық Советтерінің атқару комитеттері азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатымен өндірістік және басқа жағдайларды ескеріп шомылуға, қайықпен жүзуге, ауыз су мен тұрмыс қажеті үшін су алуға, мал суаруға тыйым салынатын жерлерді белгілейді, сондай-ақ тнісінше селолық елді мекеннің, поселкенің, қаланың, ауданның территорнясында орналасқан су объектілерінде жалпы су пайдаланудың басқа да шарттарын белгілейді.

Жалпы су пайдалану шарттары туралы ұсыныстарды суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар, судағы құтқару қоғамдары, мемлекеттік санитарлық қадағалауды, жануарлар дүннесін қорғауды жүзеге асыратын органдар және басқа да мүдделі органдар жасайды.

халық депутаттарының тиісті Советінің атқару комитеті өзі белгілеген жалпы су пайдалану шарттары туралы жұртқа жариялап отыруға міндетті.

---

[1] 37-статьяға 1980 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

**39 - с т а т ь я. Дара пайдалануға берілген су объектілерінде жалпы су пайдалану**

Дара пайдалануға берілген су объектілерінде бастапқы су пайдаланушының суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен келісіп белгілеген шарттары бойынша жалпы су пайдалануға жол беріледі, ал қажет болған кезде оған тыйым салынуы мүмкін.

Бастапқы су пайдаланушы өзіне дара пайдалануға берілген су объектісінде жалпы су пайдаланудың шарттары немесе оған тыйым салынғаны туралы жұртқа жарнялауға міндетті.

Егер бастапқы су пайдаланушы мен халық депутаттарының жергілікті Советінің атқару комитеті дара пайдалануға берілген су объектісінде жалпы су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салынғаны туралы жұртқа жарияламаса, су заңына сәйкес жалпы су пайдалану шексіз рұқсат етілген деп танылады.

**40 - с т а т ь я. Су пайдаланудың тегіндігі**

Су пайдалану тегін жүзеге асырылады.

СССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес СССР Министрлер Советі белгілейтін реттер мен тәртіп бойынша арнайы су пайдалану үшін ақы төленуі мүмкін.

**41 - с т а т ь я. Су пайдалану мерзімдері**

Су объектілері мерзімсіз уақытқа немесе уақытша пайдалануға беріледі.

Мерзімі күн ілгері белгіленбеген су пайдалану мерзімсіз (тұрақты) су пайдалану деп танылады.

Уақытша су пайдалану қысқа мерзімді — үш жылға дейін және ұзақ мерзімді — үш жылдан жиырма бес жылға дейін болуы мүмкін. Қажет болған кезде су пайдалану мерзімі тиісінше қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді уақытша пайдалану мерзімінен аспайтын уақытқа ұзартылуы мүмкін.

Жалпы су пайдалану мерзіммен шектелмейді.

**42 - с т а т ь я. Уақытша су пайдалану мерзімдерін есептеу тәртібі**

Уақытша су пайдалану мерзімдері тиісінше арнайы су пайдалануға рұқсат алған күннен бастап немесе су объектісін дара пайдалануға беру туралы шешім шығарылған күннен бастап есептеледі.

**43 - с т а т ь я. Уақытша су пайдалану мерзімдерін ұзарту тәртібі**

Су объектісін уақытша пайдалану мерзімдерін ұзартуды мүдделі су пайдаланушылардың өтініші бойынша арнайы су пайдалануға рұқсат берген немесе су объектісін дара пайдалануға беру туралы шешім қабылдаған мемлекеттік орган жүзеге асырады.

**44 - с т а т ь я. Су объектілерін белгілі мақсатқа пайдалану**

Су пайдаланушылардың су объектілерін осы объектілер берілген кезде көзделген мақсатқа ғана пайдалануға правосы бар.

**45 - с т а т ь я. Су пайдаланушылардың негізгі праволары**

Су объектісін пайдалануға берілген белгілі мақсатқа сәйкес, белгіленген тәртіп бойынша су пайдаланушылардың мынадай правосы бар:

пайдалану үшін су шығарып алуға;

су шаруашылығы ғимараттары мен қондырғыларын орнатуға;

берілетін судың мөлшері мен сапасын тексеруге;

жоспар бойынша алынбаған судың компенсациясын талап етуге, бұған су пайдаланушының жоспарға сәйкес дәлелсіз себептермен су алудан бас тартқан реттері кірмейді;

су объектілерін пайдалану жөнінде заң бойынша тыйым салынбаған әрекеттерді жүзеге асыруға правосы бар.

46 - с т а т ь я. **Су пайдаланушылардың праволарына шек қою**

Су мүлде азайған, су объектілерінде авариялық жағдайлар болған, эпидемия мен эпизоотия хаупі туған кезде және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген өзге реттерде су пайдаланушылардың правосы халық денсаулығын сақтау мақсатында, өзге де мемлекеттік мүдделер үшін, сондай-ақ басқа су пайдаланушылардың мүдделері үшін шектелуі мүмкін. Мұның өзінде су объектілеріи халықтың ауыз су және тұрмыс қажеті үшін пайдалану жағдайы нашарлап кетпеуге тиіс [1].

Судың зиянды әсерінен туған табиғи апаттардан сақтандыру және оны жою жөніндегі шұғыл шараларды жүзеге асырған кезде су пайдаланушылардың праволарына шек қою осы Кодекстің 146-статьясы бойынша реттеледі.

Су объектілерін дара пайдаланатын су пайдаланушылардың праволарына осы су объектісін дара пайдалануға берген орган, арнайы су пайдалану праволарына — арнайы су пайдалануға рұқсат берген орган, қосалқы су пайдалану праволарына — суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органмен келісе отырып, бастапқы су пайдаланушы, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес басқа да органдар шек қоюы мүмкін.

47 - с т а т ь я. **Су пайдаланушылардың праволарын қорғау**

Су пайдаланушылардың праволары заңмен қорғалады.

Су пайдаланушылардың бұзылған праволары ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көрсетілген тәртіппен қалпына келтірілуге тиіс.

Су пайдаланушыларға келтірілген зиян өтелуге жатады.

48 - с т а т ь я. **Су пайдаланушылардың негізгі міндеттері**

Су пайдаланушылар мынаған міндетті:

су объектілерін тиімді пайдалануға, судың үнемдеп жұмсалуына, судың сапасының қалпына келтірілуіне және жақсартылуына қамқорлық жасауға;

ластайтын заттары бар кірлі судың су объектілеріне ағызылуын толық тоқтату үшін шаралар қолдануға;

басқа су пайдаланушыларға берілген праволардың бұзылуына, сондай-ақ шаруашылық және табиғат объектілеріне (жерге, орманға, жануарлар дүннесіне, пайдалы қазбаларға және басқаларға) нұқсан келтіруіне жол бермеуге;

судың жағдайына әсер ететін тазарту және басқа су шаруашылық ғимараттары мен техникалық қондырғыларды түзік күйде ұстауға, олардың пайдалану сапасын жақсартуға, белгіленген реттерде су пайдаланудың есебін жүргізуге.

---

[1] 46-статьяның бірінші бөлігіне 1980 ж. 30 марттағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

**60 - с т а т ь я. Құдық қазып алу және басқа ғимараттар орнату жолымен азаматтардың су пайдалану правосы**

Халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінің рұқсаты бойынша азаматтар, сондай-ақ кәсіпорындар және мекемелер халықты ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін құдық қазып алуға, тосындылар (каптаждар) және басқа ғимараттар орнатуға праволы.

Су пайдаланушылар осы аталған ғимараттар мен қондырғылардың тиісті санитарлық-техникалық күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті.

**61 - с т а т ь я. Жер астындағы ішуге жарайтын суды ауыз сумен және тұрмыстық сумен жабдықтауға қатысы жоқ қажеттер үшін пайдалану**

Жер астындағы ішуге жарайтын суды ауыз сумен және тұрмыстық сумен жабдықтауға қатысы жоқ қажеттер үшін пайдалануға, әдетте, жол берілмейді. Жер үстінде қажетті су көздері жоқ және жер астында ішуге жарайтын судың запастары жеткілікті аудандарда су пайдалануды реттеу және қорғау органдары бұл суларды ауыз сумен және тұрмыстық сумен жабдықтауға қатысы жоқ мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат бере алады.

## *VIII тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ЕМДЕУ, КУРОРТ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ МАҚСАТТАРЫ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

**62 - с т а т ь я. Су объектілерін емдеу категориясына жатқызу тәртібі**

Су объектісі территориясына орналасқан халық депутаттарының тиісті жергілікті Советінің атқару комитетімен келісіп, СССР Денсаулық сақтау министрлігі мен ВЦСПС-тің немесе Қазақ ССР Денсаулық сақтау мнинистрлігі мен Кәсіподақтарының Қазақ республикалық советінің бірлесіп жасаған ұсынысы бойынша су объектілерін емдеу категориясына жатқызу ісін СССР Министрлер Советі немесе Қазақ ССР Министрлер Советі жүргізеді.

Запастары, емдік қасиеттері, климат және басқа жағдайлары көрсетілген шипалы су объектілерінің тізбегін СССР Денсаулық сақтау министрлігі немесе Қазақ ССР Денсаулық сақтау мнинистрлігі белгілейді, оны кейіннен СССР Министрлер Советі немесе Қазақ ССР Министрлер Советі бекітіп, белгіленген тәртіп бойынша жариялайды.

**63 - с т а т ь я. Шипалы су объектілерін ең алдымен емдеу және курорт мақсаттары үшін пайдалану**

Белгіленген тәртіп бойынша шипалы категориясына жатқызылған су объектілері ең алдымен емдеу және курорт мақсаттары үшін пайдаланылады. Ерекше реттерде суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар тиісті денсаулық сақтау және курорт басқармасы органдарымен келісіп, шипалы су категориясына жатқызылған су объектілерін басқа мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат бере алады.

**64 - с т а т ь я. Шипалы су категориясына жатқызылған су объектілеріне кірлі су ағызуға тыйым салу**

Шипалы су категориясына жатқызылған су объектілеріне кірлі су ағызуға тыйым салынады.

65 - с т а т ь я. **Суды тыныгу және спорт үшін пайдалану**

Су объектілерін тыныгу және спорт үшін пайдалануға оған айрықша рұқсатсыз-ақ жол беріледі.

Халық депутаттарының атқару комитеттері мемлекеттік санитарлық кадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен, судағы құтқару қоғамы органдарымен, ал кеме қатынайтын және ағаш ағызатын жолдарда кеме қатынасы мен ағаш ағызуды реттеуші органдармен келісіп, белгілеген жерлерде су объектілері көпшілік тыныгу және спорт үшін пайдаланылады.

Ұйымдасқан көпшілік тыныгуын және спорттың өркендеуін қамтамасыз ету үшін су объектілері толығымен немесе ішінара мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың дара пайдаланылуына берілуі мүмкін.

Осы Кодекстің 38 және 39-статьяларында көрсетілген реттер мен тәртіп бойынша су объектілерін тыныгу және спорт үшін пайдалануға тыйым салынуы немесе шек қойылуы мүмкін.

## *IX тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

66 - с т а т ь я. **Ауыл шаруашылық су пайдалану**

Су объектілерін ауыл шаруашылығының қажеттері үшін пайдалану жалпы су пайдалану жолымен де, арнаулы су пайдалану жолымен де жүзеге асырылады.

Арнайы су пайдалану кезінде мемлекеттік ұйымдардың, колхоздардың, совхоздардың және басқа су пайдаланушылардың қарамағындағы суару, суландыру, құрғату және басқа су шаруашылық ғимараттары мен қондырғылары қолданылады.

67 - с т а т ь я. **Ауыл шаруашылық су пайдаланудың міндеттері**

Су объектілерін суару, суландыру, ауыл шаруашылық сумен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығының басқа да қажеттері үшін пайдаланатын колхоздардың, совхоздардың және басқа су пайдаланушылардың жерлерінде анағұрлым қолайлы су режимін жасау мақсатымен ауыл шаруашылық су пайдалану жүзеге асырылады.

68 - с т а т ь я. **Ауыл шаруашылық су пайдаланудың жоспарлары**

Суару, суландыру және басқа су шаруашылық объектілерінде су пайдалану ішкі шаруашылық және жалпы жүйелік су пайдалану жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Су пайдаланудың ішкі шаруашылық жоспарларын колхоздар, совхоздар және басқа да су пайдаланушылар, ал жалпы жүйелік жоспарларды — су пайдаланудың ішкі шаруашылық жоспарларының негізінде суару, суландыру және басқа су шаруашылық объектілерін пайдалану басқармалары жасайды.

Су пайдаланудың ішкі шаруашылық жоспарлары суару, суландыру және басқа су шаруашылық объектілерін пайдалану басқармаларымен келісіледі және оларды халық депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттері бекітеді.

Су пайдаланудың жалпы жүйелік жоспарларын мыналар бекітеді:

аудандық маңызы бар жүйелер жөніндегі жоспарларды — халық депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттері;

облыстық маңызы бар жүйелер жөніндегі жоспарларды— халық де-

путаттарының облыстық Советтерінің атқару комитеттерінің мелиорация және су шаруашылығы басқармалары;

республикалық маңызы бар жүйелер жөніндегі жоспарларды — Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі.

Облыстық және республикалық маңызы бар жүйелер жөніндегі су пайдалану жоспарларын бекіту тиісті ауыл шаруашылық органдарымен келісіп жүргізіледі.

69 - с т а т ь я. **Ауыл шаруашылық су пайдалану жоспарларын өзгерту**

Ауыл шаруашылық су пайдалану жоспарлары тек сол жоспарларды бекіткен органдардың келісуі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

Суару көзінің су режимі, ауа райы жағдайлары өзгерген және жоспарларда көрсетілген су беру мерзімдерінің өзгертілуін қажет ететін басқа да себептер болған реттерде ауыл шаруашылық су пайдалану жоспарларына ішінара өзгерістер енгізіледі.

70 - с т а т ь я. **Ауыл шаруашылық су пайдаланудың шаруашылық аралық және ішкі шаруашылық су объектілері**

Екі және одан да көп су пайдаланушылардың су қажеттерін қамтитын, суару, суландыру және басқа су шаруашылық жүйелерінің каналдары, ғимараттары және басқа да қондырғылары шаруашылық аралық су объектілері, ал бір су пайдаланушының қажетін қамтитындары — ішкі шаруашылық су объектілері болып табылады.

Шаруашылық аралық су объектілері су шаруашылықтарын пайдаланатын ұйымдардың балансында, ал ішкі шаруашылық су объектілері колхоздардың, совхоздардың және басқа су пайдаланушылардың балансында болады.

71 - с т а т ь я. **Ауыл шаруашылық су пайдаланушылардың міндеттері**

Су объектілерін ауыл шаруашылығының қажеттері үшін пайдаланатын колхоздар, совхоздар және басқа кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және азаматтар су пайдаланудың белгіленген жоспарларын, ережелерін, нормалары мен режимін орындауға, мелиорация жүйелерінде топыраққа сіңуден және буланудан болатын су ысырабын азайту, бұл жүйелерден суды тиімсіз ағызуға жол бермеу, балық шаруашылығы суқоймаларынан балықтың мелиорация жүйелеріне өтіп кетуіне жол бермеу шараларын қолдануға, сондай-ақ топырақтағы ылғалдың анағұрлым қолайлы режимін жасауға міндетті.

Су шығынын көбейту немесе азайту мақсатымен колхоздардың, совхоздардың және басқа кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және су пайдаланушы азаматтардың шаруашылық аралық маңызы бар каналдар мен бөгендерде гидротехникалық ғимараттарды өз еркімен реттеуіне, сондай-ақ оларда уақытша бөгет, насос станцияларын және басқа ғимараттар салуына тыйым салынады.

Қазіргі бар шаруашылық аралық мелиорация жүйелерін сақтап ұстау және жақсарту үшін осы жүйелерден су алатын су пайдаланушылар суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар арқылы Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша ирригациялық-мелиоративтік жұмыстарды орындауға қатыстырылуы мүмкін.

72 - с т а т ь я. **Уақытша ағыстағы су көздерін ауыл шаруашылығына пайдалану**

Колхоздар, совхоздар және басқа ауыл шаруашылық су пайдаланушылар суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен

келісіп, шабындық жерлерге, жайылымдарға және көлдетіп суару учаскелеріне су қаптату үшін қар сулары мен тасқын суларды тоқтату жөніндегі шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ бөгендерден, өзендерден, суару және суландыру каналдарынан, коллекторлардан және құрғату жүйелерінен ағызылған суларды суару, суландыру және ауыл шаруашылығының басқа да қажеттері үшін пайдалануы мүмкін.

**73 - статья. Су объектілерін жайылымдарды суландыру үшін пайдалану**

Колхоздар, совхоздар және басқа да ауыл шаруашылық су пайдаланушылар мал суаруды және шабындық жерлерді тнімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатымен жайылымдарды суландыру үшін су объектілерін белгіленген тәртіп бойынша пайдаланады.

Су объектілерін жайылымдарды суландыру үшін пайдалану шегенді және трубалы құдықтар, тоғандар, қазындылар, суландыру каналдарын және басқа да ғимараттар жасау жолымен жүзеге асырылады.

**74 - статья. Су объектілерін мал суару үшін пайдалану**

Тек арнайы жабдықталған суару алаңдары мен басқа да қондырғылар болғанда ғана немесе осы мақсат үшін бөлінген жерлерде ғана су объектілерін мал суару үшін пайдалануға жол беріледі.

**75 - статья. Мал айдайтын трассалар бойындағы су объектілерін пайдалану**

Мал айдаушы колхоздар, совхоздар және басқа кәсіпорындар мен ұйымдар мал айдайтын трассалар бойындағы сумен қамтамасыз ету көздерін қорғауға және су шаруашылық ғимараттары мен қондырғыларын пайдалану ережелерін орындауға міндетті.

**76 - статья. Каналдар және басқа да су шаруашылық ғимараттары арқылы мал айдауға және транспорттың өтуіне шек қою**

Каналдар және басқа да су шаруашылық ғимараттары арқылы мал айдауға, трактор, комбайн және басқа ауыл шаруашылық машиналары мен транспорт құралдарын өткізуге осы мақсатқа белгіленбеген жерлерде тыйым салынады.

**77 - статья. Су объектілерін үй іргесіндегі учаскелерді суару үшін пайдалану**

Колхоздар, совхоздар және басқа бастапқы су пайдаланушылар өздеріне берілген су объектілерінен колхоз аулаларына, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілеріне және селолық жерлерде тұратын және үй іргесінде учаскелері бар басқа да азаматтарға бақшалары мен бақтарын суару үшін су бөледі.

Осы мақсатқа қажетті судың мөлшері ішкі шаруашылық су пайдалану жоспарларында көрсетіледі.

**78 - статья. Су объектілерін коллективтік бақ пен бақша қажеттері үшін пайдалану**

Коллектнвтік бақтарды суару үшін су бақ өсіретін серіктерге, ал коллектнвтік бақшалар үшін су — кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге бөлінеді.

Осы мақсатқа қажетті судың мөлшері тиісті су пайдалану жоспарларында көрсетіледі.

**79 - с т а т ь я. Ағын сумен жер суару**

Ауыл шаруашылық жерлерін ағын сумен суаруға рұқсатты мемлекеттік санитарлық қадағалау мен ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыратын органдармен келісіп, суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар береді.

Ағын сумен жер суару (суарылатын егіндік алқап) жүйелерін жобалау, салу және пайдалану заңмен белгіленеді.

**80 - с т а т ь я. Ауыл шаруашылық су жабдықтау**

Өз міндеттері бойынша ауыл шаруашылық су жабдықтау орталықтандырылған және орталықтандырылмаған болып бөлінеді.

Орталықтандырылған су жабдықтауға осы Кодекстің 58-статьясында көрсетілген ережелер қолданылады.

Орталықтандырылмаған ауыл шаруашылық сумен жабдықтау үшін су объектілерін пайдаланудың тәртібін суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдарымен келісіп, халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, мемлекеттік санитарлық және ветеринариялық қадағалау органдары белгілейді.

**81 - с т а т ь я. Ормандар, орман алқаптары және орман питомниктері алып жатқан жерлерді суару және құрғату**

Осы Кодекстің 66—78-статьяларының ережелері ормандар, орман алқаптары және орман питомниктері алып жатқан жерлерді суаруға және құрғатуға қолданылады.

## *X тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ӨНЕРКӘСІПТІК МАҚСАТТАР ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

**82 - с т а т ь я. Су объектілерін өнеркәсіптік мақсаттар үшін пайдаланатын су пайдаланушылардың міндеттері**

Су объектілерін өнеркәсіптік мақсаттар үшін пайдаланатын су пайдаланушылар су пайдаланудың белгіленген жоспарларын, технологиялық нормалары мен ережелерін орындап отыруға, сондай-ақ өндіріс технологиясын және сумен қамтамасыз ету схемаларын жетілдіру (сусыз технологнялық процестерді қолдану, ауамен салқындатуды, айналмалы сумен жабдықтауды және басқа да техникалық тәсілдерді қолдану) жолымен су шығынын азайтуға және ағын суды ағызуды тоқтатуға шаралар қолдануға міндетті.

**83 - с т а т ь я. Ауыз суды өнеркәсіптік мақсаттар үшін пайдалануға шек қою**

Табиғи апаттар, авария болған реттерде және басқа да ерекше жағдайларда, сондай-ақ кәсіпорны су құбырынан алатын су тұтыну лимитін артық пайдаланып қойған кезде халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері халықтың ауыз су және тұрмыс қажеттерін ең алдымен қанағаттандыру үшін коммуналдық су құбырларынан ауыз суды өнеркәсіптік мақсаттар үшін пайдалануды азайтуға немесе пайдалануға тыйым салуға, ал ведомстволық шаруашылық — ауыз су, су құбырларынан өнеркәсіптік мақсаттар үшін су алуға уақытша шек коюға праволы.

84 - с т а т ь я. **Техникалық сумен жабдықтау және басқа өндірістік қажеттер үшін жер астындағы суларды пайдалану**

Ауыз су немесе шипалы су қатарына жатқызылмаған жер астындағы сулар (тұщы, минералды, термальді сулар) техникалық сумен жабдықтау үшін, олардағы химиялық элементтерді айырып алу үшін, жылу энергиясын алу үшін және басқа да өндірістік қажеттер үшін суды тиімді пайдалану және қорғау талаптарын сақтай отырып белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылуы мүмкін.

## *XI тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ГИДРОЭНЕРГЕТИКА ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

85 - с т а т ь я. **Су объектілерін гидроэнергетика қажеттері үшін пайдалану**

Су объектілерін гидроэнергетика қажеттері үшін пайдалану халық шаруашылығының басқа да салаларының мүддесін ескере отырып, сондай-ақ суды комплексті пайдаланудың талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады, егер СССР Министрлер Советінің қаулысында немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысында, ал тиісті реттерде — суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органның шешімдерінде тікелей басқаша көрсетілмеген болса.

Гидроэнергетика қажеттері үшін пайдаланатын су объектілері тұрғындарды сумен жабдықтау, ауыл шаруашылық, балық шаруашылық, кеме қатынастары және басқа да мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

86 - с т а т ь я. **Гидроэнергетика кәсіпорындарының суды пайдалану жөніндегі праволары**

Гидроэнергетика кәсіпорындарының белгіленген тәртіп бойынша мынадай правосы бар:

электр қуатын өндіру үшін су объектілерін пайдалануға;

су объектілерін энергетика мақсатына пайдалану үшін жақсартуға мүмкіндік беретін шараларды жүзеге асыруға, егер бұл суды комплексті пайдалану талабын бұзбайтын болса;

барлық мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар мен азаматтардан гидроэнергетиканың қажеттері үшін су объектілерін дұрыс пайдалануды қамтамасыз ететін ережелерді сақтауын талап етуге правосы бар.

87 - с т а т ь я. **Гидроэнергетика кәсіпорындарының суды пайдалану жөніндегі міндеттері**

Гидроэнергетика кәсіпорындары мыналарды орындауға міндетті:

су объектілерін пайдаланудың ережелерінде белгіленген су бөгендерін толтыру және жұмысқа қосу, жоғарғы және төменгі аралықта су деңгейінің ауытқу режимін сақтауға;

кемелер мен салдардың кедергісіз және хауіпсіз өтуін, сондай-ақ балықтардың уылдырық шашатын жерлерге өтуін қамтамасыз етуге, жобаға сәйкес санитарлық өтулерді жүзеге асыруға міндетті.

## *XII тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН СУ ТРАНСПОРТЫНЫҢ ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

**88 - с т а т ь я. Кеме қатынайтын су жолдары**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдары Негіздеріне сәйкес СССР-дің өзендері, көлдері, бөгендері, каналдары, ішкі теңіздері және басқа да ішкі теңіз сулары, сондай-ақ СССР-дің территориялық сулары (территориялық теңіз) жалпы пайдаланудағы су жолдары болып табылады, бұған бұл суларды осы мақсаттар үшін пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған немесе олар дара пайдалануға берілген реттер кірмейді.

**89- с т а т ь я. Ішкі су жолдарын кеме қатынасы үшін пайдалану тәртібі**

Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарының тізбегін кеме қатынасын реттейтін мемлекеттік органдар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес белгілейді және жариялайды.

Су жолдарын кеме қатынасы категориясына жатқызу, сондай-ақ су жолдарын пайдалану ережелерін белгілеу тәртібі ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленеді.

**90 - с т а т ь я. Кеме қатынайтын су жолдарындағы су пайдаланушылардың міндеттері**

Су транспортының қажеттері үшін кеме қатынайтын жолдарды пайдаланатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер суды тнімді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз етуге, кеме қатынасын реттейтін органдардың талаптарын орындауға, су қоймаларының арналары мен жағалауларының гидротехникалық және басқа да ғимараттардың бұзылуына жол бермеуге, басқа да су пайдаланушылардың праволарын бұзбауға міндетті.

Кеме қатынайтын жолдарды гидроэнергетика, балық шаруашылығы, тыныгу, спорт және басқа да қажеттер үшін пайдаланатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер дұрыс кеме қатынасы жағдайын қамтамасыз ету жөнінде кеме қатынасын реттейтін органдардың талаптарын орындауға міндетті.

**91 - с т а т ь я. Кеме қатынайтын жолдарды кіші-гірім кемелердің жүзуіне пайдалану**

Кеме қатынайтын су жолдарын кіші-ғірім кемелердің жүзуі үшін пайдаланатын азаматтар белгіленген ережені орындауға міндетті.

Қазақ ССР-інің заңдарында көрсетілген реттерде кеме қатынайтын жолдарды кіші-ғірім кемелердің жүзу үшін пайдалануға шек қойылуы немесе тыйым салынуы мүмкін.

## *XIII тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН АҒАШ АҒЫЗУ ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

**92 - с т а т ь я. Ағашты салсыз ағызу, сондай-ақ қатты ағашты кемемен сүйремей буып және топтап ағызу**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес ағашты салсыз ағызуға, сондай-ақ қатты ағашты кемемен сүйремей буып және топтап ағызуға мынадай жерлерде тыйым салынады:

1) кеме қатынайтын жолдарда;

2) су объектілерінде, бұл объектілердің тізбегін олардың балық шаруашылығы, сумен жабдықтау немесе басқа да халық шаруашылығының мақсаттары үшін ерекше маңызының барын ескере отырып, СССР Министрлер Советі немесе Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Басқа су объектілеріне жоғарыда аталған ағаш ағызудың түрлеріне суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен келіскеннен кейін беретін рұқсат негізінде жол беріледі.

ССР Одағының заңдарына сәйкес ағашты салсыз ағызуға және қатты ағашты кемемен сүйремей топтап және буып ағызуға тыйым салатын ереже, ағаш ағызушы ұйымдардың СССР Министрлер Советі белгілеген тәртіппен, жоғарыда аталған ағаш ағызудың түрлерін тек су толған кезде ғана кеме қатынайтын жолдарда агаш ағызуды жүргізу, қатты агаштарды құрастырып буу немесе тиеу атқарылатын запаньга (рейдке) дейінгі кеме жолының шек қойылған учаскелерінде ағашты салмен ағызуды, кемемен сүйремей топтап және буып ағызуды жүргізу правосын жоққа шығармайды.

Мұндай реттерде рұқсатты суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар кеме қатынасын реттеуші органдармен және балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен келісе отырып береді.

93 - с т а т ь я. **Ағаш ағызушы ұйымдардың ағаш ағызу жолдарын тазалау жөніндегі міндеттері**

Ағаш ағызушы ұйымдар ағаш агызу жолдарын суға батқан қатты ағаштардан ұдайы тазалап отыруға міндетті.

## *XIV тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ӘУЕ ТРАНСПОРТЫНЫҢ ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

94 - с т а т ь я. **Су объектілерін әуе транспортының қажеттері үшін пайдалану**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес әуе кемелерінің тұруы, ұшуы және қонуы үшін, сондай-ақ әуе транспортының басқа қажеттері үшін су объектілерімен пайдалану тәртібі ССР Одағының заңымен белгіленеді.

## *XV тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

95 - с т а т ь я. **Балық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының суды пайдалану жөніндегі праволары мен міндеттері**

Балық шаруашылық су қоймаларымен немесе балық кәсіпшілігі учаскелерімен пайдаланатын кәсіпорындар, колхоздар және басқа да ұйымдар бұл су қоймалары мен учаскелерінде белгіленген тәртіппен бекітілген өндіріс жоспарларына сәйкес балық шаруашылығын жүргізу үшін қажетті жұмыстарды жүзеге асырады, сондай-ақ балық, басқа да су жануарларын аулау және өсімдіктерін өндіру жұмысын жүргізеді.

Олар балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен келісе отырып, су қоймаларының жағдайы мен балық запастарын қайта толықтыру жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ететін балық өсіру және мелиоративтік-техникалық шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ балық аулайтын жерлердегі жағалау учаскелерді тиісті санитарлық жағдайда ұстауға міндетті.

96-статья. **Балық шаруашылығы су қоймаларында суды пайдалануға шек қою**

Балықтың бағалы түрлерін сақтау және көбейту үшін ерекше маңызы бар балық шаруашылық қоймаларында немесе олардың жеке учаскелерінде және басқа су кәсіпшілігі объектілерінде балық шаруашылығының мүддесі үшін су пайдаланушылардың праволарына шек қойылуы мүмкін.

Мұндай су қоймаларының немесе олардың учаскелерінін тізбегін және су пайдалануға шек қоюдың түрлерін суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдардың ұсынысы бойынша белгілейді.

Мынаған тыйым салынады:

балық шаруашылыгы су қоймаларына тазаланбаған және залалсыздандырылмаған ағын суды ағызуға және балыққа зияны бар басқа да заттар мен қоқыстарды тастауға;

балық шаруашылық су қоймаларының жағалау өңірлеріне улы химикаттарды шашуға;

өзендерге, жылғалар мен каналдарға үйінді төгуге және оларды жаппай ластауға;

балық өсіретін су тоғандарында қойды тоғытуға, үй құстарын жіберуге;

СССР-дің су қоймаларында балық запастарын қорғау туралы және балық аулауды реттеу туралы Ережеде көрсетілген балық запасының жайына және оларды көбейтуге кері әсер ететін басқа да жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

97-статья. **Балық запастарын қорғау және оны көбейту жөніндегі шаралар**

Балық шаруашылық су қоймаларында гидротехникалық және басқа ғимараттарды пайдаланған кезде балық запастарын қорғауды және оларды көбейтуді қамтамасыз ететін шаралар дер кезінде жүзеге асырылуға тиіс.

98-статья. **Су объектілерін спорттық және әуесқойлық балық аулау мақсатына пайдалану**

Қорықтардан, балық питомниктерінен, тоспалардан, көлдерден және басқа да мәдени балық шаруашылықтарынан басқа, барлық су қоймаларын азаматтар балық аулаудың белгіленген ережесін сақтауды жүзеге асыра отырып, спорттық және әуесқойлық балық аулау мақсатына пайдалануы мүмкін.

Су объектілерін спорттық және әуесқойлық балық аулау үшін пайдалану тәртібі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленеді.

## *XVI тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

### 99 - статья. Аңшылық шаруашылығы ұйымдарының су пайдалану правосы

Суда жүзетін жабайы құстардың және терісі бағалы аңдардың (құндыз, ондатр, су тышқаны, нутрия және басқалар) мекені болып табылатын өзендерде, көлдерде және басқа су объектілерінде суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар суды комплексті пайдалану талаптарын ескере отырып, су пайдалану правосын алдымен аңшылық шаруашылығының кәсіпорындары мен ұйымдарына бере алады.

Аңшылық шаруашылығының қажеттері үшін су объектілерін пайдалану тәртібі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленеді.

Суда жүзетін және сазды өңірдің сирек кездесетін бағалы құстары, ондатр және басқа терісі бағалы аңдар мекендейтін жерлердегі ұйымдасқан түрдегі аңшылық шаруашылықтарына, сондай-ақ аңшылық фауналарды көбейту және қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыратын учаскелерге халық депутаттары аудандық және облыстық Советтері атқару комитеттерінің шешімдері бойынша азаматтардың баруына, әуесқойлық және кәсіптік аңшылық жасауға, жағалық өңірлерге, аңшылық шаруашылығын жүргізуді нашарлататын құрылыс салуға және басқа әрекеттерге шек қойылуы мүмкін.

### 100 - статья. Су объектілерін аңшылық шаруашылығының қажеттері үшін пайдалану тәртібі

Жабайы аңдар мен құстар мекендейтін және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін пайдаланылуы мүмкін болатын жерлердегі су объектілері аң шаруашылығының жерлері деп танылады.

Аңшылық шаруашылығының жерлеріне қорықтар, балық питомниктері, тоғандар және басқа да мәдеин балық шаруашылықтары жатпайды.

Сулы аңшылық жерлері аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдардың пайдалануына бекітіліп беріледі.

Сирек кездесетін бағалы құстар, ондатр және басқа да терісі қымбат аңдар мекендейтін жерлерде гидромелиорация жұмыстарын жүргізу және балық аулау тәртібі мемлекеттік аңшылық шаруашылығы органдарымен келісіліп жүргізіледі.

Аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалы су қоймаларында өсімдіктерді культивациялау ісі суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдардың рұқсатымен жүргізіледі.

Құстар мен терісі қымбат аңдар жаппай мекендейтін аймақтарда орналасқан су қоймаларын пайдаланған кезде аңшылық шаруашылығын жүргізу мүддесі ескерілуге тиісті.

## *XVII тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚОРЫҚТАРДЫҢ ҚАЖЕТТЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

### 101 - статья. Қорықтық су объектілері

Ерекше ғылыми немесе мәдени құндылығы бар су объектілері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген тәртіп бойынша қо-

рық объектілері деп жарияланады және олар табиғатты қорғау және ғылыми-зерттеулерді жүргізу мақсатымен мерзімсіз уақытқа қорықтардың дара пайдалануына беріледі.

**102 - статья. Қорықтардың су объектілерін пайдалану тәртібі және оларды қорғау шаралары**

Қорықтардың суын пайдалану тәртібі қорықтар туралы ережелермен белгіленеді.

Қорықтық су объектілерін сумен жабдықтау, балық аулау, аң аулау, су өсімдіктерін жинау, ағаш ағызу және басқа да шаруашылық мақсаттары үшін пайдалануға тыйым салынады.

**103 - статья. Су объектілерін қорықтардың пайдалануынан қайтарып алу**

Су объектілерін қорықтардың пайдалануынан қайтарып алуға тек ерекше қажет болған реттерде ғана Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы негізінде жол беріледі.

**104 - статья. Табиғи жартылай қорықтардың суды пайдалану тәртібі**

Табиғи жартылай қорықтардың суды пайдалану тәртібі Қазақ ССР-інің Табиғи жартылай қорықтары туралы Ережесінде белгіленеді.

**105 - статья. Табиғат ескерткіштері деп танылған су объектілерін пайдалану тәртібі**

Табиғат ескерткіштері деп танылған су объектілерін пайдалану тәртібі Қазақ ССР-інің Табиғат ескерткіштері туралы Ережесінде белгіленеді.

## *XVIII тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН АҒЫН СУДЫ АҒЫЗУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

**106 - статья. Су объектілерін ағын суды ағызу үшін пайдалануға рұқсат беру**

Өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, дренаждық және басқа кірлі суды ағызу үшін су объектілерін пайдалануға мемлекеттік-санитарлық қадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен және басқа мүдделі органдармен келіскеннен кейін ғана тек суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдардың рұқсатымен жол берілуі мүмкін.

Рұқсат ағын суды су объектісіне ағызу қажеттігін және мүмкіндігін дәлелдейтін документтердің негізінде беріледі.

**107 - статья. Су объектілеріне ағын суды ағызуға жол беру шарттары**

Ағын суды тек мынадай реттерде ғана ағызуға жол беріледі: егер мұның өзі су объектісінде ластағыш заттарды белгіленген нормадан арттырмайтын болса және су пайдаланушы суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар белгілеген мөлшерге дейін кірлі суды тазалаған ретте.

**108 - статья. Ағын суды ағызуға шек қою, тоқтата тұру және тыйым салу негіздері**

Егер осы Кодекстің 106 және 107-статьяларында көрсетілген талаптар бұзылса, суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар жекелеген өнеркәсіп қондырғыларының, цехтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметін тоқтатуға дейін шара қолданып, ағын суды ағызуға шек қоюға, тоқтата тұруға немесе тыйым салуға тиіс. Халықтың денсаулығына хауіп төнетіндей реттерде, мемлекеттік санитарлық қадағалауды жүзеге асыратын органдар өндірістік және басқа объектілерді пайдалануды тоқтатуға дейін шаралар қолданып, бұл жөнінде суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдарға хабарлап, ағын суды ағызуды тоқтата тұруға правосы бар.

**109 - статья. Су объектілерін ағын суды ағызу үшін пайдалану шарттары**

Су объектілерін ағын суды ағызу үшін пайдалану арнайы су пайдалану рұқсатында көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады, мұның өзінде су объектілеріне ағызылатын ағын суларды тазалауды және залалсыздандыруды қамтамасыз ететін барлық шаралар жаңадан салынатын және қайта құрылатын өнеркәсіп, коммуналдық және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының өндірістік қуаты іске қосылғанға дейін жүзеге асырылуға тиіс.

**110 - статья. Су объектілерін ағын суды ағызу үшін пайдаланудың тәртібі мен шарттары**

Су объектілерін ағын суды ағызу үшін пайдаланудың тәртібі мен шарттары ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленеді.

## *XIX тарау*

## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ӨРТ СӨНДІРУ ҚАЖЕТТЕРІ ЖӘНЕ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ МАҚСАТТАР ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

**111 - статья. Су объектілерін өрт сөндіру қажеттері және басқа мемлекеттік және қоғамдық мақсаттар үшін пайдалану**

Өрт сөндіру қажеттері үшін су объектілерінің қайсысынан болса да су алуға жол беріледі.

Өрт сөндіру қажеттері үшін, сондай-ақ басқа мемлекеттік және қоғамдық мақсаттар үшін су объектілерін пайдалану тәртібі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленеді.

## *XX тарау*

## БӨГЕНДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

**112 - статья. Бөгендер және оларды пайдалану**

Бөгендер әр түрлі су пайдаланушылардың су жөніндегі қажеттерін қанағаттандыру үшін судың ағысын реттеу мақсатымен жасалады.

Бөгендер заңда көрсетілген талаптарды және шарттарды сақтаған жағдайда әр түрлі халық шаруашылығының мүддесін қанағаттандыру үшін пайдалануға берілуі мүмкін.

113 - с т а т ь я. **Бөгендерді толтыру және пайдалану режимі**

Бөгендердегі су құбырын, су жіберетін немесе су алатын ғимараттарды пайдаланушы кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер бөгендер ықпал жасайтын аймақтарда тұрған су пайдаланушылар мен жер пайдаланушылардың мүддесін ескере отырып белгіленген бөгендерді толтыру және пайдалану тәртібін сақтауға міндетті.

114 - с т а т ь я. **Бөгендерді пайдалану тәртібі**

Бөгендерді пайдалану тәртібі мемлекеттік санитарлық қадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен және басқа мүдделі органдармен келісе отырып, әрбір бөген, каскад немесе бөген жүйесі үшін суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар бекітетін ережелермен белгіленеді.

115 - с т а т ь я. **Бөгендердің тиісті техникалық жайы мен көркейтілуін қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастыру және ұйлестіру**

Бөгендердің тиісті техникалық жайын және көркейтілуін қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастырып, ұйлестіруді, сондай-ақ бөгендерді пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар СССР Министрлер Советі немесе Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша жүзеге асырады.

116 - с т а т ь я. **Көлдерді және басқа су қоймаларын бөген ретінде пайдалану**

Осы Кодекстің 112—115 статьяларының ережелері көлдерді және басқа су қоймаларын бөген ретінде пайдалануға да қолданылады.

## *XXI тарау*

## ӨЗЕНДЕР МЕН КАНАЛДАРДА СУ ТІРЕКТІ ЖӘНЕ БАСҚА ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

117 - с т а т ь я. **Өзендер мен каналдарда су тіректі және басқа гидротехникалық ғимараттарды пайдалану тәртібі**

Кеме қатынамайтын және ағаш ағызылмайтын өзендерде, жылғалар мен каналдарда су тіректі және басқа да гидротехникалық ғимараттарды пайдалану осы ғимараттарды жобалаған кезде жасалған ережеге сәйкес, ал жеке реттерде су пайдаланушылардың өздері суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдарының, мемлекеттік санитарлық қадағалау мен балық запастарын қорғауды жүзеге асыру органдарының, халық депутаттары жергілікті Советтерінің және басқа да мүдделі органдардың келісімімен жүргізіледі.

118 - с т а т ь я. **Уақытша салынған гидротехникалық ғимараттардың көмегімен су бетінің ағысын реттеу**

Уақытша салынған гидротехникалық ғимараттардың көмегімен су бетінің ағысын реттеу сол өзен бассейнінің су қорларын комплексті түрде пайдаланумен байланыстыра отырып жүргізіледі, мұның өзінде суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен, мемлекеттік санитарлық қадағалауды және балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен халық депутаттарының жергілікті Советтерімен және басқа да мүдделі ұйымдармен міндетті түрде келіскен жағдайда ғана жүзеге асырылады.

## *XXII тарау*

## ҚАЗАҚ ССР-і МЕН БАСҚА ДА ОДАҚТАС РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ ТЕРРИТОРИЯЛАРЫНДА ОРНАЛАСҚАН СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ

### 119 - статья. **Республикааралық су объектілерінде су пайдалануды реттеу тәртібі**

Қазақ ССР-і мен басқа да одақтас республикалардың территориясында орналасқан су объектілерін осы республикалардың мүддесіне сәйкес пайдалануды реттеу, пайдаланылуын реттеу ССР Одағының компетенциясына жатқызылған су объектілерін қоспағанда, Қазақ ССР-і мен мүдделі республикалар органдарының келісімі бойынша жүзеге асырылады. Егер аталған органдар арасында келісімге қол жетпеген ретте мәселе ССР Одағының заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша шешіледі [1].

## *XXIII тарау*

## СУ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

### 120 - статья. **Су пайдалану туралы дауларды шешетін органдар**

Су пайдалану туралы дауларды Қазақ ССР Министрлер Советі, халық депутаттарының селолық, ауылдық, поселкелік, аудандық, қалалық, облыстық Советтерінің атқару комитеттері, сондай-ақ суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар мен осыған уәкілдік берілген басқа да мемлекеттік орғандар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша шешеді.

### 121 - статья. **Қазақ ССР-інің су пайдаланушылары мен басқа одақтас республикалардың су пайдаланушылары арасындағы су пайдалану туралы дауларды шешу**

Қазақ ССР-інің су пайдаланушылары мен басқа одақтас республикалардың су пайдаланушылары арасындағы су пайдалану туралы дауларды мүдделі одақтас республикалардың өкілдерінен тең праволы негізде құрылатын комиссия қарайды. Егер комиссия бір шешімге келмеген ретте жоғарыда көрсетілген мәселелер жөніндегі даулар СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша қарауға жатады.

### 122 - статья. **Облыстардың су пайдаланушылары арасындағы дауларды шешу**

Бір облыстың су пайдаланушылары мен басқа облыстың су пайдаланушылары арасындағы су пайдалану туралы дауларды мүдделі облыстардың өкілдерінен тең праволы негізде құрылған комиссия қарайды. Егер комиссия бір шешімге келмеген ретте жоғарыда көрсетілген мәселелер жөніндегі даулар Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша қарауға жатады.

### 123 - статья. **Суды пайдалану туралы басқа дауларды шешу**

Суды пайдалану туралы дауларды (осы Кодекстің 121 және 122-статьяларында көрсетілген даулардан басқа) мыналар шешеді:

---

[1] 119-статьяға 1980 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

дау дара пайдалануға берген су объектісі болып табылған ретте — осы су объектісін берген орган (осы Кодекстің 34-статьясы);

дау арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылатын су объектісі болған ретте — арнайы су пайдалануға рұқсат берген орган (осы Кодекстің 36—37-статьялары);

басқа барлық реттерде — территориясына даулы су объектісі немесе оның бөлігі орналасқан халық депутаттарының селолық, ауылдық, поселкелік, аудандық, қалалық Советтерінің атқару комитеттері шешеді.

124-статья. **Су пайдалану туралы дауларды қараудың тәртібі**

Су пайдалану туралы даулар мүдделі жақтардың арыздары бойынша қаралады. Арызда су пайдалану правосының бұзылғандығы туралы дәлелдейтін документтер қоса тіркеледі.

Су пайдалану туралы даулар мүдделі жақтардың қатысуымен қаралады, оларға даудың шешілетін мерзімі мен орны хабарланады. Су пайдалану туралы даудың қаралатын күні хабарланған жақтардың келмей қалуы дауды қарауға кедергі бола алмайды.

125-статья. **Су пайдалану туралы дауларды қараудың мерзімі**

Су пайдалану туралы даулар арыз түскен күннен бастап 10 күн мерзімнің ішінде, ал ерекше реттерде — бір ай мерзімнің ішінде қаралады.

126-статья. **Су пайдалану туралы дауға қатысушы жақтардың праволары мен міндеттері**

Су пайдалану туралы дауға қатысушы жақтардың дауды шешу жөніндегі материалдармен танысуға, олардан көшірмелер алуға, өзінің дәлелін немесе қарсылығын ауызша немесе жазба түрде беруге, қосымша тексеру және зерттеулер жүргізу туралы, дауды қарауды кейінге қалдыру туралы документтерді талап ету туралы және тағы басқалар туралы өтініш жасауға праволы.

127-статья. **Су пайдалану туралы даулар жөніндегі шешімдер**

Су пайдалану туралы дауды қараудың нәтижесі жөнінде дауды шешетін органдар шешім шығарады.

Қажетті реттерде шешімдерде оларды орындаудың тәртібі және су пайдаланушының бұзылған правосын қалпына келтіру үшін жүзеге асырылатын қажетті шаралар көрсетілуі мүмкін.

128-статья. **Су пайдалану туралы даулар жөніндегі шешімдерге шағым беру тәртібі**

Су пайдалану туралы дауларды қарайтын органдардың шешіміне тиісті жоғары органдарға шешім шығарылған кезден бастап 5 күннің ішінде шағым берілуі мүмкін.

Су пайдалану туралы даулар жөніндегі шешімге берілген шағым 5 күн мерзімнің ішінде қаралады.

Дау жөніндегі шешімге берілген шағым оның орындалуын тоқтатпайды. Су пайдалану туралы даулар жөніндегі шағымды қараушы орган ғана шағым қаралғанға дейін шешімнің орындалуын тоқтата тұруға правосы бар.

129-статья. **Су қатынастарына байланысты мүлік дауларын шешу**

Су қатынастарына байланысты мүлік даулары ССР Одағының және Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

## *XXIV тарау*
## СССР-дің ШЕКАРАЛЫҚ СУЛАРЫНДА СУ ПАЙДАЛАНУ

130 - статья. **СССР-дің шекаралық суларында су пайдалану тәртібі**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдары Негіздеріне сәйкес СССР-дің шекара суларында су пайдалану халықаралық шарттар неғізінде жүзеге асырылады.

Шекара суларының советтік бөлігінде су пайдалану СССР қатысатын халықаралық шарттармен реттелмеген жағдайда, ол ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жүзеге асырылады [1].

СССР-дің шекаралық суларында су пайдалану тәртібін бұған уәкілдігі бар органдар шекаралық әскерлердің командованиесімен келісе отырып белгілейді.

## *Үшінші бөлім*
## СУДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СУДЫҢ ЗИЯНДЫ ӘСЕРІНЕН САҚТАНДЫРУ

## *XXV тарау*
## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

131 - статья. **Су қорғау міндеттері**

Барлық сулар (су объектілері) ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғауға жатады, бұлар халықтың денсаулығына зиян келтіруі, сондай-ақ балық запастарын азайтуы, сумен жабдықтаудың жағдайын нашарлатуы және судың физикалық, химиялық, биологиялық қасиеттеріи өзгертетін басқа қолайсыз құбылысқа әкеп соқтыруы, олардың табиғи тазалану қабілетінің кемуі, судың гидрологиялық және гидрогеологиялық режимінің бұзылуы мүмкін. Осы мақсатта ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес су қорғау аймақтары (белдіктері) белгіленуі мүмкін [1].

132 - статья. **Су қорғауды, сондай-ақ судың жайы мен режимін жақсартуды қамтамасыз ететін шараларды жүргізу**

Өздерінің қызметі судың жайына әсер ететін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен, халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен, мемлекеттік санитарлық қадағалауды, балық запастарын қорғауды жүзеге асыратын органдармен және басқа мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып немесе бұған уәкілдігі бар мемлекеттік органдардың жарлықтары бойынша суды ластанудан, былганудан, және сарқылудан қорғауды, сондай-ақ судың жайы мен режимін жақсартуды қамтамасыз ететін технологнялық, орман-мелиорациялық, агротехннкалық, гидротехникалық, санитарлық, тағы басқа шараларды жүргізуге міндетті.

---

[1] 130-статьяның бірінші және екінші бөліктеріне, 131-статьяға 1980 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

133 - статья. **Су қорғауды, сондай-ақ судың жайы мен режимін жақсартуды қамтамасыз ететін шаралардың түрлері**

Суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғауды, сондай-ақ судың жайы мен режимін жақсартуды қамтамасыз ететін шаралар мыналар:

а) өнеркәсіпті сумен жабдықтайтын су айналымы жүйелері құрылысын салуға, кірлі суды тазалайтын және залалсыздандыратын ғимараттарды салуға; халық шаруашылығының пайдалануынан қалған кірлі суды пайдаға асыруға; кірлі суды тазалау және залалсыздандыру жөніндегі ғимараттың тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісі объектілерінің технологиялық процестерін ұйымдастыруға; лас, кірлі судың жиналуына жол бермейтін технологиялық процестерді ұйымдастыруға бағытталған технологиялық шаралар;

б) су объектілерінің жағалауларын бекіту, оны құлаудан, батпақтанудан қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ су объектілерінің табиғи ағысының режимін қалыпқа келтіріп, жақсартатын орман-мелиорациялық және агротехникалық шаралар;

в) су пайдаланудың жағдайын жақсартуды, сондай-ақ қажетті реттерде өзендер мен каналдардың арналарын, тоспалардың, көлдер мен бөгеидердің түбін зиянды үйінділер мен шөгінділерден тазартуды қамтамасыз ететін гидротехникалық жүйелер мен ғимараттарды салуға бағытталған гидротехникалық шаралар;

ғ) су объектісіне кірлі су ағызып әкелетін қалдықтарды залалсыздандыруды және зиянсыздандыруды, сондай-ақ шаруашылық қызметке арналған территорняны санитарлық жағынан қорғауын және орналасуын қамтамасыз ететін санитарлық-техникалық шаралар.

134 - статья. **Суды қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау**

Суды қорғау жөніндегі шаралар экономикалық және әлеуметтік дамытудың мемлекеттік жоспарларында қаралады.

## *XXVI тарау*

## СУДЫ ЛАСТАНУДАН ЖӘНЕ БЫЛҒАНУДАН ҚОРҒАУ

135 - статья. **Судың ластануы және былғануы**

Зиянды заттардың қосылуы салдарынан пайда болған судың физикалық, химиялық немесе биологиялық сипатының өзгеруі судың ластануы деп танылады, осының салдарынан су коммуналдық, өнеркәсіптік ауыл шаруашылық, балық шаруашылық және басқа мақсаттарға дұрыс пайдалану үшін жарамсыз болып қалады.

Судың ластануы белгіленген тәртіп бойынша суды тексеру жолымен анықталады.

Өндірістік және тұрмыстық қатты қалдықтар мен қоқыстардың суға тасталуы судың былғануы деп танылады, осының салдарынан су объектісінің гидрологиялық жайы нашарлайды және суды пайдалануға кедергі келеді.

Судың былғануы суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар құратын комиссияның тексеруі арқылы белгіленеді.

136 - статья. **Су объектілеріне қалдықтар мен қоқыстарды тастауға тыйым салу**

Су объектілеріне өндіріс, тұрмыс қалдықтары мен қоқыстарын және басқа қалдықтар мен қоқыстарды тастауға тыйым салынады. Кірлі суды ағызуға осы Кодекстің 106—110-статьяларында көрсетілген талаптарды сақтағанда ғана жол беріледі.

137 - статья. **Суды майдың, ағаштың және басқа да өнеркәсіп өнімдерінің ысырабымен ластанудан және былғанудан қорғау**

Су объектілерінде су транспорты құралдарының, труба құбырларының, жүзбелі және басқа ғимараттардың иелері, ағаш ағызатын ұйымдар, сондай-ақ басқа кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер майдың, ағаштың, химиялық, мұнай және тағы басқа өнімдердің ысырабы салдарынан болатын судың ластануына және былғануына жол бермеуге міндетті.

138 - статья. **Әуіттердің бетін, су қоймалары мен мұздықтардың мұз қабыршықтарын қорғау**

Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер әуіттердің беттерін, су қоймалары мен мұздықтардың жоғарғы қабаттарының мұз қабыршықтарын өндіріс, тұрмыс қалдықтарынан және басқа қоқыстар мен тастандылардан, сондай-ақ мұнай және химия өнімдерімен ластанудан қорғауға міндетті, өйткені олардың шайылып кетуі жер бетіндегі және жер астындағы судың сапасын нашарлатуға әкеліп соқтырады.

139 - статья. **Суды тыңайтқыштармен және улы химикаттармен ластауға жол бермеу**

Мемлекеттік су шаруашылығы жүйелерінің басқармалары, колхоздар, совхоздар және басқа кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер тыңайтқышпен және улы химикатпен суды ластауға жол бермеуге міндетті.

140 - статья. **Санитарлық су қорғау округтары мен аймақтары**

Халықты ауыз сумен және тұрмыстық сумен жабдықтау, оның қажеттерін шипалы сумен, курорт және сауықтыру суымен өтеу үшін пайдаланылатын суды қорғау мақсатымен ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес санитарлық су қорғау округтары мен аймақтары белгіленеді.

## *XXVII тарау*

## СУДЫ САРҚЫЛУДАН ҚОРҒАУ

141 - статья. **Су оъектілерінің сарқылуын анықтау тәртібі**

Су объектілерінің сарқылуын суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар өлшеу және есеп жүргізу арқылы белгілейді.

142 - статья. **Су объектілерінің режимін сақтау шаралары**

Өзендердің, көлдердің, бөгендердің, жер асты суларының және басқа су объектілерінің бір қалыпты су режимін сақтау мақсатымен, топырақтың су эрозиясын, қоймалардың қайырлануын, су хайуанаттарының тіршілік жағдайының нашарлауын болғызбау үшін, су ағысының құбылмалылығын азайту, тағысын-тағылар үшін орман су қорғау аймақтары белгіленеді, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көрсетілетін тәртіппен орман-мелиорациялық, эрозияға қарсы, гидротехникалық және басқа шаралар жүргізіледі.

143 - с т а т ь я. **Суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдардың су объектілерінің сарқылуын болғызбау жөніндегі міндеттері**

Судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді орналастыру және салу мәселелерін келіскен кезде, сондай-ақ арнайы су пайдалануға рұқсат берген кезде, суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдар суды комплексті пайдалану және қорғау схемаларын, су пайдаланушылар мен жер пайдаланушылардың мүддесін ескеретін су шаруашылығы баланстарын басшылыққа алып отыруға міндетті.

144 - с т а т ь я. **Жер асты суларын сарқылудан қорғау шаралары**

Егер газ, мұнай, көмір кендерін және басқа пайдалы қазбаларды іздеуге, барлауға және пайдалануға байланысты бұрғылау және басқа кен жұмыстарын жүргізген кезде жер астындағы су қабаттары ашылса, кен жұмыстарын жүргізуші ұйымдар суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдарға бұл туралы дереу хабарлап, белгіленген тәртіп бойынша жер астындағы суды қорғау үшін шара қолдануға міндетті.

Өздігінен ағатын және барлау скважиналары, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдалануы тоқтатылған скважиналар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша реттеуші құрылғылармен жабдықталуға, тоқтата тұруға немесе жойылуға тиіс[1].

## *XXVIII тарау*

## СУДЫҢ ЗИЯНДЫ ӘСЕРІН БОЛҒЫЗБАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖОЮ

145 - с т а т ь я. **Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің судың зиянды әсерін болғызбау және жою шаралары жөніндегі міндеттері**

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдармен, халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерімен және басқа мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып немесе бұған уәкілдігі бар мемлекеттік органдардың жарлығы бойынша судың зиянды әсерін болғызбау және жою жөнінде мынадай шараларды жүргізуге міндетті:

су тасқынын, су басып қалуын және су астында қалуын;

жағалаулардың, қорғаушы бөгеттердің және басқа ғимараттардың қирауын;

жердің батпақтануын және сортаңдануын;

топырақ эрозиясын, жыраның, шөгіннің, сел тасқынының және басқа да зиянды құбылыстардың пайда болуын болғызбау және оны жою шараларын жүргізуге.

146 - с т а т ь я. **Судың зиянды әсері туғызатын табиғи апаттарды болғызбау және оларды жою жөніндегі шұғыл шараларды жүзеге асыру**

Судың зиянды әсері туғызатын табиғи апаттарды болғызбау және оларды жою жөніндегі шұғыл шараларды жүзеге асыру ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен реттеледі.

---

[1] 144-статьяның екінші бөлігіне 1980 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

Судың зиянды әсері туғызатын табиғи апаттарды болғызбау және оларды жою жөніндегі шұғыл жұмыстарға басшылық жасау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі және халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері арнаулы комиссия құрады, олардың құрамына тиісті кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өкілдері кіреді.

147 - статья. **Судың зиянды әсерін болғызбау және оны жою жөніндегі шараларды жоспарлау**

Судың зиянды әсерін болғызбау және оны жою жөніндегі шаралар экономикалық және әлеуметтік дамытудың мемлекеттік жоспарларында көзделеді.

Бұл шараларды жүзеге асыру үшін қажетті ақша және материалдық-техникалық құралдарды тиісті министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар, сондай-ақ мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдар белгіленген тәртіп бойынша жоспарлайды.

148 - статья. **Су қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырушы су пайдаланушыларды көтермелеу**

Суды ластанудан, былғанудан, сарқылудан қорғау және оның зиянды әсерін болғызбау жөніндегі шараларды жүзеге асыратын су пайдаланушыларға Қазақ ССР-інің заңында көтермелеу шаралары белгіленуі мүмкін.

## *Төртінші бөлім*

## СУ ПАЙДАЛАНУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

### *XXIX тарау*

### СУ ПАЙДАЛАНУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

149 - статья. **Суды мемлекеттік есепке алудың және оны пайдаланудың міндеттері**

Суды және оны пайдалануды мемлекеттік есепке алу судың мөлшері мен сапасын, халықтың және халық шаруашылығының қажеттері үшін суды пайдалану туралы деректерді анықтау міндетін көздейді.

150 - статья. **Су пайдалануды жоспарлау**

Су пайдалануды жоспарлау ең алдымен халықтың ауыз су және тұрмыс қажеттерін қанағаттандыруды есепке ала отырып, су пайдаланушылардың арасында суды ғылыми негізде бөлуді және су қорғауды және судың зиянды әсерін болғызбауды қамтамасыз етіп отыруға тиіс. Су пайдалануды жоспарлаған кезде мемлекеттік су кадастрының деректері, су шаруашылығы баланстары, суды комплексті пайдалану және қорғау схемалары еске алынады.

151 - статья. **Мемлекеттік су кадастры**

Мемлекеттік су кадастрына суды сан және сапа көрсеткіштері бойынша есепке алудың, су пайдалануды тіркеудің деректері, сондай-ақ суды пайдалану есебінің деректері кіреді.

152 - статья. **Су шаруашылық баланстары**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес қанша су барын және судың пайдалану дәрежесін баға-

лайтын су шаруашылық баланстары бассейндер, экономикалық аудандар, одақтас республикалар және ССР Одағы бойынша жасалады.

153 - статья. **Суды комплексті пайдалану және қорғау схемалары**

Суды комплексті пайдалану мен қорғаудың негізгі және бассейндік (территориялық) схемалары халықтың және халық шаруашылығының су жөніндегі болашақ қажеттерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ суды қорғау және судың зиянды әсерін болғызбау үшін жүзеге асырылуға тиісті негізгі су шаруашылық шаралары мен басқа да шараларды белгілейді.

154 - статья. **Суды және су пайдалануды мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік су кадастрын жүргізу, су шаруашылық баланстарын жасау, суды комплексті пайдалану және су қорғау схемаларын әзірлеу тәртібі**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздеріне сәйкес суды және су пайдалануды мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік су кадастрын жүргізу, су шаруашылық баланстарын жасау, суды комплексті пайдалану және су қорғау схемаларын әзірлеу мемлекеттің есебінен және ССР Одағы үшін бірыңғай жүйелер бойынша жүзеге асырылады.

Суды және су пайдалануды мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік су кадастрын жүргізу, су шаруашылық баланстарын жасау, суды комплексті пайдалану және су қорғау схемаларын әзірлеп, бекіту тәртібін СССР Министрлер Советі белгілейді.

## *Бесінші бөлім*

## СУ ЗАҢДАРЫН БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

### *XXX тарау*

### СУ ЗАҢДАРЫН БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН НЕГІЗДЕРІ

155 - статья. **Мемлекеттік су меншік правосын бұзатын келісімнің заңды еместігі**

Суды пайдалану правосын басқаға беру және мемлекеттік су меншік правосын ашық немесе жасырын түрде бұзатын басқа да келісімдер жасау заңды емес деп танылады.

156 - статья. **Мемлекеттік су меншік правосын бұзатын заңды емес келісімнің зардабы**

Мемлекеттік су меншік правосын бұзатын келісімді заңды емес деп тану, халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің немесе суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдардың талап етуі бойынша су объектісін пайдалануды тоқтатуға әкеліп соқтырады.

157 - статья. **Су заңдарын бұзғандық үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық**

Осы Кодекстің 155-статьясында көрсетілген келісімдерді жасаған айыпты адамдар, сондай-ақ:

су объектілерін өз бетімен немденген немесе суды өз бетімен пайдаланған;

суды пайдалану жоспарын бұзу жолымен су алған;

суды ластаған және былғаған;

кәсіпорындарды, коммуналдық және басқа да объектілерді судың ластануын және былғануын немесе оның зиянды әсерін болғызбайтын ғимараттар мен қондырғыларсыз пайдалануға берген;

суды (су объектілерінен шығарып алынған немесе бөлінген) ұқыпсыз пайдаланған;

әуіттерде судың ластануын, топырақтың су эрознясын басқа да зиянды құбылыстарды туғызатын су қорғау режимін бұзған;

гидротехникалық жұмыстарды өз бетімен жүргізген;

су шаруашылық ғимараттары мен қондырғыларын бүлдірген;

су шаруашылық ғимараттары мен қондырғыларын пайдалану ережесін бұзған;

судың жайына әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа да объектілерді өз бетімен салған;

суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ судың жайы мен режимін жақсартатын гидротехникалық, технологиялық, орман-мелиорациялық, санитарлық және басқа да шараларды жүргізбеген айыпты адамдар,

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартылады.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында су заңдарын бұзудың басқа түрлері үшін де жауаптылық белгіленуі мүмкін[1].

### 158-статья. Өз бетімен иемденген су объектілерін қайтару

Өз бетімен иемденген су объектілері заңсыз пайдаланылған уақытта заңсыз пайдаланушының жұмсаған шығыны өтелместен өз нелеріне қайтарылып беріледі.

Өз бетімен иемденген су объектілерін қайтару халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің немесе суды пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі органдардың шешімі бойынша жүргізіледі.

### 159-статья. Қоғамдық ықпал жасау шараларын қолдану

Суды тиімді пайдалану және қорғау немесе су пайдаланушының заңмен қорғалатын правосын бұзған айыпты адамға белгіленген тәртіппен қоғамдық ықпал жасау шарасы қолданылуы мүмкін.

### 160-статья. Су заңдарын бұзу жолымен келтірген шығындарды өтеу

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және азаматтар су заңдарын бұзу жолымен келтірген шығындарды ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленетін мөлшерде және тәртіппен өтеуге міндетті.

### 161-статья. Қызмет адамының және басқа қызметкерлердің кінәсынан болған шығынға материалдық жауаптылық

Қызмет адамдарының және басқа қызметкерлердің кінәсынан су заңдарын бұзу жолымен келтірілген шығындарды өтеумен байланысты кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер шығын шығарған ретте қызмет адамдары мен басқа қызметкерлер белгіленген тәртіп бойынша материалдық жауапқа тартылады.

---

[1] 157-статьяның екінші бөлігіне 1980 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 24).

*Алтыншы бөлім*

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР**

162-статья. **Халықаралық шарттар**

Егер СССР-дің халықаралық шартында совет су заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Егер Қазақ ССР-інің халықаралық шартында Қазақ ССР-інің су заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, Қазақ ССР-інің су заңдары жөнінде де осындай тәртіп қолданылады.

## ҚАЗАҚ ССР-інің СУ КОДЕКСІН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ**
**1973 жылғы 9 марттағы**
**УКАЗЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1973 ж., № 11)**

«Қазақ ССР-інің Су кодексін бекіту туралы» Қазақ ССР-інің 1972 жылғы 27 декабрьдегі Заңына[2] (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1973 ж. № 1) сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР заңдарын Қазақ ССР-інің Су кодексіне сәйкес келтірілгенге дейін Қазақ ССР-інің су заңдарының қолданылып жүрген актілері, олар Кодекске қайшы келмейтіндіктен бұдан былай да қолданыла береді.

2. Қазақ ССР-інің Су кодексі Кодекс күшіне енгізілгеннен кейін туған су правосы қатынастарына, яғни 1973 жылдың 1 апрелінен бастап қолданылады.

Қазақ ССР-інің Су кодексі күшіне енгізілгенге дейін туған су право қатынастарында осы право қатынастарына қатысушылардың праволары мен міндеттерін жүзеге асыру 1973 жылғы 1 апрельден бастап Кодекске сәйкес реттеледі.

Су право қатынастарынан туатын праволар мен міндеттерді жүзеге асыруда Кодекстің жеке нормаларын қолдану ерекшеліктері осы Указдың 3-5-статьяларымен белгіленеді.

3. Қазақ ССР-інің Су кодексіндегі ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдары Негіздерінде белгіленген ережелер Негіздер күшіне енгізілген күннен бастап, яғни 1971 жылғы 1 сентябрьден бастап, СССР Жоғарғы Советі Президиумының «ССР Одағы мен одақтас республикалардың су заңдарының Негіздерін күшіне енгізу тәртібі туралы» 1971 жылғы 12 августағы Указына (СССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1971 жыл, № 33, 333-статья) сәйкес қолданылады.

4. Қазақ ССР-інің Су кодексі күшіне енгізілген кезге дейін су объектілерін (толық немесе ішінара) дара пайдалануға беру туралы компетенциялы органдар шешім қабылдамаған өтініштер Кодексте көрсетілген тәртіппен және шарттар сақтала отырып, Кодекстің 34-статьясында көрсетілген органдар арқылы шешіледі.

Су объектілерін дара пайдалануға беру туралы тиісті органдар өздерінің компетенциясы шеңберінде 1973 жылғы 1 апрельге дейін қабылдаған, бірақ Қазақ ССР-інің Су кодексі күшіне енгізілгенге дейін орын-

---

[1] 6-статья Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 203-бетті қараңыз.

далмаған шешімдер Кодекстің талаптарына сәйкес орындалуға жатады.

5. Қазақ ССР-інің Су кодексінің күшіне енгізілуіне байланысты су объектілерін пайдалануға беру жөніндегі компетенциясы өзгеретін органдар 1973 жылдың 1 апреліне дейін су объектілерін пайдалануға берген реттерде, су объектілерін пайдалану правосын тоқтату Кодекстің 51-55 және 103-статьяларына сәйкес осы объектілерді пайдалануға беру және қайтарып алу правосы бар органдар арқылы Кодекске сәйкес жүргізіледі.

## ҚАЗАҚ ССР МЕЛИОРАЦИЯ ЖӘНЕ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1971 жылғы 10 декабрьдегі № 684**
**ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 1, 1-ст.)**

Қазақ ССР Миннстрлер Советі к а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 жылғы 10 декабрьдегі № 684 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР МЕЛИОРАЦИЯ ЖӘНЕ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі одақтық-республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Мелиорация және су шаруашылығы миннстрлігіне бағынады[1].

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі республикада жерді мелиорациялауға, мемлекеттік шаруашылық аралық суару, құрғату және суландыру жүйесі мен мемлекеттік мелиорация ғимараттарын пайдалануға басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ суларды пайдалануды реттейді және суларды ластанудан, бітеліп қалу мен сарқылудан қорғауды ұйымдастырады.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі республикада жерді мелиорациялаудың жайы мен оны одан әрі дамытуға, осы саладағы ғылыми-техникалық прогреске, мелиоративтік құрылыстың және мелиорация жүйелері мен ғимараттарын пайдаланудың техникалық дәрежесіне, орындалатын жұмыстардың сапасына, халық шаруашылығында суларды пайдалануды ұтымды ұйымдастыруға және оларды ластанудан, бітеліп қалу мен сарқылудан қорғауға жауап береді.

---

[1] 1-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 14 майдағы № 219 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 13, 55-ст.).

2. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің басты міндеттері мыналар:

астықтан және басқа ауыл шаруашылық өнімінен ауа райының әсеріне қарамастан мол түсім алу үшін республикада неғұрлым жақсы жағдай жасау мақсатымен ғылыми-техникалық прогресс негізінде жерді мелиорацнялауды барынша дамытуды және мемлекеттік шаруашылық аралық мелиорация жүйелерін пайдалануды жетілдіруді, орындалатын жұмыстардың қарқыны мен сапасының жоғары болуын және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, мелиоративтік және басқа жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету; олардың тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

республика территориясындағы суларды (пайдалануын реттеп отыруды ССР Одағының органдары жүзеге асыратын су объектілерінен басқасын) пайдалануды және қорғауды реттеу;

суларды пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылауды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыру;

су қоймаларының тиісті техникалық жағдайда болуын және жақсы жабдықталуын қамтамасыз ететін шараларды жасап, үйлестіру;

республиканың су ресурстарын ұтымды пайдалануды, оларды ластанудан, бітеліп қалудан және сарқылудан қорғауды жетілдіруді қамтамасыз ету;

осы салада бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін, озат тәжірибені өндіріске енгізу, мелиоративтік және басқа да жұмыстардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру; құрылыстың құнын арзандату және мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

Министрлік жүйесінде еңбек пен басқару ісін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды енгізу, өз қарамағындағы кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдай жасау, өздерін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, олардың еңбек етуіне хауіпсіз жағдай жасау.

3. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі өз қарамағындағы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға басшылық жасауды тікелей немесе белгіленген тәртіп бойынша құрылған органдар арқылы жүзеге асырады.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі және оның қарамағындағы бас басқармалар мен облыстық атқару комитеттерінің мелиорация және су шаруашылығы басқармалары, трестер, комбинаттар, заводтар, жобалау институттары, техникумдар, басқа да кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің жүйесін құрады.

4. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жерді мелиорациялау мен су шаруашылығы саласында жетекші орган бола

отырып, басқа министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары орындайтын республикадағы мелиоративтік және су шаруашылығы жұмыстарын жоспарлауға қатысады және солармен бірлесе отырып, олар атқаратын мелиоративтік және су шаруашылығы жұмыстарының техникалық дәрежесін жетілдіру жөнінде шаралар әзірлейді.

5. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумының және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары мен директивалық нұсқауларын, осы Ережені және басқа нормативтік актілерді басшылыққа алады, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда қазіргі күші бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі министрліктің компетенциясына жататын мәселелерге байланысты заңдардың қолданылу практикасын қорытады, бұл заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оларды белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің қарауына енгізеді.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі:

Қазақ ССР Ауыл шаруашылыгы министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттер және ведомстволармен бірлесе отырып, республикада жерді мелиорациялау мен су шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары туралы ұсыныстарды, сондай-ақ жерді мелиорациялаудың жылдық және перспективалық жоспарларының жобаларын әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне табыс етеді;

Қазақ ССР экономнкалық және әлеуметтік дамудың жылдық және перспективалық мемлекеттік жоспарларының жобаларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің әзірлеуіне қатысады;

өз қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ұсыныстары негізінде Қазақ ССР-інің жерді мелиорациялау мен су шаруашылығын дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларының тапсырмаларына анықтаулар әзірлеп, оларды Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен СССР Мелиорация және су шаруашылыгы министрлігіне табыс етеді;

министрлік жүйесіндегі барлық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың белгіленген жоспарларды орындауын қамтамасыз етеді;

пайдалану, өндіріс, күрделі құрылыс және басқа көрсеткіштер жөніндегі тапсырмаларды өз қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бойынша Министрлікке тағайыидалған жоспарлы тапсырмалар шегінде белгіленген тәртіппен, қажет болған ретте өзгертеді;

жаңа жерлерді суару және құргату, жайылымдарды суландыру, жұмыс істеп тұрған суару, құрғату және суландыру жүйелері мен ғимараттарын, белгіленген тәртіп бойынша ауыл шаруашылығында сумен жабдықтау объектілерін ұлғайту мен қайта құру жөніндегі жобалау және құрылыс жұмыстарын, сондай-ақ суарылатын жерлерді ауыл шаруашылығы үшін игеруге керекті объектілерді жобалауды жүзеге асырады; эрозияға қарсы, тасқынға қарсы және жағалауларды бекіту жөніндегі жұмыстар мен ауыл шаруашылығының қажеттері үшін жерді

түбегейлі жақсарту жөніндегі жұмыстарды экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарында белгіленетін көлемде жүргізеді;

мемлекеттік шаруашылық аралық суару, құрғату және суландыру жүйелерін, каналдар мен коллекторларды пайдалануды жүзеге асырады;

шаруашылық ішіндегі суару, құрғату және суландыру жүйелерін, каналдар мен коллекторларды пайдалануда ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарына техннкалық көмек көрсетеді, суларды үнемдеп және дұрыс жұмсауға бақылауды жүзеге асырады;

колхоздармен және совхоздармен жасасқан шарттар бойынша шаруашылық ішіндегі суару, құрғату және суландыру жүйесін жөндеу мен механикаландырылған түрде тазарту жөніндегі жұмыстарды және басқа мелиоративтік жұмыстарды жүргізеді;

суару, құрғату және суландыру жүйелері мен ғимараттарын паспорттандыру ісін жүргізеді, мелиоративтік кадастр жүргізуді қамтамасыз етеді, оның деректері мен паспорттандырудың қорытындысына талдау жасайды және оларды мелиоративтік және су шаруашылық шараларын әзірлеп, жүзеге асырған кезде ескеріп отырады;

гидромелнораитивтік құрылыстағы және нрригациялық жүйелерді басқарудағы өндіріс процестерін комплексті механикаландыруды, автоматтандыру мен телемеханикаландыруды жүзеге асырады;

мемлекеттік суару жүйелерін, каналдар мен коллекторларды пайдалануды жақсартуды, суды үнемдеп әрі дұрыс пайдалануды, каналдардан сүзгенде оның ысырап болуын азайтуды қамтамасыз етеді, суару жүйелерінің пайдалану басқармаларын техникамен жарақтандырады және оларды маман кадрлармен нығайтады;

шаруашылықтардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан барлық суарылатын, құрғатылған және суландырылған жердің тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жүйесіндегі ұйымдар жүргізетін қолда бар суарылатын жерлердің жыл сайынғы есебін алуға және СССР Орталық статистика басқармасының ұйымдары жүргізетін бұл жерлерді пайдаланудың жыл сайынғы есебін алуға қатысады, есептің қорытындыларына талдау жасайды және мелиоративтендірілетін жерлерді пайдалануды жақсарту жөнінде республиканың Министрлер Советі мен СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне ұсыныстар енгізеді;

колхоздармен және совхоздармен жасасқан шарттар бойынша жерді суару, құрғату мен суландыру жөніндегі, сондай-ақ шаруашылықтардың қаржылары мен банк кредиттерінің есебінен жүзеге асырылатын басқа да мелиоративтік шаралар жөніндегі жобалау-іздестіру және құрылыс жұмыстарын өз қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың күшімен орындауды ұйымдастырады;

Қазақ ССР-інің су шаруашылығын өркендетудің, суларды қорғау мен ұтымды пайдаланудың перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын, суларды комплексті пайдалану мен қорғау схемаларын және ішкі республикалық маңызы бар су шаруашылық баланстарының жобаларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлейді; бөгендерді, каскадтарды, бөгендер жүйелерін пайдалану ережелерін бекітеді, сондай-ақ олардың тиісті техннкалық жайы мен көркейтілуін қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастырып, ұйлестіреді; шағын өзендердің суларын қорғау схемаларын әзірлеуді және оларды Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне табыс етуді қамтамасыз етеді;

Суларды пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады[1].

СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі бекітетін, СССР Мемлекеттік құрылыс комитетімен келісілген мелиоративтік объектілерді жобалаудың және салудың ережелері мен нормаларының дұрыс қолданылуына бақылауды жүзеге асырады;

су ресурстарын пайдалануға, оларды қорғауға және сулардың зиянды әсерімен күресуге байланысты кәсіпорындарды жаңадан салу және олардың қазіргі жұмыс істеп тұрғандарын қайта құру жобалары бойынша міндетті күші бар қорытындылар береді;

құрылыс индустриясы базаларын дамытуды қамтамасыз етеді және мелиоративтік құрылыс үшін құрылыс материалдарын өндіруді ұйымдастырады, құрылысты индустриализациялау және мелиоративтік жұмыстардың технологиясы мен ұйымдастырылуын жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

Министрліктің қызметі аймақтарында құрылыс салуды жүзеге асырушы Қазақ ССР-інің мүдделі министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының ұсыныстарын ескере отырып, министрлік жүйесіндегі құрылыс кәсіпорындары мен ұйымдарын дамытудың және орналастырудың схемаларын әзірлейді;

құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларды технологиялық және басқа арнаулы транспортпен тасымалдауды ұйымдастырады;

Министрлік жүйесіндегі жобалау ұйымдарының мүдделі министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың ұсыныстарын ескере отырып жасалатын жобалау-іздестіру жұмыстарының жылдық жоспарларын бекітеді;

Министрлік жүйесінде күрделі құрылыстарды жүзеге асырады, күрделі қаржыны тиімді пайдалануды, жаңа құрылыстың объектілерін ұтымды орналастыруды, пайдалануға берілетін құрылыстарға күрделі қаржыларды бірінші кезекте бағыттауды және аяқталмаған құрылысты азайтуды қамтамасыз етеді;

Министрлік үшін белгіленген лимиттерге сәйкес құрылыстардың титулдық тізімдерін, сондай-ақ келесі жылдардың құрылысы үшін жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін жасап, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

қажетті жобалау-смета документациясының дер кезінде әзірленіп, бекітілуін және құрылыстарға берілуін қамтамасыз етеді;

жобалау және смета документациясының сапасына, құрылыстың бекітілген сметалық құнының сақталуына бақылауды, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарының және салынып жатқан құрылыстарға жеткізілетін жабдықтың сапасына техникалық бақылауды жүзеге асырады, құрылысқа белгіленген тәртіп бойынша авторлық бақылауды ұйымдастырады;

су шаруашылығы құрылысы, суару, құрғату, суландыру, су ресурстарын қорғау және комплексті пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады;

суармалы жер, су шаруашылығы мен гидромелиоративтік құрылыс саласында өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамытуға басшылық жасайды;

су шаруашылық объектілерін салуға және жерді суару, құрғату мен

---

[1] 6-пункттің он жетінші және он сегізінші абзацтарына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 14 майдағы № 219 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 13, 55-ст.)

суландыру объектілерін комплексті түрде салуға жобалау-смета документациясын белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

облысаралық маңызы бар су көздерінің су ресурстарын бөледі; егер паритетті комиссия келісілген шешімге келмесе, түрлі облыстардың пайдаланушылары арасындағы дау-шарларды қарайды[1];

Қазақ республикалық гидрометеорология және табиғи ортаны бақылау жөніндегі басқармасымен және Қазақ ССР Геология министрлігімен бірлесе отырып, су ресурстарын есепке алудың біртұтас жүйесін ұйымдастырады;

Қазақ ССР Орталық статистика басқармасымен бірлесе отырып, суды тұтыну мен суды бөліп берудің есебін алудың біртұтас жүйесін ұйымдастырады және есеп алудың дұрыстығына бақылауды қамтамасыз етеді;

су ресурстарын пайдаланудың және қорғаудың бас, регионалдық және бассейндік схемаларының жасалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

өзен бассейндері, экономикалық және өндірістік аудандар мен облыстар үшін қысқа мерзімді және перспективалық су шаруашылық баланстарының жасалуын қамтамасыз етеді;

басқа министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына су ресурстарын пайдалануға және оларды пайдалану режимін өзгертуге, ағын суларды су қоймаларына немесе басқа орындарға ағызуға, сондай-ақ ағын сулардың мөлшерін көбейтуге және сапасын өзгертуге рұқсат береді;

салааралық су шаруашылық объектілерін салудың жылдық және перспективалық жоспарларын жасау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және олар бойынша заказшының функциясын атқарады;

құрылыста, өнеркәсіпте және пайдалануда ішкі резервтерді жұмылдыру жөніндегі шараларды әзірлеп, олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

өндірістік қуаттар мен негізгі қорлардың дер кезінде іске қосылуын қамтамасыз етеді;

салынып біткен кәсіпорындарды, үйлерді, гидротехникалық және өзге де су шаруашылық ғимараттары мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау үшін өз компетенциясы шегінде мемлекеттік комиссияларды тағайындайды, оларды қабылдау туралы актілерді бекітеді және жиақ смета-финанс есептерін жабу туралы шешімдер қабылдайды;

жобалау тапсырмаларын жасауды және белгіленген тәртіп бойынша бекітуді қамтамасыз етеді;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың материалдық ресурстарға деген қажетін анықтайды, оларға иелік жасайды, осы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың материалдық-техникалық жағынан жабдықталуына жауап береді;

отын, машиналар, жабдық, құрылыс материалдары мен басқа да материалдық ресурстар қорларының өткізілуіне, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өнімді жеткізіп беру жөніинде шарттарды кезінде жасауына және шарттық міндеттемелердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

өз қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың

---

[1] 6-пункттің отыз үшінші абзацына — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 ж. 19 майдағы № 198 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 12, 45-ст.).

Қазақ ССР Су кодексінің 122-статьясын (231-бет), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 ж. 3 майдағы № 240 қаулысының 2-пунктінің «б» тармақшасын (17-бет) қараңыз.

материалдық ресурстарды дұрыс сақтауын және пайдалануын қамтамасыз етеді, басы артық және пайдаланылмайтын матерналдарды, жабдықты, машинналар мен басқа да бағалы заттарды өткізуге шаралар алады;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарда шаруашылық есепті нығайту, рентабельділікті арттыру және қор жиналуды барынша көбейту, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредиттерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды жүргізеді;

өз қарамағындағы кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың финанс қызметіне басшылық етеді және финанс ресурстарының пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;

өз қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларының сақталуын жұмысшылармен, қызметшілермен, бюджетпен, өнім жеткізушілермен, мердігерлермен, банкілермен дер кезінде есеп айырысып отыруды, сондай-ақ кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуді қаржыландыруға және Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген басқа да мақсаттарға арналған меншікті қаржыларды аударып отыруын қамтамасыз етеді;

жаңа техниканы жасағаны, енгізгені, игергені үшін сыйлық беру қорларын және орталықтандырылған басқа да қорларды, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдарға финанс көмегін көрсету үшін резервті белгіленген тәртіп бойынша құрады және оларға тиісті счеттер ашады;

банк мекемелерімен бірлесе отырып, есеп айырысудың неғұрлым үнемді және прогрестік формаларын енгізуді ұйымдастырады, өз қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өз ара қарыздарын есептеуді ұйымдастыру мен жүргізуге қатысады;

Министрлік жүйесінде бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады және ведомстволық бақылау туралы қолданылып жүрген заңға сәйкес тексерулердің үнемі жүргізіліп тұруын, экономиканың жайына жан-жақты және толық талдау жасауды, мемлекеттік қаржылардың сақталуын тексеруді, үнем режимін сақтауды, есептеу мен есеп берудің дұрыс жүргізілуіне және дәлдігіне, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті қорғау және келтірілген материалдық зиянды өтеу жөніндегі шараларға бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарысты ұйымдастырады, министрлік жүйесінде республикалық жарыстардың шарттарын бекітеді, ақшалай сыйлық қоса берілетін ауыспалы Қызыл Туларды белгіленген тәртіп бойынша тағайындайды, социалистік жарыстардың қорытындыларын шығарады, озып шыққан коллективтерге ауыспалы Қызыл Тулар мен ақшалай сыйлықтар береді;

жоғары және орта білімі бар мамандардың мамандығын арттыру жөніндегі шараларды белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді;

Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісе отырып, кәсіптік-техникалық училищелерде министрлік жүйесіндегі ұйымдар үшін жұмысшылар даярлау жоспарларының жобаларын әзірлейді;

су шаруашылық жүйелері мен ғимараттарын жобалау, салу және пайдалану, сондай-ақ су ресурстарын қорғау және комплексті пайдалану мәселелері жөнінде конференциялар мен кеңестерді белгіленген тәртіп бойынша шақырып отырады;

өз қарамағындағы ұйымдарда еңбек заңдарының, хауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария ережелерінің сақталуына, өз қарамағындағы ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралардың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады;

орталық аппарат пен өзіне бағынатын кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда іс қағазы мен архив ісін басқару еңбегін жетілдіруді қамтамасыз ететін осы заманғы механизмдерді қолдана отырып жүргізуді ұйымдастырады;

іс қағаздары мен архив жұмысын ұтымды жүргізу мәселелері жөнінде ережелер, нұсқаулар, істердің үлгі номенклатураларын документальдық материалдардың ведомстволық тізбектері мен басқа да нормативтік материалдар әзірлеп, бастырады, өз қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда іс қағаздары мен архивтердің жайын үнемі бақылап отырады.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің осы ережеде көрсетілген праволарымен қатар Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы миннстрлігіне (Министріне) қолданылып жүрген заңдар беретін басқа да праволары бар.

7. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуы үшін жеке басы жауап береді, министрдің орынбасарларының, министрліктің бас басқармалары, басқармалары, бөлімдері бастықтарының министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

9. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі СССР мен Қазақ ССР-інің заңдары, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдері, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары, нұсқаулары мен тапсырмалары негізінде және соларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарып, тапсырмалар береді, олардың орындалуын ұйымдастырады және тексереді.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің суларды пайдалану мен қорғау мәселелері жөнінде Министрліктің компетенциясы шеңберінде шығарылған бұйрықтары мен нұсқаулары, ведомстволық нелігіне қарамастан барлық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін міндетті болып табылады.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің басқа да министрліктермен және ведомстволармен бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады[1].

---

[1] 9-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 14 майдағы № 219 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 13, 55-ст.).

10. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында министр (председатель) және министрдің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрліктің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылыгы министрлігінің коллегиясы өзінің унемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде республикада жерді мелиорациялауды, су шаруашылық құрылысты дамытудың, республика халық шаруашылығыныц барлық салаларында су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың негізгі мәселелерін және министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, мннистрліктің бас басқармаларының, басқармалары мен бөлімдерініц министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың баяндамалары мен есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы мннистрінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында келіспеушіліктер туған жағдайда, министр бұл келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өздері тарапынан, Қазақ ССР Министрлер Советіне өз пікірлерін хабарлай алады.

11. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанынан министрлік жүйесінің жетекші мамандарынан, сондай-ақ ғалымдардан және басқа да ұйымдардың ысылған жетік мамандарынан қоғамдық негізде ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылымн-техиикалық советінің құрамы мен ол туралы ережені Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрі бекітеді.

12. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі министрлік жүйесінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары арасындағы шаруашылық дау-шарларды қарау үшін арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі шығарған шешімдерін ықтиярсыз орындату жөнінде бұйрық шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрі бекітеді.

13. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің құрылымы мен орталық аппараты қызметкерлерінің санын СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен келіскеннен кейін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штаттық кестесін белгіленген тәртіп бойынша, сондай-ақ Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік ғербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

# ТОМҒА ЕНГЕН АҚТІЛЕРДІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТІЗБЕГІ

## 1962 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Жеке тұрғын үй құрылысы жөніндегі заңды бұзушылармен күресті күшейту туралы» 1962 ж. 21 апрельдегі № 286 қаулысы . . . . . 120

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ ССР-інде табиғатты қорғау туралы» 1962 ж. 12 майдағы Указы . . . . . 7

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Су шаруашылығының мұқтаждары үшін, автомобиль жолдарының өңірі, ішкі су жолдарының жағалаудағы өңірі мен қызметтік үлестер үшін жер бөлу мен пайдалануды тәртіптеу туралы» 1962 ж. 25 сентябрьдегі № 711 қаулысы . . . . . 122

## 1963 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ табиғат қорғау ерікті қоғамының Уставын бекіту туралы» 1963 ж. 24 июньдегі № 498 қаулысы . . . . . 30

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Табиғатты қорғау жөніндегі қоғамдық инспекция құру туралы» 1963 ж. 31 июльдегі № 600 қаулысы . . . . . 39

## 1967 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Пайдалы қазындылар қорларын есепке алу тәртібі туралы» 1967 ж. 14 сентябрьдегі № 666 қаулысы . . . . . 198

## 1968 жыл

Қазақ ССР халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советі туралы. Қазақ ССР-інің 1968 ж. 20 декабрьдегі Заңы, 5-статьяның бірінші бөлігі, 12-статьяның 5-пункті, 15-статья, 24-статьяның 3-пункті (сілтеме) . . . . 29

## 1969 жыл

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі туралы Ереже. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 ж. 23 июньдегі № 399 қаулысымен бекітілген, 6-пункттің елу үшінші, алпыс екінші және алпыс үшінші абзацтары (сілтеме) . . . . . 186
257

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Геология министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1969 ж. 17 июльдегі № 441 қаулысы . . . . 189

## 1970 жыл

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі туралы ереже. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 ж. 26 январьдағы № 52 қаулысымен бекітілген, 2-пункттің төртінші абзацы, 5-пункттің он төртінші — он алтыншы, он сегізінші — жиырмасыншы абзацтары (сілтеме) . . . . . 185
256

Денсаулық сақтау туралы. Қазақ ССР-інің 1970 ж. 23 декабрьдегі Заңы, 7-статьяның 3-пункті, 30, 33-статьялар (сілтеме) . . . . . 28
253

## 1971 жыл

Қазақ ССР халық депутаттарының аудандық Советі туралы. Қазақ ССР-інің 1971 ж. 21 июльдегі Заңы, 16-статья, 25-статьяның 5-пункті . . . . 29

Қазақ ССР халық депутаттарының қалалық, қаладағы аудандық Советтері туралы Қазақ ССР-інің 1971 ж. 21 июльдегі Заңы, 5-статьяның бірінші бөлігі, 13-статьяның 3, 5-пункттері, 16-статьяның бірінші бөлігі, 16-статьяның 10, 11, 12-пункттері, 23-статьяның 5-пункті, 26-статьяның 4-пункті, 31 статьяның 3, 6, 10-пункттері, 33-статьяның 3, 8-пункттері, 76-статья (сілтеме) . . . 29

Қазақ ССР-інің Жер кодексін бекіту туралы Қазақ ССР-інің 1971 ж. 21 июльдегі Заңы . . . . . 45

Қазақ ССР-інің Жер кодексі . . . . . 46

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Геологиялық-барлау жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыруды одан әрі жақсарту жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазындылардың барланған қорлары есебін тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы» 1971 ж. 30 августағы № 498 қаулысы . . . . . 195

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ ССР-інің Жер кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы» 1971 ж. 19 ноябрьдегі Указы . . . . . 100

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1971 ж. 10 декабрьдегі № 684 қаулысы . . . . . 241

## 1972 жыл

